ISSN 2411-6076 (Print)
ISSN 2709-135X (Online)

TILTANYM

№3 (103) 2026
ШІЛДЕ, ТАМЫЗ, ҚЫРКҮЙЕК 2026
ИЮЛЬ, АВГУСТ, СЕНТЯБРЬ 2026
JULY, AUGUST, SEPTEMBER 2026

Алматы
Almaty

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы, 2026. №3 (103).

2001 жылғы сәуірден бері шығады. Бір жылда 4 рет жарық көреді.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Қазақстан, Алматы қ., Шевченко к-сі, 28
E-mail: tiltanym@tilbilimi.kz, anar.fazylzhan@tilbilimi.kz, indira.baissydyk@tilbilimi.kz
Сайт: https://www.tiltanym.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті
Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы
№KZ79VPY00044391 куәлік, берілген күні 23.12.2021 ж.

Журнал «Tiltanym» Института языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, 2026. №3 (103).

Издается с апреля 2001 года. Выходит 4 раза в год.

Адрес редакции: 050010, Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, 28
E-mail: tiltanym@tilbilimi.kz, anar.fazylzhan@tilbilimi.kz, indira.baissydyk@tilbilimi.kz
Сайт: https://www.tiltanym.kz

Свидетельство №KZ79VPY00044391 о переучете периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания Комитета информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан, дата выдачи 23.12.2021 г.

The Journal “Tiltanym” of the Ahmet Baitursynuly Institute of Linguistics, 2026. No.3 (103).

Published since April 2001. Published 4 times a year.

Postal address: 050010, Kazakhstan, Almaty, Shevchenko Str., 28.
E-mail: tiltanym@tilbilimi.kz, anar.fazylzhan@tilbilimi.kz, indira.baissydyk@tilbilimi.kz
Web-site: https://www.tiltanym.kz

Certificate No. KZ79VPY00044391 on the re-registration of a periodical, an information agency and an online publication of the Information Committee of the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan, date of issue 23.12.2021

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы, 2026. №3 (103).

Бас редактор:

Фазылжанова А.М. филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)

Жауапты редакторлар:

Хабиева А.А. филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)

Бисенғали А.З. философия докторы (PhD), А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)

Техникалық редактор:

Иманғазина М.А. философия докторы (PhD), А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)

Редакциялық кеңес мүшелері:

Ауесхан Р. философия докторы (PhD), Ка' Фоскари университеті (Италия, Венеция қ.)

Базарбаева З.М. филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)

Виллиерс Д.Г. философия докторы (PhD), профессор, Смит колледжі (АҚШ, Нортгемптон қ.)

Демир Н. философия докторы (PhD), профессор, Хаджеттепе университеті (Түркия, Анкара қ.)

Джусупов М. филология ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университеті (Өзбекстан, Ташкент қ.)

Дыбо А.В. филология ғылымдарының докторы, профессор, Ресей ҰҒА корреспондент-мүшесі, Ресей ғылым академиясының Тіл білімі институты (Ресей, Мәскеу қ.)

Екер С. философия докторы (PhD), профессор, Башкент университеті (Түркия, Анкара қ.)

Есенова Қ.Ө. филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы қ.)

Каракоч Б. философия докторы (PhD), профессор, Уппсала университеті (Швеция, Уппсала қ.)

Күдеринова Қ.Б. филология ғылымдарының докторы, профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)

Кючуков Х.С. философия докторы (PhD), профессор, Силезия университеті (Польша, Катовице қ.)

Ламажаа Ч.К. философия ғылымдарының докторы, «Туваның жаңа зерттеулері» ғылыми журналы (Ресей, Мәскеу қ.)

Ли В. филология ғылымдарының докторы, профессор, Харбин политехникалық университеті (Қытай, Харбин қ.)

Мәжітаева Ш.М. филология ғылымдарының докторы, профессор, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қазақстан, Қарағанды қ.)

Мусаев С.Ж. филология ғылымдарының докторы, профессор, И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті (Қырғызстан, Бішкек қ.)

Петрова Т.Е. филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті (Ресей, Санкт-Петербург қ.)

Рахилина Е.В. филология ғылымдарының докторы, профессор, «Жоғары экономика мектебі» ұлттық зерттеу университеті; Ресей ғылым академиясының В.В. Виноградов атындағы Орыс тілі институты (Ресей, Мәскеу қ.)

Сейітова Ш.Б. филология ғылымдарының докторы, профессор, Әлихан Бөкейхан университеті (Қазақстан, Семей қ.)

Сүлейменова Э.Д. филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ.)

Уәли Н.М. филология ғылымдарының докторы, профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ.)

Шаймердинова Н.Ғ. филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан, Астана қ.)

Журнал «Tiltanym» Института языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, 2026. №3 (103).

Главный редактор:

Фазылжанова А.М. кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Институт языкознания имени А.Байтурсынулы (Казахстан, г. Алматы)

Ответственные редакторы:

Хабиева А.А. кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Институт языкознания имени А.Байтурсынулы (Казахстан, г. Алматы)

Бисенгали А.З. доктор философии (PhD), Институт языкознания имени А.Байтурсынулы (Казахстан, г. Алматы)

Технический редактор:

Имангазина М.А. доктор философии (PhD), Институт языкознания имени А.Байтурсынулы (Казахстан, г. Алматы)

Члены редакционного совета:

Ауесхан Р. доктор философии (PhD), Университет Ка' Фоскари (Италия, г. Венеция)

Базарбаева З.М. доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК, Институт языкознания имени А.Байтурсынулы (Казахстан, г. Алматы)

Виллиерс Д.Г. доктор философии (PhD), профессор, Колледж Смит (США, г. Нортгемптон)

Демир Н. доктор философии (PhD), профессор, Университет Хаджеттепе (Турция, г. Анкара)

Джусупов М. доктор филологических наук, профессор, Узбекский государственный университет мировых языков (Узбекистан, г. Ташкент)

Дыбо А.В. доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент РАН, Институт языкознания РАН (Россия, г. Москва)

Екер С. доктор философии (PhD), профессор, Башкентский университет (Турция, г. Анкара)

Есенова К.У. доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Казахстан, г. Алматы)

Каракоч Б. доктор философии (PhD), профессор, Уппсальский университет (Швеция, г. Уппсала)

Кудеринова К.Б. доктор филологических наук, профессор, Институт языкознания имени А.Байтурсынулы (Казахстан, г. Алматы)

Кючуков Х.С. доктор философии (PhD), профессор, Силезский университет (Польша, г. Катовице)

Ламажаа Ч.К. доктор философских наук, научный журнал «Новые исследования Тувы» (Россия, г. Москва)

Ли В. доктор филологических наук, профессор, Харбинский политехнический университет (Китай, г. Харбин)

Мажитаева Ш.М. доктор филологических наук, профессор, Карагандинский университет имени академика Е.Букетова (Казахстан, г. Караганда)

Мусаев С.Ж. доктор филологических наук, профессор, Кыргызский государственный университет имени И.Арабаева (Кыргызстан, г. Бишкек)

Петрова Т.Е. кандидат филологических наук, доцент, Санкт-Петербургский государственный университет (Россия, г. Санкт-Петербург)

Рахилина Е.В. доктор филологических наук, профессор, Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики»; Институт русского языка имени В.В. Виноградова РАН (Россия, г. Москва)

Сейитова Ш.Б. доктор филологических наук, профессор, Университет Алихана Бокейхана (Казахстан, г. Семей)

Сулейменова Э.Д. доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Казахстан, г. Алматы)

Уали Н.М. доктор филологических наук, профессор, Институт языкознания имени А.Байтурсынулы (Казахстан, г. Алматы)

Шаймердинова Н.Г. доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Гумилева (Казахстан, г. Астана)

The Journal "Tiltanym" of the Ahmet Baitursynuly Institute of Linguistics, 2026. No.3 (103).

Chief Editor:

Fazylzhanova, A. Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, A.Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty)

Responsible Editors:

Khabiyeva, A. Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, A.Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty)

Bissengali, A. Doctor of Philosophy (PhD), A.Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty)

Technical Editor:

Imangazina, M. Doctor of Philosophy (PhD), A.Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty)

Members of the Editorial Board:

Auyeskhan, R. Doctor of Philosophy (PhD), Ca' Foscari University (Italy, Venice)

Bazarbayeva, Z. Doctor of Philological Sciences, Professor, Academician of the NAS of RK, A.Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty)

de Villiers, J. Doctor of Philosophy (PhD), Professor, Smith College (USA, Northampton)

Demir, N. Doctor of Philosophy (PhD), Professor, Hacettepe University (Turkey, Ankara)

Dzhusupov, M. Doctor of Philological Sciences, Professor, Uzbekistan State University of World Languages (Uzbekistan, Tashkent)

Dybo, A. Doctor of Philological Sciences, Professor, Corresponding Member of the Russian Academy of Sciences, The Institute of Linguistics (Russian Academy of Sciences) (Russia, Moscow)

Eker, S. Doctor of Philosophy (PhD), Professor, Başkent University (Turkey, Ankara)

Yessenova, K. Doctor of Philological Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan, Almaty)

Karakoç, B. Doctor of Philosophy (PhD), Professor, Uppsala University (Sweden, Uppsala)

Kuderinova, K. Doctor of Philological Sciences, Professor, A.Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty)

Kyuchukov, H. Doctor of Philosophy (PhD), Professor, University of Silesia (Poland, Katowice)

Lamazhaa, Ch. Doctor of Philosophy, Scientific Journal "New Studies of Tuva" (Russia, Moscow)

Li, W. Doctor of Philological Sciences, Professor, Harbin University of Technology (China, Harbin)

Mazhitayeva, Sh. Doctor of Philological Sciences, Professor, Karaganda Buketov University (Kazakhstan, Karaganda)

Musaev, S. Doctor of Philological Sciences, Professor, Kyrgyz State University named after I.Arabaev (Kyrgyzstan, Bishkek)

Petrova, T. Candidate of Philological Sciences, Docent, Saint Petersburg State University (Russia, Saint Petersburg)

Rakhilina, E. Doctor of Philological Sciences, Professor, National Research University "Higher School of Economics"; V. V. Vinogradov Institute of the Russian Language, Russian Academy of Sciences (Russia, Moscow)

Seiitova, Sh. Doctor of Philological Sciences, Professor, Alikhan Bokeikhan University (Kazakhstan, Semey)

Suleimenova, E. Doctor of Philological Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty)

Uali, N. Doctor of Philological Sciences, Professor, A.Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty)

Shaimerdinova, N. Doctor of Philological Sciences, Professor, L.Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan, Astana)

МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА

Оразбаева Ф.Ш., Рысқұлова А.Д., Коканова Ж.А. (Қазақстан, Алматы қ.)
НЕЙРОЛИНГВИСТИКАДАҒЫ ТІЛДІК САНАНЫҢ ІЛІМДЕР ТОҒЫСЫНДАҒЫ МОДЕЛІ..... 12

Иманберді С.Қ. (Қазақстан, Астана қ.), Құламанова З.А. (Қазақстан, Тараз қ.), Әсетқызы А. (Қазақстан, Өскемен қ.)
ӘЛЕМНІҢ ТОПОНИМИКАЛЫҚ БЕЙНЕСІНДЕГІ «ТАРАЗ» КОНЦЕПТІСІ..... 29

Динаева Б.Б, Ардақ Б., Сапина С.М. (Қазақстан, Астана қ.)
ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ПАРЕМИЯЛАРЫНДАҒЫ ОРТАҚ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МОДЕЛЬДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ..... 42

Алдашева, Қ.С., Набидуллин, А.С., Абдрахманов, Д.Д. (Қазақстан, Алматы қ.)
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СОМАТИКАЛЫҚ КОНЦЕПТІЛЕР: ТӘНДІК ТАНЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИ КОНЦЕПТУАЛДАНУ..... 57

Рамазанов Т.Б. (Қазақстан, Алматы қ.)
ҚАЗАҚ ПУНКТУАЦИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҒЫЛЫМИ НОРМАЛАНУ ТАРИХЫ..... 71

Мамашева Н.С. (Қазақстан, Алматы қ.), Кулмаматов Д.С (Өзбекстан, Ташкент қ.), Курманова Б.Х. (Қазақстан, Орал қ.)
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ПОЛИСЕМИЯНЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ УӘЖДЕРІ: ТАРИХИ МӘТІН МЕН ҚАЗІРГІ ҚОЛДАНЫС САБАҚТАСТЫҒЫ..... 84

Ешнияз Г.С., Ислам А. (Қазақстан, Алматы қ.), Хайржанова А. (Қазақстан, Атырау қ.)
АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ *CAN* МОДАЛЬ ЕТІСТІГІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ..... 100

Қайрат А.А. (Қазақстан, Алматы қ.)
ОРТА ТҮРКІ МӘТІНДЕРІНДЕГІ МЕДИЦИНА ЛЕКСИКАСЫ: СЕМАНТИКАСЫ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРУ ӘЛЕУЕТІ..... 108

ҚОЛДАНБАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

Әміржанова Н.С. (Қазақстан, Астана қ.), Фазылжан А.М. (Қазақстан, Алматы қ.)
ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ РЕТІНДЕ МЕҢГЕРУШІЛЕРДІҢ КОЛЛОКАЦИЯЛЫҚ ҚАТЕЛЕРІ: ҰЛТТЫҚ КОРПУС ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ..... 121

Айдарбек Қ.Ж. (Қазақстан, Алматы қ.), Фабер П. (Испания, Гранада қ.), Жунусова А.С. (Қазақстан, Алматы қ.)
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БИЗНЕС ТЕРМИНЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗІРГІ КІРМЕ СӨЗДЕР: ЦИФРЛЫҚ МАРКЕТИНГ ЛЕКСИКАСЫ..... 133

Ыбырайым Ә.О., Есенбаева А.Е., Суюбердиева А.А. (Қазақстан, Шымкент)
МЕДИАДИСКУРСТАҒЫ БАҒАЛАУЫШ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ..... 143

Аймагамбетова М.М., Халел Г.Қ. (Қазақстан, Алматы қ.)
АМЕРИКАЛЫҚ АНАЛИТИКАЛЫҚ МЕДИАДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ПЕН БАТЫС АРАСЫНДАҒЫ ДЕЛДАЛ ЕЛ РЕТІНДЕГІ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ..... 158

Мячин К.А., Олькова И.А. (Қазақстан, Петропавл қ.), Койлыбаева Р.К. (Қазақстан, Алматы қ.)
ӘЛЕУМЕТТІК-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК КАТЕГОРИЯЛАРЫНЫҢ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ..... 172

Маралбек Е., Құралбай А.И, Қаршығаева А.А. (Қазақстан, Алматы қ.)
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛІПБИ РЕФОРМАСЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ТІЛТАНЫМДЫҚ НЕГІЗІ..... 183

Сексембаева Ә.А. (Қазақстан, Алматы қ.), Кючуков Х. (Польша, Катовице қ.)
АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ АВИАЦИЯЛЫҚ НЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 198

Қамыза Б.Қ., Ермекова Т.Н., Ескермесова Г.А. (Қазақстан, Алматы қ.)
СОМАТИКАЛЫҚ КОМПОНЕНТІ БАР ЭТНОБІРЛІКТЕРДІҢ ЖИ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕГІ КОГНИТИВТІК МОДЕЛЬДЕНУІ МЕН АУДАРМАДАҒЫ СЕМАНТИКАЛЫҚ АУЫТҚУЛАР..... 212

Слямбеков Қ.Б., Иманғазина М.А. (Қазақстан, Алматы қ.)
ТІЛ БІЛІМІ САЛАСЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚША АКАДЕМИЯЛЫҚ СӨЗДЕР ТІЗІМІН (AWL) КОРПУСТЫҚ НЕГІЗДЕ ӘЗІРЛЕУ..... 230

Шәден Г.Б., Тумабаева А.Б., Батырхан Б.Ш. (Қазақстан, Алматы қ.)
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫ: ІШКОРПУСТАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ..... 246

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ЛИНГВИСТИКА

Оразбаева Ф.Ш., Рыскулова А.Д., Коканова Ж.А. (Казахстан, г. Алматы)
МОДЕЛЬ ЯЗЫКОВОГО СОЗНАНИЯ В НЕЙРОЛИНГВИСТИКЕ НА СТЫКЕ НАУЧНЫХ ПОДХОДОВ..... 12

Иманберди С. (Казахстан, г. Астана), Куламанова З. (Казахстан, г. Тараз), Асеткызы А. (Казахстан, г. Оскемен)
КОНЦЕПТ «ТАРАЗ» В ТОПОНИМИЧЕСКОЙ КАРТИНЕ МИРА..... 29

Динаева Б.Б., Ардак Б., Сапина С.М. (Казахстан, г. Астана)
ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ОБЩИХ МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИХ МОДЕЛЕЙ В КАЗАХСКИХ И ТУРЕЦКИХ ПАРЕМИЯХ..... 42

Алдашева К.С., Набидуллин А.С., Абдрахманов Д.Д. (Казахстан, г. Алматы)
СОМАТИЧЕСКИЕ КОНЦЕПТЫ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ: ВОПЛОЩЁННОЕ ПОЗНАНИЕ И КУЛЬТУРНАЯ КОНЦЕПТУАЛИЗАЦИЯ..... 57

Рамазанов Т.Б. (Казахстан, г. Алматы)
ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ И НАУЧНОГО НОРМИРОВАНИЯ КАЗАХСКОЙ ПУНКТУАЦИИ..... 71

Мамашева Н.С. (Казахстан, г. Алматы), Кулмаматов Д.С. (Узбекистан, г. Ташкент), Курманова Б.Х. (Казахстан, г. Уральск)
ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ МОТИВЫ ПОЛИСЕМИИ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ: ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ИСТОРИЧЕСКОГО ТЕКСТА И СОВРЕМЕННОГО УПОТРЕБЛЕНИЯ..... 84

Ешнияз Г.С., Ислам А. (Казахстан, г. Алматы), Хайржанова А.Х. (Казахстан, г. Атырау)
СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ МОДАЛЬНОГО ГЛАГОЛА *CAN* В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ..... 100

Кайрат А.А. (Казахстан, г. Алматы)
МЕДИЦИНСКАЯ ЛЕКСИКА В СРЕДНЕТЮРКСКИХ ТЕКСТАХ: СЕМАНТИКА И ПОТЕНЦИАЛ ВОЗРОЖДЕНИЯ..... 108

ПРИКЛАДНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

Амиржанова Н.С. (Казахстан, г. Астана), Фазылжан А.М. (Казахстан, г. Алматы)
КОЛЛОКАЦИОННЫЕ ОШИБКИ ИЗУЧАЮЩИХ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК КАК ВТОРОЙ: АНАЛИЗ ДАННЫХ НАЦИОНАЛЬНОГО КОРПУСА..... 121

Айдарбек К.Ж. (Казахстан, г. Алматы), Фабер П. (Испания, г. Гранада), Жунусова А.С. (Казахстан, г. Алматы)
СОВРЕМЕННЫЕ ЗАИМСТВОВАНИЯ В КАЗАХСКОЙ ТЕРМИНОСИСТЕМЕ БИЗНЕСА: ЛЕКСИКА ЦИФРОВОГО МАРКЕТИНГА..... 133

Ыбырайым А.О., Есенбаева А.Е., Суюбердиева А.А. (Казахстан, г. Шымкент)
ПРАГМАТИЧЕСКИЕ ФУНКЦИИ ОЦЕНОЧНЫХ СТИЛИСТИЧЕСКИХ СРЕДСТВ В

МЕДИАДИСКУРСЕ..... 143

Аймагамбетова М.М., Халел Г.Қ. (Казахстан, г. Алматы)
РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ КАЗАХСТАНА КАК ПОСРЕДНИКА МЕЖДУ ВОСТОКОМ И ЗАПАДОМ В АМЕРИКАНСКИХ АНАЛИТИЧЕСКИХ МЕДИА..... 158

Мячин К.А., Олькова И.А. (Казахстан, г. Петропавловск), Койлыбаева Р.К. (Казахстан, г. Алматы)
РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ КАТЕГОРИЙ ВРЕМЕНИ И ПРОСТРАНСТВА В СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ..... 172

Маралбек Е., Куралбай А.И., Каршыгаева А.А. (Казахстан, г. Алматы)
ИСТОРИЯ И ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РЕФОРМЫ АЛФАВИТА В КАЗАХСТАНЕ..... 183

Сексембаева А.А. (Казахстан, г. Алматы), Кючуков Х. (Польша, г. Катовице)
СТРУКТУРНЫЕ И ФУНКЦИОНАЛЬНО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ АВИАЦИОННЫХ НЕОЛОГИЗМОВ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ..... 198

Камыза Б.К., Ермекова Т.Н., Ескермесова Г.А. (Казахстан, г. Алматы)
КОГНИТИВНОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ ЭТНОЕДИНИЦ С СОМАТИЧЕСКИМ КОМПОНЕНТОМ В СИСТЕМАХ ИИ И СЕМАНТИЧЕСКИЕ ДЕВИАЦИИ В ПЕРЕВОДЕ..... 212

Слямбеков К.Б., Имангазина М.А. (Казахстан, г. Алматы)
РАЗРАБОТКА СПИСКА КАЗАХСКИХ АКАДЕМИЧЕСКИХ СЛОВ (AWL) ПО ЛИНГВИСТИКЕ НА КОРПУСНОЙ ОСНОВЕ..... 230

Шаден Г.Б., Тумабаева А.Б., Батырхан Б.Ш. (Казахстан, г. Алматы)
НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОРПУС КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА: ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ ПОДКОРПУСОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ..... 246

CONTENTS

THEORETICAL LINGUISTICS

Orazbayeva, F., Ryskulova, A., Kokanova, Zh. (Kazakhstan, Almaty)
A MODEL OF LINGUISTIC CONSCIOUSNESS IN NEUROLINGUISTICS AT THE INTERSECTION OF DISCIPLINES..... 12

Imanberdi, S. (Kazakhstan, Astana), Kulamanova, Z. (Kazakhstan, Taraz), Assetkyzy, A. (Kazakhstan, Oskemen)
THE CONCEPT OF «TARAZ» IN THE TOPONYMIC PICTURE OF THE WORLD..... 29

Dinayeva, B., Ardak, B., Sapina, S. (Kazakhstan, Astana)
LINGUOCULTURAL CHARACTERISTICS OF COMMON WORLD COGNITIVE MODELS IN KAZAKH AND TURKISH PAREMIAS..... 42

Aldasheva, K., Nabidullin, A., Abdrakhmanov, D. (Kazakhstan, Almaty)
SOMATIC CONCEPTS IN THE KAZAKH LANGUAGE: EMBODIED COGNITION AND CULTURAL CONCEPTUALIZATION..... 57

Ramazanov, T. (Kazakhstan, Almaty)
THE HISTORY OF THE FORMATION AND SCIENTIFIC STANDARDIZATION OF KAZAKH PUNCTUATION..... 71

Mamasheva, N. (Kazakhstan, Almaty), Kulmamatov, D. (Uzbekistan, Tashkent), Kurmanova, B. (Kazakhstan,Uralsk)
LINGUISTIC MOTIVATIONS OF POLYSEMY IN THE KAZAKH LANGUAGE: CONTINUITY BETWEEN HISTORICAL TEXTS AND CONTEMPORARY USAGE..... 84

Yeshniyaz, G., Islam, A. (Kazakhstan, Almaty), Khairzhanova, A. (Kazakhstan, Atyrau)
SEMANTIC DIMENSIONS OF MODAL VERB *CAN* IN ENGLISH..... 100

Kairat, A. (Kazakhstan, Almaty)
MEDICAL VOCABULARY IN MIDDLE TURKIC TEXTS: SEMANTICS AND REVITALIZATION POTENTIAL..... 108

APPLIED LINGUISTICS

Amirzhanova, N. (Kazakhstan, Astana), Fazylzhan, A. (Kazakhstan, Almaty)
COLLOCATIONAL ERRORS OF LEARNERS OF KAZAKH AS A SECOND LANGUAGE: BASED ON THE NATIONAL CORPUS DATA..... 121

Aidarbek, K. (Kazakhstan, Almaty), Faber, P. (Spain, Granada), Zhunussova, A. (Kazakhstan, Almaty)
MODERN BORROWINGS IN THE TERMINOLOGICAL SYSTEM OF KAZAKH BUSINESS: THE LEXICON OF DIGITAL MARKETING..... 133

Ybyraiym, A., Yessenbayeva, A., Suyuberdiyeva, A. (Kazakhstan, Shymkent)
PRAGMATIC FUNCTIONS OF EVALUATIVE STYLISTIC DEVICES IN MEDIA DISCOURSE..... 143

Aimagambetova, M., Khalel, G. (Kazakhstan, Almaty)
REPRESENTATION OF KAZAKHSTAN AS A MEDIATOR BETWEEN EAST AND WEST IN AMERICAN ANALYTICAL MEDIA..... 158

Myachin, K., Olkova, I. (Kazakhstan, Petropavlovsk), Koilybayeva, R. (Kazakhstan, Almaty)
REPRESENTATION OF TIME AND SPACE CATEGORIES IN SOCIOLINGUISTIC RESEARCH..... 172

Maralbek, Ye., Kuralbay, A., Karshigayeva, A. (Kazakhstan, Almaty)
HISTORY AND LINGUISTIC FOUNDATIONS OF ALPHABET REFORM IN KAZAKHSTAN..... 183

Seksembayeva, A. (Kazakhstan, Almaty), Kyuchukov, H. (Poland, Katowice)
STRUCTURAL AND FUNCTIONAL-SEMANTIC FEATURES OF AVIATION NEOLOGISMS IN ENGLISH..... 198

Kamyza, B., Yermekova, T., Yeskermessova, G. (Kazakhstan, Almaty)
COGNITIVE MODELING OF ETHNOCULTURAL UNITS WITH SOMATIC COMPONENTS IN AI SYSTEMS AND SEMANTIC DEVIATIONS IN TRANSLATION..... 212

Slyambekov, K., Imangazina, M. (Kazakhstan, Almaty)
CORPUS-BASED DEVELOPMENT OF A KAZAKH ACADEMIC WORD LIST (AWL) IN THE FIELD OF LINGUISTICS..... 230

Shaden, G., Tumabayeva. A., Batyrkhan, B. (Kazakhstan, Almaty)
THE NATIONAL CORPUS OF THE KAZAKH LANGUAGE: THE LINGUISTIC POTENTIAL OF ITS SUBCORPORA IN THE EDUCATIONAL PROCESS..... 246

ТЕОРИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА
ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ЛИНГВИСТИКА
THEORETICAL LINGUISTICS

Мақала/Статья/Article
ҒТАМР 16.21.19 https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-12-28

Фаузия Шәмсиқызы Оразбаева[1], Айнагүл Дүйсенбекқызы Рысқұлова[2]*, Жаркинай Атаевна Коканова[3]
[1]ҚР ҰҒА академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0002-4947-1933 E-mail: f_orazbaeva@mail.ru
[2]*автор-корреспондент, докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0004-2565-9714 E-mail: ainagulr@mail.ru
[3]филология ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0001-7348-6644 E-mail: zarkynajkokanova25@gmail.com

НЕЙРОЛИНГВИСТИКАДАҒЫ ТІЛДІК САНАНЫҢ ІЛІМДЕР ТОҒЫСЫНДАҒЫ МОДЕЛІ

Аңдатпа. Қазіргі нейролингвистика тілді жекелеген ми аймақтарының қызметімен шектемей, өзара байланысқан нейрондық желілердің бірлескен жұмысы ретінде қарастырады. Осы ұстаным тілдік сананың табиғатын нейробиологиялық деңгейде түсіндіруге мүмкіндік береді. Мақаланың мақсаты тілдік сана туралы психолингвистикалық көзқарастарды қазіргі нейролингвистикадағы тілдік желілер, семантикалық-синтаксистік интеграция, сенсомоторлық байланыс және когнитивтік бақылау тұжырымдарымен сабақтастыра талдап, тілдік сананың ілімдер тоғысындағы моделін теориялық тұрғыдан негіздеу болып табылады. Зерттеу теориялық-концептуалдық сипатта жүргізілді. Ғылыми еңбектерді сипаттамалы-талдамалы шолу, салыстырмалы талдау және теориялық синтез әдістері қолданылды. Бұл тәсіл тілдік сана ұғымының психолингвистикалық мазмұны мен тілдік ақпаратты өңдеудің нейробиологиялық тетіктері арасындағы байланысты жүйелеуге негіз болды. Теориялық талдау мен концептуалдық синтез нәтижесінде тілдік сананың нейролингвистикалық ұйымдасуын бес өзара сабақтас деңгей арқылы сипаттайтын интегративті модель ұсынылды. Бірінші деңгей тілдік сигналды бастапқы сенсорлық қабылдауды қамтитын перцептивтік кіріспен байланысты. Екінші деңгейде тілдік ақпаратты өңдеуге маманданған ми аймақтарын біріктіретін ядролық тілдік желінің қызметі қарастырылады. Үшінші деңгейде сөйлем құрылымын қалыптастыру, мағыналық және синтаксистік ақпаратты біріктіру, алдағы тілдік бірліктерді болжау үдерістері жүзеге асады. Төртінші деңгей дыбыстық қабылдау мен артикуляциялық әрекетті байланыстыратын сенсомоторлық жүйелердің қызметін қамтиды. Бесінші деңгейде жұмыс жады, назар, ішкі сөйлеу және коммуникативтік ниетпен сабақтас когнитивтік бақылау мен прагматикалық реттеу тетіктері қарастырылады. Ұсынылған модельдің ерекшелігі жаңа нейрондық механизмдерді анықтаудан емес, әртүрлі ғылыми бағыттарда жеке сипатталған тілдік өңдеу тетіктерін тілдік сана ұғымы аясында бір жүйеге келтіруден көрінеді. Осы тұрғыдан тілдік сана тілдік ақпаратты қабылдау, өңдеу, біріктіру, сөйлеуді ұйымдастыру және саналы бақылау үдерістерінің өзара байланысына негізделген динамикалық жүйе ретінде түсіндіріледі. Зерттеудің ғылыми маңызы психолингвистикадағы тілдік сана тұжырымын қазіргі желілік нейролингвистикалық көзқарастармен сабақтастыруында. Ұсынылған модель афазия, көптілділік, екінші тілді меңгеру, ішкі сөйлеу және метатілдік бақылау бағыттарындағы кейінгі эмпирикалық зерттеулердің зерттеу болжамдарын қалыптастыруға теориялық негіз бола алады.

Тірек сөздер: тілдік сана; нейролингвистика; тілдік желі; ядролық тілдік желі; семантикалық интеграция; сенсомоторлық байланыс; когнитивтік бақылау; афазия.

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН BR28713427 «Үздіксіз білім берудегі халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес лингвокоммуникация мен нейролингвистика негізінде мемлекеттік тілді деңгейлік меңгертудің әлеуметтік-педагогикалық парадигмасы» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Оразбаева Ф.Ш., Рысқұлова А.Д., Коканова Ж.А. Нейролингвистикадағы тілдік сананың ілімдер тоғысындағы моделі. *Tiltanym*, 2026. №3 (103). 12-28-бб.

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-12-28

Фаузия Шамсиевна Оразбаева[1], Айнагуль Дуйсенбековна Рыскулова[2]*, Жаркинай Атаевна Коканова[3]
[1]академик НАН РК, доктор педагогических наук, профессор,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0002-4947-1933 E-mail: f_orazbaeva@mail.ru
[2]*автор-корреспондент, докторант,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0009-0004-2565-9714 E-mail: ainagulr@mail.ru
[3]кандидат филологических наук,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0001-7348-6644 E-mail: zarkynajkokanova25@gmail.com

МОДЕЛЬ ЯЗЫКОВОГО СОЗНАНИЯ В НЕЙРОЛИНГВИСТИКЕ НА СТЫКЕ НАУЧНЫХ ПОДХОДОВ

Аннотация. Современная нейролингвистика рассматривает язык не как функцию отдельных областей мозга, а как результат согласованной работы взаимосвязанных нейронных сетей. Такой подход позволяет раскрыть нейробиологические основания языкового сознания. Цель статьи состоит в теоретическом обосновании модели языкового сознания на стыке научных подходов посредством сопоставительного анализа психолингвистических представлений о языковом сознании и современных нейролингвистических концепций языковых сетей, семантико-синтаксической интеграции, сенсомоторного взаимодействия и когнитивного контроля. Исследование носит теоретико-концептуальный характер. В работе применены описательно-аналитический обзор научной литературы, сравнительный анализ и теоретический синтез. Такой подход позволил систематизировать связи между психолингвистическим содержанием понятия языкового сознания и нейробиологическими механизмами обработки языковой информации. В результате теоретического анализа и концептуального синтеза предложена интегративная модель, описывающая нейролингвистическую организацию языкового сознания на пяти взаимосвязанных уровнях. Первый уровень связан с перцептивным входом и охватывает первичное сенсорное восприятие языкового сигнала. На втором уровне рассматривается функционирование базовой языковой сети, объединяющей специализированные области мозга, участвующие в обработке языковой информации. Третий уровень включает построение структуры высказывания, семантическую и синтаксическую интеграцию, а также прогнозирование последующих языковых единиц. Четвертый уровень охватывает работу сенсомоторных систем, обеспечивающих связь между восприятием речевого сигнала и артикуляцией. Пятый уровень включает механизмы когнитивного контроля и прагматической регуляции, связанные с рабочей памятью, вниманием, внутренней речью и коммуникативным намерением. Особенность предложенной модели заключается не в выделении новых нейронных механизмов, а в систематизации механизмов языковой обработки, ранее описанных в рамках различных научных направлений, в единой концептуальной структуре языкового сознания. С этой позиции языковое сознание понимается как динамическая система, основанная на взаимодействии процессов восприятия, обработки и интеграции языковой информации, организации речи и осознанного контроля. Научная значимость исследования определяется тем, что психолингвистическая концепция языкового сознания соотносится с современными сетевыми представлениями нейролингвистики. Предложенная модель может служить теоретической основой для формулирования исследовательских гипотез в последующих эмпирических работах, посвященных афазии, многоязычию, усвоению второго языка, внутренней речи и метаязыковому контролю.

Ключевые слова: языковое сознание; нейролингвистика; языковая сеть; базовая языковая сеть; семантическая интеграция; сенсомоторное взаимодействие; когнитивный контроль; афазия.

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан ИРН №BR28713427 «Социально-педагогическая парадигма уровневого обучения государственному языку на основе лингвокоммуникации и нейролингвистики в рамках международного и национального непрерывного образования».

Для цитирования: Оразбаева Ф.Ш., Рыскулова А.Д., Коканова Ж.А. Модель языкового сознания в нейролингвистике на стыке научных подходов. *Tiltanym*, 2026. №3 (103). С. 12-28. (на каз. яз.)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-12-28

Fauziya Orazbayeva[1], Ainagul Ryskulova[2]*, Zharkinay Kokanova[3]
[1]Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan,
Doctor of Pedagogical Sciences, Professor,
Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-4947-1933 E-mail: f_orazbaeva@mail.ru
[2]*Corresponding Author, Doctoral Student,
Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0009-0004-2565-9714 E-mail: ainagulr@mail.ru
[3]Candidate of Philological Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University,
Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-7348-6644 E-mail: zarkynajkokanova25@gmail.com

A MODEL OF LINGUISTIC CONSCIOUSNESS IN NEUROLINGUISTICS AT THE INTERSECTION OF DISCIPLINES

Abstract. Contemporary neurolinguistics views language not as a function of isolated brain regions but as the outcome of coordinated activity across interconnected neural networks. This perspective provides a basis for examining the neurobiological foundations of linguistic consciousness. The aim of this study is to provide a theoretical account of linguistic consciousness at the intersection of scientific approaches by relating psycholinguistic conceptions of linguistic consciousness to current neurolinguistic accounts of language networks, semantic-syntactic integration, sensorimotor coupling, and cognitive control. The study is theoretical and conceptual in nature. It employs a descriptive-analytical review of the literature, comparative analysis, and theoretical synthesis. These methods make it possible to systematize the relationship between the psycholinguistic content of linguistic consciousness and the neurobiological mechanisms involved in language processing. Theoretical analysis and conceptual synthesis resulted in an integrative model that describes the neurolinguistic organization of linguistic consciousness across five interconnected levels. The first level concerns perceptual input and encompasses the initial sensory processing of linguistic signals. The second level involves the core language network, comprising specialized brain regions engaged in language processing. The third level includes sentence-structure building, semantic and syntactic integration, and the prediction of upcoming linguistic elements. The fourth level concerns sensorimotor systems that link speech perception with articulatory processes. The fifth level comprises mechanisms of cognitive control and pragmatic regulation associated with working memory, attention, inner speech, and communicative intention. The distinctive feature of the proposed model lies not in identifying previously unknown neural mechanisms, but in bringing together mechanisms of language processing that have been described separately across different research traditions and organizing them within a unified conceptual account of linguistic consciousness. From this perspective, linguistic consciousness is understood as a dynamic system arising from the interaction of language perception, processing and integration, speech organization, and conscious control. The scientific contribution of the study lies in linking the psycholinguistic concept of linguistic consciousness with contemporary network-based approaches in neurolinguistics. The proposed model may provide a theoretical basis for formulating testable hypotheses in future empirical research on aphasia, multilingualism, second-language acquisition, inner speech, and metalinguistic control.

Keywords: linguistic consciousness; neurolinguistics; language network; core language network; semantic integration; sensorimotor coupling; cognitive control; aphasia.

Source of financing: The article was prepared within the framework of the program-targeted funding project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan IRN BR28713427 “Socio-pedagogical paradigm of leveled state language education grounded in linguocommunication and neurolinguistics within international and national education”.

For citation: Orazbayeva, F., Ryskulova, A., Kokanova, Zh. A Model of Linguistic Consciousness in Neurolinguistics at the Intersection of Disciplines. *Tiltanym*, 2026. No.3 (103). Pp. 12-28. (in Kazakh)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-12-28

Кіріспе

Тілдік сана мәселесі қазіргі лингвистика, психолингвистика, коммуникативтік тіл білімі және когнитивтік нейроғылым аясында пәнаралық сипатта зерттеліп келеді. Бұл бағыт тіл мен сананың байланысын адамның тілдік тәжірибесі, мағынаны қабылдауы, сөйлеуді өндіруі, тілдік білімді сақтауы және оны коммуникативтік жағдаятқа сәйкес қолдануы арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді. Соңғы онжылдықтарда тілдің мида ұйымдасуы жөніндегі ғылыми түсінік те елеулі өзгерді. Классикалық локализациялық көзқараста тілдік қызмет белгілі бір ми аймақтарымен байланыстырылса, қазіргі нейролингвистика тілдік ақпараттың өзара байланысқан нейрондық желілердің бірлескен әрекеті арқылы өңделетінін көрсетеді. Осы өзгеріс тілдік әрекетті көпдеңгейлі әрі желілік жүйе ретінде қарастыруға негіз қалады.

Нейробейнелеу және нейрофизиологиялық зерттеу әдістерінің дамуы тілдік өңдеудің

уақыттық және кеңістіктік сипатын тереңірек тануға жағдай жасады. Электроэнцефалография мен оқиғаға байланысты потенциалдар (ЭЭГ/ERP) тілдік ақпаратты өңдеудің уақыттық динамикасын, функционалдық магниттік-резонанстық томография (фМРТ) тілдік әрекет кезінде белсенді болатын ми аймақтарын, магниттік энцефалография (МЭГ) нейрондық белсенділіктің уақыттық-кеңістіктік ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді. Диффузиялық-тензорлық бейнелеу ми аймақтарын байланыстыратын ақзат жолдарының құрылымын айқындауға бағытталса, нейроклиникалық зерттеулер ми құрылымдарының зақымдануы мен тілдік қызметтегі өзгерістердің арақатынасын анықтайды. Аталған әдістер арқылы алынған ғылыми нәтижелер осы мақалада теориялық дерек ретінде қарастырылып, тілдік сананың нейролингвистикалық негіздерін түсіндіруге пайдаланылады. Зерттеудің жалпы бағыты теориялық-концептуалдық талдауға негізделеді.

Психолингвистикалық еңбектерде тілдік сана тілдік білімнің, мағыналық құрылымдардың және сөйлеу әрекетін қамтамасыз ететін психикалық тетіктердің өзара байланысымен сипатталады (Попова, Стернин, 2002: 10-12; Уфимцева, 2011: 214-228). Тілдік сана адамның тілдік таңбаларды тануы, мағынаны ұғынуы, сөйлеуді қабылдауы мен өндіруі, жинақталған тілдік тәжірибені жағдаятқа сай қолдануы сияқты үдерістерді қамтиды. Осы тұрғыдан ол тілдік, когнитивтік және мәдени тәжірибенің тоғысында қалыптасатын динамикалық жүйе ретінде көрінеді.

«Тілдік сана» ұғымының ғылыми қолданысы әр зерттеу дәстүрінде әртүрлі сипат алған. Посткеңестік психолингвистикада бұл ұғым тілдік мағыналардың, тілдік білімнің, мәдени тәжірибенің және сөйлеу әрекетінің санада ұйымдасуын қамтитын кең теориялық категория ретінде орныққан. Ағылшынтілді нейролингвистикада *linguistic consciousness* атауы салыстырмалы түрде сирек қолданылады; оған мазмұндық жағынан жақын құбылыстар *language processing, language representation, inner speech, metalinguistic awareness, cognitive control* ұғымдары аясында зерттеледі. Сондықтан осы мақалада тілдік сана тілдік ақпаратты қабылдау, өңдеу, мағыналық ұйымдастыру, сөйлеуді реттеу және саналы бақылау үдерістерінің байланысын түсіндіретін теориялық категория ретінде қарастырылады.

Қазіргі нейролингвистика тілдік қызметтің нейрондық негіздерін бірнеше өзара сабақтас үдеріс арқылы сипаттайды. Тілдік сигналды қабылдау, сөзді тану, семантикалық және синтаксистік ақпаратты біріктіру, сөйлеуді жоспарлау, артикуляциялық әрекет және сөйлеуді бақылау әртүрлі нейрондық жүйелердің үйлесімді қызметімен жүзеге асады (Price, 2012: 816-823; Friederici, 2011: 1357-1363; Hagoort, Indefrey, 2014: 347-354). Бұл деректер психолингвистикада қалыптасқан тілдік сана ұғымын қазіргі нейролингвистикалық түсініктермен сабақтастыра қарастыруға мүмкіндік береді. Осы сабақтастық тілдік сананың психикалық мазмұны мен оны жүзеге асыратын нейрондық тетіктердің арақатынасын нақтылауға жол ашады.

Қазақстандық зерттеулерде психолингвистика, нейролингвистика, билингвизм және бірнеше тілді меңгеру мәселелері біртіндеп кеңейіп келеді. Қ. Жақсылыққызы мен Г. Нәбиева екінші тілді меңгеру барысында қолданылатын психолингвистикалық және нейролингвистикалық әдістерді қарастырады (Жақсылыққызы, Нәбиева, 2021: 13-21). Ибраева мен Жақсылыққызы билингвизмді зерттеудегі нейролингвистикалық тәсілдердің маңызын талдайды (Ibrayeva, Zhaksylykyzy, 2021). Кейінгі зерттеулерде бірінші, екінші және үшінші тілдердің өзара өңделу ерекшеліктерін ERP деректері арқылы зерделеу бағыты да көрініс тапқан (Zhaksylykkyzy et al., 2026). Мұндай еңбектер Қазақстанның көптілді ортасында тілдік өңдеу тетіктерін зерттеудің ғылыми негізін кеңейтеді. Сонымен қатар тілдік сана ұғымының психолингвистикалық мазмұны мен қазіргі нейролингвистикалық модельдердің арақатынасы біртұтас теориялық құрылым деңгейінде арнайы жүйелеуді қажет етеді.

Тілдің мида ұйымдасуын түсіндіретін қазіргі теориялардың ішінде бірнеше ықпалды бағыт қалыптасқан. Хикок пен Пёппельдің екі ағынды моделінде вентральды және дорсальды нейрондық жолдардың қызметі ажыратылады. Вентральды ағын дыбыстық сигналды мағыналық өңдеумен байланыстырады, ал дорсальды ағын дыбыстық ақпарат пен артикуляциялық әрекеттің үйлесуіне қатысады (Hickok, Poeppel, 2007: 393-399). Фридеричи тілдік өңдеуді фронталды және

темпоралды аймақтар мен оларды жалғайтын нейрондық жолдардың бірлескен қызметі арқылы сипаттайды (Friederici, 2011: 1357-1363). Хагоорт пен Индфрей тілдік білімді сақтау, мағыналық және синтаксистік біріктіру, сөйлеуді бақылау тетіктерінің байланысына назар аударады (Hagoort, Indefrey, 2014: 347-354). Ядролық тілдік желі тұжырымдамасы тілдік ақпаратты өңдеуге маманданған фронталды және темпоралды аймақтардың қызметін түсіндіруге бағытталған (Fedorenko, Ivanova, Regev, 2024: 289-301). Нейробиологиялық себептік модельдер тілдік әрекетті қамтамасыз ететін тетіктердің өзара тәуелділігін формалды деңгейде сипаттайды (Fitz, Hagoort, Petersson, 2024: 225-231).

Бұл теориялар тілдік өңдеудің әртүрлі қырын терең түсіндіреді. Олардың бірінде дыбыстық сигнал мен мағына арасындағы байланыс, екіншісінде синтаксистік өңдеу, үшіншісінде тілдік білімді сақтау мен біріктіру, тағы бірінде тілге маманданған нейрондық желінің қызметі алдыңғы қатарға шығады. Психолингвистикадағы тілдік сана тұжырымдамасы осы үдерістерді адамның тілдік білімі, мағыналық тәжірибесі және коммуникативтік әрекетімен байланыстыра қарастырады. Осы екі ғылыми бағыттағы түсіндіру деңгейлерінің арақатынасын жүйелеу тілдік сананың нейролингвистикалық табиғатын тұтас сипаттауға мүмкіндік береді. Зерттеудің негізгі теориялық мәселесі осы сабақтастықты айқындаудан туындайды.

Осыған байланысты зерттеудің негізгі сұрағы былай тұжырымдалады: *тілдік сана туралы психолингвистикалық көзқарастарды қазіргі нейролингвистикадағы тілдік желілер, семантикалық-синтаксистік интеграция, сенсомоторлық байланыс және когнитивтік бақылау тұжырымдарымен қандай теориялық негізде сабақтастыруға болады?*

Зерттеудің мақсаты – тілдік сана туралы психолингвистикалық көзқарастар мен қазіргі нейролингвистикалық тұжырымдарды салыстыра талдау негізінде тілдік сананың ілімдер тоғысындағы моделін теориялық тұрғыдан негіздеу. Зерттеу нысаны – тілдік ақпаратты өңдеуге қатысатын нейрондық және когнитивтік жүйелер. Зерттеу пәні – тілдік сигналды қабылдау, тілдік білімді сақтау, семантикалық-синтаксистік біріктіру, сенсомоторлық үйлестіру және когнитивтік бақылау тетіктерінің тілдік сана құрылымындағы өзара байланысы.

Зерттеудің теориялық болжамы тілдік сананың бірнеше нейрондық және когнитивтік жүйенің үйлесімді әрекеті арқылы жүзеге асуына негізделеді. Бұл үдеріске перцептивтік жүйелер, ядролық тілдік желі, семантикалық-синтаксистік интеграция мен болжау тетіктері, сенсомоторлық байланыстар, жұмыс жады, назар және когнитивтік бақылау қатысады. Олардың өзара әрекеті тілдік сигналдың бастапқы қабылдануынан бастап мағыналық ұйымдасуына, сөйлеудің өндірілуіне және коммуникативтік мақсатқа сай реттелуіне дейінгі сатыларды қамтиды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы әртүрлі ғылыми бағыттарда сипатталған тілдік өңдеу тетіктерін тілдік сана категориясы аясында бір теориялық құрылымға жүйелеумен айқындалады. Ұсынылған модельде перцептивтік өңдеу, ядролық тілдік желі, семантикалық-синтаксистік интеграция мен болжау, сенсомоторлық байланыс және когнитивтік-прагматикалық бақылау өзара сабақтас функционалдық деңгейлер ретінде қарастырылады. Модельдің ерекшелігі психолингвистикадағы тілдік сана тұжырымдамасы мен қазіргі желілік нейролингвистикада сипатталған механизмдердің арасындағы функционалдық байланысты көрсетуінде. Осы жүйелеу тілдік сананың нейробиологиялық ұйымдасуын ілімдер тоғысындағы тұтас теориялық құрылым ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық маңызы тілдік сананың психолингвистикалық мазмұны мен оның нейробиологиялық іске асу тетіктерінің арақатынасын нақтылаумен байланысты. Ұсынылған модель афазия, көптілділік, екінші тілді меңгеру, код ауыстыру, ішкі сөйлеу және метатілдік бақылау бағыттарындағы кейінгі эмпирикалық зерттеулер үшін тексерілетін ғылыми болжамдар қалыптастыруға негіз бола алады. Осылайша мақала тілдік сана мәселесін психолингвистика, нейролингвистика және когнитивтік нейроғылым тоғысындағы теориялық кеңістікте жүйелі қарастыруға бағытталады.

Материал және әдістер

Зерттеу теориялық-концептуалдық бағытта жүргізілді. Зерттеу материалы тілдік сана, тілдік ақпараттың мида өңделуі, нейрондық тілдік желілер, семантикалық және синтаксистік

интеграция, сенсомоторлық байланыс, когнитивтік бақылау, билингвизм және көптілді тілдік өңдеу мәселелерін қарастыратын отандық және шетелдік ғылыми еңбектерден құралды. Тілдік сана ұғымының қалыптасуы мен теориялық мазмұнын анықтау үшін осы мәселенің негізін қалаған іргелі зерттеулерге, ал оның қазіргі нейролингвистикалық түсіндірмелерін айқындау үшін кейінгі нейробейнелеу, нейрофизиологиялық және нейроклиникалық зерттеулердің жарияланған нәтижелеріне сүйенілді. Осылайша, әдебиеттерді белгілі бір хронологиялық аралықпен шектеуден гөрі зерттеу сұрағына тікелей қатыстылығы мен теориялық маңызы басшылыққа алынды.

Дереккөздерді іріктеуде бірнеше мазмұндық өлшем ескерілді. Еңбектің тілдік сана ұғымын түсіндіруге қосқан үлесі, тілдік өңдеудің нейрондық тетіктерін сипаттау мүмкіндігі, белгілі бір нейролингвистикалық тұжырымдаманы қалыптастырудағы орны, тілдік және когнитивтік жүйелердің байланысын түсіндіру дәрежесі негізгі өлшемдер ретінде алынды. Сонымен қатар тілдік сана ұғымының әр ғылыми дәстүрдегі қолданысын нақтылау үшін оның психолингвистикалық, теориялық және ұғымдық сипаттамалары қамтылған еңбектер назарға алынды. Осы өлшемдер зерттеу материалын кездейсоқ жинақтаудан сақтап, әр дереккөздің мақалада қойылған ғылыми мәселеге қатысын анықтауға мүмкіндік берді.

Талдауға алынған еңбектер мазмұнына қарай бірнеше өзара байланысты бағытта қарастырылды. Бірінші бағыт тілдік сана ұғымының психолингвистикалық мазмұны мен оның тілдік білім, мағына, сөйлеу әрекеті және мәдени тәжірибемен байланысын қамтыды. Екінші бағыт тілдің мидағы ұйымдасуын, тілдік сигналды қабылдау мен өңдеуге қатысатын нейрондық желілерді, дорсальды және вентральды жолдарды, фронталды-темпоралды байланыстарды сипаттайтын зерттеулерден құрылды. Үшінші бағыт тілдік білімді сақтау, семантикалық және синтаксистік ақпаратты біріктіру, болжау, сенсомоторлық үйлестіру және когнитивтік бақылау тетіктерін түсіндіретін теориялық модельдерді қамтыды. Қазақстандық зерттеулер билингвизм, екінші және үшінші тілді меңгеру, көптілді ортадағы тілдік өңдеу мәселелерін қарастыру тұрғысынан енгізілді.

Зерттеудің әдіснамалық негізін пәнаралық ұстаным құрады. Негізгі әдістер ретінде сипаттамалы-талдамалы шолу, салыстырмалы талдау, ұғымдық талдау, функционалдық жіктеу, концептуалдық синтез және теориялық модельдеу қолданылды. Сипаттамалы-талдамалы шолу тілдік сана мен тілдік өңдеуге қатысты негізгі ғылыми көзқарастарды жүйелеуге мүмкіндік берді. Ұғымдық талдау арқылы «тілдік сана» категориясының әр ғылыми дәстүрдегі мазмұны нақтыланды. Салыстырмалы талдау психолингвистикалық түсіндірулер мен қазіргі нейролингвистикалық модельдердің өзара сабақтас тұстарын анықтауға бағытталды. Функционалдық жіктеу тілдік ақпаратты өңдеуге қатысатын нейрондық және когнитивтік жүйелерді олардың атқаратын қызметіне қарай топтастыруға қолданылды. Концептуалдық синтез осы бағыттарда жинақталған тұжырымдарды ортақ теориялық құрылымға келтіруге негіз болды.

Талдау өзара сабақтас бірнеше сатыда жүргізілді. Алдымен, тілдік сана ұғымының психолингвистикалық мазмұны мен ғылыми қолданысы қарастырылды. Одан кейін тілдік сигналды бастапқы қабылдау, сөзді тану, семантикалық және синтаксистік өңдеу, сөйлем құрылымын ұйымдастыру, артикуляциялық жоспарлау, сенсомоторлық үйлестіру, жұмыс жады, назар және когнитивтік бақылау жөніндегі зерттеу нәтижелері жүйеленді. Келесі сатыда екі ағынды архитектура, ядролық тілдік желі, жады, интеграция және бақылау үлгілері мен тілдік өңдеудің басқа да желілік тұжырымдамалары өзара салыстырылды. Әр модельдің тілдік сана мәселесін түсіндіруге қосатын үлесі анықталып, олардың функционалдық байланыстары белгіленді.

Жүргізілген салыстырмалы және концептуалдық талдау нәтижесінде тілдік сананың нейролингвистикалық ұйымдасуын сипаттайтын бес деңгей өзара сабақтастырылды: перцептивтік өңдеу, ядролық тілдік желі, семантикалық-синтаксистік интеграция мен болжау, сенсомоторлық байланыс және когнитивтік-прагматикалық бақылау. Бұл деңгейлер әртүрлі ғылыми еңбектерде сипатталған механизмдердің тілдік сана құрылымындағы қызметін көрсету қағидаты бойынша біріктірілді. Теориялық модельдеу осы компоненттердің өзара байланысын

бір құрылым аясында сипаттауға мүмкіндік берді.

Ұсынылған модель жарияланған теориялық еңбектер мен эмпирикалық зерттеулердің нәтижелерін концептуалдық тұрғыдан жүйелеу негізінде қалыптасты. Оның ғылыми мәні тілдік сана туралы психолингвистикалық түсініктерді қазіргі нейролингвистикадағы желілік, интеграциялық және когнитивтік тұжырымдармен сабақтастырудан көрінеді. Модель тілдік сананың нейролингвистикалық ұйымдасуын түсіндіретін теориялық құрылым ретінде ұсынылады және оның жекелеген деңгейлері мен олардың өзара байланысын кейінгі нейролингвистикалық, психолингвистикалық және көптілді тілдік өңдеу зерттеулерінде эмпирикалық тұрғыдан тексеруге мүмкіндік бар.

Әдебиетке шолу

Тілдік сана мәселесінің теориялық негіздері тіл, ойлау және сөйлеу әрекетінің арақатынасын қарастырған іргелі психологиялық және психолингвистикалық зерттеулермен сабақтасады. Л.С. Выготский ой мен сөздің байланысын мағынаның қалыптасуы, сөйлеудің ішкі және сыртқы формалары арқылы түсіндіріп, ішкі сөйлеудің адам ойлауындағы ерекше қызметін көрсетеді (Выготский, 1934). Оның тұжырымдары тілдік мағынаның санада ұйымдасуын түсіндіруге және кейінгі психолингвистикалық зерттеулердің теориялық негізін қалыптастыруға ықпал етті. Л.С. Выготскийдің 1934 жылғы түпнұсқа басылымында ішкі сөйлеу ой мен сөз арасындағы ерекше психологиялық құрылым ретінде арнайы талданған.

А.А. Леонтьев тіл, сөйлеу және сөйлеу әрекетін өзара байланысты құбылыстар ретінде қарастырып, психолингвистиканың зерттеу нысанын адамның мақсатты сөйлеу әрекетімен сабақтастырды (Леонтьев, 1969). Оның ұстанымында коммуникация дайын ақпаратты бір адамнан екінші адамға жеткізумен шектелмей, белгілі бір мақсат, жағдай және әрекет құрылымы арқылы жүзеге асатын үдеріс ретінде түсіндіріледі. Мұндай көзқарас тілдік сананы сөйлеушінің тілдік білімді нақты қатысымдық жағдайда пайдалануымен байланысты қарастыруға негіз береді. А.А. Леонтьев еңбегінің бірінші тарауында сөйлеу әрекеті теориясы мен психолингвистиканың пәні арнайы қарастырылған.

Тілдік әрекеттің ми қызметімен байланысын түсіндіруде А.Р. Лурияның нейропсихологиялық және нейролингвистикалық зерттеулері маңызды орын алады. А.Р. Лурия сөйлеуді ми қызметінің күрделі ұйымдасуымен байланыстырып, сөйлеуді өндіру және қабылдау кезінде жүретін кодтау мен декодтау үдерістерін ми зақымдануы жағдайындағы өзгерістер арқылы қарастырды (Лурия, 1975). Бұл бағыт тілдік қызметтің нейробиологиялық негізін зерттеудің кейінгі желілік үлгілеріне теориялық алғышарт қалыптастырды. «Основные проблемы нейролингвистики» монографиясы 1975 жылы Мәскеу университеті баспасынан 254 бет көлемінде жарық көрген және сөйлеу коммуникациясын нейропсихологиялық тұрғыдан талдауға арналған.

Осы іргелі еңбектер тілдік сана ұғымының қазіргі түсіндірмелерінен бұрын қалыптасқан бірнеше маңызды қағиданы айқындайды. Л.С. Выготский тілдік мағынаның ойлау үдерісімен байланысына назар аударса, Леонтьев сөйлеуді мақсатты әрекет аясында түсіндіреді, А.Р. Лурия тілдік қызметтің ми жүйелері арқылы іске асуын қарастырады. Бұл үш бағыттың тоғысуы тілдік сананы мағына, сөйлеу әрекеті және нейробиологиялық ұйымдасу бірлігінде зерттеуге теориялық негіз береді.

Тілдік сана ұғымының өзі психолингвистикалық әдебиетте кең әрі көпқырлы мазмұнда қолданылады. Попова мен Стернин оны тілдік бірліктер мен мағыналардың санада ұйымдасуымен, сөйлеуді қабылдау, өндіру және тілдік білімді сақтау үдерістерімен байланыстырады (Попова, Стернин, 2002: 10-12). Н.В. Уфимцева тілдік сананың әлеуметтік және мәдени тәжірибемен сабақтастығына назар аударып, оның өзгермелі және ұлттық-мәдени ортаға тәуелді сипатын көрсетеді (Уфимцева, 2011: 214-228). Бұл көзқарастар тілдік сананың тілдік білім, мағыналық құрылым, сөйлеу тәжірибесі және мәдени таным арасындағы байланысты қамтитынын көрсетеді.

Ұғымның лексикографиялық түсіндірілуін нақтылау үшін қазақстандық тіл біліміндегі Э.Д. Сүлейменова мен Н.Ж. Шаймерденованың «Словарь социолингвистических терминов» еңбегін де ескеру орынды (Сүлейменова, Шаймерденова, 2002). Бұл сөздік 2002 жылы «Қазақ

университеті» баспасынан жарық көрген және қазақстандық социолингвистикалық терминологияны жүйелеуге арналған. Кейінгі қазақстандық зерттеулерде аталған сөздіктегі тілдік сана түсіндірмесі этностың қоршаған ортамен байланысы және тіл мен мәдениет арқылы қалыптасатын әлем бейнесі тұрғысынан берілетіні көрсетілген. Бұл лексикографиялық түсіндіру Попова, Стернин және Уфимцева ұсынған психолингвистикалық пайымдармен мазмұндас болғанымен, ұлттық-мәдени және әлеуметтік қырына көбірек назар аударады.

Осы анықтамаларды салыстыру тілдік сана ұғымының бірнеше мазмұндық қабатын ажыратуға мүмкіндік береді. Біріншісі тілдік таңбалар мен мағыналардың санадағы ұйымдасуына қатысты; екіншісі сөйлеуді қабылдау мен өндіруді қамтамасыз ететін психикалық әрекеттерді қамтиды; үшіншісі жинақталған тілдік және мәдени тәжірибенің адамның әлемді қабылдауына ықпалын көрсетеді. Нейролингвистикалық тұрғыдан осы қабаттардың ми қызметіндегі жүзеге асу тетіктерін анықтау тілдік сана мәселесінің тағы бір түсіндіру деңгейін қалыптастырады.

Терминнің ғылыми қолданысында зерттеу дәстүрлерінің ерекшелігі байқалады. Посткеңестік психолингвистикада «тілдік сана» арнайы теориялық категория ретінде қалыптасқан. Ал осы мақалада қарастырылған ағылшынтілді нейролингвистикалық еңбектерде тілдік санаға жақын құбылыстар *language processing, language representation, language network, inner speech, semantic integration, cognitive control* тәрізді нақты зерттеу ұғымдары арқылы сипатталады (Hickok, Poeppel, 2007; Hagoort, Indefrey, 2014; Fedorenko, Ivanova, Regev, 2024). Сондықтан мақалада тілдік сана осы терминдердің біріне теңестірілмей, тілдік білім, мағыналық өңдеу, сөйлеу әрекеті және когнитивтік реттеу арасындағы байланысты қамтитын теориялық категория ретінде алынады.

Қазақстандық нейролингвистикалық зерттеулер бұл мәселенің көптілді ортадағы көрінісін қарастыруға мүмкіндік береді. Қ. Жақсылыққызы мен Г. Нәбиева екінші тілді меңгеру барысындағы психолингвистикалық және нейролингвистикалық әдістерді жүйелеп, тіл меңгеру үдерісінің когнитивтік және нейрофизиологиялық қырларына назар аударады (Жақсылыққызы, Нәбиева, 2021: 13-21). Ж. Ибраева мен Қ. Жақсылыққызы билингвизмді зерттеудегі нейролингвистикалық тәсілдердің рөлін қарастырып, бірнеше тілді меңгеру мен қолданудың тілдік өңдеу және ми қызметімен байланысын сипаттайды (Ибраева, Жақсылыққызы, 2021: 67-73). Аталған мақаланың авторлары, шығарылымы, беттері мен DOI нөмірі Абай атындағы ҚазҰПУ журналының ресми сайтында расталған.

Қазақстандағы көптілді тілдік өңдеудің нейрофизиологиялық бағыты кейінгі ERP зерттеулерінде жалғасын тапты. K. Zhaksylykkyzy, Z.K. Ibrayeva, A.M. Kustubayeva, D. Roehm және M. Zholdassova қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қолданатын үштілді қатысушылардың аударманы тану үдерісін EEG/ERP әдісі арқылы зерттеген. Нәтижелерде конгруэнтті және конгруэнтті емес сөздерді өңдеу барысында N400 компонентінің өзгерістері анықталған (Zhaksylykkyzy et al., 2026). Зерттеу 2026 жылғы 13 қаңтарда *Frontiers in Psychology* журналында жарияланып, ресми библиографиялық жазбасында 16-том, 1710959 мақала нөмірі көрсетілген. Бұл еңбек Қазақстандағы көптілді тілдік тәжірибені нейрофизиологиялық деректермен байланыстырудың нақты мысалын береді.

Ф.Ш. Оразбаева нейролингвистика мен коммуникативтік тіл білімінің әдіснамалық сабақтастығын қарастырып, тілдік әрекетті когнитивтік және қатысымдық үдерістермен байланысты зерттеудің мүмкіндіктерін көрсетеді (Оразбаева, 2025). Қатысымдық грамматикаға арналған Utegulova, Orazbayeva және әріптестерінің зерттеуінде жазылым барысында ойды ұйымдастыру, мағынаны нақтылау және тілдік бірліктерді коммуникативтік мақсатқа сай таңдау мәселелері талданады (Utegulova et al., 2025: 1129-1138). Бұл еңбектер тілдік сананың саналы таңдау, ішкі бақылау және коммуникативтік ниетпен байланысын түсіндіруге мүмкіндік береді. Аталған екі еңбек қазіргі библиографияда бұрыннан қамтылған.

Тілдік қызметтің нейробиологиялық ұйымдасуын зерттеудегі қазіргі көзқарастар желілік қағидаға сүйенеді. Price PET және fMRI әдістері арқылы жүргізілген зерттеулердің жиырма жылдық нәтижелерін жинақтап, сөйлеуді есту, сөйлеу өндіру және оқу кезінде бірнеше өзара байланысқан ми аймағының қатысатынын көрсетеді (Price, 2012: 816-847). Бұл деректер тілдік

әрекетті күрделі нейрондық желілердің үйлесімді қызметі арқылы түсіндіруге негіз болды.

Friederici еңбектерінде тілдік өңдеудің желілік ұйымдасуы сөйлем құрылымын түсіну үдерісімен сабақтастырылады. Фронталды және темпоралды аймақтар мен оларды байланыстыратын ақзат жолдары тілдік ақпаратты өңдеудің өзара байланысқан жүйесі ретінде сипатталады (Friederici, 2011: 1357-1392). Кейінгі зерттеуінде автор сөйлемді түсіну барысында әртүрлі нейрондық жолдардың функционалдық қызметін нақтылап, синтаксистік ақпараттың бірнеше кезең арқылы өңделетінін көрсетеді (Friederici, 2012: 262-268). Бұл тұжырым тілдік сананың мағыналық және құрылымдық ұйымдасуын нейробиологиялық деңгеймен байланыстыруда маңызды орын алады.

Hickok пен Poeppel ұсынған екі ағынды модель тілдік сигналды өңдеудің екі негізгі бағытын көрсетеді. Вентральды ағын естілген дыбыстық сигналды мағыналық репрезентациялармен байланыстыруға қатысады, ал дорсальды ағын дыбыстық құрылым мен артикуляциялық әрекетті үйлестіреді (Hickok, Poeppel, 2007: 393-402). Бұл модель қабылданған тілдік сигналдың мағыналық өңделуі мен сөйлеудің моторлық ұйымдасуы арасындағы функционалдық айырмашылықты нақтылайды.

Синтаксистік өңдеудің нейрондық ұйымдасуын Matchin мен Hickok тереңірек сипаттайды. Олардың тұжырымында самай бөлігінің артқы ортаңғы иірімі (pMTG) лексикалық және синтаксистік ақпарат арасындағы байланысты өңдеуге қатысады, төменгі маңдай иірімінің артқы бөлігі (pIFG) құрылымдық операциялармен сабақтас қызмет атқарады (Matchin, Hickok, 2020: 1481-1498). Бұл нәтижелер сөйлем мағынасының қалыптасуы бірнеше функционалдық тораптың өзара әрекеті арқылы жүретінін аңғартады.

Тілдік білімді сақтау мен оны сөйлеу барысында белсендіру мәселесін Hagoort пен Indefrey жады, біріктіру және бақылау қағидалары арқылы түсіндіреді. Тілдік білім жады жүйелерінде сақталып, сөйлеуді қабылдау мен өндіру кезінде лексикалық, семантикалық және синтаксистік ақпарат біртұтас құрылымға бірігеді; осы үдеріске когнитивтік бақылау тетіктері де қатысады (Hagoort, Indefrey, 2014: 347-362). Бұл қағида тілдік сана тұрғысынан маңызды, өйткені жинақталған тілдік білімнің нақты коммуникативтік әрекетте іске асуын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Fedorenko, Ivanova және Regev тілдік өңдеуге маманданған ядролық тілдік желінің құрылымы мен қызметін қарастырады. Сол жақ жартышардағы фронталды және темпоралды аймақтардан құралған бұл желі тілдік материалды өңдеуге жоғары дәрежеде маманданған (Fedorenko, Ivanova, Regev, 2024: 289-312). Тілдік желінің сенсорлық, моторлық және жалпы когнитивтік жүйелермен функционалдық байланысы тілдік әрекеттің әр деңгейде ұйымдасатынын көрсетеді. Fedorenko мен Thompson-Schill еңбегінде де тілге маманданған желілер мен жұмыс жады, назар, бақылау тәрізді кең когнитивтік үдерістердің арақатынасы талданады (Fedorenko, Thompson-Schill, 2014: 120-126).

Семантикалық өңдеудің нейробиологиялық табиғатын Pulvermüller мағына, қабылдау және әрекет тәжірибесінің байланысы арқылы түсіндіреді. Оның зерттеулерінде тілдік мағынаның қалыптасуына сенсорлық және моторлық жүйелердің қатысатыны көрсетілген (Pulvermüller, 2013: 458-470). Бұл көзқарас психолингвистикадағы тілдік сананың тәжірибелік және мағыналық сипатын нейробиологиялық семантикамен сабақтастыруға мүмкіндік береді.

Тілдік өңдеудің уақыттық динамикасын Kutas пен Federmeier N400 компоненті арқылы сипаттайды. N400 семантикалық контекст, мағыналық күтім және сөздің алдыңғы ақпаратпен сәйкестігіне сезімтал нейрофизиологиялық көрсеткіш ретінде қарастырылады (Kutas, Federmeier, 2011: 621-647). Мұндай нәтижелер тілдік ақпараттың уақыт бойынша сатылы өңделетінін көрсетіп, ұсынылатын модельдегі интеграция мен болжау деңгейін негіздеуге мүмкіндік береді.

Клиникалық нейролингвистика тілдік желілердің функционалдық тұтастығын зақымдану жағдайында бағалауға мүмкіндік береді. Fridriksson және әріптестері инсульттан кейінгі афазияны зерттеу барысында тілдік бұзылыстарды ми қыртысының зақымданған бөліктерімен және оларды байланыстыратын жүйелермен сабақтастыра талдайды (Fridriksson et al., 2018: 848-862). Бұл нәтижелер тілдік функциялардың бірнеше ми торабының өзара әрекетіне тәуелді екенін қолдайды.

Қазіргі зерттеулер нейрондық құрылым мен тілдік әрекет арасындағы байланысты модельдеу бағытына да бет бұрды. Fitz, Hagoort және Petersson тілдік өңдеудің нейробиологиялық себептік модельдерін талдап, құрылым, функция және мінез-құлық арасындағы тәуелділікті бір теориялық жүйеде сипаттау мүмкіндігін көрсетеді (Fitz, Hagoort, Petersson, 2024: 225-247). Мұндай бағыт әртүрлі эмпирикалық нәтижелерді өзара байланысты теориялық құрылымда түсіндірудің маңызын арттырады.

Қарастырылған әдебиеттер тілдік сана мәселесінің бірнеше ғылыми дәстүрдің тоғысында орналасқанын көрсетеді. Выготский, Леонтьев және Лурия еңбектері ой, мағына, сөйлеу әрекеті мен ми қызметінің өзара байланысына іргелі негіз қалады. Попова, Стернин және Уфимцева тілдік сананың психолингвистикалық және мәдени мазмұнын дамытты. Қазақстандық еңбектер тілдік сана мен тілдік өңдеу мәселесін көптілділік, екінші тілді меңгеру және коммуникативтік әрекет аясында толықтырады. Қазіргі нейролингвистикалық зерттеулер тілдік сигналды қабылдау, тілдік желілердің қызметі, семантикалық-синтаксистік интеграция, сенсомоторлық үйлесім және когнитивтік бақылаудың нейрондық тетіктерін нақтылайды.

Әдебиеттерді салыстыру барысында осы бағыттардың ортақ функционалдық желісі айқындалады. Тілдік ақпарат перцептивтік деңгейде қабылданып, маманданған тілдік желілерде өңделеді; семантикалық және синтаксистік ақпарат біріктіріледі; сөйлеу әрекеті сенсомоторлық тетіктер арқылы жүзеге асады; жұмыс жады, назар және когнитивтік бақылау коммуникативтік әрекетті реттеуге қатысады. Қолданыстағы теориялар осы механизмдердің әрқайсысын терең сипаттайды. Тілдік сана ұғымы олардың тілдік біліммен, мағынамен, ішкі сөйлеумен және коммуникативтік мақсатпен байланысын ортақ теориялық құрылымда қарастыруға мүмкіндік береді.

Осы талдау зерттеудің теориялық мәселесін нақтылайды: психолингвистикада қалыптасқан тілдік сана түсінігі мен қазіргі нейролингвистикада сипатталған нейрондық және когнитивтік тетіктер арасындағы байланысты бірізді модельге түсіру қажет. Әдебиеттерден бес негізгі функционалдық сала айқындалды: *перцептивтік өңдеу, ядролық тілдік желі, семантикалық-синтаксистік интеграция мен болжау, сенсомоторлық байланыс және когнитивтік-прагматикалық бақылау*. Осы бес сала ұсынылатын модельдің теориялық негізін құрайды.

Нәтижелер және талқылау

Ғылыми еңбектерді салыстырмалы талдау мен концептуалдық синтез тілдік сананың нейролингвистикалық ұйымдасуына қатысатын тетіктердің әртүрлі теориялық бағыттарда жеке қарастырылғанын көрсетті. Хикок пен Пёппельдің екі ағынды моделі дыбыстық сигналды мағынамен және артикуляциялық әрекетпен байланыстыратын нейрондық жолдардың қызметін сипаттайды. Фридеричи тілдік ақпаратты өңдеудегі фронталды және темпоралды аймақтардың өзара әрекетіне, Хагоорт пен Индфрей тілдік білімді сақтау, біріктіру және бақылау үдерістерінің байланысына назар аударады. Федоренко және әріптестерінің зерттеулері тілдік ақпаратты өңдеуге маманданған ядролық тілдік желінің қызметін айқындайды. Пульвермюллер еңбектерінде семантикалық өңдеу тілдік және сенсомоторлық тәжірибенің өзара байланысы тұрғысынан түсіндіріледі (Hickok, Poeppel, 2007: 393-402; Friederici, 2011: 1357-1369; Hagoort, Indefrey, 2014: 347-362; Pulvermüller, 2013: 458-470; Fedorenko, Ivanova, Regev, 2024: 289-312).

Осы теориялық бағыттарды салыстыру тілдік сананы сипаттауда бес өзара сабақтас функционалдық деңгейді ажыратуға мүмкіндік берді: перцептивтік өңдеу, ядролық тілдік желі, семантикалық-синтаксистік интеграция мен болжау, сенсомоторлық байланыс және когнитивтік-прагматикалық бақылау. Мұндай жіктеу нейроанатомиялық құрылымдарды қайта топтастыруды көздемейді. Оның негізгі мәні әртүрлі зерттеулерде сипатталған тетіктердің тілдік сана құрылымындағы қызметтік орнын анықтап, олардың арасындағы байланысты бір теориялық жүйеде көрсетуге негізделеді.

Кесте 1 – Қазіргі нейролингвистикалық тұжырымдар мен ұсынылған модельдің арақатынасы
Таблица 1 – Соотношение современных нейролингвистических концепций и предложенной модели
Table 1 – Relationship between Current Neurolinguistic Frameworks and the Proposed Model

Теориялық бағыт	*Негізгі қарастыратын үдеріс*	*Ұсынылған модельдегі орны*
Hickok, Poeppel, 2007	Дыбыстық сигналды мағынамен және артикуляциялық әрекетпен байланыстыру	Перцептивтік өңдеу және сенсомоторлық байланыс
Friederici, 2011; 2012	Тілдік өңдеудің фронталды-темпоралды ұйымдасуы, сөйлем құрылымын өңдеу	Семантикалық-синтаксистік интеграция және болжау
Hagoort, Indefrey, 2014	Тілдік білім, біріктіру және бақылау үдерістерінің байланысы	Интеграциялық және бақылау деңгейлері
Pulvermüller, 2013	Семантикалық өңдеу мен сенсомоторлық тәжірибенің байланысы	Семантикалық және сенсомоторлық деңгейлердің байланысы
Fedorenko, Ivanova, Regev, 2024	Тілдік ақпаратты өңдеуге маманданған тілдік желі	Ядролық тілдік желі
Ұсынылған модель	Тілдік өңдеудің әртүрлі тетіктерін тілдік сана құрылымында сабақтастыру	Бес функционалдық деңгейдің өзара байланысқан жүйесі

Кестеде берілген салыстыру ұсынылған модельдің теориялық негізін көрсетеді. Оның ерекшелігі жеке нейрондық механизмдердің қызметін қайта сипаттаудан гөрі әртүрлі тұжырымдамалардағы нәтижелердің тілдік санаға қатысын жүйелеуінде. Осы тұрғыдан тілдік сигналды қабылдау, мағыналық және синтаксистік өңдеу, сөйлеуді өндіру мен бақылау өзара жалғасқан үдерістер ретінде қарастырылады.

Тілдік сананың бірінші деңгейі *перцептивтік өңдеумен* байланысты. Ауызша тілдік сигналды қабылдау кезінде жоғарғы самай иірімі (superior temporal gyrus, STG) мен жоғарғы самай жүлгесінің (superior temporal sulcus, STS) бөлімдері акустикалық және сөйлеу сигналдарын өңдеуге қатысады. Жазба тілде шүйде-самай аймақтары визуалды тілдік ақпаратты тану үдерісіне қатысады. Бұл деңгей тілдік сигналдың сенсорлық ерекшеліктерін өңдеп, кейінгі тілдік операцияларға қажетті бастапқы ақпаратты қалыптастырады. Прайстың нейробейнелеу зерттеулеріне жасаған шолуы сөйлеуді есту мен оқуда бірнеше өзара байланысқан жүйенің қызмет атқаратынын көрсетеді (Price, 2012: 820-828). Федоренко және әріптестері сенсорлық жүйелер мен жоғары деңгейдегі тілдік өңдеудің функционалдық мамандануын ажырата қарастырады (Fedorenko, Ivanova, Regev, 2024: 301-306).

Перцептивтік деңгейде өңделген ақпараттың тілдік құрылымға айналуында *ядролық тілдік желі* маңызды қызмет атқарады. Бұл желі негізінен сол жақ жартышардағы фронталды және темпоралды аймақтарды қамтиды және сөздік, семантикалық әрі синтаксистік ақпаратты өңдеуге қатысады. Ядролық тілдік желінің қызметі сенсорлық тұрғыдан қабылданған сигналды тілдік бірлік ретінде танумен, сөздер арасындағы байланысты анықтаумен және оларды мағыналық құрылымға біріктірумен сабақтасады. Хагоорт пен Индфрей тілдік білім мен мағыналық-синтаксистік біріктіру арасындағы функционалдық байланысты көрсетеді (Hagoort, Indefrey, 2014: 347-356). Осыған байланысты ядролық тілдік желі ұсынылған модельде тілдік ақпаратты арнайы өңдеудің негізгі функционалдық деңгейі ретінде қарастырылады.

Үшінші деңгей *семантикалық-синтаксистік интеграция мен болжауды* қамтиды. Сөйлемді түсіну барысында жеке сөздер белгілі бір грамматикалық құрылым мен мағыналық байланыс аясында ұйымдасады. Фридеричи еңбектерінде фронталды және темпоралды аймақтар арасындағы ақпарат алмасу сөйлем құрылымын өңдеудің маңызды нейрондық тетігі ретінде сипатталады (Friederici, 2012: 262-267). Тілдік контекст алдағы сөздер мен құрылымдарға қатысты болжамдардың қалыптасуына да ықпал етеді. Мэтчин мен Хикоктың зерттеулерінде самай бөлігінің артқы ортаңғы иірімі (posterior middle temporal gyrus, pMTG) мен төменгі маңдай иірімінің артқы бөлігінің (posterior inferior frontal gyrus, pIFG) синтаксистік өңдеуге қатысу

ерекшеліктері талданған (Matchin, Hickok, 2020: 1485-1492). Бұл деректер семантикалық және синтаксистік ақпараттың тұтастануын тілдік сананың жеке функционалдық деңгейі ретінде қарастыруға негіз береді.

Мағыналық өңдеу адамның жинақталған сенсорлық және қимыл-қозғалыстық тәжірибесімен де сабақтасады. Пульвермюллер семантикалық репрезентациялардың қалыптасуына тілдік жүйелермен қатар сенсомоторлық желілердің қатысатынын көрсетеді (Pulvermüller, 2013: 458-466). Мұндай байланыс сөз мағынасының тілдік контекстпен қатар қабылдау және әрекет тәжірибесімен де ұштасатынын аңғартады. Ұсынылған модельде бұл құбылыс семантикалық интеграция мен сенсомоторлық жүйелердің өзара ықпалдасуын сипаттайды.

Төртінші деңгей *сенсомоторлық байланыспен* сипатталады. Сөйлеуді өндіру кезінде дыбыстық ақпаратты артикуляциялық жоспармен сәйкестендіру, фонологиялық ақпаратты уақытша сақтау және сөзді қайталау дорсальды нейрондық жолдардың қызметімен байланысты. Бұл үдеріске төбе-самай түйісу аймақтары, премоторлық қыртыс және фронталды бөлімдер арасындағы байланыстар қатысады (Hickok, Poeppel, 2007: 397-401). Фридрикссон және әріптестерінің афазияға қатысты зерттеуі тілдік бұзылыстардың сипатына зақымданған ми аймақтарымен қатар сол аймақтарды байланыстыратын нейрондық жолдардың күйі де ықпал ететінін көрсетеді (Fridriksson et al., 2018: 848-862). Мұндай деректер тілдік жүйенің желілік ұйымдасуын ескерудің маңызын айқындайды.

Тілдік ақпаратты өңдеудің уақыттық динамикасы да модельдің үшінші және бесінші деңгейлерін түсіндіруде маңызды. Оқиғаға байланысты потенциалдардың ішінде N400 компоненті семантикалық контекст пен тілдік бірліктің күтілу дәрежесіне сезімтал нейрофизиологиялық көрсеткіш ретінде кеңінен зерттелген. Контекске мағыналық жағынан үйлесуі төмен тілдік бірліктер ұсынылған жағдайда N400 реакциясының өзгеруі шамамен 400 миллисекунд аралығында байқалады (Kutas, Federmeier, 2011: 621-630). Бұл көрсеткіш семантикалық ақпараттың жылдам өңделетінін және контекстік болжамдардың мағынаны түсінуге қатысатынын аңғартады. Осы дерек модельдегі семантикалық интеграция мен болжаудың өзара байланысын нақтылай түседі.

Бесінші деңгей *когнитивтік-прагматикалық бақылауды* қамтиды. Бұл деңгей жұмыс жады, назар, ішкі сөйлеу, коммуникативтік ниет және тілдік әрекетті жағдаятқа сәйкес реттеу үдерістерімен байланысты. Федоренко мен Томпсон-Шилл тілдік желілер мен жалпы когнитивтік бақылау жүйелерінің функционалдық арақатынасын қарастырады (Fedorenko, Thompson-Schill, 2014: 120-126). Тілдік сана тұрғысынан бұл байланыс адамның тілдік ақпаратты өңдеумен қатар өз сөзін жоспарлауы, коммуникативтік мақсатқа сәйкес тілдік бірліктерді таңдауы және сөйлеу әрекетін бақылауы арқылы көрінеді. Сондықтан когнитивтік-прагматикалық бақылау тілдік әрекетті коммуникативтік жағдаятпен байланыстыратын жоғары функционалдық деңгей ретінде сипатталады.

Кесте 2 – Тілдік сананың ілімдер тоғысындағы моделінің негізгі деңгейлері
Таблица 2 – Основные уровни модели языкового сознания на стыке научных подходов
Table 2 – Main Levels of the Model of Linguistic Consciousness at the Intersection of Scientific Approaches

Деңгей	*Негізгі қызметі*	*Нейрондық негізі*	*Тілдік санадағы орны*
Перцептивтік өңдеу	Тілдік сигналды бастапқы сенсорлық өңдеу	STG, STS, шүйде-самай аймақтары	Кейінгі тілдік өңдеуге қажетті бастапқы ақпаратты қалыптастырады.
Ядролық тілдік желі	Лексикалық, семантикалық және синтаксистік ақпаратты өңдеу	Сол жақ фронталды және темпоралды тілдік аймақтар	Тілдік ақпаратты маманданған деңгейде өңдейді.
Семантикалық-синтаксистік интеграция және	Сөйлем құрылымын, мағыналық байланысты және контекстік болжамды	pMTG, pIFG, алдыңғы темпоралды аймақтар	Тілдік бірліктерді мағыналық және құрылымдық тұтастыққа

болжау	қалыптастыру		біріктіреді.
Сенсомоторлық байланыс	Дыбыстық ақпарат пен артикуляциялық әрекетті сабақтастыру	Дорсальды жол, төбе-самай түйісу аймақтары, премоторлық қыртыс	Сөйлеуді өндіру, қайталау және фонологиялық өңдеуге қатысады.
Когнитивтік-прагматикалық бақылау	Назар, жұмыс жады, ішкі сөйлеу және коммуникативтік ниетті реттеу	Жалпы когнитивтік бақылау жүйелері	Тілдік әрекетті коммуникативтік мақсат пен жағдаятқа сай реттейді.

Кестеде көрсетілген деңгейлер бірінен кейін бірі ғана жүзеге асатын қатаң сатыларды білдірмейді. Тілдік өңдеу барысында олардың арасында үздіксіз ақпарат алмасу жүреді. Перцептивтік жүйелерден келген ақпарат тілдік желілерде өңделеді, семантикалық және синтаксистік құрылым контекстік болжамдармен сабақтасады, сенсомоторлық жүйелер сөйлеуді өндіруге қатысады, ал когнитивтік бақылау осы үдерістердің коммуникативтік мақсатқа сай ұйымдасуын қамтамасыз етеді. Осы өзара әрекет тілдік сананың динамикалық сипатын көрсетеді.

Ұсынылған модельдің теориялық ерекшелігі осы бес деңгейдің тілдік сана ұғымы аясында өзара байланыстырылуынан көрінеді. Екі ағынды модель, синтаксистік өңдеу тұжырымдамалары, ядролық тілдік желі және жады, біріктіру мен бақылауға қатысты зерттеулер тілдік әрекеттің белгілі бір тетіктерін сипаттайды. Осы мақаладағы концептуалдық синтез олардың тілдік сана құрылымындағы функционалдық орнын айқындайды. Нәтижесінде психолингвистикалық дәстүрдегі тілдік сана түсінігі мен қазіргі желілік нейролингвистикадағы тілдік өңдеу механизмдері ортақ теориялық құрылымда сабақтастырылады.



Сурет 1 – Тілдік сананың ілімдер тоғысындағы интегративті моделі
Рисунок 1 – Интегративная модель языкового сознания на стыке научных подходов
Figure 1 – An Integrative Model of Linguistic Consciousness at the Intersection of Scientific Approaches

Ұсынылған модельдің қолданбалы әлеуеті бірнеше зерттеу бағытымен байланысты. Афазияны зерттеуде желілік ұстаным ми аймақтарының зақымдануымен қатар олардың арасындағы функционалдық және құрылымдық байланыстарды ескеруге мүмкіндік береді. Көптілділік пен екінші тілді меңгеру саласында автоматтанған тілдік өңдеу, метатілдік бақылау, ішкі сөйлеу және бірнеше тіл арасындағы таңдау үдерістерін модельдің жекелеген деңгейлерімен байланыстыра зерттеуге болады. Қазақстанның көптілді ортасы мұндай мәселелерді психолингвистикалық және нейролингвистикалық тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік береді (Оразбаева, 2025; Жақсылыққызы, Нәбиева, 2021: 19-21).

Модельдің түсіндіру мүмкіндігін нақтылау кейінгі эмпирикалық зерттеулердің міндетіне жатады. Болашақта фМРТ, ЭЭГ/ERP, МЭГ, трактография және нейроклиникалық деректерді табиғи сөйлеу, ішкі сөйлеу және көптілді тілдік өңдеу материалдарымен сабақтастыру маңызды. Мұндай зерттеулер перцептивтік өңдеу, ядролық тілдік желі, семантикалық-синтаксистік интеграция, сенсомоторлық байланыс және когнитивтік-прагматикалық бақылаудың өзара қатынасын нақтылауға, сондай-ақ ұсынылған модельдің эмпирикалық негізділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері тілдік сананың нейролингвистикалық ұйымдасуын бірнеше өзара сабақтас нейрондық және когнитивтік жүйенің бірлескен қызметі арқылы сипаттауға мүмкіндік берді. Теориялық талдау барысында тілдік сана туралы психолингвистикалық көзқарастар қазіргі нейролингвистикадағы тілдік желілер, семантикалық-синтаксистік интеграция, сенсомоторлық байланыс және когнитивтік бақылау тұжырымдарымен сабақтастырылды. Осы негізде зерттеу сұрағына жауап ретінде тілдік сананың ілімдер тоғысындағы бес деңгейлі интегративті моделі ұсынылды.

Ұсынылған модель тілдік сананы тілдік сигналды қабылдау, тілдік ақпаратты арнайы өңдеу, мағыналық және синтаксистік тұтастық қалыптастыру, сөйлеуді өндіру және коммуникативтік әрекетті бақылау үдерістерінің өзара байланысқан жүйесі ретінде түсіндіреді. Бірінші деңгейде перцептивтік өңдеу тілдік сигналдың бастапқы сенсорлық қабылдануын қамтамасыз етеді. Екінші деңгей ядролық тілдік желінің лексикалық, семантикалық және синтаксистік қызметімен байланысты. Үшінші деңгейде семантикалық-синтаксистік интеграция мен контекстік болжау жүзеге асады. Төртінші деңгей дыбыстық ақпарат пен артикуляциялық әрекетті сабақтастыратын сенсомоторлық байланыстарды қамтиды. Бесінші деңгей жұмыс жады, назар, ішкі сөйлеу және коммуникативтік ниетпен байланысты когнитивтік-прагматикалық бақылауды біріктіреді. Бұл деңгейлер өзара үздіксіз ықпалдасып, тілдік сананың динамикалық сипатын қалыптастырады.

Зерттеудің ғылыми үлесі әртүрлі ғылыми бағыттарда сипатталған тілдік өңдеу тетіктерінің тілдік сана құрылымындағы функционалдық орнын бір жүйеде көрсетуімен айқындалады. Посткеңестік психолингвистикада қалыптасқан тілдік сана тұжырымдамасы адамның тілдік білімі, мағыналық тәжірибесі және сөйлеу әрекетіне басымдық берсе, қазіргі нейролингвистика осы үдерістерді қамтамасыз ететін нейрондық желілер мен когнитивтік механизмдерді нақтылайды. Осы екі ғылыми дәстүрді бір теориялық кеңістікте сабақтастыру тілдік сананың психолингвистикалық мазмұны мен нейробиологиялық ұйымдасуы арасындағы байланысты жүйелі сипаттауға мүмкіндік береді.

Модельдің теориялық маңызы тілдік сананы жекелеген құрылымдардың жиынтығы түрінде қарастырудан гөрі олардың функционалдық өзара әрекетіне назар аударуымен байланысты. Мұндай ұстаным тілдік ақпараттың қабылдануынан бастап оның мағыналық өңделуіне, сөйлеудің ұйымдастырылуына және коммуникативтік мақсатқа сай реттелуіне дейінгі үдерістерді тұтас жүйе аясында қарастыруға жол ашады. Сонымен қатар модель тілдік сана ұғымының нейролингвистикадағы орнын нақтылап, психолингвистикалық және нейрокогнитивтік түсіндіру деңгейлерінің арақатынасын айқындайды.

Ұсынылған модельдің қолданбалы әлеуеті афазия, көптілділік, екінші тілді меңгеру, ішкі сөйлеу, код ауыстыру және метатілдік бақылау мәселелеріне арналған кейінгі зерттеулермен байланысты. Бұл зерттеу аясында модель теориялық-концептуалдық деңгейде негізделді,

сондықтан оның жекелеген компоненттері мен олардың өзара байланысын эмпирикалық деректер арқылы тексеру келешектегі зерттеулердің маңызды міндеті болып табылады. Қазақстанның көптілді ортасы тілдік өңдеудің саналы және автоматтанған деңгейлерін, бірнеше тіл арасындағы өзара ықпалды және когнитивтік бақылау тетіктерін зерттеуге қолайлы ғылыми мүмкіндік береді.

Алдағы зерттеулерде фМРТ, ЭЭГ/ERP, МЭГ, трактография және нейроклиникалық деректерді табиғи сөйлеу, ішкі сөйлеу және көптілді тілдік өңдеу материалдарымен ұштастыру маңызды. Мұндай зерттеулер ұсынылған бес деңгейдің функционалдық арақатынасын нақтылауға, модельдің түсіндіру мүмкіндігін бағалауға және тілдік сананың нейробиологиялық ұйымдасуы жөніндегі теориялық тұжырымдарды эмпирикалық тұрғыдан толықтыруға мүмкіндік береді. Осы бағыттағы жұмыстар қазақ тіл біліміндегі нейролингвистикалық зерттеулердің теориялық және әдіснамалық негізін кеңейтіп, тілдік сана мәселесін психолингвистика, нейролингвистика және когнитивтік нейроғылым тоғысында тереңірек зерттеуге жол ашады.

Әдебиеттер

Выготский Л.С. Мышление и речь: психологические исследования. – Москва; Ленинград: Соцэкгиз, 1934. – 324 с.

Жақсылыққызы Қ., Нәбиева Г.С. Современные методы психолингвистики и нейролингвистики в усвоении второго языка. Филология сериясы. – 183(3), 2021: 13–21.

Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность. – Москва: Просвещение, 1969. – 214 с.

Лурия А.Р. Основные проблемы нейролингвистики. – Москва: Издательство Московского университета, 1975. – 254 с.

Оразбаева Ф.Ш. Нейролингвистика мен коммуникативтік тіл білімінің байланысы: методология мен әдістеме. *Tiltanym*. 2025;97(1):106-124. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-106-124

Попова З.Д., Стернин И.А. Язык и национальное сознание: вопросы теории и методологии. – Воронеж: Воронежский МИОН, 2002.

Сүлейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж. Словарь социолингвистических терминов. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 170 с.

Уфимцева Н.В. Языковое сознание: динамика и вариативность. – Москва: Институт языкознания РАН, 2011. – 252 с.

Fedorenko, E., Thompson-Schill, S.L. Reworking the language network. Trends in Cognitive Sciences 18(3) 2014: 120–126.

Fedorenko, E., Ivanova, A.A., Regev, T.I. The language network as a natural kind within the broader landscape of the human brain. Nature Reviews Neuroscience 25(5) 2024: 289–312.

Fitz, H., Hagoort, P., Petersson, K.M. Neurobiological causal models of language processing. Neurobiology of Language 5(1) 2024: 225–247.

Fridriksson, J., den Ouden, D.B., Hillis, A.E., Hickok, G., Rorden, C., Basilakos, A., Yourganov, G., Bonilha, L. Anatomy of aphasia revisited. Brain 141(3) 2018: 848–862.

Friederici, A.D. The brain basis of language processing: from structure to function. Physiological Reviews 91(4) 2011: 1357–1392.

Friederici, A.D. The cortical language circuit: from auditory perception to sentence comprehension. Trends in Cognitive Sciences 16(5) 2012: 262–268.

Hagoort, P., Indefrey, P. The neurobiology of language beyond single words. Annual Review of Neuroscience 37, 2014: 347–362.

Hickok, G., Poeppel, D. The cortical organization of speech processing. Nature Reviews Neuroscience 8(5) 2007: 393–402.

Ibrayeva, Zh.K., Zhaksylykkyzy, K. The role of neurolinguistic research in the study of bilingualism. Bulletin of Abai KazNPU. Series of Philological Sciences 75(1) 2021: 67–73. https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.11

Kutas, M., Federmeier, K.D. Thirty years and counting: finding meaning in the N400 component of the event-related brain potential (ERP). Annual Review of Psychology 62, 2011: 621–647.

Matchin, W., Hickok, G. The cortical organization of syntax. Cerebral Cortex 30(3) 2020: 1481–1498.

Price, C.J. A review and synthesis of the first 20 years of PET and fMRI studies of heard speech, spoken language and reading. NeuroImage 62(2) 2012: 816–847.

Pulvermüller, F. How neurons make meaning: brain mechanisms for embodied and abstract-symbolic semantics. Trends in Cognitive Sciences 17(9) 2013: 458–470.

Utegulova, Z., Orazbayeva, F., Imankulova, M., Issayeva, Z., Beissembayeva, S. Scientific and Practical Aspects of Communicative Grammar in the Process of Writing. Forum for Linguistic Studies 7(7): 2025. 1129–1138. https://doi.org/10.30564/fls.v7i7.9888

Zhaksylykkyzy, K., Ibrayeva, Z.K., Kustubayeva, A.M., Roehm, D., Zholdassova, M. Processing effects of L1/L2

from L3 in translation recognition paradigm: an exploratory ERP study. Frontiers in Psychology 16: 2026. 1710959. https://doi.org/10.3389/fpsyg.2025.1710959

References

Fedorenko, E., Thompson-Schill, S.L. (2014) Reworking the language network. Trends in Cognitive Sciences 18(3): 120–126. (in English)

Fedorenko, E., Ivanova, A.A., Regev, T.I. (2024) The language network as a natural kind within the broader landscape of the human brain. Nature Reviews Neuroscience 25(5): 289–312. (in English)

Fitz, H., Hagoort, P., Petersson, K.M. (2024) Neurobiological causal models of language processing. Neurobiology of Language 5(1): 225–247. (in English)

Fridriksson, J., den Ouden, D.B., Hillis, A.E., Hickok, G., Rorden, C., Basilakos, A., Yourganov, G., Bonilha, L. (2018) Anatomy of aphasia revisited. Brain 141(3): 848–862. (in English)

Friederici, A.D. (2011) The brain basis of language processing: from structure to function. Physiological Reviews 91(4): 1357–1392. (in English)

Friederici, A.D. (2012) The cortical language circuit: from auditory perception to sentence comprehension. Trends in Cognitive Sciences 16(5): 262–268. (in English)

Hagoort, P., Indefrey, P. (2014) The neurobiology of language beyond single words. Annual Review of Neuroscience 37: 347–362. (in English)

Hickok, G., Poeppel, D. (2007) The cortical organization of speech processing. Nature Reviews Neuroscience 8(5): 393–402. (in English)

Ibrayeva, Zh.K., Zhaksylykkyzy, K. (2021) The role of neurolinguistic research in the study of bilingualism. Bulletin of Abai KazNPU. Series of Philological Sciences 75(1): 67–73. https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.11 (in English)

Kutas, M., Federmeier, K.D. (2011) Thirty years and counting: finding meaning in the N400 component of the event-related brain potential (ERP). Annual Review of Psychology 62: 621–647. (in English)

Leont'ev, A.A. (1969) Jazyk, rech', rechevaja dejatel'nost'. Moskva: Prosveshhenie. 214 s. [Leontyev, A.A. (1969) Language, speech, speech activity. Moscow: Prosveshchenie. 214 p.] (in Russian)

Lurija, A.R. (1975) Osnovnye problemy nejrolingvistiki. Moskva: Izdatel'stvo Moskovskogo universiteta. 254 s. [Luriya, A.R. (1975) Fundamental problems of neurolinguistics. Moscow: Moscow University Press. 254 p.] (in Russian)

Matchin, W., Hickok, G. (2020) The cortical organization of syntax. Cerebral Cortex 30(3): 1481–1498. (in English)

Orazbaeva, F.Sh. (2025) Nejrolingvistika men kommunikativtik til bilimining bajlanysy: metodologija men adisteme. *Tiltanym*; 97(1):106–124. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-106-124 [Orazbayeva, F.Sh. (2025) The relationship between neurolinguistics and communicative linguistics: methodology and methods. *Tiltanym*; 97(1):106–124.] (in Kazakh)

Popova, Z.D., Sternin, I.A. (2002) Jazyk i nacional'noe soznanie: voprosy teorii i metodologii. Voronezh: Voronezhskij MION. [Popova, Z.D., Sternin, I.A. (2002) Language and national consciousness: issues of theory and methodology. Voronezh: Voronezh MION.] (in Russian)

Price C.J. (2012) A review and synthesis of the first 20 years of PET and fMRI studies of heard speech, spoken language and reading. NeuroImage 62(2): 816–847. (in English)

Pulvermüller F. (2013) How neurons make meaning: brain mechanisms for embodied and abstract-symbolic semantics. Trends in Cognitive Sciences 17(9): 458–470. (in English)

Sulejmenova, Je.D., Shajmerdenova, N.Zh. (2002) Slovar' sociolingvisticheskih terminov. Almaty: Qazaq universiteti. 170 s. [Suleimenova, E.D., Shaimerdenova N.Zh. (2002) Dictionary of sociolinguistic terms. Almaty: Kazakh University. 170 p.] (in Russian)

Ufimceva, N.V. (2011) Jazykovoe soznanie: dinamika i variativnost'. Moskva: Institut jazykoznanija RAN. 252 s. [Ufimtseva, N.V. (2011) Linguistic consciousness: dynamics and variability. Moscow: Institute of Linguistics of the Russian Academy of Sciences. 252 p.] (in Russian)

Utegulova, Z., Orazbayeva, F., Imankulova, M., Issayeva, Z., Beissembayeva, S. (2025) Scientific and Practical Aspects of Communicative Grammar in the Process of Writing. Forum for Linguistic Studies 7(7): 1129–1138. https://doi.org/10.30564/fls.v7i7.9888 (in English)

Vygotskij, L.S. (1934) Myshlenie i rech': psihologicheskie issledovanija. Moskva; Leningrad: Socekgiz. 324 s. [Vygotsky, L.S. (1934) Thinking and speech: psychological studies. Moscow; Leningrad: Sotsekgiz. 324 p.] (in Russian)

Zhaksylykkyzy, K., Nabieva, G.S. (2021) Sovremennye metody psiholingvistiki i nejrolingvistiki v usvoenii vtorogo jazyka. Serija filologicheskaja 183(3): 13–21. [Zhaksylykkyzy, K., Nabiyeva, G.S. (2021) Modern methods of psycholinguistics and neurolinguistics in second language acquisition. Philology series. 183(3): 13–21.] (in Russian)

Zhaksylykkyzy, K., Ibrayeva, Z.K., Kustubayeva, A.M., Roehm, D., Zholdassova, M. (2026) Processing effects of L1/L2 from L3 in translation recognition paradigm: an exploratory ERP study. Frontiers in Psychology 16: 1710959. https://doi.org/10.3389/fpsyg.2025.1710959 (in English)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 23.05.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 21.09.2026.
Интернетте қолжетімді / Доступно онлайн /Available online: 30.09.2026.

© Оразбаева Ф.Ш., Рысқұлова А.Д., Коканова Ж.А., 2026

CC BY 4.0

Мақала/Статья/Article
ҒТАМР 16.21.51 https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-29-41

Сәуле Құрманбайқызы Иманберді[1*], Зиба Абдуллақызы Құламанова[2], Айгүл Әсетқызы[3]
[1*]автор-корреспондент, филология ғылымдарының докторы, профессор,
Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Қазақстан, Астана қ.,
ORCID: 0000-0002-9151-9881 E-mail: imkusaule@gmail.com
[2]филология ғылымдарының кандидаты, профессор,
Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан, Тараз қ.,
ORCID: 0000-0001-7677-3622 E-mail: ziba_asilmura@mail.ru
[3]филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Қазақстан, Өскемен қ.,
ORCID: 0000-0002-4285-312X E-mail: aigulaset10@gmail.com

ӘЛЕМНІҢ ТОПОНИМИКАЛЫҚ БЕЙНЕСІНДЕГІ «ТАРАЗ» КОНЦЕПТІСІ

Аңдатпа. Мақалада «Тараз» атауына ғалымдар берген анықтамаларға шолу жасалып, сауалнама негізінде атауды тұтынушылардың оның уәжіне қатысты аялық білімі айқындалады, сондай-ақ атаудың мәтінтүзушілік қызметі арқылы ассоциативтік ерекшеліктері анықталады. Бір астионим негізінде атау жасаушы және атауды тұтынушы қоғамның әлемнің топонимикалық бейнесін қалыптастырудағы рөлі, халықтың әлеуметтік жағдайы, танымы мен талғамы сараланады. Әлемнің тілдік бейнесін, соның ішінде топонимикалық бейнесін қалыптастыруда кеңістіктің маңызды рөл атқаратыны көрсетіліп, халықтың әлеуметтік жағдайы мен кеңістікті танып-білу ерекшеліктері атау таңдаудағы негізгі факторлардың бірі екені айқындалады. Сонымен бірге ғалымдардың топонимиялық концептінің әлем бейнесін қалыптастырудағы рөліне қатысты зерттеулеріне талдау жасалады. Зерттеу нәтижесінде атауды тұтынушылардың әлемнің топонимикалық бейнесін қалыптастырудағы рөлі анықталып, сауалнама деректері негізінде респонденттердің атауға қатысты аялық білімін арттыру мақсатында көпшілікке арналған арнайы курстар ұйымдастыру қажеттілігі көрсетілді. Мақаланың мақсаты – «Тараз» астионимінің оңтүстік өңір қоғамының әлемнің топонимикалық бейнесін қалыптастырудағы негізгі факторларын концептуалдық талдау негізінде айқындау және халықтың осы атауға қатысты аялық білімін сауалнама арқылы анықтау. Зерттеу әдістері: дескриптік тәсіл, сауалнама, концептуалды, семантикалық талдау, фреймдік талдау. Зерттеу жұмысы лексика-семантикалық, когнитивтік бағытта орындалған. Мақаланың практикалық маңыздылығы оның негізгі нәтижелерін әлеуметтік лингвистика, ономастика, соның ішінде атаужасам мен трансонимдену мәселелеріне қатысты теориялық курстарды оқытуда, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану пәндерінде, сондай-ақ қазақ тілін оқыту практикасына арналған семинарларда қолдануға болатындығымен айқындалады.

Тірек сөздер: «Тараз» астионимі; әлемнің тілдік бейнесі; әлемнің топонимикалық бейнесі; концепт; сауалнама.

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН BRBR24993043 «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Иманберді С.Қ., Құламанова З.А., Әсетқызы А. Әлемнің топонимикалық бейнесіндегі «Тараз» концептісі. *Tiltanym*, 2026. №3 (103). 29-41-бб.
DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-29-41

Сауле Курманбайкызы Иманберди[1*], Зиба Абдуллаевна Куламанова[2], Айгуль Асеткызы[3]
[1*]автор-корреспондент, доктор филологических наук, профессор,
Казахский агротехнический исследовательский университет имени Сакена Сейфуллина,
Казахстан, г. Астана, ORCID: 0000-0002-9151-9881 E-mail: imkusaule@gmail.com
[2]кандидат филологических наук, профессор,
Таразский региональный университет имени Мухаммеда Хайдара Дулати, Казахстан, г. Тараз,
ORCID: 0000-0001-7677-3622 E-mail: ziba_asilmura@mail.ru
[3]кандидат филологических наук, ассоциированный профессор,
Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова, Казахстан, г. Оскемен,
ORCID: 0000-0002-4285-312X E-mail: aigulaset10@gmail.com

КОНЦЕПТ «ТАРАЗ» В ТОПОНИМИЧЕСКОЙ КАРТИНЕ МИРА

Аннотация. В статье представлен обзор научных трудов, посвященных выявлению мотивации астионима «Тараз». На основе проведенного анкетирования определяется фоновое знание носителей языка, связанное с мотивацией данного названия, а также посредством анализа его текстообразующей функции выявляются ассоциативные особенности. На материале одного астионима рассматривается роль общества, создающего и использующего название, в формировании топонимической картины мира, а также отражение в этом процессе социального опыта, когнитивных установок и предпочтений носителей языка. Раскрывается значимая роль пространства в формировании языковой картины мира, в том числе ее топонимического образа, показано, что социальные факторы и особенности восприятия и осмысления пространства выступают одним из оснований выбора названия. Кроме того, анализируются научные исследования, посвященные роли топонимических концептов в формировании картины мира. В результате исследования определена роль носителей языка в формировании топонимической картины мира, кроме того, результаты опроса выявили необходимость организации специальных курсов для широкой аудитории с целью расширения фоновых знаний респондентов о названиях. Цель статьи – на основе концептуального анализа определить основные факторы, связанные с ролью астионима «Тараз» в формировании топонимической картины мира общества южного региона, а также выявить фоновое знание носителей языка посредством анкетирования. В исследовании использованы описательный метод, научный обзор, концептуальный, семантический и фреймовый анализ. Исследование выполнено в лексико-семантическом и когнитивном направлениях. Практическая значимость работы заключается в возможности использования ее основных результатов в теоретических курсах по ономастике, в том числе при изучении вопросов номинации и трансонимизации, а также в социолингвистике, когнитивной лингвистике, лингвокультурологии и на семинарских занятиях по практике преподавания казахского языка.

Ключевые слова: астионим «Тараз»; языковая картина мира; топонимическая картина мира; концепт; анкетирование.

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан ИРН №BR24993043 «Древнетюркские топонимы в источниках Китая и других стран Востока – одна из основ современной тюркской интеграции: историко-этимологическое, лингвистическое видение».

Для цитирования: Иманберди С.К., Куламанова З.А., Аселкызы А. Концепт «Тараз» в топонимической картине мира. *Tiltanym*, 2026. №3 (103). С. 29-41. (на каз. яз.)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-29-41

Saule Imanberdi[1]*, Ziba Kulamanova[2], Aigul Assetkyzy[3]

[1*]Corresponding Author, Doctor of Philological Sciences, Professor,
Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Kazakhstan, Astana,
ORCID: 0000-0002-9151-9881 E-mail: imkusaule@gmail.com

[2]Candidate of Philological Sciences, Professor,
Mukhammad Khaydar Dulaty Taraz Regional University, Kazakhstan, Taraz,
ORCID: 0000-0001-7677-3622 E-mail: ziba_asilmura@mail.ru

[3]Candidate of Philological Sciences, Associate Professor,
Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Kazakhstan, Oskemen,
ORCID: 0000-0002-4285-312X E-mail: aigulaset10@gmail.com

THE CONCEPT OF «TARAZ» IN THE TOPONYMIC PICTURE OF THE WORLD

Abstract. The article presents a review of scholarly works devoted to identifying the motivation underlying the astionym “Taraz.” Based on the results of a questionnaire survey, the background knowledge of language users regarding the motivation of this name is determined, while its associative features are identified through an analysis of its text-forming function. Using a single astionym as the research material, the study examines the role of the community that creates and uses the name in shaping the toponymic picture of the world, as well as the ways in which the social experience, cognitive attitudes, and preferences of language users are reflected in this process. The significant role of space in the formation of the linguistic picture of the world, including its toponymic representation, is revealed. It is shown that social factors and the specific ways in which space is perceived and conceptualized constitute one of the key foundations for the choice of a name. In addition, scholarly studies addressing the role of toponymic concepts in the formation of the picture of the world are analyzed. The study identifies the role of language users in shaping the toponymic picture of the world. Furthermore, the survey results demonstrate the need to organize special courses for a broad audience in order to expand respondents’ background knowledge of place names. The aim of the article is to identify, through conceptual analysis, the main factors associated with the role of the astionym “Taraz” in shaping the toponymic picture of the world of the society in the southern region, as well as to determine the background knowledge of language users through a questionnaire survey. The study employs the descriptive method, literature review, conceptual analysis, semantic analysis, and frame analysis. The research

is conducted within lexico-semantic and cognitive approaches. The practical significance of the study lies in the possibility of applying its main findings in theoretical courses on onomastics, including the study of nomination and transonymization, as well as in sociolinguistics, cognitive linguistics, linguocultural studies, and seminars on the practice of teaching the Kazakh language.

Keywords: “Taraz” astionym; linguistic picture of the world; toponymic picture of the world; concept; questionnaire survey.

Source of financing: The article was prepared within the framework of the program-targeted funding project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan IRN BR24993043 “Ancient Turkic Toponyms in Chinese and Other Eastern Sources – A Foundation for Modern Turkic Integration: Historical-Etymological and Linguistic Perspective”.

For citation: Imanberdi, S., Kulamanova, Z., Assetkyzy, A. The Concept of «Taraz» in the Toponymic Picture of the World. *Tiltanym*, 2026. No.3 (103). Pp. 29-41. (in Kazakh)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-29-41

Кіріспе

Қоршаған ортаны қабылдауда, ең алдымен, таным жатыр. Атау тағушы географиялық нысан ерекшелігі ғана емес, адам (қоғам) үшін маңызды әлеуметтік, шаруашылық, мәдени, тарихи ақпараттарды да ескеруі мүмкін. Концептілерді зерттеу – атау тағушы адам психологиясын айқындауда ғана емес, жалпы әлемнің тілдік бейнесін қайта құру мен оны зерттеудегі оның құрылымдық бірліктері ретінде аса маңызды. Концепт белгілі бір тақырыпта әлем туралы жиынтық ақпараттан тұрады десек, әлемнің топонимикалық бейнесін жасаудағы топоним-концепт – атау берушінің танымы, психологиясы, қажеттілігі, пайымы, таңдауы т.б. ақпараттар жиынтығынан құралатын менталды білім. Ол топонимнің лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларынан көрініс табады. Әлемді қабылдау әр елдің ұлттық танымы мен қабылдауына орай концептілер жүйесін құрайды, ал ол өз кезегінде әр тілде, әрине, өзгеше болады. Белгілі бір топонимді концепт ретінде қарастыру атау таққан, сол атауды тұтынатын халықтың танымы мен ұлттық құндылық шегін айқындауда маңызды.

Зерттеудің өзектілігі қазіргі кезде әлемдік аренада әр халықтың өз орнын белгілеуімен, түркі тұтастығын айқындайтын тілдік материалдарды жіктеп, талдау қажеттілігімен анықталады. Осы уақытқа дейін тарихи жәдігер ретінде бізге жеткен «Тараз» атауының мән-мағынасын анықтау, оның түркі тұтастығын танытудағы орнын көрсету, адамзат дамуына қажетті ақпаратты жинақтау аса маңызды.

Бір қала атауы негізінде белгілі бір өңір қоғамының әлемнің топонимикалық бейнесін анықтау үшін, ең алдымен, жинақталған материалдар өңделіп, тақырып аясында жазылған отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге шолу жүргізілді. Сонымен қатар «Тараз» атауының әртүрлі дереккөздердегі мәтінтүзушілік қызметі қарастырылып, атаудың мән-мағынасы айқындалды. Сондай-ақ халықтың осы атауға қатысты танымын анықтау мақсатында жазбаша сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға респонденттер жас мөлшері мен әлеуметтік жағдайына шектеу қойылмай, кездейсоқ іріктеу негізінде тартылды, сұрақтар ашық түрде берілді.

Атау беруші қоғамның таным-талғамы, қолданған тілі және атаудың таралу ареалы туралы ақпарат беретін тілдік бірлік ретінде тарихи атаудың маңызы зор. «Тараз» атауы бұдан бөлек әртүрлі дереккөздерде мәтін түзіп, қосымша ақпарат беретіні сөзсіз, себебі бұл атау әлемдік ауқымға ие Ұлы Жібек жолындағы нысанға берілген. Болашақта осы тектес зерттеулердің нәтижелері атау беруші және атауды тұтынушы қоғамның әлемнің тілдік, соның ішінде топонимикалық/ономастикалық бейнесін жасаудағы модельдерін анықтауға, өткен заман мен қазіргі кезең арасындағы сабақтастықты айқындауға, түркі қоғамына ортақ таным мен талғамды ашуға маңызды негіз болмақ.

Материал және әдістер

Зерттеуді жүргізу мақсатында атаудың ғылыми анықтамасын ашу үшін топонимдік сөздіктерге, түсіндірме сөздіктерге, тарихи дереккөздерге, ал халық санасындағы ассоциативті танымды айқындау мақсатында көркем шығармалар мен БАҚ материалдарына жүгіндік. Сонымен бірге зерттеу толыққанды болу үшін және «Тараз» концептісінің әлемнің топонимдік бейнесін жасаудағы маңызын ашу мақсатында Шығыс дерккөздеріндегі материалдар да сараланды.

Қазіргі тіл білімінде онимдік бірліктерді, олардың жиынтығын концепт тұрғысынан

қарастырған ғалымдар баршылық. Зерттеген ғалымдардың еңбектерінде ономастикалық кеңістік жалпы концепт тұрғысынан (Б. Тілеубердиев), топонимді менталдық жүйені айқындайтын матрица түрінде зерделенген (Қ. Рысберген), тарихи ескерткіштердегі «Жаратушы» концептісінің репрезентациясы қарастырылған (С. Иманбердиева) т.б.

Қарастырылып отырған материалдар талдауы лингвистикалық әдістер мен тәсілдер кешенінде жүзеге асады. Ең алдымен, жиналған фактілерді жүйелеу әрі логикалық тұрғыдан түсіну. Осыған байланысты нақты заңдылықтарын айқындау мақсатында дескриптивті әдіс қолданылды. Екіншіден, атау сыртындағы ұғымды анықтау мақсатында модельдеу әдісі қолданылды. Үшіншіден, зерттеудің прагматикалық бағыты адамның таным қызметінің өнімі ретіндегі жұмсалымды-прагматикалық талдауды пайдалануды қарастырған. Басты әдіс ретінде когнитивті және фреймдік талдау, сауалнама жүргізу орын алды.

Алдағы уақытта көнеден белгілі, алайда қолданыстан шыққан атаулардың ұлттың әлемнің топонимикалық бейнесін қалыптастырудағы маңызын айқындау зерттеулердің басты бағыттарының біріне айналары сөзсіз. Себебі өткеннің тарихи ақпаратын айқындамай, болашаққа көз жүгірту мүмкін емес.

Әдебиетке шолу

Б. Тілеубердиев ономастикалық концептіні кеңістік, адам, жануарлар, өсімдіктер сияқты әмбебап концептілер құрылымында қарастырып, олардың концептуалдану ерекшелігін айқындаған (Тілеубердиев, 2006: 20).

Кез келген атау нысанды атаудан бөлек, ұлттық мәдени ақпаратты да қамтиды, яғни әр халықтың кеңістікті игеру, сол бойынша ақпаратты игеруі әртүрлі болады, бұл жөнінде авторлар: «Адам қоршаған ортадағы белгілі нысандарды, олардың ерекшеліктерін өзіндік түсініктер жүйесі көмегімен дәл бейнелеуі арқылы топонимдер әлемінің тілдік үлгісін құрайды. Оны әлемнің топонимиялық бейнесі деп атайды», – деген ой қорытады (Абдирасилова, Атабаева, Салихова, 2020: 48).

Иманбердиева С.Қ. төрт түлікке қатысты ақпаратты саралай отырып, төрт түлік пірлерін концептуалдауды қазақтың ұлттық бейнесін танытудың құралы ретінде қарастырған. Сонымен қатар зоотопонимдер негізінде әлеуметтік-психологиялық кодты ашу арқылы мал шаруашылығымен айналысқан халықтың атауларда сақталған ақпаратын анықтап, қазақ халқының әлемнің топонимикалық бейнесін суреттеу ерекшелігін айқындаған (Иманбердиева, 2024: 58).

Қ. Рысберген: «Қазақ топонимиясы – географиялық жалқы атаулардың жай ғана жиынтығы емес, ол менталдық факторларды көрсететін ономастикалық деңгейдің лексикалық бірліктерінің жүйесі», – дей келе, көшпелі халықтың мал шаруашылығына қатысты ақпараттың топонимдерде сақталуын сөз етеді. Сонымен бірге топонимдерді код түрінде матрица негізінде талдаған (Рысберген, 2010: 7).

О.А. Урусова топонимнің концепт екенін дәлелдейтін тілдік бірліктердің негізгі өзектік белгілерін анықтауды концептіні ұғымдық модельдеу деп атайды. Ғалымның пікірінше, мұндай модельдеу когнитивтік және фреймдік талдау негізінде жүзеге асырылады (Урусова, 2007: 254). Мысалы, Ұлытау:

- ең көне тау;
- ханды сайлайтын жер т.б.

Алтай топонимиясы негізінде топонимдік жүйенің онтологиялық және менталды болмысын зерттей отырып, ғалым мынадай тұжырым жасайды: «Топонимдік жүйенің менталды болмысын қарастыру барысында әлемнің топонимдік бейнесі ұғымын енгізген жөн. Топонимдердің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, сондай-ақ болмысты тануда қоғам қабылдаған ортақ көзқарастарға сүйене отырып, әлемнің топонимдік бейнесін әлемнің жалпы бейнесінің ажырамас бөлшегі деп қарастыруға болады» (Дмитриева, 2003: 9).

О.Л. Рублева өз мақаласында Приморье өлкесінің топонимиясын топонимдік кеңістік, топонимдік жүйе және дүниенің топонимдік бейнесі тұрғысынан қарастыра отырып, топонимдік тұлға, топонимдік мәнмәтін және топонимдік концепт ұғымдарын сипаттайды (Рублева, 2016: 40).

«Топоним уәжін анықтауда сауалнама әдісі қолданыс жағынан қиындық тудырмайтынына және көп уақыт алмайтынына қарамастан, толық ақпарат бере алмайды. Сондықтан әлеуметтік ономастика (социоономастика) тарихындағы ең бай әдістердің бірін қолдану қажет. Сауалнама респонденттердің топонимнің уәжін және оның орналасқан жерін анықтауға қатысты жауаптарын толық нақтылай алмайды, ал бұл кемшіліктің орнын толтыра алатын әдіс – менталды картография» деген пікірмен толық келісуге болмайды, себебі әдісті таңдау ең алдымен зерттеу мақсатына байланысты (Erzsébet Győrffy, 2015: 505).

Шиелі ауданы топонимдерін когнитивтік тұрғыдан зерттеген ғалымдар әлемнің топонимдік бейнесін сипаттауда шағын кеңістікті білдіретін микротопонимдермен қатар, бағыттық аялық білімді аңғартатын макротопонимдердің де маңызды рөл атқаратынын нақты мысалдармен дәйектейді. Осыған байланысты олар «топонимиялық концептілер менталды-топонимиялық стереотиптер негізінде жинақталып, әлемнің топонимиялық көрінісін сипаттайды, бұл көрініс қазақ тілінде топонимдер арқылы өрнектеледі» деген тұжырым жасайды (Рүстембек, Абасилов, 2021: 39).

Топонимдерді аңыздық және ақиқат деректермен байланысты халықтық этимология тұрғысынан салыстыра қарастырған Б.М. Базарбеков: «Ұлттық топонимдік кеңістіктегі атаулар – когнитивтік базаның білімдер жүйесін құраушы, сақтаушы және таратушы құрылым», – деген тұжырым жасайды (Базарбеков, 2024: 7).

Көріп отырғанымыздай, ғалымдар әлемнің топонимдік бейнесін анықтауда кеңістік мәселесі мен менталды топонимдік стереотиптерді назардан тыс қалдырмайды. Сонымен бірге топоним-концептілерді әлемнің топонимдік бейнесін қалыптастырудағы негізгі факторлардың бірі ретінде қарастырып, әлемнің топонимдік бейнесін дүниенің тілдік бейнесінің ажырамас бөлігі ретінде таниды.

Ал біздің зерттеуіміз осы уақытқа дейін Ұлы Жібек жолы бойындағы 2000 жылдан астам тарихы бар «Тараз» атауының тек қалыптасу уәжін анықтаумен шектелмей, осы атауға қатысты тіл тұтынушыларының аялық білімін айқындауға және соның негізінде оның оңтүстік өңірдің әрі әлемнің топонимдік бейнесін қалыптастырудағы маңызын ашуға бағытталған.

Нәтижелер және талқылау

Кез келген географиялық нысанның атауы ол туралы тура не жанама ақпарат беруі мүмкін. Біз талдап отырған Тараз – Жамбыл облысының орталығы. Тараз – Талас өзені бойындағы 2000 жылдық тарихи қала (Иманбердиева, Бекенова, Құламанова және т.б., 2021: 7). Нысанды атаудан бөлек ақпарат қандай да бір лингвомәдени қауымдастықтың танымын аңғартады. «Топонимдік реалий туралы лингвомәдени қауымдастыққа тән білім менталды білім ретінде қабылданады (Зобнина, 2007: 5). Бұл астионим сыртында лингвомәдени қауымдастықтың сабақтастығы жатыр, яғни атау тағушы қауым үшін Талас / Тараз – «таудан құлай аққан өзен», «тау өзені» дегенді білдірсе, қазіргі атауды қолданушы қауым үшін ол – «тарихи атауды жаңғырту». Мұнда көнедегі атау тағушы қауым трансонимдену үдерісі негізінде жақын жатқан табиғи географиялық нысан атауын қалаға атау ретінде берген, ал бұл қазіргі атау беру талабына сай келеді, яғни географиялық нысан туралы ақпаратты беруі шарт. Біз бұл атау арқылы тек тарихи жадтың жаңғыртылғанын ғана емес, сонымен бірге қала аумағымен «тау өзенінің» ағатыны туралы ақпаратты да анықтай аламыз.

Атауды күнделікті қолданып жүрген қала тұрғыны үшін ол бір қарағанда жай ғана атау ретінде қабылдануы мүмкін. Алайда оны белгі ретінде қарастырып, концептуалдық ақпаратын талдау барысында атаудың астарындағы мазмұн айқындала түседі, яғни мұндай ақпарат аялық біліммен байланысты танылады. Тараз астионимі концепт ретінде белгілі бір әлеуметтік кеңістік туралы ақпарат береді. Осыған ұқсас пікір И.А. Стернин зерттеуінде де кездеседі: «Атау қызмет аясына қарай белгілі бір мағыналық белгіге ие болады, алайда қомақты концептуалдық ақпарат атауды тұтынушы қоғам туралы экстралингвистикалық негізге сүйенеді» (Стернин, 2008: 28). Е.Л. Калининаның пікірінше, мұндай топонимдік концепт көпқабатты құрылым ретінде қарастырылуы қажет, яғни «оның өзегінде географиялық нысан туралы ақпарат сақталса, қосымша қабаттарында тарихи, этимологиялық, прагматикалық, жеке бағалау белгілері мен атаудың ішкі формасы туралы ақпарат сақталуы керек» (Калинина, 2009: 4).



Сурет 1 – «Тараз» концептісінің өрісі
Рисунок 1 – Репрезентация концепта «Тараз»
Figure 1 – Representation of the Concept “Taraz”

Сурет 1-де «Тараз» концептісінің өрісі географиялық нысан ретінде оның орналасқан жері, алып жатқан аумағы сияқты ақпараттардан тұрса, тарихи мәліметтер арқылы біз Тараздың Ұлы Жібек жолындағы 2000 жылдан астам тарихы бар қала екенін, осы қалаға байланысты тарихи оқиғаларды білеміз, сонымен бірге қала атауының диахрониялық дамуын да анықтай аламыз. Мысалы: Талас/Тараз (I-II ғ.) – Әулиеата (1864 ж.) – Мирзоян (1934 ж.) – Жамбыл (1938 ж.) – Тараз (1997 ж.). Әр кезеңде атаудың өзгеруінде қалай болғанда да таным жатыр. О бастағы Талас/Тараз/Таразаб атауларында трансонимдену құбылысы, яғни қаланың жақын орналасқан нысан атауымен аталғаны аңғарылады. Әулиеата атауының түркі халықтарына ортақ мәдени-тарихи негізі бар: бұл жерде атақты әулие Қарахан ата жерленген. Кеңестік идеологияның және сол кезеңдегі қоғамдық өзгерістердің ықпалы Мирзоян атауынан көрініс тапса, Жамбыл атауы осы өңірдің тумасы, атақты ақын Жамбыл Жабаевтың есімін дәріптеуге байланысты берілген. Ал қазіргі Тараз атауы байырғы атауды қалпына келтіру, тарихи жадты жаңғырту үрдісімен байланысты.

Атаудың қолданбалы қызметі – бұл, ең алдымен, нысанды атау қызметі, екіншіден, көркем шығарма, публицистика т.б. мәтін ішінде кездесуі, яғни мәтінтүзушілік қызметі. Атаудың әлеуметтік-танымдық мәні, яғни жеке тұлғаның атауды қабылдауы, бағалауы сауалнама нәтижесінде анықталады. Топонимдерді когнитивтік тұрғыдан зерттеген бірқатар ғалымдар концептіні жалпыұлттық немесе авторлық әлем бейнесінің фрагменті ретінде модельдеу үшін оның когнитивтік белгілерін түсіндірме, энциклопедиялық және лингвомәдени сөздіктердегі анықтамалар негізінде айқындау, сондай-ақ топонимнің әртүрлі дискурстарда, мысалы, поэтикалық (Зиновьев, 2008: 24; Корчевская, 2002: 20), публицистикалық (Урусова, 2007: 256; Керимов, 2006: 158) және т.б. қолданысына мәтінаралық талдау жүргізу қажеттілігіне назар аударады. «Тараз» астионимінің этимологиясына келетін болсақ, Талас және Тараз атауларын екі бөлек атау деп қарастыратын пікірлер де кездеседі. І. Кеңесбаев «Тараз» сөзінің мәнін «әдеміліктің үлгісі» деген мағынамен байланыстырады (Кеңесбаев, 1977: 681), әрине, бұл жалпы есімге қатысты айтылған пікір. Дегенмен ғалымдар арасында Талас пен Тараздың фонетикалық өзгеріске ұшыраған бір атаудың нұсқалары деп танитын пікір де қалыптасқан. Осы тұрғыдан Талас атауындағы «тал» компоненті «тау, жота, жон, шоқы, биік, төбе», ал екінші сыңардағы «ас» сөзі «су, үлкен өзен» деген мағынаны білдіреді (Жанұзақ, 2010: 158). Біз Тараз атауының шығу тегіне қатысты профессор Т. Жанұзақтың пікірін қолдаймыз: «Тараз, Тархан, Тарғап, Дараты сияқты топонимдердегі бірінші компоненттердің тар/дар сөздері түбірлес әрі мәндес болуы мүмкін. Олардың екінші компоненттеріндегі аз сөздерінің де семантикасы бар екені анық». Бұл пікір Э.М. Мурзаевтың тұжырымымен де сабақтасады: «Иран, түркі тілдерінде дар~тар – сай, шатқал, аз~ас – су, өзен», яғни Тараз атауы «тау өзені» деген мәнде қалыптасқан деп түсіндіріледі (Мурзаев, 1984: 387).

«Тараз» концептісі тілдік әлем бейнесінің ажырамас бөлшегі деп айтуымызға негіз бар, ол оның тілде көрініс табуы, яғни репрезентациялануынан аңғарылады. Ең алдымен, бұл атау, яғни

жалпы есімдерге қарағанда белгілі бір нысанды атау қызметі бар. Екіншіден, ол нысанды сол тектес нысандардан жекелейді, яғни тау атауы емес, қала атауы. Үшіншіден, атаудың тағылу уәжін анықтаймыз. Мысалы, Тараз қаласының атауы – трансонимдену нәтижесі: бастапқыда өзен атауы болған, кейін өзен бойында жатқан қалаға тағылған, яғни потамоастионим. Мұнда потамоним – «өзен атауы» + астионим – «қала атауы»; потамоастионим – ономастикалық терминологияда трансонимдену үдерісін білдіру үшін этнотопоним, антропотопоним сияқты үлгіде жасалған ономастикалық термин. Талас атауының этимологиясын мақала басында көрсеттік. Сонымен бірге қала атауының диахрониясында антропогенді атаулар да бар: Әулие-Ата, Мирзоян, Жамбыл. Төртіншіден, қала атауында әлем туралы тіл иегеріне маңызды фреймдік, ассоциациялық ақпараттың ашылады. Бұл фрейм тұрғысынан:

- қашықтық: Шаш пен Тараз арасы 7 фас. (Ибн Хордадбек);
- сауда орны: Ұлы жібек жолындағы маңызды қала;
- материалды: аяқ киім фабрикасы, химиялық зауыт, қант зауыты орналасқан;
- рухани: Тектұрмас ата, Қарахан баба, Айша бибі т.б. жатқан мекен т.б.;
- табиғат: жап-жасыл шаһар;
- мерзімі: 2000 жылдан аса тарихы бар ежелгі қала.

Ассоциациялық ақпаратты ашу үшін сауалнама жүргізілді. Реципиенттер ретінде жас мөлшері мен әлеуметтік жағдайына қарай шектеу қойылмай, сауалнамаға 200 өз еркімен қатысушы іріктеп алынды.

Кесте 1 – «Тараз» концептісінің мәні
Таблица 1 – Суть концепции «Тараз»
Table 1 – The Essence of the Taraz Concept

№	Сұрақтар	Жауаптары
1	«Тараз» қала атауының шығу тегін білесіз бе?	141 респондент «білмейміз», 42-і «білеміз, ал 17 респондент «даулы пікір болуы мүмкін» деген ойда.
2	Тараз қаласы туралы жазған араб зерттеушілерінен кімдерді білесіз?	20 респондент «Ибн Хордадбек, әл-Истахри» деп жауап берсе, 180 респондент білмейтін болып шықты.
3	Тараз қаласы туралы жазған Қытай зерттеушілері кімдер?	Бұл сұрақ 200 респондент те жауап бере алмады.
4	Тараз астионимінің диахрониясын білесіз бе?	31 респондент дұрыс жауап берсе, 85-і орындарын не атауларын шатастырды, ал 84 сауалнамаға қатысушы «Тараз және Жамбыл, Әулиеата» атауларынан басқасын білмейтін болып шықты.
5	Қай шығармаларда көне «Тараз» бейнеленген?	Бұл сұраққа респонденттер (200) «Еске түсіре алмай тұрмын» деп жауап берді.
6	Тараз қаласының туристік маңызы қандай?	Респонденттердің барлығы да (200) «Тараз қаласының туристік мәні зор» деп жауап берді және мұның себебі «көне қала, тарихи әулие, тылсым орындар көп» деген жауап айтылды.
7	Көне Тараз қаласы туралы қазақ топонимикасы қандай мәлімет береді?	141 респондент атаудың шығу тегін білмейді, 42 респондент өзен атауымен, 17 респондент таразы сөзімен байланыстырады.
8	Қазіргі кезде «Тараз» атауын қандай ғалымдар зерттеп жүр?	ЖОО оқытушы қызметін атқарып жүрген 20 респондент әріптесі – Зиба Құламановаңың «Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы» еңбегімен таныс екендігін айтса, қалған 180 респондент ғалымдарды атай алмады.
9	Тараз қаласының ұлттық-мәдени аренадағы орны қандай?	«2000 жылдан асқан тарихы бар көне қала ретінде ұлттық-мәдени аренадағы орны жоғары болу керек» деп барлық респондент (200) жауап берді.
10	Тараз атауын қолдайсыз ба, жоқ әлде басқа атау ұсынар ма едіңіз?	«Көне атауы әрі айтылуы да тез, құлаққа жағымды, қолдаймыз» деп 200 респондент жауап берді.

Сауалнамаға ЖОО оқытушылары, жұмысшылар, үй шаруасындағы адамдар және студенттер қатысқандықтан, респонденттер құрамы әркелкі болды, бұл зерттеу нәтижелерінің де алуан сипатта көрінуіне әсер етті. Сауалнамаға қатысушылардың бірі – атаудың шығу тегі белгісіз десе, екіншісі – өзен атауымен байланыстырды, үшіншісі – сауда орны болғандықтан, тауарларды өлшеу үшін қолданылған таразымен байланыстырған, яғни атаудың фонетикалық қабаты негізінде теңестіру болды. Кейбірі атаудың диахрониясы бойынша өзгерген атауларын жазып шыққан. Бұл қазіргі атауды тұтынушы қауымның аталған топоним туралы ақпарат деңгейінің төмен екенін көрсетеді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін мектептен бастап ЖОО-на дейін дейін ұлттық жер-су атауларына арналған арнайы пәндер, курстар мен семинарлар ұйымдастыру қажеттігі айқындалады. Енді атаудың мәтінтүзушілік қызметіне талдау жүргізу үшін орта ғасырдан осы уақытқа дейінгі мәтіндердегі қолданысын қарастырып көрелік.

Тарихи мәтіндерде:

Сол жылы Исмаил *Таразға* соғыс ашты және соңында *Тараз* әмірі шығып, көптеген диқаншылармен исламды қабылдағанға дейін оған көп күш жұмсауға тура келді, енді *Тараз* мұсылман елі болды (Наршахи, 1897: 46).

Византиялық елші Земарх Киликийский келіп кеткеннен кейін 60 жыл өте Тараз қаласына қытай жиһангері Сюань Цзань келіп, Тараз – әр елден келген көпестер тоқтаған саудагерлер қаласы болғанын жазған (Маргулан, 2010: 241).

Махмұд Қашғари: «Диуани лұғат-ат-түрік» атты еңбегінде «Талас – Тараз атауымен белгілі қала. Олар екеу: оның бірі – Ұлық Талас, яғни үлкен, екіншісі ислам шекарасында – Куми Талас» деп жазады (Қашқари, 2017: 412).

Көркем мәтіндерде:

Күмбір де күмбір керуен –
Сырнайлы сыңғыр серуен.
Таразым жеткен бұл күнге,
Мыңдаған жылдар төрінен
(Асылбек, 2019: 1).

Ниет еткен мұсылмандай намазға,
Ниет етіп ғазал төктім қағазға.
Ғасырлардың саусағында нұр шашқан,
Гауһар жүзік секілденген Таразға.
Көне шаһар көз алдында көлбесе,
Ғазиз көңіл әлденеге шөлдесе.
Жұмақты іздеп жанталасқан жан болса,
Таразға кел, Таразды көр ендеше
(Райымбекұлы, 2020: 1).

Тақ Тараз. Жалқы Тараз жаһандағы,
Түп қазық, туған үйім Отандағы.
Ықылым замандардың шаңы жұққан
Шаһарлы шежіремнің қаһарманы! (Ахметова, 2018: 1).

Публицистикалық мәтіндерде:

ҚХР инвесторлары Тараз қаласында су ресурстары мен ирригация жүйелерін басқаруға арналған смарт-технологиялар шығаратын зауыт ашады (Kazinform, 2025: 1).

Тараздағы бас шыршаның маңында мұз айдыны ашылды. … Жаңа жыл қарсаңында мұз айдынының ашылуы тараздықтар үшін қуанышты жаңалық болды. Себебі оңтүстік аймақта қыста қар аз түседі. Кей жылдары тіпті жаумайды. Сондықтан тұрғындар сырғанау үшін Жуалы тауларына, кейбірі Алматыға баратын. Енді қаланың ортасындағы сырғанаққа асығатындар көп (24KZ, 2025: 1).

Тараз – Қазақстанның оңтүстігіндегі қала, Талас өзенінің жағасында орналасқан. … 2001 жылдың 26 қыркүйегінде Тараз 2000 жылдығын атап өтті. Бұл күнді ЮНЕСКО ресми түрде мойындады (Zakon.KZ, 2001: 1).

Кесте 2 – «Тараз» атауының мәтінтүзушілік қызмет ерекшелігі
Таблица 2 – Особенность текстообразующей функции названия «Тараз»
Table 2 – The Peculiarity of the Text-forming Function of the Name “Taraz”

Дереккөзі	*«Тараз» астионимі*	*Ассоциация*
тарихи мәтіндерде	«Тараздың садағындай қиылған қас (Фирдоуси, 1960-1971: 109). Тараз – үлкен бекіністі қала, көптеген бақтары бар, тығыз қоныстанған, ор, төрт қақпасы бар және рабад орналасқан (Мукаддаси, 1966: 21). Тараз – мұсылман түріктердің сауда жасайтын орны, одан ары ешбір мұсылман бармайды, себебі оның шекарасынан кім өтсе, қарлұқтардың шатырына (қонысына) тап болады (İbn Havkal, 2014: 37).	көпестер тоқтаған саудагерлер қаласы; садақ сияқты қару шебер жасалатын қала; үлкен бекіністі қала; мұсылмандықты қабылдаған түркілердің сауда орны
көркем мәтіндерде	Тақ Тараз. Жалқы Тараз жаһандағы, Түп қазық, туған үйім Отандағы. Ықылым замандардың шаңы жұққан Шаһарлы шежіремнің қаһарманы! Берілген ұлылардан бағасы – шың. Тарихтың салихалы саласысың. Киелі, Әулиелі, көне Тараз Сүюдің, сұлулықтың қаласысың! (Ахметова, 2018: 2); Тараздық ұлы ғалымдар: Дулати, Баласағұндар. Тараздың перизаттарын Жырлаған небір дарындар (Асылбек, 2019: 2).	бірегей қала; әулиелер мен киелілер мекені; көне қала; ұлы ғалымдар мекені; сұлуларын дарындар жырлаған қала
публицистикалық мәтіндерде	Қалаға келген қонақтар «Көне Тараз», ТАРАЗ-АРЕНА, соған қарама-қарсы орналасқан Керей мен Жәнібек ескерткіші, Айша бибі, Қарахан мазарларын тамашалайды (Абажаппаров, 2016: 1). Бүгінде жарты миллионға жуық халқы бар Тараз қаласы Жамбыл облысының орталығы, сондай-ақ оңтүстік өңірдің ірі өндірістік және мәдени орталығы (Чакирбаева, 2021: 1).	қыста қар аз түсетін өлке; ЮНЕСКО мойындаған тарихи қала; сәулет туындылары, ескерткіштері қонақтарды тартқан; ірі өндіріс және мәдени орталық

Кестеде көрсетілгендей, алынған материалдарды талдап көрелік. Тарихи мәтіндерде Тараз – мұсылмандар тұратын, саудагерлер тұрақтаған, сонымен бірге екі бөліктен тұратын қала. Осы деректер арқылы көне тұрғындар қоныстанған қала туралы ақпарат алумен қатар, сол кезеңдегі қоғамның қажеттіліктерін де аңғаруға болады. Атап айтқанда, бұл – саудагерлерге, соның ішінде мұсылман саудагерлерге қолайлы жағдай жасалған Ұлы Жібек жолы бойындағы қала. Көркем шығармаларда атау бойынша ассоциациялық қабылдауға шектеу қойылмаған. Мұнда Тараз нысан ретінде таққа да теңестіріліп қана қоймай, оның жеке бірегейлігіне де тоқталған. Сонымен бірге атау диахрониясына да үңіліп, әулиелер мәңгі қоныс тепкен киелі мекен екенін де айқындаған (қала атауының диахрониясында Әулиеата атауы да кездеседі). БАҚ беттерінде Тараз – таза ресми түрде қазіргі жетістіктерімен ерекшеленетін нысан ретінде анықталған.

«Тараз» атауы тілдік бірлік ретінде атау берген қоғамның өмір салты мен ойлау ерекшелігін көрсетеді, сол арқылы олардың мәдениеті туралы құнды ақпарат береді. Нысан маңындағы екінші нысан атауын беру тәжірибесі көптеген халықта бар, бұл ортақ ерекшелікті көрсетеді, яғни осылайша трансонимдену негізінде атау қалыптасқан: өзен атауы қала атауына қолданылған.

«Әлемнің тілдік бейнесінің ажырамас бөлшегі ретінде ономастикалық концепт» қарастырылатыны туралы Щербак айтқан болатын (Щербак, 2008: 4), дегенмен оның құрылымы мен мәні тілдік танымды аңғартатын лингвокогнитивтік өріс негізінде айқындалады. Топонимдердің когнитивтік модельдері жалқы есімнің жалпы есімнен ерекшеленетін семантикасын, нысанды айқындайтын географиялық атау мәнін, оны өзге тектес нысандардан

даралайтын қызметін және тіл тұтынушыларының әлем туралы танымын танытатын ассоциациялық мазмұнын қамтиды (Голомидова, 1998: 16-28). Мұндағы соңғы компонент «топонимге сәйкес келетін прагматикалық ақпаратқа ие» болғандықтан аса маңызды. Қала атауының трансонимдену нәтижесінде қалыптасқаны белгілі болғанымен, өзен атауының этимологиясын анықтау да маңызды, өйткені бұл атауды жасаушы қоғамның дүниенің тілдік, соның ішінде топонимиялық бейнесін қалыптастырудағы танымдық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қазіргі кезде (мүмкін, о бастан) Тараз атауы әлем бойынша трансұлттық деңгейде жаһандану үдерісіндегі оним белгілеріне ие бола бастаған. Себебі Тараз – Ұлы Жібек жолындағы 2000 жылдан аса тарихы бар маңызды қала. Қытай, Араб дереккөздерінде сақталып, бізге жеткен – «Тараз» атауы. Бұл атау Ұлы Жібек жолындағы нысан, араб, парсы саяхатшылары суреттеген сауда орны, бағзы заманнан белгілі өзенмен бір кеңістіктегі нысан ретінде атау жасаушы, атауды тұтынушы қоғамның танымын, талғамын аңғартады. Қоршаған ортаны қабылдаушы қоғам нысандарды нақты болмысқа сәйкес келетін бір танымдық жүйеге жинақтауға тырысады. Қоғамның әлемді қабылдауындағы әмбебап ұғымдар қатарына кеңістік жатады, бұл жағдайда өзен мен қала бір кеңістікте орналасқандықтан Тараз атауы трансонимдену нәтижесінде қалыптасуы заңды. Тараз атауы потамоним > астионим сызбасы бойынша «кеңістіктік алмасу» негізінде қалыптасқан, яғни бір кеңістік негізінде шаруашылық мәселесі (күн көріс көзі: суару, балық аулау), байланыс жолы (өзен арқылы тасымал) т.б. сияқты уәждер себеп болуы мүмкін.

Сауалнамаға қатысушы респонденттердің бұл атауға қатысты сұрақтарға жауапкершілікпен әрі шынайы жауап бергені анықталды. Респонденттер арасында Шығыс зерттеуші-географтардың еңбектерімен және қазақстандық зерттеушілердің еңбектерімен таныс қатысушылар бар екені анықталды. Алайда сауалнама нәтижелері топонимге қатысты респонденттердің басым бөлігінің аялық білімін кеңейту қажеттігін көрсетті. Сонымен қатар қатысушылардың басым бөлігі «Тараз» атауын көне әрі тарихи мәні терең атау ретінде қабылдап, оны өзгеріссіз қалдыру жөнінде ортақ пікір білдірді.

Тіл білімінде жекелеген өңірлердің топонимиялық бейнесін зерттеуге ерекше көңіл бөлініп келеді. Осы тұрғыдан «Тараз» астионимі тарихи ақпаратты жеткізуші әрі атауды қалыптастырған және қолданысқа енгізген қоғамның дүниенің топонимиялық бейнесін жасаудағы уәжін, мәдениеті мен дүниетанымын танытуға мүмкіндік беретін тілдік бірлік ретінде қарастырылады. Топонимдерде көрініс тапқан болмыс үзінділерін қабылдау мен мағынасын ашу мәселелерін зерттеу маңызды. Әлемнің кеңістіктік үзігі ретінде топонимдер тілдік сана, әлемнің тілдік бейнесі тұрғысынан зерделенгенде қызықты ақпараттарды айқындауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

Абажаппаров Ф. Мен тамашалаған Тараз (Тарих) // 31.05.2016 https://yvision.kz/post/men-tamashala-an-taraz-688309?ysclid=mrvqzgeipv552460099

Абдирасилова Г.К., Атабаева М.С., Салихова С.К. Жер-су атауларындағы ұлттық мәдени ақпарат жайында // Қарағанды университетінің Хабаршысы. «Филология» сериясы. – № 2(98)/2020. – 46-54-бб.

Асылбек А. Таразым менің // 27.07.2019 https://bilim-all.kz/olen/12971-Tarazym-menin

Ахметова К. Жұлдызым Жібек жолы бойындағы // 31.08.2018 https://bilim-all.kz/olen/7149-ZHuldyzym-ZHibek-zholy-boiyndagy

Базарбеков Б.М. Қазақ топонимдері мен этномәдени атауларының когнитивтік сипаты (Ақселеу Сейдімбек шығармалары бойынша): филос. докт. (PhD) … дис. – Шымкент, 2024. – 138 б.

Голомидова М.В. Искусственная номинация в ономастике: Моногр. – Екатеринбург: Изд-во УрГУ, 1998. – 216 с.

Дмитриева Л.М. Онтологическое и ментальное бытие топонимической системы (на материале русской топонимии Алтая): автореф. ... докт. филол. наук. – Екатеринбург 2003. – 40 с.

Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2010. – 356 б.

Зиновьев А.А. В медвежьем углу // Зиновьев А.А. Исповедь отщепенца. – Москва: Астрель, 2008. – С. 23-65.

Зобнина О.А. Концепт «Oxbridge» в английской лингвокультуре: автореф. … канд. филол. наук. – Волгоград, 2007. – 21 с.

Иманбердиева С.Қ. Қазақ тілдік танымдағы «Төрт түлік» концептісінің өрісі. Монография. – Астана, 2024. – 160 б.

Иманбердиева С.Қ., Бекенова Г.Ш., Құламанова З.А., Мадиева Г.Б., Сапаров Қ.Т., Сейітқасымов А.А., Бексейітова А.Т., Бекзатқызы И. Жамбыл облысы топонимдерінің кестелік сөздігі. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 426 б.

Калинина Е.Л. Особенности адаптации субстратных топонимов в концептосфере языка-приемника (на материале ойконимов Амурской области): автореф. ... канд. филол. наук. – Барнаул, 2009. – 15 с.

Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.

Керимов Р.Д. Германия // Антология концептов / Под ред. В. И. Карасика, И. А. Стерни на. – Волгоград: Парадигма, 2006. – Т. 4. – С. 157-176.

Корчевская Г.П. Концепт «Москва» в русской языковой картине мира и поэтическом идиолекте М.И. Цветаевой: автореф. … канд. филол. наук. – Владивосток, 2002. – 28 с.

Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том / Аударған А. Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 592 б.

Маргулан А. Сочинения. Восьмой том. – Алматы: Алатау, 2010. – 474 б.

Мукаддаси // Советская историческая энциклопедия: в 16 т. / под ред. Е.М. Жукова. – Москва: Советская энциклопедия, 1966. – Т. 9: Мальта – Нахимов. – 1000 с.

Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – Москва, 1984.

Мухаммад Наршахи. История Бухары. – Ташкент, 1897. – 46 с.

Райымбекұлы М. Көне Тараз // 12.07.2020 https://bilim-all.kz/olen/17220-Kone-Taraz

Рублева О.Л. Топонимическая система Приморья: аспекты и перспективы исследования // Известия Восточного института. – №4 (32), 2016. – С. 35-44.

Рүстембек Ғ.А., Абасилов А.М. Шиелі ауданындағы топонимдердің когнитивтік сипаттамасы // Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi, (4/4), 2021. S. 37-48.

Рысберген Қ.К. Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері: филол. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 2010. – 254 б.

Стернин И.А. Имя собственное с когнитивной точки зрения // Лингвоконцептология: Межвуз. науч. сб. / Науч. ред. И. А. Стернин. – Воронеж: Истоки. – Вып. 1. – 2008. – С. 25-29.

Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс, 2006. – 280 б.

Урусова О.А. Америка // Антология концептов / Под ред. В. И. Карасика, И. А. Стернина. – Москва: Гнозис, 2007. – С. 254-268.

Фирдоуси А. Шах-наме: критический текст. В 9 тт. – Москва, 1960-1971.

Чакирбаева Н. Тарихы мәңгілік Тараз қаласы // 11.01.2021 https://el.kz/tarikhy_m-gilik_taraz_-alasy_40350/?ysclid=mrvr7vnk8p227692821

Щербак А.С. Когнитивные основы региональной ономастики: автореф. … док. филол. наук. – Тамбов, 2008. – 46 с.

Erzsébet Győrffy The role of the mental map in socio-onomastic research // Oliviu Felecan (ed.), Proceedings of ICONN. No. 3 (2015). Pp. 504-511.

İbn Havkal. 10. Asırda İslâm Coğrafyası. / Tercüme Ramazan Şeşen. İstanbul, 2014.

Kazinform Таразда смарт-технологиялар шығаратын зауыт салынады // 15.12.2025 https://kaz.inform.kz/news/tarazda-su-resurstarin-baskaruga-arnalgan-smart-tehnologiyalar-shigaratin-zauit-salinadi-600f2c/?ysclid=mrxigue6223291088https://kaz.inform.kz/news/tarazda-su-resurstarin-baskaruga-arnalgan-smart-tehnologiyalar-shigaratin-zauit-salinadi-600f2c/

Zakon.KZ Тараз // https://kaz.zakon.kz/tags/taraz/?ysclid=mkbdmaxj8s191776786

24KZ Таразда мұз айдыны ашылды // 31.12.2025 https://24.kz/kz/zha-aly-tar/kogam/747622-tarazda-muz-ajdyny-asyldy

References

Abazhapparov, F. (2016) Men tamashalagan Taraz (Tarih). 31.05.2016 https://yvision.kz/post/men-tamashala-an-taraz-688309?ysclid=mrvqzgeipv552460099. [Abajapparov, F. Taraz, which I saw (History). 31.05.2016 https://yvision.kz/post/men-tamashala-an-taraz-688309?ysclid=mrvqzgeipv552460099.] (in Kazakh)

Abdirasilova, G.K., Atabaeva, M.S., Salihova, S.K. (2020) Zher-su ataularyndagy ulttyq madeni aqparat zhajynda. Qaragandy universitetining Habarshysy. «Filologija» serijasy. No.2(98). 46-54-bb. [Abdirasilova, G.K., Atabayeva, M.S., Salikhova, S.K. (2020) On national cultural information in place names. Bulletin of Karaganda University. Series “Philology”. No.2(98). Pp. 46-54.] (in Kazakh)

Ahmetova, K. (2018) Zhuldyzym Zhibek zholy bojyndagy. 31.08.2018 https://bilim-all.kz/olen/7149-ZHuldyzym-ZHibek-zholy-boiyndagy. [Akhmetova, K. (2018) Zhuldyzym along the Silk Road. 31.08.2018 https://bilim-all.kz/olen/7149-ZHuldyzym-ZHibek-zholy-boiyndagy.] (in Kazakh)

Asylbek, A. (2019) Tarazym mening. 27.07.2019 https://bilim-all.kz/olen/12971-Tarazym-menin. [Asylbek, A. (2019) My Taraz. 27.07.2019 https://bilim-all.kz/olen/12971-Tarazym-menin.] (in Kazakh)

Bazarbekov, B.M. (2024) Qazaq toponimderi men jetnomadeni ataularynyng kognitivtik sipaty (Aqseleu Sejdimbek shygarmalary bojynsha): filos. dok. (PhD) … dis. Şymkent. 138 b. [Bazarbekov, B.M. (2024) Cognitive properties of Kazakh place names and ethnocultural names (according to the works of Akseleu Seydimbek): Dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD). Shymkent. 138 p.] (in Kazakh)

Chakirbaeva, N. (2021) Tarihy manggilik Taraz qalasy. 11.01.2021 https://el.kz/tarikhy_m-gilik_taraz_-alasy_40350/?ysclid=mrvr7vnk8p227692821. [Chakirbayeva, N. (2021) The city of Taraz, whose history is eternal.

11.01.2021 https://el.kz/tarikhy_m-gilik_taraz_-alasy_40350/?ysclid=mrvr7vnk8p227692821.] (in Kazakh)

Dmitrieva, L.M. (2003) Ontologicheskoe i mental`noe bytie toponimicheskoj sistemy (na materiale russkoj toponimii Altaja): avtoref. dis. dokt. filol. nauk. Ekaterinburg. 40 s. [Dmitriyeva, L.M. (2003) Ontological and mental existence of the toponymic system (on the material of the Russian toponymy Altai): Abstract of Doct. Philological Sciences Dissertation. Ekaterinburg. 40 p.] (in Russian)

Erzsébet Győrffy (2015) The role of the mental map in socio-onomastic research. Oliviu Felecan (ed.), Proceedings of ICONN. No.3. Pp. 504-511. (in English)

Firdousi, A. (1960-1971) Shah-name: kriticheskij tekst. V 9 tt. Moskva. [Firdausi, A. (1960-1971) Shahnameh: Critical Text. In 9 vols. Moscow.] (in Russian)

Golomidova, M.V. (1998) Iskusstvennajia nominacija v onomastike: Monogr. Ekaterinburg: Izd-vo UrGU. 216 s. [Golomidova, M.V. (1998) Artificial nomination in onomastics: Monogr. Yekaterinburg: Izd-vo UrGU. 216 p.] (in Russian)

İbn Havkal (2014) 10. Asırda İslâm Coğrafyası. Tercüme Ramazan Şeşen[tur.]. İstanbul. (in Turkish)

Imanberdieva, S.Q. (2024) Qazaq tildik tanymdagy “Tort tulik” konceptining orisi. Monografija. Astana. 160 b. [Imanberdiyeva, S.K. (2024) The scope of the concept of “Tort tulik” in Kazakh linguistic knowledge. Monograph. Astana. 160 p.] (in Kazakh)

Imanberdieva, S.Q., Bekenova, G.Sh., Qulamanova, Z.A., Madieva, G.B., Saparov, Q.T., Sejitqasymov, A.A., Beksejitova, A.T., Bekzatqyzy, I. (2021) Zhambyl oblysy toponimderining kestelik sozdigi. Nur-Sultan. 426 b. [Imanberdiyeva, S.K., Bekenova, G.Sh., Kulamanova, Z.A., Madiyeva, G.B., Saparov, K.T., Seitkassymov, A.A., Bekseitova, A.T., Bekzatkyzy, I. (2021) Tabular dictionary of toponyms of Zhambyl region. Nur-Sultan. 426 p.] (in Kazakh)

Kalinina, E.L. (2009) Osobennosti adaptacii substratnyh toponimov v konceptosfere jazyka-priemnika (na materiale ojkonimov Amurskoj oblasti): avtoref. ... kand. filol. nauk. Barnaul. 15 s. [Kalinina, E.L. (2009) Characteristics of Adaptation of Substrate Toponyms in the Conceptual Sphere of the Receiver Language (Based on Oikonyms from the Amur Region): Abstract of Cand. Philological Sciences Dissertation. Barnaul. 15 p.] (in Russian)

Kazinform Tarazda smart-tehnologijalar shygaratyn zauyt salynady (2025). 15.12.2025 https://kaz.inform.kz/news/tarazda-su-resurstarin-baskaruga-arnalgan-smart-tehnologiyalar-shigaratin-zauit-salinadi-600f2c/?ysclid=mrxigue6223291088https://kaz.inform.kz/news/tarazda-su-resurstarin-baskaruga-arnalgan-smart-tehnologiyalar-shigaratin-zauit-salinadi-600f2c/ [Kazinform A plant for the production of smart technologies will be built in Taraz (2025). https://kaz.inform.kz/news/tarazda-su-resurstarin-baskaruga-arnalgan-smart-tehnologiyalar-shigaratin-zauit-salinadi-600f2c/?ysclid=mrxigue6223291088https://kaz.inform.kz/news/tarazda-su-resurstarin-baskaruga-arnalgan-smart-tehnologiyalar-shigaratin-zauit-salinadi-600f2c/] (in Kazakh)

Kengesbaev, I. (1977) Qazaq tilining frazeologijajlyq sozdigi. Almaty. 711 b. [Kenesbayev, I. (1977) Phraseological Dictionary of the Kazakh Language. Almaty. 711 p.] (in Kazakh)

Kerimov, R.D. (2006) Germanija. Antologija konceptov / Pod red. V.I. Karasika, I.A. Sternina. Volgograd: Paradigma. T. 4. S. 157-176. [Kerimov, R.D. (2006) Germany. Anthology of Concepts / Ed. by V.I. Karasik, I.A. Sternin. Volgograd: Paradigma. Vol. 4. Pp. 157-176.] (in Russian)

Korchevskaja, G.P. (2002) Koncept “Moskva” v russkoj jazykovoj kartine mira i pojeticheskom idiolekte M.I. Cvetaevoj: avtoref. … kand. filol. nauk. Vladivostok. 28 s. [Korchevskaya, G.P. (2002) The Concept of “Moscow” in the Russian Linguistic Worldview and M.I. Tsvetayeva's Poetic Idiolect: Abstract of Cand. Philological Sciences Dissertation. Vladivostok. 28 p.] (in Russian)

Margulan, A. (2010) Sochinenija. Vos`moj tom. Almaty: Alatau. 474 s. [Margulan, A. (2010) Works. Eighth volume. Almaty: Alatau. 474 p.] (in Russian)

Mukaddasi (1966). Sovetskaja istoricheskaja jenciklopedija: v 16 t. T. 9: Malta – Nahimov. / pod red. E.M. Zhukova. Moskva: Sovetskaja jenciklopedija. 1000 s. [Mukaddasi (1966). Soviet Historical Encyclopedia: in 16 volumes. Vol. 9: Malta – Nakhimov / edited by E.M. Zhukov. Moscow: Soviet Encyclopedia. 1000 p.] (in Russian)

Murzaev, E.M. (1984) Slovar` narodnyh geograficheskih terminov. Moskva. 466 s. [Murzayev, E.M. (1984) Dictionary of Folk Geographical Terms. Moscow. 466 p.] (in Russian)

Narshahi Muhammad (1897). Istorija Buhary. Tashkent. 46 s. [Muhammad Narshakhi (1897). History of Bukhara. Tashkent. 46 p.] (in Russian)

Qashqari, M. (2017) Turik sozdigi. 1-tom / Audargan A. Egeubaj. Almaty: Arda+7. 592 b. [Kashkari, M. (2017) Turkish Dictionary. Volume 1 / Translated by A. Egeubay. Almaty: Arda+7. 592 p.] (in Kazakh)

Rajymbekuly, M. (2020) Kone Taraz. 12.07.2020 https://bilim-all.kz/olen/17220-Kone-Taraz [Raimbekuly, M. (2020) Ancient Taraz. 12.07.2020 https://bilim-all.kz/olen/17220-Kone-Taraz] (in Kazakh)

Rubleva, O.L. (2016) Toponimicheskaja sistema Primor`ja: aspekty i perspektivy issledovanija. Izvestija Vostochnogo instituta. No.4(32). S. 35-44. [Rubleva, O.L. (2016) Toponymic system of Primorye: aspects and prospects of research. News of the Eastern Institute. No.4(32). Pp. 35-44.] (in Russian)

Rustembek, G.A., Abasilov, A.M. (2021) Shieli audanyndagy toponimderding kognitivtik sipattamasy. Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi, (4/4). 37-48-bb. [Rustembek, G.A., Abasilov, A.M. (2021) Cognitive characteristics of toponyms in the Shieli district. International Journal of Turkic World Studies, (4/4). Pp. 37-48.] (in Kazakh)

Rysbergen, Q.Q. (2010) Qazaq toponimijasynyng lingvokognitivtik zhane jetnomadeni negizderi: filol. gyl. dok. … dis. Almaty. 254 b. [Rysbergen, K.K. (2010) Linguocognitive and ethnocultural foundations of Kazakh toponymy: dissertation … Doctor of Philology. Almaty. 254 p.] (in Kazakh)

Shherbak, A.S. (2008) Kognitivnye osnovy regional`noj onomastiki: avtoref. ... dok. filol. nauk. Tambov. 46 s. [Shcherbak, A.S. (2008) Cognitive foundations of regional onomastics: Abstract of a Doctor of Philosophy dissertation.

Tambov. 46 p.] (in Russian)

Sternin, I.A. (2008) Imja sobstvennoe s kognitivnoj tochki zrenija. Lingvokonceptologija: Mezhvuz. nauch. sb. / Nauch. red. I.A. Sternin. Voronezh: Istoki. Vyp. 1. S. 25-29. [Sternin, I.A. (2008) Proper name from a cognitive point of view. Lingvokontseptologiya: Interuniversity scientific collection / Scientific editor I.A. Sternin. Voronezh: Istoki. Issue 1. Pp. 25-29.] (in Russian)

Tileuberdiev, B. (2006) Qazaq onomastikasynyng lingvokognitivtik aspektileri. Almaty: Arys. 280 b. [Tleuberdiyev, B. (2006) Linguocognitive aspects of Kazakh onomastics. Almaty: Arys. 280 p.] (in Kazakh)

Urusova, O.A. (2007) Amerika. Antologija konceptov / Pod red. V.I. Karasika, I.A. Sternina. Moskva: Gnozis. S. 254-268. [Urusova, O.A. (2007) America. Anthology of Concepts / Ed. by V.I. Karasik, I. A. Sternin. Moscow: Gnosis. Pp. 254–268.] (in Russian)

Zakon.KZ Taraz. https://kaz.zakon.kz/tags/taraz/?ysclid=mkbdmaxj8s191776786 [Zakon.KZ Taraz. https://kaz.zakon.kz/tags/taraz/?ysclid=mkbdmaxj8s191776786] (in Kazakh)

Zhanuzaq, T. (2010) Tarihi zher-su attarynyng tuptorkini. Almaty: “Sozdik-slovar`” ZhShS. 356 b. [Zhanuzak, T. (2010) The origins of historical place names. Almaty: “Sozdik-slovar” LLP. 356 p.] (in Kazakh)

Zinov`ev, A.A. (2008) V medvezh`em uglu. Zinov`ev A.A. Ispoved` otshhepenca. Moskva: Astrel`. S. 23-65. [Zinovyev, A.A. (2008) In a Bear's Corner. Zinovyev A.A. Confession of a Renegade. Moscow: Astrel. Pp. 23-65.] (in Russian).

Zobnina, O.A. (2007) Koncept “Oxbridge” v anglijskoj lingvokul`ture: avtoref. … kand. filol. nauk. Volgograd. 21 s. [Zobnina, O.A. (2017) The concept of “Oxbridge” in English linguoculture: abstract dis. cand. philol. scien. Volgograd. 21 p.] (in Russian)

24KZ (2025) Tarazda muz ajdyny ashyldy. 31.12.2025 https://24.kz/kz/zha-aly-tar/kogam/747622-tarazda-muz-ajdyny-asyldy. [24KZ (2025) Ice rink opens in Taraz. 31.12.2025 https://24.kz/kz/zha-aly-tar/kogam/747622-tarazda-muz-ajdyny-asyldy.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 23.07.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 23.09.2026.
Интернетте қолжетімді / Доступно онлайн /Available online: 30.09.2026.

© Иманберді С.Қ., Құламанова З.А., Әсетқызы А., 2026

CC BY 4.0

Article/Мақала/Статья
IRSTI 16.01.11 https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-42-56

Bekzat Dinayeva[1*], Bayan Ardak[2], Sabira Sapina[3]
[1*]Corresponding Author, Candidate of Philological Sciences, Astana IT University, Kazakhstan, Astana, ORCID: 0000-0002-3015-0515 E-mail: bekzatdinayeva@gmail.com
[2]Master's in TESOL and Applied Linguistics, Astana IT University, Kazakhstan, Astana, ORCID: 0009-0008-0913-6488 E-mail: bayanardaq@gmail.com
[3]Candidate of Philological Sciences, Astana IT University, Kazakhstan, Astana, ORCID: 0000-0002-6630-4870 E-mail: sabirasapina2408@gmail.com

LINGUACULTURAL FEATURES OF SHARED COGNITIVE MODELS IN KAZAKH AND TURKISH PROVERBS

Abstract. This article examines the linguocultural nature of shared worldview models represented in Kazakh and Turkish paremiology. The study aims to identify common worldview models in the Kazakh and Turkish paremiological repertoires, determine the national and cultural features of their linguistic representation, and analyze the linguocultural markers that reflect the shared Turkic cultural code of the two peoples. As units of culture and language that play an important role in human history, proverbs and sayings are examined as linguistic expressions of national identity. The linguistic data demonstrate that kinship terms, zoonyms, somatisms, phytonyms, and geographical names are actively used as figurative components of proverbs and sayings in both Kazakh and Turkish paremiological repertoires. In addition to national markers and culture-specific realia reflecting the worldview of a particular people, the study analyzes the national specificity of similar situations that motivate the emergence and use of proverbs. Attention is paid to the extralinguistic and linguistic universal features of proverbs and sayings that correspond closely in form and content in Kazakh and Turkish. The study employs comparative-contrastive, linguocultural, conceptual-semantic, and cognitive methods of analysis, as well as descriptive analysis aimed at identifying the national and cultural components of proverbs and sayings. Through an analysis of Turkish proverbs containing the most widespread lexemes “insan”, “kişi” and “adam” (man), the authors effectively demonstrate the national and cultural characteristics of the Turkish mentality. A comparison of the proverbial wisdom of the two peoples reveals that, on the one hand, it is rooted in a shared Turkic cultural code and, on the other hand, reflects distinctive national worldviews shaped within different civilizational contexts. The analysis also demonstrates that national realia are encoded differently at the surface level of the proverbs of the two peoples. The proverbs examined in the article reveal a cognitive and cultural code that preserves the historical memory, spiritual values, and models of perceiving the world characteristic of both peoples. The practical significance of the findings lies in their potential application to comparative studies of the Kazakh and Turkish paremiological repertoires, research in linguoculturology, cognitive linguistics, ethnolinguistics, and Turkology, as well as the development of teaching materials and intercultural communication courses for Kazakh and Turkish language instruction.

Keywords: Kazakh and Turkish paremias; cognitive models; cultural code; national identity; ethnographic layer.
For citation: Dinayeva, B., Ardak, B., Sapina, S. Linguocultural Characteristics of Common World Cognitive Models in Kazakh and Turkish Paremias. *Tiltanym*, 2026. No.3 (103). Pp. 42-56.
DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-42-56

Бекзат Бегалықызы Динаева[1*], Баян Ардақ[2], Сабира Минатаевна Сапина[3]
[1*]автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты, Astana IT University, Қазақстан, Астана қ., ORCID: 0000-0002-3015-0515 E-mail: bekzatdinayeva@gmail.com
[2]TESOL және қолданбалы лингвистика магистрі, Astana IT University, Қазақстан, Астана қ., ORCID: 0009-0008-0913-6488 E-mail: bayanardaq@gmail.com
[3]филология ғылымдарының кандидаты, Astana IT University, Қазақстан, Астана қ., ORCID: 0000-0002-6630-4870 E-mail: sabirasapina2408@gmail.com

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ПАРЕМИЯЛАРЫНДАҒЫ ОРТАҚ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МОДЕЛЬДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ және түрік паремияларындағы ортақ дүниетанымдық модельдердің лингвомәдени сипаты қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – қазақ және түрік паремиологиялық қорындағы ортақ дүниетанымдық модельдерді айқындау, олардың тілдік репрезентациясындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктерді анықтау және екі халықтың ортақ түркілік мәдени кодын танытатын лингвомәдени белгілерді саралау. Адамзат тарихында маңызды рөл атқаратын паремиялар ұлттық бірегейлікті танытатын мәдени-тілдік бірліктер ретінде зерттелген. Қазақ және түрік паремиологиялық қорында туыстық атаулар, зоонимдер, соматизмдер, өсімдіктер әлемі мен географиялық

атаулар мақал-мәтелдердің бейнелі компоненттері ретінде белсенді түрде қолданылатыны тілдік деректер арқылы дәйектелген. Мақал-мәтелдерде қолданылатын ұлттық маркерлер мен ұлттың дүниетанымын бейнелейтін реалийлерден басқа, сол ұлтқа ғана тән жағдаяттарға түрткі болатын ұқсас жағдайлардың ұлттық ерекшелігі талданған. Қазақ және түрік тілдерінде формасы мен мазмұны жағынан да бір-біріне пара-пар келетін мақал-мәтелдердің экстралингвистикалық және лингвистикалық әмбебап қасиеттеріне баса назар аударылған. Зерттеу барысында салыстырмалы-салғастырмалы, лингвомәдени, концептуалдық-семантикалық және когнитивтік талдау әдістері, сондай-ақ мақал-мәтелдердің ұлттық-мәдени компоненттерін анықтауға бағытталған сипаттамалы талдау қолданылған. Авторлар түрік тілінде ең көп таралған «insan», «kişi» және «adam» (ер адам) лексемалары қатысқан мақалдарды талдау арқылы түрік менталитетінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін ұтымды көрсете білген. Екі ұлттың даналық сөздерін салыстыру барысында олардың, бір жағынан, ортақ түркілік мәдени кодқа негізделгені, екінші жағынан, әртүрлі өркениеттік ортада қалыптасқан ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтіні, сонымен қатар екі халықтың мақалдарының сыртқы қабатында ұлттық реалийлердің түрліше таңбаланатыны анықталған. Мақалада қарастырылған мақалдар арқылы екі ұлттың тарихи жады, рухани құндылықтары мен әлемді қабылдау моделін сақтаушы когнитивтік-мәдени код ашылған. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы оларды қазақ және түрік тілдерінің паремиологиялық қорын салыстырмалы зерттеуде, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика және түркітану бағыттарындағы ғылыми ізденістерде, сондай-ақ қазақ және түрік тілдерін оқытуға арналған оқу-әдістемелік материалдар мен мәдениетаралық қатысым курстарын әзірлеуде қолдану мүмкіндігімен айқындалады.

Тірек сөздер: қазақ және түрік паремиялары; когнитивтік модельдер; мәдени код; ұлттық бірегейлік; этнографиялық қабат.

Сілтеме жасау үшін: Динаева Б.Б, Ардақ Б., Сапина С.М. Қазақ және түрік паремияларындағы ортақ дүниетанымдық модельдердің лингвомәдени сипаты. *Tiltanym,* 2026. №3 (103). 42-56-бб. (ағыл. тілінде)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-42-56

Бекзат Бегалыкызы Динаева[1*], Баян Ардак[2], Сабира Минатаевна Сапина[3]

[1*]автор-корреспондент, кандидат филологических наук, Astana IT University, Казахстан, г. Астана, ORCID: 0000-0002-3015-0515 E-mail: bekzatdinayeva@gmail.com

[2]магистр прикладной лингвистики и TESOL, Astana IT University, Казахстан, г. Астана, ORCID: 0009-0008-0913-6488 E-mail: bayanardaq@gmail.com

[3]кандидат филологических наук, Astana IT University, Казахстан, г. Астана, ORCID: 0000-0002-6630-4870 E-mail: sabirasapina2408@gmail.com

ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ОБЩИХ МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИХ МОДЕЛЕЙ В КАЗАХСКИХ И ТУРЕЦКИХ ПАРЕМИЯХ

Аннотация. В статье рассматривается лингвокультурный характер общих мировоззренческих моделей в казахских и турецких паремиях. Цель исследования заключается в выявлении общих мировоззренческих моделей в паремиологических фондах казахского и турецкого языков, определении национально-культурных особенностей их языковой репрезентации, а также в анализе лингвокультурных признаков, отражающих общий тюркский культурный код двух народов. Паремии, играющие важную роль в истории человечества, исследуются как культурно-языковые единицы, выражающие национальную идентичность. На основе лингвистических данных доказано, что в казахском и турецком паремиологических фондах в качестве образных компонентов пословиц и поговорок активно используются названия родственных связей, зоонимы, соматизмы, названия растительного мира и географические наименования. Помимо национальных маркеров и реалий, отражающих мировоззрение нации, проанализирована специфика ситуаций, которые провоцируют схожие обстоятельства, характерные для каждого народа. Особое внимание уделено экстралингвистическим и лингвистическим универсалиям пословиц и поговорок, которые идентичны в казахском и турецком языках как по форме, так и по содержанию. В ходе исследования были применены сравнительно-сопоставительный, лингвокультурный, концептуально-семантический и когнитивный методы анализа, а также описательный метод, направленный на выявление национально-культурных компонентов паремий. Авторы смогли эффективно продемонстрировать национально-культурные особенности турецкого менталитета через анализ наиболее распространенных в турецком языке пословиц с лексемами «insan», «kişi» и «adam» (мужчина). В ходе сопоставительного анализа мудрых изречений двух народов установлено, что, с одной стороны, они восходят к общему тюркскому культурному коду, а с другой – отражают специфику национального мировоззрения, сформировавшегося в различных цивилизационных условиях. При этом на внешнем уровне пословиц национальные реалии маркируются по-разному. Через рассмотренные в статье пословицы раскрывается когнитивно-культурный код, хранящий историческую память, духовные ценности и модель восприятия мира двух народов. Практическая значимость результатов исследования заключается в возможности их использования при сравнительном изучении паремиологических фондов казахского и турецкого языков, в исследованиях по лингвокультурологии, когнитивной лингвистике, этнолингвистике и тюркологии, а также при разработке учебно-методических материалов для преподавания казахского и турецкого языков и курсов по межкультурной коммуникации.

Ключевые слова: казахские и турецкие паремии; когнитивные модели; культурный код; национальная идентичность; этнографический слой.

Для цитирования: Динаева Б.Б., Ардак Б., Сапина С.М. Лингвокультурные особенности общих мировоззренческих моделей в казахских и турецких паремиях. *Tiltanym*, 2026. №3 (103). С. 42-56. (на англ. яз.)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-42-56

Introduction

It is worth situating this comparison within the broader aims of the Kazakhstani ethnolinguistic tradition from which the Qaidar, Kenesbayev, Syzdyq, and Smagulova sources are drawn. Ethnolinguistics, as practiced within this tradition, treats lexical and phraseological material as a repository of a people's historically accumulated worldview (дүниетаным), with somatic vocabulary a particularly rich site of such accumulation, since the body is a universally shared point of departure onto which culturally specific meaning can be inscribed. The present synthesis is accordingly not a one-

directional application of an external framework to Kazakh data: the ethnolinguistic tradition supplies culturally grounded interpretive depth, while the image-schema apparatus supplies a comparative vocabulary relating this depth to a broader, cross-linguistic body of embodied-cognition scholarship.

Results and discussions

The comparative analysis comprising cognitive mapping, linguocultural interpretation, and cross-cultural comparison identified both structural similarities and content-level divergences between the English-language material and the Kazakh somatic-concept material examined. Below these results are interpreted with reference to contemporary work in embodied and cultural cognitive linguistics.

In the English-language material examined, action-oriented metaphors conceptualize physical ability as social power and economic resource, consistent with the general claim of conceptual metaphor theory that abstract domains such as agency and labor are structured through recurring bodily source domains (Lakoff, Johnson, 1980). The English expressions to have a hand in, all hands-on deck, and handy, alongside the Kazakh expressions *қол ұшын беру* (‘to lend a hand’), *қолы ашық* (‘generosity’), and *қолбайлау* (‘to be constrained’), reveal a shared underlying mapping: HAND IS AN INSTRUMENT FOR ACTION. This isomorphism is consistent with the embodiment hypothesis that abstract reasoning draws on sensorimotor image schemas common to human bodies regardless of culture (Johnson, 1987).

At the same time, in the Kazakh material the concept of “hand” extends beyond an instrumental function to encompass power and legal status (“to sign with one's hand,” “under one's hand”; s.v. қол) (Kenesbayev, 1977), which is closer to hierarchical social cognition than to a purely instrumental reading. This divergence illustrates what cultural-linguistic scholarship describes as differential cultural elaboration: a single universal image schema (HAND AS INSTRUMENT) can be extended, in one linguaculture toward market-oriented notions of utility and in another toward notions of authority and social responsibility, without the underlying bodily schema itself changing (Kövecses, 2005). In the English material examined, “hand” functions primarily as a problem-solving tool; in the Kazakh material, it more often carries connotations of social responsibility and legitimated authority.

The most pronounced divergence identified in this analysis concerns the localization of emotional centers. In the English-language material examined, “heart” functions as the dominant seat of romantic and personal emotion (learn by heart, heartfelt): HEART IS A SEAT OF ROMANTIC EMOTION. In the Kazakh material, this function is split between жүрек (heart) and бауыр (liver), with the latter functioning as a cognitive center for kinship, closeness, and affection whose emotional range extends beyond the categories ‘brother’ (biological) or ‘friend’ (social) in the English material. This split-locus pattern is consistent with cross-linguistic findings that languages do not map a single universal “emotion organ” onto experience, but instead carve the body into culturally specific emotional geography (Wierzbicka, 1999). Within the material examined here, expressions such as “to embrace one's liver” and “to be moved to the liver” (Kenesbayev, 1977, s.v. бауыр; Qaidar, 2009-2013) suggests that, for the Kazakh material, бауыр carries a relational and kinship-based emotional loading not paralleled by the corresponding English-language material. This contrast can be tentatively related to the individualism–collectivism axis established in cross-cultural psychology, whereby individualist self-construals tend to locate feeling in a bounded, autonomous self, while collectivist self-construals tend to distribute it relationally across the kin group (Markus, Kitayama, 1991); testing this connection directly would, however, require dedicated psycholinguistic work beyond the present lexicographic analysis.

The stomach/belly (іш) domain, introduced in the Introduction, likewise illustrates this pattern of differential elaboration. Where the English-language material examined applies the CONTAINER schema comparatively narrowly – largely to physiological sensation or short-term emotional restraint (gut feeling, to bottle up) – the Kazakh material extends the same schema considerably further, toward secrecy, tolerance, and durable character (іші тар, іші кең). This suggests, within the material examined, a broader cultural investment in the stomach/belly as a locus of durable moral character rather than momentary affect.

A further domain concerns the categorization of space and social relation through the back and, relatedly, the foot/path complex discussed in the Literature Review. Kazakh expressions glossable as “to face,” “to back,” and “to take under the arm” structure spatial relationships through somatic

imagery, situating Kazakh spatial cognition within the broader typological discussion of egocentric versus socially or cosmologically anchored frames of reference (Levinson, 2003). In the material examined, the concept of *арқа* (‘back’) is not limited to a purely spatial or social reading (“to have someone's back”) but extends toward what may be read as a culturally marked register of protection — арқасы бар (‘to have a back/protector’; Kenesbayev, 1977, s.v. арқа). This extension is consistent with the broader ethnolinguistic characterization of somatic vocabulary offered in Qaidar's dictionary (2009-2013) and in Syzdyq's work (2014); a fuller ethnographic grounding of any connection to traditional nomadic belief systems would, however, require dedicated ethnographic sourcing beyond the scope of the present lexicographic analysis, and is not claimed here as established. Where the corresponding English idiom remains largely within a register of social solidarity, the Kazakh material appears to extend the same bodily schema into a more clearly marked protective register (cf. Sharifian, 2017, on cultural conceptualization).

A comparable pattern appears with *бас* (‘head’). In the English material, ‘head’ is used predominantly in the sense of leadership or management (head of the company): HEAD IS LEADERSHIP/MANAGEMENT. In the Kazakh material examined, *бас* additionally extends toward meanings glossable as ‘sacred’ (қасиетті) and ‘ultimate foundation’ (түп негізі) – as in expressions referring to the ‘head’ of the Baiterek monument or of a yurt (Qaidar, 2009, 2013), (Kenesbayev, 1977). This may be read as a further instance of source-domain-elaboration asymmetry: the same body part is elaborated instrumentally in one linguaculture and toward a more symbolic or foundational register in another (Kövecses, 2005), though again a systematic corpus-frequency comparison remains a task for future research rather than a claim established here.

Turning to time reference, the English-language material examined tends to structure time along a forward-moving horizontal line. This is consistent with the FUTURE IS AHEAD schema, illustrated by expressions such as look forward to the future and the road ahead. The widely cited example time is money reflects a related but analytically distinct pattern: here time is conceptualized not spatially but as a scarce, expendable resource (TIME IS MONEY / TIME IS A RESOURCE), and is accordingly treated here as a separate metaphor rather than as a direct instance of FUTURE IS AHEAD. Against this background, Kazakh expressions such as көрер көзге (‘before one's eyes, in plain sight’) and *көзді ашып-жұмғанша* (‘in the blink of an eye’) tie temporal reference not to forward motion along a path but to visual-bodily posture, aligning the present with what is currently visible and the unknown past or future with what lies outside the visual field. This is best read as a distinct, perception-based image schema – PRESENT IS WHAT IS SEEN – rather than as a variant of the FUTURE IS AHEAD schema discussed above; the two languages examined here do not simply differ in the direction of a shared timeline metaphor but appear to draw on different sensory source domains (motion versus vision) for structuring temporal reference in the first place. The Kazakh pattern nonetheless resonates, at a more general typological level, with systems in which epistemic accessibility rather than physical motion organizes temporal reference. The clearest parallel is the Aymara case discussed by Núñez and Sweetser (2006), where the known past is described as visually “in front of” the speaker and the unknown future as lying “behind.” The present analysis treats this resemblance as a suggestive typological parallel, however, not as a claim that Kazakh and Aymara instantiate an identical cognitive model; substantiating a closer typological relationship would require comparative work beyond the lexicographic scope of the present study. What the material examined here does show, at minimum, is that time metaphors are not cognitively fixed but contingent on which sensory and temporal domain a given linguaculture treats as epistemically available (Núñez, Sweetser, 2006).

These findings may also be relevant to natural-language-processing systems trained predominantly on WEIRD-society data (Henrich et al., 2010): because literal translation does not necessarily preserve the embodied, relational, and axiological meanings carried by Kazakh somatic expressions – for instance, the distinction between *жүрек* (heart, an individual-centered emotional locus in the material examined) and *бауыр* (liver, a kinship-centered emotional locus) – culturally sensitive language technologies for Kazakh may benefit from representations that go beyond simple lexical equivalence. A fuller treatment of this question, including its implications for embodied or grounded language models, falls outside the scope of the present linguistic analysis and is noted here

only as a direction for future interdisciplinary work.

Table 1 summarizes the comparative cognitive mappings identified across the domains examined above, illustrating shared bodily source domains alongside their culture-specific elaborations.

Table 1 – Comparative Cognitive Mapping of Selected Somatic Concepts in English and Kazakh
Кесте 1 – Ағылшын және қазақ тілдеріндегі кейбір соматикалық концептілердің салғастырмалы когнитивтік картаға түсірілуі
Таблица 1 – Сравнительное когнитивное картирование отдельных соматических концептов в английском и казахском языках

Domain / Body Part	*English-Language Cognitive Mapping*	*Kazakh Cognitive Mapping*	*Key Distinction*
Hand	HAND IS AN INSTRUMENT FOR ACTION – problem-solving tool, utility, economic resource	Instrument of action + symbol of power, legal status, and social responsibility (“under one's hand”, “to sign with one's hand”)	Instrumental utility vs. hierarchical authority
Heart / Liver	HEART IS A SEAT OF ROMANTIC EMOTION – single, individual-centered emotional locus	Emotion split between жүрек (heart) and бауыр (liver, kinship empathy) – dual, relationally distributed locus	Individual feeling vs. collective kinship empathy
Stomach	STOMACH IS A CONTAINER FOR INNER STATE – mainly physiological sensation or short-term restraint (“gut feeling”, “bottle up”)	CONTAINER schema extended to durable moral character, secrecy, and tolerance (іші тар, іші кең)	Momentary affect vs. durable moral character
Back	BACK AS SOCIAL SUPPORT – “to have someone's back”, social solidarity	BACK IS A PROTECTIVE WALL – social support + culturally marked spiritual protection (арқасы бар)	Social register vs. culturally marked protective register
Head	HEAD IS LEADERSHIP / MANAGEMENT – instrumental, organizational authority	HEAD IS A FOUNDATION – extends toward қасиетті (sacred), түп негізі (ultimate foundation)	Managerial function vs. symbolic/foundational status
Foot / Path	LIFE-COURSE IS A PATH / BALANCE – “to find one's footing”, “to get one's bearings” (generic stability)	PATH and BALANCE fused with fortune and fate (“heavy-footed”, “blessed-footed”, “open road”)	Generic stability vs. fortune/fate encoding
Eye / time orientation	FUTURE IS AHEAD – forward-moving timeline (“look forward to,” “the road ahead”); TIME IS MONEY treated as a separate, non-spatial metaphor	Present/past tied to visual-bodily posture (көрер көзге, көзді ашып-жұмғанша) – known/visible vs. unknown	Motion-based linear time vs. vision-based, perceptually anchored time

Taken together, these results indicate that human cognition, as reflected in the material examined, is closely tied to bodily experience, and that language encodes that experience in culturally specific ways. Reading the English-language and Kazakh material together offers one way of exploring the relationship between universal and culture-specific dimensions of human cognition. Considered alongside subsequent developments within embodied-cognition research – which increasingly treat the

universality of image schemas as compatible with substantial cultural variation in their elaboration (Gibbs, 2005) – the pattern documented here is consistent with a graded rather than binary model of embodied cognition, in which a shared biological substrate supports a finite set of image schemas while cultural, historical, and ecological factors shape which schemas are elaborated and which domains of experience they come to organize (Sharifian, 2017).

Conclusion

Summarizing the results of this comparative analysis, embodied cognition approached here through the image-schema apparatus developed by G. Lakoff and M. Johnson, itself historically continuous with the earlier American pragmatist emphasis on experience (W. James, J. Dewey) proves to be a productive analytical lens for the somatic vocabulary of the Kazakh language, rather than a framework whose relevance is confined to the WEIRD linguistic-cultural contexts on which it was originally developed.

The comparative analysis indicates a structural correspondence what might be termed a cognitive isomorphism between the English-language and Kazakh material: both bodies of data conceptualize abstract categories such as time, emotion, and social standing through recurring bodily source domains and image schemas (CONTAINER, PATH, BALANCE, INSTRUMENT). At the same time, the two bodies of material diverge in how these shared schemas are culturally elaborated. Where the English-language expressions examined here tend toward comparatively narrower, action- or utility-oriented elaborations, the Kazakh material shows a broader extension into kinship, social responsibility, and ethical evaluation – for example, in the extension of бауыр (‘liver’) toward kinship empathy, of арқа (‘back’) toward social and, in some traditional contexts, spiritual protection, and of іш (‘stomach/belly’) toward durable moral character rather than momentary affect.

Four findings emerge from this analysis: (1) the English-language and Kazakh somatic expressions examined here share a set of underlying image schemas consistent with the embodied-cognition literature; (2) the cultural elaboration of these schemas differs substantially between the two bodies of material; (3) in the Kazakh material, the concepts of бауыр, арқа, іш, and қол 4 encode not only bodily experience but also kinship, social responsibility, and ethical evaluation; and (4) these patterns point to the value of testing embodied-cognition models against a broader typological range of languages than the WEIRD-dominated base on which much of the current literature rests (Henrich et al., 2010).

As a further, more exploratory implication, the culturally specific elaboration documented here particularly the жүрек/бауыр split and the moral loading of *іш* may be relevant to the design of culturally sensitive language technologies for Kazakh, since literal translation risks flattening these distinctions. Pursuing this implication in depth, however, would require dedicated interdisciplinary work beyond the scope of the present study.

The findings reported here rest on a lexicographically and corpus-informed but illustrative, non-exhaustive comparative sample rather than a fully quantified corpus count. A frequency-based corpus study represents a natural next step, as does closer engagement with the primary ethnolinguistic sources cited here (Qaidar, 2009, 2013), (Kenesbayev, 1977), (Syzdyq, 2014) to substantiate more fully the culturally specific readings proposed above, several of which are offered as plausible interpretations rather than established findings.

References

Barsalou, L.W. (2008) Grounded cognition. Annual Review of Psychology. Vol. 59. Pp. 617-645. (in English)

Barsalou, L.W. (2010) Ad hoc categories. The Cognitive Neurosciences. 4th ed. Pp. 1-10. (in English)

Bergen, B.K. (2012) Louder than Words: The New Science of How the Mind Makes Meaning. New York: Basic Books. (in English)

Clark, (2008) A. Supersizing the Mind: Embodiment, Action, and Cognitive Extension. Oxford: Oxford University Press. (in English)

Dewey, J. (1925) Experience and Nature. Chicago: Open Court Publishing. (in English)

Di Paolo, E.A., Rohde, M., De Jaegher, H. (2010) Horizons for the enactive mind: Values, social interaction, and play. New Ideas in Psychology. Vol. 28. No.1. Pp. 33-47. (in English)

Gallagher, S. (2005) How the Body Shapes the Mind. Oxford: Oxford University Press. (in English)

Gibbs, R.W. (2005) Embodiment and Cognitive Science. Cambridge: Cambridge University Press. (in English)

Harnad, S. (1990) The symbol grounding problem. Physica D: Nonlinear Phenomena. Vol. 42. No.1-3. Pp. 335-346. (in English)

Henrich, J., Heine, S.J., Norenzayan, A. (2010) The weirdest people in the world? Behavioral and Brain Sciences. Vol. 33. No.2-3. Pp. 61-83. (in English)

James, W. (1907) Pragmatism: A New Name for Some Old Ways of Thinking. New York: Longmans, Green, and Co. (in English)

Johnson, M. (1987) The Body in the Mind: The Bodily Basis of Meaning, Imagination, and Reason. Chicago: University of Chicago Press. (in English)

Kengesbaev, I. (1977) Qazaq tilining frazeologijalyq sozdigi. Almaty: Gylym. 712 b. [Kenesbayev, I. (1977) Phraseological Dictionary of the Kazakh Language. Almaty: Gylym. 712 p.] (in Kazakh)

Kövecses, Z. (2005) Metaphor in Culture: Universality and Variation. Cambridge: Cambridge University Press. (in English)

Lakoff, G. (1987) Women, Fire, and Dangerous Things: What Categories Reveal about the Mind. Chicago: University of Chicago Press. 631 p. (in English)

Lakoff, G., Johnson, M. (1980) Metaphors We Live By. Chicago: University of Chicago Press. 256 p. (in English)

Levinson, S.C. (2003) Space in Language and Cognition: Explorations in Cognitive Diversity. Cambridge: Cambridge University Press. (in English)

Markus, H.R., Kitayama, S. (1991) Culture and the self: Implications for cognition, emotion, and motivation. Psychological Review. Vol. 98. No.2. Pp. 224-253. (in English)

Noë, A. (2004) Action in Perception. Cambridge, MA: MIT Press. (in English)

Núñez, R.E., Sweetser, E. (2006) With the future behind them: Convergent evidence from Aymara language and gesture in the crosslinguistic comparison of spatial construals of time. Cognitive Science. Vol. 30. No.3. Pp. 401-450. (in English)

Qajdar, A. (2009-2013) Qazaqtar: ana tili aleminde: jetnolingvistikalyq sozdik. T. 1-3. Almaty. [Kaidar, A. (2009-2013) The Kazakhs in the World of the Native Tongue: An Ethnolinguistic Dictionary. Vol. 1-3. Almaty.] (in Kazakh)

Sharifian, F. (2017) Cultural Linguistics: Cultural Conceptualisations and Language. Amsterdam: John Benjamins. (in English)

Smagulova, G. (2010) Magynalas frazeologizmder sozdigi. Almaty: Eltanym. 252 b. [Smagulova, G. (2010) Dictionary of semantic phraseologisms. Almaty: Eltanym. 252 p.] (in Kazakh)

Syzdyq, R. (2014) Soz qudireti. Almaty: El-shezhire. 296 b. [Syzdyq, R. (2014) The Power of the Word. Almaty: El-shezhire. 296 p.] (in Kazakh)

Wierzbicka, A. (1999) Emotions across Languages and Cultures: Diversity and Universals. Cambridge: Cambridge University Press. (in English)

Әдебиеттер

Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

Қайдар Ә. Қазақтар: ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. – 1-3 томдар. – Алматы, 2009-2013.

Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: Елтаным, 2010. – 252 б.

Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 296 б.

Barsalou, L.W. Grounded cognition. Annual Review of Psychology. 2008. Vol. 59. Pp. 617-645.

Barsalou, L.W. Ad hoc categories. The Cognitive Neurosciences. 4th ed. 2010. Pp. 1-10.

Bergen, B.K. Louder than words: The new science of how the mind makes meaning. New York: Basic Books, 2012.

Clark, A. Supersizing the mind: Embodiment, action, and cognitive extension. Oxford: Oxford University Press, 2008.

Dewey, J. Experience and nature. Chicago: Open Court Publishing, 1925.

Di Paolo, E.A., Rohde, M., De Jaegher, H. Horizons for the enactive mind: Values, social interaction, and play. New Ideas in Psychology. 2010. Vol. 28. No.1. Pp. 33-47.

Gallagher, S. How the body shapes the mind. Oxford: Oxford University Press, 2005.

Gibbs, R.W. Embodiment and cognitive science. Cambridge: Cambridge University Press, 2005.

Harnad, S. The symbol grounding problem. Physica D: Nonlinear Phenomena. 1990. Vol. 42. No.1-3. Pp. 335-346.

Henrich, J., Heine, S.J., Norenzayan, A. The weirdest people in the world? Behavioral and Brain Sciences. 2010. Vol. 33. No.2-3. Pp. 61-83.

James, W. Pragmatism: A new name for some old ways of thinking. New York: Longmans, Green, and Co., 1907.

Johnson, M. The body in the mind: The bodily basis of meaning, imagination, and reason. Chicago: University of Chicago Press, 1987.

Kövecses, Z. Metaphor in culture: Universality and variation. Cambridge: Cambridge University Press, 2005.

Lakoff, G. Women, fire, and dangerous things: What categories reveal about the mind. Chicago: University of Chicago Press, 1987. 631 p.

Lakoff, G., Johnson, M. Metaphors we live by. Chicago: University of Chicago Press, 1980. 256 p.

Levinson, S.C. Space in language and cognition: Explorations in cognitive diversity. Cambridge: Cambridge University Press, 2003.

Markus, H.R., Kitayama, S. Culture and the self: Implications for cognition, emotion, and motivation. Psychological

Review. 1991. Vol. 98. No.2. Pp. 224-253.

Noë, A. Action in perception. Cambridge, MA: MIT Press, 2004.

Núñez, R.E., Sweetser, E. With the future behind them: Convergent evidence from Aymara language and gesture in the crosslinguistic comparison of spatial construals of time. Cognitive Science. 2006. Vol. 30. No.3. Pp. 401-450.

Sharifian, F. Cultural linguistics: Cultural conceptualisations and language. Amsterdam: John Benjamins, 2017.

Wierzbicka, A. Emotions across languages and cultures: Diversity and universals. Cambridge: Cambridge University Press, 1999.

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье
Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 10.08.2026.
Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 22.09.2026.
Available online / Интернетте қолжетімді / Доступно онлайн: 30.09.2026.

© Aldasheva, K., Nabidullin, A., Abdrakhmanov, D., 2026

CC BY 4.0

Мақала/Статья/Article
ҒТАМР 16.21.43 https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-71-83

Талғат Бекболатұлы Рамазанов
философия докторы (PhD), Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-4405-5914 E-mail: tphd-92@mail.ru

ҚАЗАҚ ПУНКТУАЦИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҒЫЛЫМИ НОРМАЛАНУ ТАРИХЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ пунктуациясының қалыптасуы мен ғылыми нормалану тарихы қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі қазіргі жазба коммуникацияда тыныс белгілерінің тек емле ережесі емес, мәтін мағынасын нақтылайтын, ойдың құрылымын айқындайтын және оқырман қабылдауын бағыттайтын маңызды тілдік құрал ретінде танылуымен байланысты. Мақаланың мақсаты – қазақ тіліндегі тыныс белгілер жүйесінің тарихи қалыптасу жолын, бұрынғы және қазіргі атаулар сабақтастығын, сондай-ақ пунктуациялық норманың ғылыми негізде орнығу ерекшеліктерін анықтау. Осы мақсатқа сәйкес пунктуацияның жалпы тіл біліміндегі орны сипатталып, қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің даму кезеңдері, А. Байтұрсынұлы ұсынған атаулар жүйесі, қазіргі терминдердің нормалану сипаты талданады. Зерттеудің теориялық базасын жазба ескерткіштер тілі, қазақ жазуы, орфография, пунктуация және ортология мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер құрайды. Эмпирикалық негіз ретінде қазақ тіліндегі негізгі тыныс белгілерінің бұрынғы атаулары мен қазіргі қолданыстағы терминдері алынды. Жұмыста тарихи-салыстырмалы, сипаттамалы, жүйелеу, терминологиялық және лингвистикалық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері қазақ пунктуациясының дайын күйде қабылданған ереже жиынтығы емес, ұлттық жазба тәжірибесі мен ғылыми нормалау негізінде қалыптасқан жүйе екенін көрсетеді. Мақаланың ғылыми маңызы тыныс белгісі атауларының тарихи, қызметтік және когнитивтік табиғатын ашуымен айқындалады. Практикалық құндылығы қазақ жазба тілін оқытуда, мәтін редакциялауда, цифрлық сауаттылықты арттыруда және қазақтілді жасанды интеллект модельдерін жетілдіруде қолданылу мүмкіндігімен байланысты.

Тірек сөздер: пунктуация; нормалану; термин; тыныс белгілері; ортология; орфография; А.Байтұрсынұлы жүйесі.

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің AP32321673 «Қазақ мәтіндерінің графикалық-пунктуациялық безендірілуінің ортологиялық, коммуникативтік негіздері және оның AI-моделінің тілтанымдық базасын әзірлеу» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында әзірленді.

Сілтеме жасау үшін: Рамазанов Т.Б. Қазақ пунктуациясының қалыптасуы мен ғылыми нормалану тарихы. *Tiltanym*, 2026. №3 (103). 71-83-бб.
DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-71-83

Талгат Бекболатович Рамазанов
доктор философии (PhD), Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-4405-5914 E-mail: tphd-92@mail.ru

ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ И НАУЧНОГО НОРМИРОВАНИЯ КАЗАХСКОЙ ПУНКТУАЦИИ

Аннотация. В статье рассматривается история становления и научного нормирования казахской пунктуации. Актуальность исследования определяется тем, что в современной письменной коммуникации знаки препинания осознаются не только как часть орфографических правил, но и как важное языковое средство, уточняющее смысл текста, структурирующее мысль и направляющее восприятие читателя. Цель статьи – выявить исторический путь формирования системы знаков препинания в казахском языке, преемственность прежних и современных наименований, а также особенности научного закрепления пунктуационной нормы. В соответствии с этой целью характеризуется место пунктуации в общем языкознании, анализируются этапы развития знаков препинания в казахском языке, система наименований, предложенная А. Байтурсынулы, и особенности нормализации современных терминов. Теоретическую базу исследования составляют научные труды, посвящённые языку письменных памятников, казахской письменности, орфографии, пунктуации и ортологии. Эмпирической основой послужили прежние наименования основных знаков препинания казахского языка и их современные терминологические соответствия. В работе применены историко-сравнительный и описательный методы, методы систематизации, а также терминологический и лингвистический анализ. Результаты исследования показывают, что казахская пунктуация представляет собой не готовый свод заимствованных правил, а систему, сформированную на основе национальной письменной практики и научного нормирования. Научная значимость статьи определяется раскрытием исторической, функциональной и когнитивной природы наименований знаков препинания. Практическая ценность связана с возможностью использования результатов в обучении казахской письменной речи,

редактировании текстов, повышении цифровой грамотности и совершенствовании казахскоязычных моделей искусственного интеллекта.

Ключевые слова: пунктуация; нормирование; термин; знаки препинания; ортология; орфография; система А. Байтурсынулы.

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан AP32321673 «Ортологические и коммуникативные основы графико-пунктуационного оформления казахских текстов и разработка лингвистической базы его AI-модели».

Для цитирования: Рамазанов Т.Б. История формирования и научного нормирования казахской пунктуации. *Tiltanym*, 2026. №3 (103). С. 71-83. (на каз. яз.)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-71-83

Talgat Ramazanov
Doctor of Philosophy (PhD), Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-4405-5914 E-mail: tphd-92@mail.ru

THE HISTORY OF THE FORMATION AND SCIENTIFIC STANDARDIZATION OF KAZAKH PUNCTUATION

Abstract. The article examines the history of the formation and scientific standardization of Kazakh punctuation. The relevance of the study is determined by the fact that, in modern written communication, punctuation marks are understood not only as part of orthographic rules, but also as important linguistic tools that clarify textual meaning, structure thought, and guide the reader's perception. The aim of the article is to identify the historical development of the system of punctuation marks in Kazakh, the continuity between earlier and modern names of punctuation marks, and the specific features of the scientific consolidation of punctuation norms. In line with this aim, the article describes the place of punctuation in general linguistics and analyzes the stages of development of punctuation marks in Kazakh, the system of names proposed by A. Baitursynuly, and the standardization of modern terms. The theoretical basis of the study consists of scholarly works on the language of written monuments, Kazakh writing, orthography, punctuation, and orthology. The empirical basis includes earlier names of the main punctuation marks in Kazakh and their modern terminological equivalents. The study employs the historical-comparative and descriptive methods, methods of systematization, as well as terminological and linguistic analysis. The results show that Kazakh punctuation is not a ready-made set of borrowed rules, but a system formed through national written practice and scientific standardization. The scientific significance of the article lies in revealing the historical, functional, and cognitive nature of punctuation mark names. Its practical value is related to the possible use of the results in teaching Kazakh written language, text editing, improving digital literacy, and developing Kazakh-language artificial intelligence models.

Keywords: punctuation; standardization; term; punctuation marks; orthology; orthography; A. Baitursynuly's system.

Source of financing: The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan AP32321673 "Orthological and communicative foundations of the graphic and punctuational design of Kazakh texts and the development of a linguistic basis for its AI model".

For citation: Ramazanov, T. The History of the Formation and Scientific Standardization of Kazakh Punctuation. *Tiltanym*, 2026. No.3 (103). Pp. 71-83. (in Kazakh)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-71-83

Кіріспе

Пунктуация – жазба тілдің мағыналық, құрылымдық және интонациялық жүйесін айқындайтын маңызды сала. Тыныс белгілері сөйлемнің шегін көрсетіп қана қоймайды, мәтіндегі ойдың байланысын, автордың көзқарасын, сөйлеу мәнерін және коммуникативтік мақсатты да танытады. Сондықтан пунктуацияны тек емле ережелерінің қосалқы бөлігі ретінде қарастыру жеткіліксіз. Ол жазба мәтіннің ішкі ұйымдасуына, сөйлемдердің өзара байланысына және ойдың дәл жеткізілуіне тікелей әсер ететін тілдік құралдар жүйесі болып саналады.

Пунктуацияның пайда болуы жазу мәдениетінің, кітап басу ісінің және жазба тіл нормаларының дамуымен тығыз байланысты. Алайда тыныс белгілері жазумен қатар бірден қалыптасты деуге болмайды. Жазу тарихында тыныс белгісі қолданылмаған немесе өте шектеулі қолданылған мәтіндер аз болмаған. Бұл пунктуацияның кейінгі кезеңдерде жазба мәтінді түсінікті ету, ойды мағыналық бөліктерге бөлу және оқырман қабылдауын жеңілдету қажеттігінен туғанын көрсетеді. Демек, тыныс белгілерінің қалыптасуы жазба тілдің күрделенуімен және мәтін мәдениетінің дамуымен сабақтас жүрді.

Жазба тіл мен ауызша сөйлеу бір-бірімен тығыз байланысты болғанымен, олардың ойды жеткізу тәсілдері бірдей емес. Ауызша тілде мағына интонация, дауыс ырғағы, кідіріс, екпін, сөйлеу қарқыны арқылы нақтыланады. Ал жазба мәтінде бұл қызметтің едәуір бөлігін тыныс белгілері атқарады. Мысалы, бір сөйлемнің мағынасы тыныс белгісінің қойылуына қарай өзгеруі мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, пунктуация жазба тілдегі ойды жүйелеудің, сөйлем құрылымын нақтылау мен мәтін мазмұнын дұрыс қабылдатудың негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады.

Қазақ тіліндегі пунктуация жүйесі де бірден орныққан жоқ. Оның қалыптасуы қазақ жазуының дамуымен, ұлттық тіл білімінің қалыптасуымен, грамматикалық нормалардың жүйеленуімен байланысты болды. Әсіресе қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің атаулары, олардың қызметі, сөйлем ішіндегі орны мен қолданылу заңдылықтары біртіндеп ғылыми сипат алды. Бұл үдерісте алғашқы грамматикалық еңбектердің, емле қағидаларының, мектеп оқулықтарының және кейінгі зерттеулердің орны ерекше. Сол себепті қазақ пунктуациясының тарихын тек тыныс белгілерінің қолданылу тарихы ретінде емес, жазба тіл нормасының қалыптасу тарихы ретінде де қарастыру қажет.

Қазіргі тіл білімінде пунктуация мәселесіне жаңа қырынан қарау қажеттігі байқалады. Себебі тыныс белгілері тек синтаксистік құрылымды көрсетіп қоймайды, мәтіннің прагматикалық мәнін, авторлық ұстанымды, эмоциялық реңкті және оқырманға бағытталған әсерді де білдіреді. Әсіресе көркем мәтін, публицистикалық мәтін, ғылыми стиль және қазіргі цифрлық коммуникацияда тыныс белгілерінің қызметі әртүрлі сипат алады. Бұл жағдай қазақ пунктуациясының қалыптасу тарихын, ғылыми нормалану жолын және қазіргі қолданыстағы қызметін өзара сабақтастықта зерттеудің өзектілігін арттырады.

Осыған орай аталмыш зерттеу жұмысының мақсаты – қазақ пунктуациясының қалыптасу тарихын, тыныс белгілер жүйесінің ғылыми нормалану үдерісін және олардың қазақ тіл біліміндегі орнығу ерекшеліктерін сипаттау. Осы мақсатқа жету үшін пунктуацияның жалпы тілдік табиғатын түсіндіру, қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің қалыптасу кезеңдерін айқындау, бұрынғы және қазіргі атаулардың сабақтастығын көрсету, сондай-ақ тыныс белгілерінің жазба мәтіндегі қызметін талдау міндеттері қойылды. Бұл бағыттағы зерттеу қазақ пунктуациясының ұлттық тіл біліміндегі орнын тереңірек танытуға және қазіргі жазба тіл нормаларын тарихи негізде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Материал және әдістер

Зерттеудің теориялық негізін қазақ пунктуациясының қалыптасуы мен ғылыми нормалануына қатысты еңбектер құрайды. Жазба ескерткіштер тіліндегі тыныс белгілерінің қолданылу сипатын тануда С. Малов, Ғ. Айдаров, А. Жапбаров еңбектеріндегі тұжырымдар негізге алынды. Бұл зерттеулер көне және орта ғасырлық жазба дәстүрдегі графикалық белгілердің мәтінді мүшелеу, ойды ажырату, мағыналық бөліктерді айқындау қызметін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қазақ тіл білімінде пунктуация мәселелері XX ғасырдың басынан бастап ғылыми тұрғыдан қарастырыла бастады. Осы бағытта А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Жиенбаев, А. Ысқақов, Х. Басымов, М. Балақаев, Ә. Хасенов еңбектеріндегі пікірлер зерттеудің басты ғылыми арқауы ретінде алынды. Қазақ пунктуациясының зерттелу тарихында өткен ғасырдың 50-80-жылдары ерекше орын алады. Бұл кезеңде тыныс белгілерінің синтаксистік, мағыналық және интонациялық қызметі жүйелі түрде талдана бастады. Ф. Мұсабекова, Р. Сыздық, Қ. Ниеталиева, Ш. Әуелбаев, Х. Арғынов еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдар қазақ пунктуациясының нормалану жолын айқындауға негіз болды.

Сонымен қатар алғашқы қазақ басылымдарындағы тыныс белгілерінің қолданысына қатысты ғалымдар Ғ. Әнес, О. Жұбаева зерттеулері және қазақ жазуының теориялық мәселелерін арнайы қарастырған Қ. Күдеринова еңбектері жұмыстың ғылыми мазмұнын толықтыра түсті. Бұл еңбектер қазақ жазба тілінің дамуындағы пунктуациялық норманың орнығуын, тыныс белгілерінің қызметтік сипатын және олардың терминдік жүйеге түсу үдерісін тануға мүмкіндік береді.

Зерттеудің эмпирикалық базасы ретінде қазақ тіліндегі негізгі тыныс белгілер жүйесі алынды. Атап айтқанда, нүкте, үтір, қос нүкте, нүктелі үтір, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте,

сызықша, дефис, тырнақша, жақша тәрізді белгілердің бұрынғы атаулары мен қазіргі ғылыми қолданыстағы атаулары салыстырылды. Әр тыныс белгісі атауының уәжі, сөйлемдегі қызметі және қазіргі пунктуациялық нормадағы орны тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастырылды.

Зерттеудің негізгі тілтанымдық тұжырымы А. Байтұрсынұлы жасаған тыныс белгісі атаулары қазақ пунктуациясының ғылыми қалыптануындағы алғашқы жүйелі модель ретінде бағалануға тиіс деген ойға негізделеді. Өйткені ғалым тыныс белгілерін дайын күйінде қабылдап қана қойған жоқ, олардың сөйлемдегі қызметін қазақ тілінің ішкі заңдылығына сай түсіндіріп, әр белгіге мағыналық уәжі бар атау берді. Бұл атаулар пунктуацияны жазудағы шартты таңба жүйесі ретінде ғана емес, ойды мүшелеудің, сөйлем құрылымын айқындау мен жазба тіл нормасын қалыптастырудың ғылыми құралы ретінде тануға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты зерттеудің бастапқы тезисі мынадай: қазақ пунктуациясы сырттан механикалық түрде көшірілген ереже жиынтығы емес, ұлттық жазба тіл тәжірибесі, терминжасам дәстүрі және ғылыми нормалау үдерісі арқылы біртіндеп қалыптасқан жүйе. Зерттеу гипотезасы бойынша А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі тыныс белгісі атауларын кейінгі қазақ тіл біліміндегі пунктуациялық терминдермен салыстыра қарастыру қазақ пунктуациясының қалыптасу логикасын, тарихи сабақтастығын және ғылыми нормалану бағытын айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, сипаттамалы, жүйелеу, терминологиялық және лингвистикалық талдау әдістері қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс тыныс белгілерінің әр кезеңдегі қолданысы мен атауларын салыстыруға негіз болды. Сипаттамалы әдіс арқылы әр белгінің қызметі түсіндірілді. Терминологиялық талдау бұрынғы және қазіргі атаулардың мағыналық байланысын анықтауға бағытталды. Жүйелеу әдісі жинақталған деректерді қазақ пунктуациясының қалыптасу кезеңдері бойынша топтастыруға мүмкіндік берді.

Жұмыс бірнеше кезең бойынша жүргізілді. Алдымен, пунктуацияға қатысты теориялық еңбектер жинақталып, негізгі ғылыми бағыттар айқындалды. Екінші кезеңде тыныс белгілерінің бұрынғы және қазіргі атаулары салыстырылды. Үшінші кезеңде әр белгінің қызметі мен нормалық сипаты талданды. Соңғы кезеңде алынған деректер қазақ пунктуациясының қалыптасу тарихы мен ғылыми нормалану үдерісі тұрғысынан жинақталды.

Әдебиетке шолу

Пунктуация жалпы тіл білімінде жазба мәтіннің құрылымын айқындайтын, мағынаны нақтылайтын және оқырман қабылдауын реттейтін маңызды таңбалық жүйе ретінде қарастырылады. Кең мағынада *пунктуация* графикалық лингвистиканың мәтіндегі сызба белгілер жүйесін зерттейтін саласына жатады. Ол графемика және субграфемикамен қатар жазудың графикалық жүйесін толықтырып, мәтіннің сыртқы пішінін ғана емес, ішкі мағыналық ұйымдасуын да көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, тыныс белгілері жазба коммуникациядағы қосымша семиотикалық жүйе ретінде бағаланады (Гельб, 1982: 51).

Жалпы тіл біліміндегі зерттеулердің артықшылығы – пунктуацияны тек емле немесе синтаксис ережелерімен шектемей, оны сөйлеу мен жазудың арақатынасы, мәтін интерпретациясы, прагматика, дискурс және семиотика аясында қарастыруында. Мұндай еңбектерде тыныс белгілері ауызша тілдегі кідіріс, интонация, екпін, дауыс ырғағы сияқты құралдардың жазба мәтіндегі баламасы ретінде түсіндіріледі. Сонымен қатар пунктуацияның мәтіндегі екіұштылықты азайтып, мағынаны дәл жеткізуге қызмет ететіні көрсетіледі (Baron, 2001: 18).

Қазіргі халықаралық зерттеулер пунктуацияны мәтіннің прагматикалық және когнитивтік құрылымымен де байланыстырады. Бірқатар еңбектерде тыныс белгілерінің тек графикалық таңба емес, дискурс сигналдары қатарында қызмет атқаратыны дәлелденеді. Әсіресе үтір, нүкте, қос нүкте, сызықша, көп нүкте сияқты белгілер мәтіндегі байланыстарды нақтылап, авторлық қатынасты, эмоциялық реңкті және ойдың аяқталу-аяқталмау сипатын білдіреді. Бұл бағыттағы зерттеулер пунктуацияны мәтін мағынасын құраушы белсенді элемент ретінде тануға мүмкіндік береді (Crible, 2020: 795).

Ағылшын тіл біліміндегі пунктуация тарихы жазу мәдениетімен, латын дәстүрімен және баспа ісінің дамуымен тығыз байланысты сипатталады. Үтір, нүктелі үтір, қос нүкте сияқты

белгілердің қазіргі қызметі бірден қалыптаспағаны, олардың бастапқыда мәтінді дауыстап оқуға ыңғайлау, сөйлемді мағыналық бөліктерге ажырату, ойдың арақатынасын көрсету қажеттігінен туғаны айтылады. Бұл үдерісте баспа мәдениетінің ықпалы ерекше болды. Ағылшын пунктуациясы тарихына арналған зерттеулерде Венеция баспагері Альд Мануцийдің үтір пішінін орнықтырып, нүктелі үтірдің қолданысын қалыптастырған тұлғалардың бірі ретінде аталуы осыны дәлелдейді. Ағылшын пунктуациясының дамуында тыныс белгілерінің бірізденуі тек тілдік қажеттілікпен ғана емес, кітап басу ісінің, мәтінді рәсімдеу мәдениетінің және оқырманға қолайлы жазба үлгі қалыптастырудың нәтижесі ретінде түсіндіріледі (Mulvey, 2016: 48).

Орыс тіл білімінде пунктуация дербес ғылыми сала ретінде көне жазба дәстүр, славян грамматикалары және кейінгі грамматикалық зерттеулер негізінде қалыптасты. Бұл салада М. Ломоносов, Я. Грот, А. Пешковский, Л. Щерба, А. Шапиро еңбектері маңызды орын алады. Орыс пунктуациясының басты артықшылығы – тыныс белгілерін сөйлем құрылымы, мағына және интонация бірлігінде түсіндіруінде. Осыған байланысты орыс пунктуациясында логикалық, синтаксистік және интонациялық бағыттар қалыптасты. Логикалық бағыт тыныс белгілерін ойдың мағыналық жіктелуімен байланыстырса, синтаксистік бағыт сөйлем мүшелері мен құрмалас сөйлем компоненттерінің құрылымдық арақатынасына сүйенеді. Ал интонациялық бағыт жазба мәтіндегі кідіріс, дауыс ырғағы, сөйлеу әуезін тыныс белгілері арқылы беруді негізге алады. 1956 жылғы «Правила русской орфографии и пунктуации» атты еңбегі орыс пунктуациясын біріздендірудегі маңызды нормалық кезеңдердің бірі саналады (Сигал, 2022: 131).

Қазіргі орыс тіл біліміндегі зерттеулер пунктуацияны дәстүрлі ережелер жиынтығы ретінде ғана емес, сөйлеу актісі, мәтін прагматикасы және авторлық интенция тұрғысынан қарастыра бастады. Мұндай еңбектерде тыныс белгілерінің коммуникативтік қызметі кеңірек ашылады. Яғни пунктуация жазба мәтіндегі мағынаны нақтылап қана қоймай, адресант пен адресат арасындағы қатынасты, автордың бағалау мәнін, ойдың берілу тәсілін де таныта алады. Бұл бағыт пунктуацияны синтаксистік норма деңгейінде ғана емес, мәтіннің прагматикалық ұйымдасуын көрсететін құрал ретінде тануға мүмкіндік береді (Голев, 2026: 13).

Тыныс белгілерінің қолданылу тарихы жазба мәдениеттің дамуымен тығыз байланысты. Әлемдік жазу тәжірибесінде қазіргі тыныс белгілері бірден қалыптаспағаны белгілі. Мысалы, үтір белгісінің кітап бетінде XV – XVI ғасырлар аралығында орныға бастағаны айтылады. Ал нүкте мен қос нүкте сияқты белгілердің қолданылу тарихы бұдан да ертерек кезеңдермен сабақтас. Бұл деректер пунктуацияның жазумен қатар бір мезгілде емес, мәтінді түсінікті ету, ойды мағыналық бөліктерге ажырату, оқырман қабылдауын жеңілдету қажеттігінен біртіндеп қалыптасқанын көрсетеді.

Қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің қалыптану үдерісін үш кезеңге бөлуге болады:

1. Жазба ескерткіштер тіліндегі тыныс белгілері (V – XVIII ғғ.);
2. Алғашқы басылымдардағы тыныс белгілері (XVIII – XIX ғғ.);
3. Қазіргі тыныс белгілері (XX – XXI ғғ.) (Ескермесова, 2022: 11).

Қазақ тіл біліміндегі пунктуация мәселелері жазба ескерткіштер тілін қарастырудан бастау алады. Көне түркі жазбаларында сөздерді немесе сөйлемдерді ажырату үшін әліпбиге енбеген қосымша белгілер қолданылғаны белгілі. С. Малов Енисей жазуында кездесетін қос нүкте тәрізді белгілердің бірнеше тыныс белгісінің қызметін атқарғанын көрсетеді (Малов, 1952: 87). Белгілі ғалым Ғ. Айдаров та қос нүктенің көбіне сөз не сөйлем соңында қолданылғанын атап өтеді (Айдаров, 2021: 307). Бұл деректер көне жазба дәстүрде тыныс белгісі элементтерінің көпқызметті болғанын аңғартады.

Орхон-Енисей және араб графикасымен жазылған мұраларда қазіргі пунктуациялық жүйе толық қалыптаспағанымен, мәтінді бөлуге, ой жігін ажыратуға арналған графикалық таңбалар кездеседі. Белгілі ғалым Т. Қордабаев көне жазбаларда қос нүкте, төрт нүктеден құралған ромб тәрізді белгілер, ал ертеректегі қисса-дастандарда өлең жолдарын ажырататын түрлі шартты таңбалар болғанын көрсетеді (Қордабаев, 1966: 136). Бұл қазақ пунктуациясының бастауларын тек XX ғасырдан емес, одан бұрынғы жазба мәдениетпен сабақтастыра қарастыру қажеттігін дәлелдейді.

XX ғасырдың басында қазақ пунктуациясы ғылыми тұрғыдан жүйелене бастады. А. Байтұрсынұлы тыныс белгілеріне қазақ тілінің табиғатына сай атау беріп, олардың сөйлемдегі қызметін түсіндіруге ұмтылды (Байтұрсынұлы, 2022: 148). Қ. Жұбанов жазба сөзде ауызша тілдегі ым, дауыс әуені, интонация болмайтынын ескертіп, тыныс белгілерін дұрыс қою жазба мәтінді түсінудің басты шарты екенін айтады (Жұбанов, 2010: 169). Бұл кезеңдегі еңбектер қазақ пунктуациясының ғылыми қалыптануындағы алғашқы теориялық негізді құрады.

Алғашқы мақалаларда үтір, сызықша, қаратпа сөз, бірыңғай мүшелер, салалас құрмалас сөйлем, қыстырма сөздер мен қыстырма сөйлемдерге қойылатын тыныс белгілері арнайы сөз болды. Ш. Сарыбаев пен С. Жиенбаевтың еңбектерінде тыныс белгілерін қоюда интонацияның рөлі көрсетіліп қана қоймай, пунктуацияның синтаксистік негізі де айқындала түсті (Сарыбаев, 1936: 23). С. Жиенбаевтың тыныс белгісін синтаксистік категория ретінде бағалауы қазақ пунктуациясын жеке ереже жиынтығы емес, сөйлем құрылысының көрсеткіші ретінде тануға жол ашты (Жиенбаев, 1940: 13).

Кейінгі кезеңде қазақ пунктуациясының жекелеген мәселелері арнайы мақалалар мен оқу-әдістемелік еңбектерде кеңірек қарастырыла бастады. Қ. Басымұлының сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс қоюға арналған еңбегінде пунктуациялық сауаттылық мәселесі көтерілсе (Басымұлы, 2018: 116), М. Балақаев тыныс белгілерін сауатты жазудың негізгі шарттарының бірі ретінде бағалады (Балақаев, 2008: 97). Ә. Хасенов сызықшаның қолданылу ерекшеліктеріне тоқталып, оның сөйлем құрылымындағы қызметін түсіндіруге мән берді. Ал А. Ысқақов пен Ә. Хасеновтың еңбектерінде тыныс белгілерінің қойылатын орындары, олардың грамматикалық негізі мен жазба тілдегі қызметі жүйелі түрде сипатталды. Бұл зерттеулер қазақ пунктуациясын практикалық ереже деңгейінде ғана емес, сөйлем құрылысы мен жазба тіл мәдениетімен байланысты қарастыруға жол ашты (Хасенов, 1957: 21).

Қазақ тіл білімінде 1950-1980 жылдар аралығы пунктуация мәселелерінің ғылыми тұрғыдан өнімді зерттелген кезеңі болды. Осы уақытта пунктуация орфография мен синтаксис аясында ғана қарастырылмай, дербес ғылыми нысан ретінде зерделене бастады. Ф. Мұсабекованың жай сөйлем пунктуациясына арналған зерттеулері қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің синтаксистік негізін айқындауға бағытталды. Ғалымның «Жай сөйлем пунктуациясының негіздері», «Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы» сияқты еңбектері пунктуациялық ережелерді жүйелеуге және олардың қолданылу себептерін түсіндіруге елеулі үлес қосты (Мұсабекова, 1959: 52). Тілші-ғалымдар Р. Сыздық пен Қ. Ниеталиеваның «Тыныс белгілері ережелері», Ш. Әуелбаевтың «Пунктуацияның қиын мәселелері» тәрізді еңбектерінде тыныс белгілерінің күрделі қолданыстары, емле мен пунктуацияның өзара байланысы, жазба нормадағы даулы тұстар нақты мысалдар арқылы талданды (Әуелбаев, 1977: 15).

Бұл кезеңде пунктуацияны оқыту мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Х. Арғыновтың «Қазақ тілі методикасы» еңбегінде синтаксис пен пунктуацияны оқыту өзара байланыста қарастырылып, оқушының тыныс белгілерін дұрыс қою дағдысын қалыптастыру үшін грамматикалық заңдылықтарды меңгерудің маңызы көрсетілді. Ғалымның пікірінше, тыныс белгілерінің қай жерде қойылатынын білу үшін алдымен сол белгілерді қажет ететін грамматикалық негіздерді, оған қатысты ереже мен анықтамаларды игеру қажет. Бұл тұжырым пунктуацияны механикалық жаттау емес, синтаксистік құрылымды түсіну арқылы меңгеру керектігін аңғартады (Арғынов, 1974: 109).

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басында қазақ пунктуациясының бірізденуіне академик Р. Сыздық еңбектері айрықша ықпал етті. Ғалымның бірнеше рет жарық көрген «Қазақ тілінің анықтағышы» мен «Емле және тыныс белгілері» атты еңбектері қазақ жазба тілінің нормаларын жүйелеуде маңызды орын алды. Бұл еңбектерде емле қағидаларымен бірге тыныс белгілерінің қойылатын орындары жинақталып, баспа қызметкерлері, мұғалімдер және жалпы жазба тіл нормасын ұстанушылар үшін нақты анықтамалық сипатта ұсынылды. Алғашқы анықтағыштар 1957 жылы бекітілген қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерін басшылыққа алса, кейінгі басылымдарда емле мен пунктуациядағы өзгерістер ескеріліп, нормалық қағидалар толықтырылды. Осылайша Р. Сыздық еңбектері қазақ пунктуациясының ғылыми нормалануын кеңейтіп, оны практикалық қолданысқа орнықтыруға үлкен үлес қосты (Сыздық, 2000: 107)

Қазақ тіл білімінде жазу теориясын арнайы қарастырған ғалым Қ. Күдеринова жазуды мәдениет, өркениет, қоғам, ойлау, тіл және коммуникация ұғымдарымен сабақтастықта талдайды. Ғалым жазудың тек дыбысты таңбалау құралы емес, ақпаратты сақтау мен таратудың, жазба коммуникацияны орнықтырудың негізгі тетігі екенін көрсетеді. Бұл тұжырым пунктуацияны да жазба тілдің техникалық қосымшасы емес, мәтінді жүйелеуге, мағынаны дәл жеткізуге және жазба нормасын тұрақтандыруға қатысатын маңызды құрал ретінде қарастыруға негіз болады (Күдеринова, 2013: 118).

Пунктуацияның нормалық сипаты ортология мәселелерімен де тікелей байланысты. Ғалым А. Алдаш қазақ ортологиясын тіл мәдениеті, емле қағидаттары және жазба норма аясында қарастырып, бұл бағыттың қазақ тіл біліміндегі бастауында А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбанов мұралары тұрғанын атап өтеді. Осы тұрғыдан алғанда, пунктуациялық ортологияны тыныс белгілерінің дұрыс қойылуын, олардың коммуникативтік қызметін және жазба тілдегі нормалық қолданысын айқындайтын сала ретінде тануға болады (Алдаш, 2021: 87).

Қазіргі қазақ пунктуациясын функционалдық және коммуникативтік-прагматикалық қырынан қарастырған зерттеулердің бірі – Г.А. Ескермесованың «Қазіргі пунктуация: функциясы мен коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті» атты докторлық диссертациясы. Зерттеуде қазақ пунктуациясының даму үрдісі бағамдалып, тыныс белгілерінің қазіргі лингвистикадағы кең мағынадағы қызметі сараланады. Автор пунктуацияны тек орфографиялық немесе синтаксистік ереже жүйесі ретінде емес, жазба мәтіндегі мағынаны нақтылайтын, авторлық интенцияны білдіретін, оқырман қабылдауын бағыттайтын коммуникативтік құрал ретінде сипаттайды. Бұл еңбек қазақ пунктуациясын ғылыми нормалану тарихымен қатар мәтін прагматикасы, функционалдық әлеует және жазба коммуникация тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді (Ескермесова, 2022: 28).

Қазақ пунктуациясының зерттелу тарихына жасалған шолу бұл саланың тек емле ережелері шеңберінде қалып қоймағанын көрсетеді. Ол жазба ескерткіштердегі графикалық белгілерден бастап, алғашқы басылымдардағы ала-құлалық кезеңнен өтіп, XX ғасырдағы ғылыми жүйелеу мен қазіргі нормалық қолданысқа дейін дамыды. Осы тұрғыдан алғанда, А. Байтұрсынұлы жасаған тыныс белгісі атаулары қазақ пунктуациясының ғылыми қалыптануындағы алғашқы жүйелі модель ретінде бағаланады. Ал кейінгі еңбектер бұл модельді кеңейтіп, қазақ жазба тілінің нормалық жүйесін орнықтырды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ пунктуациясының қалыптасу тарихын алғашқы қазақ баспасөзімен байланыстыра қарастыру маңызды. Себебі графика, орфография және пунктуация мәселелері, ең алдымен, мерзімді басылымдарда көтеріліп, жазба тіл нормасын қалыптастыруға қатысты алғашқы пікірлер осы ортада жариялана бастады. «Қазақ», «Айқап», «Шора», «Еңбекші қазақ», «Сана», «Жаңа мектеп», «Қызыл Қазақстан» сияқты басылымдарда жазу, емле, тыныс белгілері туралы ойлардың көрінуі қазақ жазба тілінің біріздену үдерісі баспасөз тілімен тығыз байланысты болғанын аңғартады.

Академик Р. Сыздық XIX ғасырдың соңындағы «Дала уалаяты» газетінде жарық көрген мақалаларда қазақ жазуы, әліпбиі және тыныс белгілеріне қатысты алғашқы пікірлер айтылғанын көрсетеді. Атап айтқанда, Асылқожа Құрманбаевтың «Қазақ тілі турасынан», Дінмұхамед Сұлтанғазиннің «Қазақ тілінде жазу туралы», «Қазақ сөзін қалайша жазу турасы», Рақымжан Дүйсембаевтың «Қазақ алфавиті туралы мәселеге» атты мақалалары қазақ жазба тілін реттеу мәселесінің ертеректен қозғалғанын дәлелдейді. Бұл деректер тыныс белгілерінің қазақ тіліндегі қалыптасу тарихын XX ғасыр басымен ғана шектемей, XIX ғасырдың соңындағы баспасөз тәжірибесімен де байланыстыра қарастыру қажеттігін көрсетеді (Сыздық, 2014: 96).

Аталған кезеңдегі басты ерекшелік – тыныс белгілерінің атауы әлі толық қалыптаспаған еді. Сондықтан қазіргі «тыныс белгілері» деген атаудың орнына «тыныстар», ал «тыныс белгілерін қою» деген мағынада «тыныстарды жүргізу» тәрізді тіркестер қолданылған. Сол сияқты қазіргі нүкте «тыныс», үтір «жарты тыныс», нүктелі үтір «тыныстың төрт бөлгендегі түрі» ретінде түсіндірілген. Бұл атаулардың термин ретінде орнығуынан гөрі, олардың қызметін сипаттау басым болғанын байқатады.

Алғашқы баспасөздегі тыныс белгілерін түсіндіру тәсілі де қазіргі ғылыми терминдерден өзгеше болды. Мысалы, *леп белгісі* жеке термин ретінде орнықпағандықтан, оның орнына ашулану, қорқу, таңдану мәнімен айтылған сөздің соңына қойылатын белгі ретінде сипаттама берілген. *Сұрау белгісі* де дайын атау арқылы емес, «сұралған жауаптың аяғына қойылатын» белгі ретінде түсіндірілген. Демек, бұл кезеңде тыныс белгілерінің атауы емес, алдымен олардың мәтіндегі қызметі мен қолданылатын орны танытылды.

Алғашқы қазақ басылымдарындағы тыныс белгілерінің қолданысын арнайы қарастырған зерттеушілердің бірі, ғалым – Ғ. Әнес. Ғалым араб графикасымен жарық көрген алғашқы қазақ кітаптары мен мерзімді басылымдарында тыныс белгілерінің ұзақ уақыт бірізді қолданылмағанын атап өтеді. Оның көрсетуінше, 1896 жылдан бастап «Дала уалаяты газетінде» тыныс белгілерінің жаңа жүйесі туралы хабарламалар жарияланғанымен, онда *нүкте, нүктелі үтір, үтір* тәрізді белгілердің атауы берілген, бірақ нақты қолданылатын орындары толық көрсетілмеген. Бұл кезеңде тыныс белгілері мәтінді мүшелеудің бастапқы құралы ретінде танылғанымен, олардың нормалық қызметі әлі орныға қоймаған еді.

Ғ. Әнес пікірінше, тыныс белгілерінің біршама жүйелі әрі еркін қолданылуы «Қазақ» газетінде айқын көрінді. Бұл басылымда *нүкте, үтір, сұрау, леп, сұраулы леп, жақша, қос нүкте* сияқты белгілердің қолданысы кеңейіп, мәтіннің интонациялық және мағыналық құрылымын нақтылаудағы қызметі күшейе түсті. Зерттеуші кейбір мәтін нұсқаларында тыныс белгілерінің өзгеруі сөздің не тіркестің мағыналық қабылдануына да әсер еткенін көрсетеді. Демек, алғашқы баспасөздегі пунктуациялық ала-құлалықты тек техникалық кемшілік деп емес, қазақ жазба тілінің нормаға түсу жолындағы өтпелі кезеңі ретінде бағалау қажет (Әнес, 2019: 87).

Қазақ пунктуациясының ғылыми жүйеленуі А. Байтұрсынұлы еңбектерімен тығыз байланысты. 1925 жылы Қызылордада жарық көрген «Тіл – құрал» еңбегінде берілген «Жазу қосымша белгілері мен тыныс белгілерінің жалпы ережесі» бөлімі қазақ тіліндегі тыныс белгілерін атау, түсіндіру және қолдану тәртібін жүйелеуге бағытталған алғашқы еңбектердің бірі саналады. Ғалым бұл бөлімде *кіші сызықша, үлкен сызықша, ноқат, үтірлі ноқат, теріс үтір, қос ноқат, сұрау белгісі, леп белгісі, көп ноқат, қабат үтір, жақша* сияқты атауларды көрсетеді. Бұл атаулардың бір бөлігі белгінің сыртқы пішініне, бір бөлігі сөйлемдегі қызметіне, енді бір бөлігі кідіріс пен интонациялық ерекшелікке негізделген. Сондықтан А. Байтұрсынұлы жүйесінде тыныс белгілері жай шартты таңба ретінде емес, жазба мәтіндегі ойдың қозғалысын, кідірісін, аяқталуын және байланысын танытатын тілдік құрал ретінде түсіндіріледі (Байтұрсынұлы, 2023).

Қазіргі қазақ пунктуациясындағы атаулармен салыстырғанда, А. Байтұрсынұлы қолданған терминдердің бір бөлігі сол күйінде немесе аздаған өзгеріспен сақталған. Мысалы, *ноқат* қазіргі қолданыста *нүкте, қос ноқат – қос нүкте, көп ноқат – көп нүкте, жақша – жақша, теріс үтір – үтір, үлкен сызықша – сызықша* түрінде орнықты. Ал *үтірлі ноқат* атауы қазіргі тілде *нүктелі үтір* болып қалыптасты. Мұнда атау құрамындағы сөздердің орны өзгергенімен, белгінің екі құрамды графикалық сипаты сақталған. *Қабат үтір, қабатша қос тырнақ* атаулары кейін *тырнақша* терминімен ауысты. *Кіші сызықша* атауының орнына қазіргі ғылыми қолданыста *дефис* термині орнықты. Бұл өзгерістер қазақ пунктуациялық терминдерінің біртіндеп ықшамдалып, оқу жүйесіне, емле ережелеріне және ғылыми айналымға бейімделгенін көрсетеді (Жұбаева, 2017: 79).

Атау жасауда А. Байтұрсынұлы негізінен қазақ тіліне түсінікті сөздерді және қазақ тілінің сөзжасам мүмкіндіктерін пайдаланған. Мысалы, *кіші сызықша* мен *үлкен сызықша* атаулары белгі көлемі мен қызметіндегі айырмашылықты бірден танытады. *Ноқат, қос ноқат, көп ноқат* атауларында белгінің пішіні негізге алынса, *ұлы тыныс, орта тыныс, кіші тыныс* атауларында сөйлеу кезіндегі кідіріс деңгейі басшылыққа алынған. Бұл атаулар оқушыға тыныс белгілерін механикалық түрде жаттатпай, олардың не үшін қойылатынын түсіндіруге ыңғайлы болды. Сондықтан бұрынғы атаулардың құндылығы олардың тек тарихи термин болуында емес, пунктуациялық қызметті танымға жақын, түсінікті тілмен жеткізуінде.

Кіші сызықша «тіркестіру белгісі» ретінде түсіндірілген. Оның негізгі қызметі – екі сөзді немесе сөз бөлшектерін өзара байланыстыру. А. Байтұрсынұлы бұл белгінің қос сөздерде, бір

сөздің жолға сыймаған бөлігін келесі жолға тасымалдағанда, сондай-ақ сөз бен оған қатысты қосымша не қыстырма элементтің арасын ажыратпай оқу қажет болғанда қолданылатынын көрсетеді. Осы қызмет қазіргі *дефис* ұғымымен сәйкес келеді. Алайда тіркестіру белгісі деген атау дефистің сыртқы таңбасын ғана емес, оның басты қызметін – сөздерді не сөз бөлшектерін байланыстыру қызметін дәл танытады. Бұл қазіргі терминологияда жоғалғанымен, атаудың уәжділігі жоғары болғанын аңғартады.

Үлкен сызықша А. Байтұрсынұлы жүйесінде «жұмақтау белгісі» деп түсіндіріледі. Бұл атау қазіргі сызықшаның жалпылау, теңестіру, ойды жинақтау қызметіне сай келеді. Ғалымның түсіндіруінде бұл белгі бытыраңқы ұғымдарды бір жерге шоғырландыру, жалқы ұғымдарды жалпылау, екі ұғымды теңестіру, салыстыру мәнінде қолданылады. Мысалы, бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша немесе жалпылауыш мәндегі құрылымдар осы қызметпен байланысты. Демек, «жұмақтау белгісі» атауы сызықшаның синтаксистік қызметінен бөлек, мәтіндегі ойды жинақтап, бір логикалық арнаға түсіретін мағыналық қызметін де көрсетеді.

Ноқат «ұлы тыныс» ретінде беріліп, аяқталған ойды білдіретін негізгі белгі ретінде сипатталады. Ол толық біткен сөйлемдердің арасына, мақала не кітап атауынан кейін, қысқартылған сөздерден соң және ықшамдалған сөйлемдердің соңында қойылатыны көрсетілген. Мұндағы «ұлы тыныс» атауы нүктенің сөйлемді аяқтау, ойды тиянақтау қызметін дәл бейнелейді. Ал *үтірлі ноқат* «орта тыныс» деп аталып, нүкте мен үтірдің аралығындағы қызметті атқарады. Ол мағыналық жақындығы бар сөйлемдер арасында, сондай-ақ құрамында өз ішкі мүшеленуі бар күрделі құрылымдарды ажыратуда қолданылған. Осыдан көрінетіні – А. Байтұрсынұлы тыныс белгілерін жай графикалық таңба ретінде емес, ойдың аяқталу дәрежесін, сөйлемдер арасындағы мағыналық арақатынасты және мәтін ішіндегі кідіріс деңгейін көрсететін жүйе ретінде таныған.

Кесте 1 – Бұрынғы және қазіргі тыныс белгісі атаулары
Таблица 1 – Прежние и современные наименования знаков препинания
Table 1 – Historical and Modern Names of Punctuation Marks

Тыныс белгі	*А. Байтұрсынұлы қолданған атау*	*Қосымша түсіндірме атауы*	*Қазіргі атауы*
-	кіші сызықша	тіркестіру белгісі	дефис
–	үлкен сызықша	жұмақтау белгісі	сызықша
.	ноқат	ұлы тыныс	нүкте
;	үтірлі ноқат	орта тыныс	нүктелі үтір
,	теріс үтір	кіші тыныс	үтір
:	қос ноқат	бәшелеу белгісі	қос нүкте
?	сұраулық белгі	-	сұрау белгісі
!	лептеулік белгі	-	леп белгісі
...	көп ноқат	қалдыру, тастау белгісі	көп нүкте
“ ”	қабат үтір	қабатша қос тырнақ	тырнақша
( )	жақша	қамау белгісі	жақша

А. Байтұрсынұлы жүйесіндегі тыныс белгісі атаулары олардың сыртқы пішініне, сөйлемдегі қызметіне және сөйлеу үдерісіндегі кідіріс деңгейіне негізделіп жасалған. Ең алдымен, *графикалық пішінге сүйенген атауларды* бөліп көрсетуге болады. Мысалы, *ноқат, қос ноқат, көп ноқат, сызықша* тәрізді атаулар белгінің көзге көрінетін сыртқы бейнесін негізге алады. Бұл – термин жасаудағы ең түсінікті әрі табиғи тәсіл. Өйткені оқушы немесе жазу қолданушысы алдымен белгінің формасын таниды, содан кейін ғана оның қызметін меңгереді. Осы тұрғыдан алғанда, мұндай атаулар тыныс белгілерін қабылдауды жеңілдетіп, пунктуациялық сауаттың қалыптасуына ықпал еткен.

Екінші бір маңызды ұстаным – тыныс белгілерін *кідіріс пен интонацияға байланысты атау.* Ұлы тыныс, орта тыныс, кіші тыныс атаулары осыған дәлел бола алады. Бұл атаулар

тыныс белгілерінің сөйлеу кезіндегі пауза, дауыс ырғағы, ойдың аяқталу немесе жартылай аяқталу деңгейімен байланысын көрсетеді. Мысалы, ұлы тыныс сөйлемдегі ойдың толық аяқталғанын білдірсе, орта тыныс мағыналық жағынан жақын, бірақ дербестігі бар бөліктердің арасын ажыратады. Ал кіші тыныс сөйлем ішіндегі қысқа кідірісті танытады. Демек, А. Байтұрсынұлы тыныс белгілерін тек жазба таңба ретінде емес, ауызша сөйлеудегі интонациялық құбылыстардың жазудағы көрінісі ретінде де түсіндірген.

Үшінші ұстаным *белгінің нақты қызметіне* негізделеді. *Сұрау белгісі, леп белгісі, қамау белгісі, қалдыру* немесе *тастау белгісі* сияқты атаулар тыныс белгінің мәтіндегі міндетін бірден танытады. Мұндай атауларда таңбаның пішінінен гөрі оның сөйлемдегі қызметі алдыңғы орынға шығады. Сонымен бірге кейбір атаулар аралас уәжге құрылған. Мысалы, *үтірлі ноқат* атауы белгінің сыртқы құрамын көрсетсе, *орта тыныс* атауы оның сөйлем ішіндегі кідіріс деңгейін аңғартады. *Қос ноқат* атауында да пішіндік белгі басым болғанымен, *бәшелеу белгісі* деген түсіндірме оның кейінгі ойды таратып, түсіндіріп беру қызметін ашады. Осыдан А. Байтұрсынұлының тыныс белгісі атауларын жасауда бір ғана өлшеммен шектелмей, пішін, қызмет, интонация және мағыналық уәжді қатар ескергені байқалады.

А. Байтұрсынұлы ұсынған тыныс белгісі атауларын қазақ пунктуациясының *ғылыми қалыптануындағы алғашқы жүйелі модель* ретінде бағалауға негіз бар. Бұл жүйенің құндылығы тыныс белгілерді жеке-жеке атаумен ғана шектелмей, оларды жазба мәтіндегі қызметіне қарай реттеп, әр белгінің сөйлем құрылымындағы орнын түсіндіруінде жатыр. Ғалым тыныс белгілерін дайын таңба ретінде қабылдап қана қоймай, олардың қазақ тіліндегі сөйлем құрау, ойды мүшелеу, мағынаны даралау қызметімен байланысын көрсетеді. Осы арқылы пунктуация қазақ тіл білімінде жазба норманың бір саласы ретінде ғылыми сипат ала бастады.

Бұл жүйелілік, ең алдымен, атау мен қызметтің өзара сәйкестігінен байқалады. Әрбір тыныс белгісі белгілі бір мәтіндік қажеттілікке жауап береді: біреуі ойды аяқтайды, біреуі сөйлем ішіндегі бөліктерді ажыратады, енді бірі кейінгі түсіндіруді күттіреді немесе негізгі ойдан тыс қосымша мәліметті бөліп көрсетеді. Мұндай түсіндіру тәсілі тыныс белгілерін механикалық ереже ретінде емес, мәтін мағынасын ұйымдастыратын құрал ретінде тануға мүмкіндік береді. Сондықтан А. Байтұрсынұлы жүйесінде пунктуация синтаксиспен, интонациямен және мәтіннің мағыналық құрылымымен бірлікте қарастырылады.

Ғалым ұсынған кейбір атаулар қазіргі терминдік қолданыста сақталмаса да, олардың негізіндегі ғылыми қағида кейінгі пунктуациялық норманың қалыптасуына ықпал етті. Мысалы, бүгінгі қолданыста «ұлы тыныс», «орта тыныс», «кіші тыныс» атаулары белсенді жұмсалмайды, бірақ *нүкте, нүктелі үтір, үтір* белгілерінің ойды аяқтау, мағыналық бөліктерді ажырату, қысқа кідірісті көрсету қызметі сол күйінде сақталған. Демек, Байтұрсынұлы атаулары тарихи термин ғана емес, қазақ пунктуациясының ішкі логикасын танытатын ғылыми түсіндіру үлгісі болып табылады.

Тыныс белгісі атауларының *когнитивтік сипаты* олардың жазба мәтінді адам санасында қалай қабылдататынымен байланысты. А. Байтұрсынұлы қолданған атаулар белгі мен мағына арасындағы байланысты оқырманға жақын, түсінікті бейне арқылы жеткізеді. Мысалы, «ұлы тыныс» атауы сөйлемнің толық аяқталғанын, ойдың тиянақталғанын аңғартса, «орта тыныс» ойдың әлі жалғасатынын, бірақ белгілі бір мағыналық шекке жеткенін білдіреді. «Кіші тыныс» атауы сөйлем ішіндегі қысқа кідірісті танытып, оқырманға ойдың ұсақ бөліктерге бөлінуін сездіреді.

Кейбір атаулар оқырман санасында мәтіннің келесі бөлігінде қандай мазмұн берілетінін алдын ала аңғартады. Мысалы, «қос ноқат» немесе «бәшелеу белгісі» кейін бір нәрсе түсіндірілетінін, таратылып айтылатынын алдын ала білдіреді. «Көп ноқат» ойдың аяқталмай қалғанын, сөйлеушінің кідірісін, айтылмаған немесе әдейі қалдырылған мағынаны сездіреді. Ал «қамау белгісі» негізгі ойдан бөлек, бірақ соған қатысты қосымша ақпараттың берілетінін көрсетеді. Мұндай атаулар тыныс белгілерінің тек грамматикалық қызметін емес, мәтінді қабылдаудағы психологиялық және танымдық әсерін де байқатады.

Осы тұрғыдан қарағанда, А. Байтұрсынұлы атаулары жазба мәтіндегі ой қозғалысын адам қабылдауына жақын бейнелейді. Олар аяқталу, жалғасу, үзілу, бөлектеу, түсіндіру, нақтылау

сияқты мәтіндік әрекеттерді қарапайым әрі уәжді атаулар арқылы танытады. Бұл – қазақ пунктуациясының когнитивтік табиғатын ашатын маңызды белгі. Себебі тыныс белгісі атауы оқырманға таңбаның сыртқы түрін ғана емес, оның мәтіндегі қызметін, мағыналық салмағын және қабылдану жолын да түсіндіреді.

Жоғарыдағы талдауларды негізге ала отырып, *қол жеткізген ғылыми нәтижелерді* бірнеше бағытта топтауға болады.

Біріншіден, қазақ пунктуациясының қалыптасуы жеке тыныс белгілерінің қолданыс тарихымен ғана шектелмейтіні, оның жазба тіл мәдениеті, баспасөз тәжірибесі, ұлттық терминжасам және ғылыми нормалану үдерісімен бірлікте дамығаны айқындалды.

Екіншіден, А. Байтұрсынұлы ұсынған тыныс белгісі атаулары қазақ пунктуациясын жүйелеудің алғашқы ғылыми үлгісі ретінде танылды. Бұл атаулар белгінің пішінін, қызметін, кідіріс деңгейін және мәтіндегі мағыналық рөлін қатар қамтып, пунктуацияны оқушыға да, жазба тіл қолданушысына да түсінікті етіп ұсынған.

Үшіншіден, бұрынғы атаулар мен қазіргі пунктуациялық терминдер арасындағы сабақтастық анықталды. Қазіргі *нүкте, үтір, қос нүкте, нүктелі үтір, сызықша, тырнақша, жақша* сияқты атаулар ғылыми және оқу жүйесінде ықшамдалып, тұрақты нормаға айналғанымен, олардың бастапқы уәжі мен қызметтік негізі сақталғаны байқалды.

Төртіншіден, тыныс белгісі атауларының когнитивтік сипаты айқындалып, олардың жазба мәтіндегі ойдың аяқталуын, жалғасуын, бөлінуін, үзілуін, түсіндірілуін және қосымша ақпараттың берілуін адам қабылдауына жақын бейнелейтіні көрсетілді.

Қорытынды

Қазақ пунктуациясының қалыптасуы мен ғылыми нормалану тарихын қарастыру оның жай ғана тыныс белгілер жүйесі емес, жазба тіл мәдениетін қалыптастырған маңызды тілдік құбылыс екенін көрсетті. Талдау барысында тыныс белгілерінің қазақ жазба кеңістігінде бірден тұрақты нормаға түспегені, алғашқы басылымдарда әркелкі қолданылып, кейін ғылыми еңбектер, оқулықтар, анықтағыштар және баспасөз тәжірибесі арқылы бірізденгені анықталды. Әсіресе А. Байтұрсынұлы ұсынған тыныс белгісі атаулары қазақ пунктуациясының ғылыми қалыптануындағы алғашқы жүйелі модель ретінде бағаланды. Бұл атаулар белгінің сыртқы пішінін ғана емес, оның сөйлемдегі қызметін, кідіріс деңгейін, ойды мүшелеу тәсілін және мәтін мағынасын ұйымдастырудағы рөлін де танытады. Кейінгі кезеңде бұл атаулардың бір бөлігі қазіргі терминдік жүйеге сол күйінде енсе, бір бөлігі ықшамдалып, ғылыми және оқу жүйесіне бейімделді. Осы сабақтастық қазақ пунктуациясының сырттан дайын күйде қабылданған ереже жиынтығы емес, ұлттық жазба тәжірибесі, тілдік таным және ғылыми нормалау негізінде қалыптасқан жүйе екенін дәлелдейді.

Қазіргі кезеңде пунктуация мәселесін тек дәстүрлі емле немесе синтаксис аясында қарастыру жеткіліксіз. Цифрлық коммуникация, әлеуметтік желі, электронды мәтін, автоматты өңдеу жүйелері және жасанды интеллект технологиялары тыныс белгілерінің жаңа қызметін айқындап отыр. Сондықтан келешекте қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің арнайы AI-моделін жасау, пунктуациялық нормаларды автоматты тану, түзету және түсіндіру жүйелерін әзірлеу маңызды бағыттардың бірі болуға тиіс. Қазақтілді жасанды интеллект жүйелерін, соның ішінде ҚазLLM сияқты ұлттық тілдік модельдерді оқытуда пунктуацияның орны ерекше. Өйткені тыныс белгілері сөйлем мағынасын нақтылайды, ойдың шегін белгілейді, мәтіннің құрылымын реттейді әрі оқырманға дұрыс қабылдауға мүмкіндік береді. Пунктуациясы дұрыс танылмаған мәтіннің мағынасы бұрмалануы, сөйлемаралық байланысы әлсіреуі, автор ойы дәл берілмеуі мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ пунктуациясын тарихи, функционалдық және когнитивтік негізде зерттеу тек тіл білімінің ішкі мәселесі емес, виртуалды кеңістіктегі сауатты жазу мәдениетін арттырудың, қазақтілді цифрлық контент сапасын жақсарту мен ұлттық жасанды интеллект жүйелерін жетілдірудің маңызды ғылыми-практикалық негізі болып табылады.

Әдебиеттер

Айдаров Ғ. Көне түркі жазбаларының тілі. – Алматы: Арыс, 2021. – 424 б.
Алдаш А. Қазақ ортологиясы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 296 б.

Арғынов Х. Қазақ тілі методикасы: Синтаксис, пунктуация. – Алматы: Мектеп, 1974. – 295 б.

Әнес Ғ. Мәтін кеңістігі: семантикалық және этимологиялық аспект. – Алматы: Қазақ тілі, 2019. – 336 б.

Әуелбаев Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1977. – 44 б.

Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Он екі том. – Астана: «Алашорда» ҚҚ, 2022. – 4-том. – 384 б.

Байтұрсынұлы А. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бестомдық. – 4-том. – Астана: Brand Book, 2023. – 744 б.

Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 592 б.

Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы: Мектеп, 1966. – 335 б.

Басымұлы Қ. Шығармалар жинағы. Зерттеулер, мақалалар. – Астана: Алашорда, 2018. – 240 б.

Гельб И. Опыт изучения письма. – Москва: Радуга, 1982. – 366 с.

Голев Н.Д. Русская пунктуация в контексте теории речевых актов: к постановке проблемы // Филологический класс. – 2026. – №1 (31). – С. 8-16. https://doi.org/10.26170/2071-2405-2026-31-1-8-16

Ескермесова Г. Қазіргі пунктуация: функциясы мен коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті: философия докторы (PhD) ... диссертация. – Алматы, 2022. – 155 б.

Жиенбаев С. Сөйлемнің тыныс белгілері. – Алма-Ата, 1940. – 27 б.

Жұбаева О.А. Байтұрсынұлы терминдерінің уәжділік сипаты // «Тәуелсіз елдің рухани тұғыры» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Семей: Тенгри, 2017. – 315 б.

Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өңд. 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.

Күдеринова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құралы. – Алматы: Елтаным, 2013. – 344 б.

Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. – Москва, 1952. – 127 с.

Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем пунктуациясының негіздері. – Алматы, 1959. – 107 б.

Сарыбаев Ш. Қазақ сөйлемінде үтірдің жазылатын орындары. Тіл мәселелері. – Алматы, 1936. – 51 б.

Сигал К.Я. В.И. Чернышев как исследователь русской пунктуации // Научный диалог. – 2022. – №1 (11). – С. 122-140. https://doi.org/10.24224/2227-1295-2022-11-1-122-140

Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.

Сыздық Р. Көптомдық шығармалар жинағы. – 3-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 290 б.

Хасенов Ә. Пунктуацияны оқыту жолдары: мұғалімдерге көмекші құрал. – Алматы, 1957. – 48 б.

Baron, N.S. Commas and canaries: The role of punctuation in speech and writing // Language Sciences. 2001. No.1 (23). Pp. 15-67. https://doi.org/10.1016/S0388-0001(00)00027-9

Crible, L. Weak and strong discourse markers in speech, chat, and writing: Do signals compensate for ambiguity in explicit relations? // Discourse Processes. 2020. No.9 (57). Pp. 793-807. https://doi.org/10.1080/0163853X.2020.1786778

Mulvey, C. The English Project's history of English punctuation // English Today. 2016. No.3 (32). Pp. 45-51. https://doi.org/10.1017/S0266078416000110

References

Ajdarov, G. (2021) Kone turki zhazbalarynyng tili. Almaty: Arys. 424 b. [Aidarov, G. (2021) The language of ancient Turkic inscriptions. Almaty: Arys. 424 p.] (in Kazakh)

Aldash, A. (2021) Qazaq ortologijasy: monografija. Almaty: Qazaq universiteti. 296 b. [Aldash, A. (2021) Kazakh orthology. Monograph. Almaty: Qazaq universiteti. 296 p.] (in Kazakh)

Anes, G. (2019) Matin kengistigi: semantikalyq zhane jetimologijalyq aspekt. Almaty: Qazaq tili. 336 b. [Anes, G. (2019) Text space: Semantic and etymological aspects. Almaty: Qazaq tili. 336 p.] (in Kazakh)

Argynov, H. (1974) Qazaq tili metodikasy: Sintaksis, punktuacija. Almaty: Mektep. 295 b. [Argynov, Kh. (1974) Methods of teaching Kazakh: Syntax and punctuation. Almaty: Mektep. 295 p.] (in Kazakh)

Auelbaev, Sh. (1977) Punktuacijanyng qiyn maseleleri. Almaty: Mektep. 44 b. [Auelbayev, Sh. (1977) Difficult issues of punctuation. Almaty: Mektep. 44 p.] (in Kazakh)

Bajtursynuly, A. (2022) Til-qural. On eki tom. Astana: "Alashorda" QQ. 4-tom. 384 b. [Baitursynuly, A. (2022) Language – Tool. In Collected Works in Twelve Volumes. Vol. 4. Astana: "Alashorda" QQ, 384 p.] (in Kazakh)

Bajtursynuly, A. (2023) Shygarmalarynyng akademijalyq tolyq zhinagy. Bestomdyq. 4-tom. Astana: Brand Book. 744 b. [Baitursynuly, A. (2023) Complete academic collected works in five volumes. Vol. 4. Astana: Brand Book. 744 p.] (in Kazakh)

Balaqaev, M. (2008) Qazaq til bilimining maseleleri. Almaty: Arys. 592 b. [Balakayev, M. (2008) Issues of Kazakh linguistics. Almaty: Arys. 592 p.] (in Kazakh)

Balaqaev, M., Qordabaev, T. (1966) Qazirgi qazaq tili. Sintaksis. Almaty: Mektep. 335 b. [Balakayev, M., Kordabayev, T. (1966) Modern Kazakh language. Syntax. Almaty: Mektep. 335 p.] (in Kazakh)

Baron, N.S. (2001) Commas and canaries: The role of punctuation in speech and writing. Language Sciences. No.1 (23). Pp. 15-67. https://doi.org/10.1016/S0388-0001(00)00027-9 (in English)

Basymuly, Q. (2018) Shygarmalar zhinagy. Zertteuler, maqalalar. Astana: Alashorda. 240 b. [Basymuly, K. (2018) Collected works. Studies and articles. Astana: Alashorda. 240 p.] (in Kazakh)

Crible, L. (2020) Weak and strong discourse markers in speech, chat, and writing: Do signals compensate for ambiguity in explicit relations? Discourse Processes. No.9(57). Pp. 793-807. https://doi.org/10.1080/0163853X.2020.1786778 (in English)

Eskermesova, G. (2022) Qazirgi punktuacija: funkcijasy men kommunikativtik-pragmatikalyq aleueti: filosofija doktory (PhD) ... dis. Almaty. 155 b. [Yeskermessova, G. (2022) Modern punctuation: its function and communicative-pragmatic potential: Dissertation submitted for the degree of Doctor of Philosophy (PhD). Almaty. 155 p.] (in Kazakh)

Gelb, I. (1982) Opyt izuchenija pis`ma. Moskva: Raduga. 366 s. [Gelb, I. (1982) A study of writing. Moscow: Raduga. 366 p.] (in Russian)

Golev, N.D. (2026) Russkaja punktuacija v kontekste teorii rechevyh aktov: k postanovke problemy. Filologicheskij klass. No.1(31). S. 8-16. [Golev, N.D. (2026) Russian punctuation in the context of speech act theory: towards the formulation of the problem. Philological Class. No.1(31). Pp. 8-16. https://doi.org/10.26170/2071-2405-2026-31-1-8-16] (in Russian)

Hasenov, A. (1957) Punktuacijany oqytu zholdary: mugalimderge komekshi qural. Almaty. 48 b. [Khassenov, A. (1957) Methods of teaching punctuation: A teaching aid for teachers. Almaty. 48 p.] (in Kazakh)

Kuderinova, Q. (2013) Qazaq zhazuynyng tarihy men teorijasy. Oqu quraly. Almaty: Eltanym. 344 b. [Kuderinova, K. (2013) History and theory of Kazakh writing. Textbook. Almaty: Eltanym. 344 p.] (in Kazakh)

Malov, S.E (1952) Enisejskaja pis`mennost` tjurkov. Moskva. 127 s. [Malov, S.E. (1952) The Yenisei writing system of the Turks. Moscow. 127 p.] (in Russian)

Mulvey, C. (2016) The English Project's history of English punctuation. English Today. No.3 (32). Pp. 45-51. https://doi.org/10.1017/S0266078416000110 (in English)

Musabekova, F. (1959) Qazirgi qazaq tilindegi zhaj sojlem punktuacijasynyng negizderi. Almaty. 107 b. [Musabekova, F. (1959) Fundamentals of simple sentence punctuation in modern Kazakh. Almaty. 107 p.] (in Kazakh)

Sarybaev, Sh. (1936) Qazaq sojleminde utirding zhazylatyn oryndary. Til maseleleri. Almaty. 51 b. [Sarybayev, Sh. (1936) Places where the comma is used in Kazakh sentences. Language issues. Almaty. 51 p.] (in Kazakh)

Sigal, K.Ia. (2022) V.I. Chernyshev kak issledovatel` russkoj punktuacii. Nauchnyj dialog. No.1 (11). S. 122-140. [Sigal, K.Ya. (2022) V.I. Chernyshev as a researcher of Russian punctuation. Scientific Dialogue. No.1(11). Pp. 122-140. https://doi.org/10.24224/2227-1295-2022-11-1-122-140] (in Russian)

Syzdyq, R. (2000) Qazaq tilining anyqtagyshy (emle, tynys belgileri, soz sazy). Astana: Elorda. 532 b. [Syzdyk, R. (2000) Reference book of the Kazakh language: Orthography, punctuation, and word pronunciation. Astana: Elorda. 532 p.] (in Kazakh)

Syzdyq, R. (2014) Koptomdyq shygarmalar zhinagy. 3-tom. Almaty: El-shezhire. 290 b. [Syzdyk, R. (2014) Collected works in several volumes. Vol. 3. Almaty: El-shezhire. 290 p.] (in Kazakh)

Zhienbaev, S. (1940) Sojlemning tynys belgileri. Alma-Ata. 27 b. [Zhiyenbayev, S. (1940) Punctuation marks of the sentence. Alma-Ata. 27 p.] (in Kazakh)

Zhubaeva, O. (2017) A. Bajtursynuly terminderining uazhdilik sipaty. "Tauelsiz elding ruhani tugyry" atty halyqaralyq gylymi-teorijalyq konferencija materialdary. Semej: Tengri. 315 b. [Zhubayeva, O. (2017) The motivational nature of A. Baitursynuly's terms. In Materials of the international scientific-theoretical conference "The spiritual foundation of an independent country". Semey: Tengri. 315 p.] (in Kazakh)

Zhubanov, Q. (2010) Qazaq tili zhonindegi zertteuler. ongd. 3-bas. Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty. 608 b. [Zhubanov, K. (2010) Studies on the Kazakh language (3rd rev. ed.). Almaty: Institute for the Development of the State Language. 608 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 14.07.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 21.09.2026.
Интернетте қолжетімді / Доступно онлайн /Available online: 30.09.2026.

© Рамазанов Т.Б., 2026

CC BY 4.0

Мақала/Статья/Article
ҒТАМР 16.21.47 https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-84-99

Нұргүл Сапарбайқызы Мамашева[1*], Дусмамат Саттарович Кулмаматов[2], Бибигуль Ханиулловна Курманова[3]
[1*]автор-корреспондент, докторант,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0009-0006-8515-7112 E-mail: nurgul_saparbai@mail.ru
[2]филология ғылымдарының докторы, профессор,
Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университеті, Өзбекстан, Ташкент қ.,
ORCID: 0000-0002-0453-227X E-mail: kulmamatov1956@mail.ru
[3]Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,
Қазақстан, Орал қ., ORCID: 0000-0001-3298-0029 E-mail: kurmanovab@list.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ПОЛИСЕМИЯНЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ УӘЖДЕРІ: ТАРИХИ МӘТІН МЕН ҚАЗІРГІ ҚОЛДАНЫС САБАҚТАСТЫҒЫ

Аңдатпа. Мақала қазақ тіліндегі полисемияның тілтанымдық уәждерін тарихи мәтін мен қазіргі қолданыс сабақтастығында сипаттауға арналған. Зерттеудің өзектілігі орта ғасыр түркі жазба мұраларындағы көпмағыналы лексемалардың қазіргі оқырманға көбіне бір мағынамен ғана танылып, мағына тармақтарының уәжі мен дамуы жеткілікті деңгейде ашыла бермейтіндігімен байланысты. Зерттеудің мақсаты – Алтын Орда дәуірінің екі ескерткіші негізінде көпмағыналы бірліктердің мағына құрылымын айқындап, олардың қазіргі қазақ тіліндегі сөздіктік жүйемен және қолданыстық белсенділікпен сабақтастығын көрсету. Зерттеудің міндеттері тарихи мәтіндерден көпмағыналы лексемаларды іріктеу, әр лексема бойынша мағына тармақтарын контекст арқылы нақтылау, мағыналық кеңеюдің танымдық және функционалдық уәжін сипаттау, сондай-ақ қазіргі түсіндірме сөздіктердегі берілуімен салыстыруды қамтиды. Зерттеудің эмпирикалық базасы ретінде Сейф Сараидың «Гүлістан бит-түрки» және Құтбтың «Хұсрау уа Шырын» шығармаларының сөздігі, транскрипциясы мен аудармасы пайдаланылды. Қазіргі қолданыспен беттестіру үшін «Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі)» және «Қазақ тілінің әмбебап электронды сөздігі» материалдары қолданылды. Зерттеуде тарихи-салыстырмалы және контекстік семантикалық талдау, мағына тармақтарын лексика-семантикалық вариант ретінде жіктеу, уәждік талдау және лексикографиялық салыстыру тәсілдері ұштастырылды. Нәтижесінде көпмағыналылықтың негізгі уәждік үлгілері жүйеленіп, мағыналардың сақталуы, кеңеюі және қолданыстық реңкінің өзгеруі тарихи дерек пен қазіргі сөздік жүйе арқылы дәлелденді. Ғылыми маңыздылығы полисемияны диахрондық-синхрондық сабақтастықта түсіндіруге негіз ұсынуымен айқындалса, практикалық құндылығы тарихи мәтіндерді оқыту, лексикографиялық жұмыс және ұлттық тілдік модельдерге арналған семантикалық дерек қорын толықтыруға қолданылуымен анықталады.

Тірек сөздер: полисемия; тарихи мәтін; қазіргі қолданыс; тарихи сабақтастық; дискурс; семантика.
Сілтеме жасау үшін: Мамашева Н.С., Кулмаматов Д.С., Курманова Б.Х. Қазақ тіліндегі полисемияның тілтанымдық уәждері: тарихи мәтін мен қазіргі қолданыс сабақтастығы. *Tiltanym,* 2026. №3 (103). 84-99-бб.
DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-84-99

Нургуль Сапарбаевна Мамашева[1*], Дусмамат Саттарович Кулмаматов[2], Бибигуль Ханиулловна Курманова[3]
[1*]автор-корреспондент, докторант,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0009-0006-8515-7112 E-mail: nurgul_saparbai@mail.ru
[2]доктор филологических наук, профессор,
Узбекский государственный университет мировых языков, Узбекистан, г. Ташкент,
ORCID: 0000-0002-0453-227X E-mail: kulmamatov1956@mail.ru
[3]Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана,
Казахстан, г. Уральск, ORCID: 0000-0001-3298-0029 E-mail: kurmanovab@list.ru

ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ МОТИВИРОВАННОСТЬ ПОЛИСЕМИИ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ: ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ИСТОРИЧЕСКОГО ТЕКСТА И СОВРЕМЕННОГО УПОТРЕБЛЕНИЯ

Аннотация. Статья посвящена проблеме лингвистической мотивированности полисемии в казахском языке в контексте преемственности между историческим текстом и современным употреблением. Актуальность исследования обусловлена тем, что многозначные лексемы средневековых тюркских письменных памятников нередко воспринимаются современным читателем как единосемантичные, вследствие чего мотивация и траектория развития их значений остаются недостаточно раскрытыми. Цель исследования – на материале двух памятников золотоордынского периода определить структуру значений полисемичных единиц и показать их связь с современным словарным описанием и функциональной активностью в казахском языке. В задачи работы входит отбор многозначных лексем из исторических текстов, уточнение смысловых ветвей по контексту, характеристика когнитивных и функциональных оснований семантического расширения, а также сопоставление полученных результатов с современными толковыми словарями. Эмпирическую базу составили словарь, транскрипция и перевод произведений Сейфа Сараи «Гүлістан бит-түрки» и Кутба «Хұсрау уа Шырын». Для сопоставления с современным употреблением использованы материалы однотомного Большого толкового словаря казахского языка и Универсального электронного словаря казахского языка. Методологически работа опирается на историко-сопоставительный и контекстно-семантический анализ, классификацию смысловых ветвей как лексико-семантических вариантов, а также на мотивологический и лексикографический сравнительный подход. В результате были систематизированы основные мотивационные модели полисемии, а сохранение и расширение значений, а также изменение характера их употребления были подтверждены на материале исторических источников и современной словарной системы. Научная значимость работы – связана с обоснованием диахронно-синхронного подхода к объяснению полисемии, практическая – с возможностью применения результатов в обучении историческим текстам, лексикографической практике и пополнении семантических ресурсов для национальных языковых моделей.

Ключевые слова: полисемия; исторический текст; современное употребление; историческая преемственность; дискурс; семантика.

Для цитирования: Мамашева Н.С., Кулмаматов Д.С., Курманова Б.Х. Лингвистические мотивы полисемии в казахском языке: преемственность исторического текста и современного употребления. *Tiltanym,* 2026. №3 (103). С. 84-99. (на каз. яз.)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-84-99

Nurgul Mamasheva[1*], Dusmamat Kulmamatov[2], Bibigul Kurmanova[3]

[1*]Corresponding Author, Doctoral Student,
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0009-0006-8515-7112 E-mail: nurgul_saparbai@mail.ru

[2]Doctor of Philological Sciences, Professor,
Uzbekistan State University of World Languages, Uzbekistan, Tashkent,
ORCID: 0000-0002-0453-227X E-mail: kulmamatov1956@mail.ru

[3]Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian and Technical University, Kazakhstan,Uralsk,
ORCID: 0000-0001-3298-0029 E-mail: kurmanovab@list.ru

LINGUISTIC MOTIVATIONS OF POLYSEMY IN THE KAZAKH LANGUAGE: CONTINUITY BETWEEN HISTORICAL TEXTS AND CONTEMPORARY USAGE

Abstract. The article examines the linguistic motivations of polysemy in Kazakh by tracing continuity between historical texts and present-day usage. The study is relevant because polysemous lexemes attested in medieval Turkic written monuments are often perceived by contemporary readers as having a single meaning, which leaves the motivation and developmental trajectory of their senses insufficiently explained. The aim of the research is to identify the semantic structure of polysemous units on the basis of two monuments from the Golden Horde period and to demonstrate their links to modern dictionary descriptions and functional activity in contemporary Kazakh. The objectives include selecting polysemous lexemes from historical texts, clarifying sense branches through contextual analysis, characterizing the cognitive and functional grounds of semantic extension, and comparing the results with modern explanatory lexicography. The empirical basis comprises the dictionary, transcription, and translation of Sayf Sarai's "Gulistan bit-turki" and Qutb's "Khusrau wa Shirin". To align historical meanings with current usage, the study draws on a one-volume comprehensive explanatory dictionary of Kazakh and the Universal Electronic Dictionary of the Kazakh language. Methodologically, the research integrates historical-comparative and contextual-semantic analysis, classification of sense branches as lexico-semantic variants, and a combined motivation-based and lexicographic comparative approach. As a result, the main motivational models of polysemy were systematized, while the preservation and extension of meanings, as well as changes in their usage, were substantiated through historical sources and the contemporary lexical system. The study's scholarly contribution lies in substantiating a diachronic-synchronic framework for explaining polysemy, while its practical value concerns teaching historical texts, improving lexicographic work, and enriching semantic resources for national language models.

Keywords: polysemy; historical text; contemporary usage; historical continuity; discourse; semantics.

For citation: Mamasheva, N., Kulmamatov, D., Kurmanova, B. Linguistic Motivations of Polysemy in the Kazakh

Language: Continuity between Historical Texts and Contemporary Usage. *Tiltanym,* 2026. No.3 (103). Pp. 84-99. (in Kazakh)
DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-84-99

Кіріспе

Лексикалық жүйенің ең өнімді әрі ең күрделі қабаттарының бірі – полисемия, яғни бір лексеманың қолданыс барысында бірнеше мағынаға ие болуы. Қазақ тіліндегі көпмағыналылық құбылысы көбіне «сөздің байлығы» ретінде бағаланғанымен, оның ішкі заңдылығын, мағына тармақтарының пайда болу уәжін және тарихи сабақтастықтағы даму тетіктерін арнайы талдау бүгінгі тілтаным үшін де, қолданбалы бағыттар үшін де маңызды. Полисемияны түсіндіруде қазіргі тіл білімі «мағыналар тізбегін» жай санап шығумен шектелмей, әр мағынаның пайда болу себебін, бастапқы өзек мағынаны, мағыналық ауысымның бағытын және оны іске қосатын мәнмәтіндік белгілерді айқындауға ұмтылады. Осы тұрғыдан полисемия кездейсоқ «көп мағына» емес, сөздің ішкі семантикалық мүмкіндігін іске қосатын жүйелі құбылыс. Бір мағынадан екіншісіне өту көбіне ұқсастыққа негізделген ауысымдар арқылы, іргелестік пен қызметтік байланыс арқылы, кеңею мен тарылу, бағалауыш реңктің үстелуі арқылы жүреді. Демек, көпмағыналылықтың тілтанымдық уәжі сөздің заттық белгісімен ғана емес, халықтың танымдық тәжірибесімен, мәдени практикамен, мәтіндік дәстүрмен де астасып жатады.

Полисемияны тарихи тұрғыдан қарастыру сөздің «мағыналық өмірін» тұтас көруге мүмкіндік береді. Орта ғасырдағы түркі жазба мұраларында тіркелген бір сөздің мағыналық тармақтары кейінгі дәуірлерде не сақталады, не бір реңкке ығысады, немесе жаңа дискурстық қызметке бейімделеді. Бұл сабақтастықты анықтау үшін тілдік деректі жүйелі салыстыру қажет. Тарихи мәтіндегі қолданыс, кейінгі дәуірдегі лексикографиялық тіркеу және қазіргі тілдік тәжірибедегі белсенді қолданыс бір арнада қарастырылғанда ғана полисемияның уәждік негізі айқындалады (Малбақов, 2025: 14). Мұндай талдау сөздің негізгі мағынасы қандай болғанын, мағыналардың қайсысы тұрақтанғанын, қайсысы пассивтенгенін, ал қайсысы жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайға байланысты қайта жанданып, жаңа семантикалық қызмет алғанын көрсетуге жол ашады. Сондай-ақ көпмағыналылықтың функционалдық жағы да маңызды. Белгілі бір мағына тармағы қай жанрда, қай стильде, қандай сөйлеу жағдаятында белсендірек іске қосылады, оны қандай тіркесімдер мен контекстік маркерлер айқындайды деген сұрақтар сөз мағынасын тек «сөздік» деңгейде емес, нақты мәтіндік әрекет деңгейінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысында қазақ тіліндегі полисемияның тілтанымдық уәждерін тарихи мәтін мен қазіргі қолданыс сабақтастығында қарастыру көзделеді. Зерттеудің өзектілігі көпмағыналылықтың тарихи негізін айқындау арқылы қазіргі қазақ лексикасының семантикалық жүйесін тереңірек түсіндіруге, сондай-ақ лексикографиялық сипаттауды нақтылауға мүмкіндік беруімен байланысты. Зерттеудің мақсаты – орта ғасырдағы түркі жазба мұралары «Гүлстан бит-түрки» мен «Хұсрау уа Шырын» мәтіндерінен іріктелген көпмағыналы сөздердің мағыналық тармақтарын анықтап, олардың қазіргі қазақ тіліндегі қолданысын *Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі)* мен *Қазақ тілінің әмбебап электронды сөздігі* (https://tbisozdik.kz/) материалдары арқылы салыстыра көрсету, мағына кеңеюінің уәждік тетіктерін және сақталу-өзгеру бағыттарын сипаттау.

Материал және әдістер

Полисемия – сөздің бір мезетте бірнеше мағынаны иемденуі немесе бір лексеманың бойынан бірнеше лексика-семантикалық варианттың табылуы ретінде танылатын семасиологиялық категория. Көпмағыналылық сөз мағынасының «қабаттанып» дамуын, мәнмәтінге қарай мағыналық тармақтардың белсенуін және тарихи кезеңдерде мағына кеңеюі мен тарылуының жүйелі түрде жүруін көрсетеді. Сондықтан полисемияны зерттеу тек сөздіктегі мағыналарды тізумен шектелмей, мағына тармақтарының уәжін, тарихи негізін және қазіргі қолданыстағы функционалдық белсенділігін айқындауды талап етеді. Осы ұстаным мақалада тарихи мәтін мен қазіргі тілдік тәжірибені сабақтастыра қарастырудың әдіснамалық алғышарты ретінде алынды.

Зерттеудің эмпирикалық базасы ретінде Алтын Орда дәуірінде жазылған екі құнды жазба

мұраның лексикографиялық және мәтіндік материалдары пайдаланылды. Біріншісі – филология ғылымдарының кандидаты А. Сейітбекованың құрастыруымен жарық көрген Сейф Сараидың «Гүлістан бит-түрки» жазба ескерткішінің сөздігі, транскрипциясы және аудармасы қамтылған еңбек (Сейітбекова, 2024). Екіншісі – филология ғылымдарының кандидаты Г. Мамырбектің Құтбтың «Хұсрау уа Шырын» дастаны бойынша сөздігі транскрипциясы және аудармасы қамтылған еңбек (Мамырбек, 2024). Аталған дереккөздерден 100-ден астам көпмағыналы сөз жиналып, 50 тілдік бірлік талдауға арқау болды. Іріктелген бірліктердің қазіргі қазақ тіліндегі мағыналық сабақтастығын айқындау үшін «Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі)» мен «Қазақ тілінің әмбебап электронды сөздігінің» материалдары, соның ішінде tbisozdik.kz платформасындағы сөздік мақалалар пайдаланылды.

Зерттеудің теориялық іргетасы ретінде қазақ тіл білімінде полисемия құбылысын әр қырынан талдаған С. Аманжолов, Ғ. Мұсабаев, Ә. Қайдар, К. Аханов, Ә. Болғанбаев, Р. Садықбеков еңбектеріндегі семасиологиялық қағидалар басшылыққа алынды. Сонымен қатар орыс тіл біліміндегі А. Потебня, Л. Щерба және Л.М. Лещева ұсынған көпмағыналылықтың табиғаты, мағына құрылымы және контекстің рөлі туралы тұжырымдар салыстырмалы-теориялық тірек ретінде қарастырылды.

Зерттеу жұмысында тарихи-салыстырмалы және контекстік семантикалық талдау, мағына тармақтарын лексика-семантикалық вариант ретінде жіктеу, уәждік және лексикографиялық салыстыру тәсілдері қамтылды. Әр лексема бойынша тарихи мәтіндегі қолданыс контекстері жинақталып, мағына тармақтары айқындалды, олардың пайда болу негізі сипатталды және қазіргі сөздіктердегі берілуін салыстыру арқылы мағынаның сақталу, кеңею, тарылу немесе немесе қолданыс реңкінің өзгеру бағыты көрсетілді.

Әдебиетке шолу

Сөз мағынасына қатысты ең өзекті мәселелердің бірі – көпмағыналылық. Бастапқы бір мағынаның уақыт өте келе кеңейіп, бірнеше мағыналық тармаққа ұласуы тілдің тарихи дамуы мен танымдық тәжірибесін қатар көрсететін күрделі құбылыс (Пашан, 2024: 17). Сондықтан полисемияны талдау сөздіктегі мағыналарды тізумен шектелмей, мағына тармақтарының уәжін, олардың мәнмәтінге тәуелді белсенуін, сондай-ақ тарихи сабақтастықтағы *сақталу* мен *өзгеру* бағытын айқындауды талап етеді. Біздің мақаланың нысаны да осы – тарихи түркі жазба мәтіндеріндегі көпмағыналы лексемалардың қазіргі қазақ тіліндегі қолданысы мен сабақтастығын уәждік тұрғыдан түсіндіру.

Полисемия зерттелген бағыттардың ішінде ең тұрақтысы – полисемия мен омонимия шекарасы және мағыналардың өзара байланысын анықтау өлшемдері. Бір лексеманың мағына тармақтары арасында семантикалық байланыс сақталса, ол полисемия ретінде қарастырылады, ал байланыс үзіліп, дербестенсе, омонимдік қабатқа өтуі мүмкін деген қағида лексикология мен лексикографияда орныққан. Бұл ұстаным тарихи мәтінге келгенде ерекше маңызды, өйткені көне қолданыста бір сөз ішінде жүрген мағына тармақтары қазіргі тілде кейде сақталып, кейде жіктеліп, кейде жаңа сөзжасамдық не стильдік қабатқа көшіп кетуі ықтимал. Сондықтан зерттеулер көбіне мағынаның «бірлігі» мен «тармақталуын» бір мезетте ұстайтын модельдерді таңдауға ұмтылады.

Ағылшынтілді ғылыми кеңістікте соңғы жылдары полисемияны бір ғана лексикографиялық проблема емес, лингвистика, психология, есептік модельдеу тоғысындағы кешенді құбылыс ретінде қарастыру айқын күшейді. Полисемияға арналған жүйелі шолулар көпмағыналы сөздердің өңделуі бойынша «бір ғана теорияға» сүйену жеткіліксіз екенін, керісінше, әртүрлі дерек түрлерін біріктіретін аралас түсіндірме үлгілердің нәтижелі екенін алға тартады (Haber, 2024: 355). Бұл бағыттың негізгі пайдасы – көпмағыналылықты «сөздік тізім» емес, қабатты репрезентация ретінде түсіндіруі: бір мағына тармағы контекст ішінде белгілі сигналдар арқылы іске қосылады, ал мағына таңдауы қабылдаушының білім қорымен және мәтіннің прагматикалық мақсатымен байланысады.

Қазіргі ағылшын әдебиетінде ерекше дамыған бағыттың бірі – жүйелі полисемия. Жүйелі полисемияда мағына ауысуы бір-екі сөзге тән жеке құбылыс болмай, белгілі типтік үлгілермен қайталанып отырады. Сол себепті мағына тармақтарын «кездейсоқ тарамдар» ретінде емес,

белгілі когнитивтік және онтологиялық қатынастар арқылы ұйымдасқан құрылым ретінде сипаттау өзекті болып отыр. Бұл тұрғыдағы еңбектер мағыналардың өзара байланысын модельдеу, мағына тармақтарының «қалай қалыптасатынын» түсіндіру және қай мағына қай контексте белсенетінін анықтау мәселелерін алға шығарады (Ritchie, 2024: 17). Мұндай тәсіл біздің тақырыпқа тікелей қажет, өйткені тарихи түркі мәтіндерінде жүйелі түрде қайталанатын мағына ауысымдарын қазіргі қазақ тіліндегі тармақтармен салыстыруға мүмкіндік береді.

Полисемияны зерттеудің тағы бір заманауи бағыты – нейро және психолингвистикалық қыр. Бұл еңбектер омонимия мен полисемияның өңделуі бірдей емес екенін эмпирикалық дерекпен нақтылауға тырысады. Мысалы, ми деңгейіндегі зерттеулер мағынааралық байланыс дәрежесі (байланысқан мағына ма әлде байланыссыз ма) өзгерген сайын өңдеу тетігінің де өзгеретінін көрсетеді (Liang, 2024: 106). Мұндай нәтижелер полисемияны «таза сөздік мәселе» емес, қабылдау тетігімен сабақтас құбылыс ретінде танытады. Біздің зерттеу үшін бұл тұжырым мәнді, өйткені тарихи мәтіндегі көпмағыналылық қазіргі оқырманға да мағына таңдауды қажет ететін когнитивтік міндет ретінде көрінеді. Демек, мағынаны айқындауда контекст маркерлері мен уәждік негізді көрсету – талдаудың маңызды бөлігі.

Ағылшынтілді зерттеулерде полисемияны түсіндіруде көпарналы дерек (мәтін, ишара, визуал) қолданылатын еңбектер де көбейді. Мұнда көпмағыналы етістіктің нақты және эмоциялық мағыналарын ажыратуда сөздік белгілермен қатар, қимыл-ишара сияқты қосымша сигналдардың да рөл атқаратыны көрсетіледі (Martínez, 2024: 1699). Бұл бағыттың бізге берері – мағынаның мәнмәтін арқылы ғана емес, жалпы коммуникациялық жағдай арқылы белсенетінін көрсетуі. Тарихи жазба мұраларды талдағанда бізде визуал/ишара дерегі болмауы мүмкін, бірақ мәтіннің өзі «жағдаятты» құратын элементтер арқылы мағынаны ашып береді. Сондықтан көпарналы түсіндіру идеясы мәтіндік маркерлерді жүйелеуге көмектеседі.

Орыс тіл білімінде полисемия мәселесі ұзақ уақыт бойы пікірталас нысаны болды. Классикалық кезеңде сөзде бірнеше мағына болуы мүмкін емес деп қарайтын ұстанымдар да байқалады. Бұл тұста «екі мағына бар жерде екі сөз бар» деген түйін мағынаның пайда болуын жаңа сөздің пайда болуымен теңестірді (Потебня, 1993: 69). Кейін бұл көзқарастың теориялық негізі арнайы талданып, сөз мағынасының қоғамдық тәжірибені жинақтап, ұрпаққа жеткізетін қасиетін әлсірете түсіндіру полисемияны мойындамауға әкелгені көрсетілді (Уфимцева, 1986: 97). Осы пікірталас орыс лингвистикасының полисемияға «сақтықпен» қараған кезеңін аңғартса да, кейінгі тұжырымдар мағына құрылымын анағұрлым дәл сипаттауға бет бұрды.

Орыс тіл біліміндегі маңызды бұрылыс – мағынаны бір ғана «жалғыз мән» ретінде емес, лексика-семантикалық варианттардың тұтас жүйесі ретінде қарастыру. Бұл желіде бір сөздің лексикалық мағынасы біреу болғанымен, ол мағына бірнеше варианттың жиынтығы ретінде көрінеді деген көзқарас орнығады. Соның арқасында сөздің тұтастығы мен көп тармақтылығы қатар сақталып түсіндіріледі (Звегинцев, 1973: 135). Сондай-ақ *көпмағыналылық* форма мен мазмұн бірлігін бұзады деген пікірге қарсы, форма әдетте дамып отыратын мазмұнмен байланыста қызметін жалғастырады деген пайым да ғылыми айналымда орнығып, полисемияны табиғи құбылыс ретінде қабылдауға жол ашты (Щерба, 1974: 151). Бұл ойлар біздің зерттеуімізге әдіснамалық тұрғыдан маңызды, өйткені тарихи мәтіндегі бір лексеманың мағыналық тармақтарын «бірлік» ретінде ұстап, кейінгі кезеңдегі лексикографиялық берілуімен салыстыру дәл осы принципке сүйенеді.

Орыс тіл біліміндегі қазіргі кезеңде полисемияның *когнитивтік* және *нейропсихолингвистикалық* бағыттары да белсенді қарастырылады. Көпмағыналы сөзді қабылдау, мағына таңдаудың ми жұмысына тәуелділігі және мағыналардың «тең емес» деңгейде белсенуі туралы пайымдар полисемияны танымдық процесс ретінде түсіндіруге мүмкіндік берді. Бұл бағытта көпмағыналы сөздердің кей жағдайларда бір ғана мағынамен қабылданып, өзге тармақтардың іске қосылмауы мүмкін екені клиникалық және эксперименттік дерекке сүйеніп сипатталады (Лещева, 2014: 53). Мұндай тұжырым біздің зертеу үшін өзекті, өйткені тарихи мәтіндердегі көпмағыналы бірліктер қазіргі оқырманға «бір ғана мағынамен» көрінуі мүмкін. Сондықтан біз мағына тармақтарын уәждік әрі контекстік негізбен көрсету арқылы сабақтастықты дәлелдеуге ұмтыламыз.

Қазақ тілтанымында полисемия көбіне тілдің тарихи дамуы, сөздік қордың баюы және мағына өрісінің кеңеюімен сабақтас сипатталады. Сөздердің әуелде аз мағыналы болып, кейін қоғамдық тәжірибе тереңдеген сайын жаңа мағыналардың үстелуі арқылы семантикалық шеңберінің кеңейетіні туралы қағида көпмағыналылықтың диахрондық табиғатын түсіндіреді (Қалиев, Болғанбаев, 2006: 120). Бұл пікірдің маңызы – көпмағыналылықты «кездейсоқтық» емес, тарихи даму нәтижесі ретінде көрсетуінде. Ал тілдің ерте кезеңде бір сөздің көп нәрсені атауға мәжбүр болғанын, кейін саралану жүрсе де көпмағыналылық тіл табиғатынан кетпейтінін атап көрсету полисемияның әлеуметтік-танымдық уәжін аңғартады (Аманжолов, 2008: 72).

Көпмағыналылықтың пайда болуын қоғам дамуы барысында жаңа ұғымдарды әрдайым жаңа сөзбен атамай, бұрыннан бар сөздің үстіне қосымша мағына үстейтін үрдісімен түсіндіру – қазақ лексикологиясындағы ықпалды тұжырымдардың бірі (Аханов, 2015: 141). Мұнда сөздің жалпылаушы қасиеті негізгі фактор ретінде қарастырылып, жаңа туынды мағыналардың қосылуына мүмкіндік беретін ішкі тілдік негіз көрсетіледі.

Көпмағыналылықтың тарихи сипатын атап, оның бір мезетте емес, ұзақ уақыт ішінде семантикалық алмасулар арқылы қалыптасатынын нақтылау да маңызды (Мұсабаев, 2008: 81). Ал түбірлер мен негіздер семантикасының полисемияға ұмтылысын көрсететін, бір түбірдің 2-5 және одан да көп мағынаға дейін кеңейе алатыны туралы пікір тарихи мәтіндерден лексема таңдауда және мағына тармақтарын жіктеуде әдіснамалық тірек болады (Қайдар, 2004: 98).

Полисемияны зерттеудің жақсы дамыған қыры ретінде диахрондық семантикалық даму мен лексикографиялық жүйелеу мәселесін де атап өткен жөн. Бір лексеманың мағыналық тармақтары тарихи мәтінде қандай контекст арқылы пайда болғаны, кейінгі дәуірде қайсысы тұрақтанғаны, ал қайсысы пассивтенгені сөздік берілімнен көрінеді. Сондықтан біздің мақалада лексемалардың тарихи мәтіндегі мағына тармақтарын қазіргі сөздіктік түсіндірмелермен беттестіру негізгі тәсіл ретінде алынады. Мұндай салыстыру бір жағынан полисемияның уәжін ашуға, екінші жағынан тарихи сабақтастықтың нақты түрін көрсетуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда шолу жасалған әдебиеттердің барлығы біздің тақырыпқа тікелей қызмет етеді. Ағылшын тіл біліміндегі қазіргі үрдістер полисемияны контекстік сигналдармен, когнитивтік тетікпен және үлгілік репрезентациямен бірге қарастырудың қажет екенін көрсетеді. Орыс тіл біліміндегі классикалық және кейінгі тұжырымдар мағына тұтастығы мен мағына тармақтарының жүйелілігін ұштастырып түсіндіруге мүмкіндік береді. Қазақ тілтанымындағы қағидалар көпмағыналылықтың тарихи уәжін, жалпылау қабілетін және семантикалық алмасулар арқылы кеңеюін негіздейді.

Нәтижелер және талқылау

Ең алдымен, *«Гүлістан бит-түрки»* мәтінінде мағына тармақтары анық байқалатын когнитивтік етістік қатарынан *аңла* лексемасы назар аударады. Бұл сөз тарихи мәтінде бір жағынан «білу, түсіну» мәнінде, екінші жағынан «айыра тану, ажырату» сияқты аналитикалық ойлау әрекетін білдіретін реңкте жұмсалады. Мұнда полисемияның уәжі танымдық үдерістің сатылануымен байланысты: «түсіну» жалпы қабылдауды білдірсе, «айыра тану» нақтылау мен жіктеуді білдіреді. Яғни бір лексема когнитивтік әрекеттің әр деңгейін қамтиды. Қазіргі қазақ тілінде бұл өріс «аңғару/аңдау/айыру» сияқты қатарлармен берілетіндіктен, тарихи «аңла» формасының өзегі сақталып, мағына тармақтары жаңа тұлғалар арқылы да жалғасқанын көреміз. Осыған жақын құбылыс *аңлат* бірлігінде де көрінеді: тарихи мәтінде ол «хабарлау, білдіру» мағынасында да, кей контексте «айыптау, кінә тағу» реңкіне жақындайтын қолданыста да ұшырайды. Бұл тұста екінші тармақтың полисемия ретінде орныққаны не контекст әсерінен уақытша күшейген бағалауыш реңк екені ажыратуды қажет етеді. Сондықтан біз мұны жаңа дербес мағына ретінде емес, сөйлеу жағдаяты мен авторлық ұстанымға байланысты айқындалатын мәндік реңк ретінде қарастырамыз. Бүгінгі қазақ тілінде «айыптау» мағынасы көбіне бөлек лексемалармен беріледі, ал «аңлату» – «түсіндіру, білдіру» мағынасында тұрақтанған (Сейітбекова, 2024: 161).

Тарихи мәтіндегі көпмағыналылықтың айқын үлгілерінің бірі *безен* лексемасында байқалады. Ол заттық әлемде «әшекейлеу» мағынасында жұмсалып, әрі мәтіндік-эстетикалық кеңістікте «көркемдеу, сән беру» реңкіне ауысады. Бұл – классикалық метафоралық кеңею·

материалдық «әшекей» ұғымы сөзге, ойға, сөйлеуге көшіп, «сөзді безендіру» сияқты қазіргі қазақ тіліндегі тіркесімге жақындайды. Осы типтес кеңею *биік* бірлігінде де бар. «Үлкен, биік» деген кеңістік-өлшемдік мағынадан «ұлы, мәні зор» деген бағалауыш мағынаға өту уәжі түсінікті, өйткені «биіктік» мәдени танымда «абырой, ұлылық» ұғымымен жиі астасады. Қазіргі қазақ тіліндегі «биік мақсат», «биік бедел» тәрізді қолданыстар осы тарихи уәждің жалғасуын көрсетеді.

Тағы бір маңызды қабат *зікір* сөзінде көрінеді. Тарихи мәтінде «діни еске алу» өзегі басым болса да, контекстке қарай ол «ойда сақтау, есіне алу» сияқты кеңейген мәнмен де ұшырайды. Мұнда мағына кеңеюінің уәжі – діни амалдың когнитивтік әрекетпен ұқсастығы: «еске алу» ұғымы діни дискурстан жалпы психикалық әрекетке ауысады. Қазіргі қазақ тілінде «зікір» көбіне діни мәнде сақталғанымен, «еске алу» өрісімен байланыс семантикалық деңгейде сезіледі.

Қолданысы бүгінге тікелей жалғасқан өте өнімді лексема – *көчүр* (қазіргі *көшіру*). Тарихи мәтінде ол «көшіру» (мәтінді қайта жазу) мағынасымен қатар «ауыстыру, көшіріп алу» сияқты әрекеттік кеңеюге бейім болып көрінеді. Қазіргі қазақ тілінде бұл кеңею одан әрі күшейіп, цифрлық ортада «файл көшіру, дерек көшіру» сияқты техникалық қолданыстарға дейін жетті. Яғни тарихи өзек сақталған, ал нысан өзгерген сайын мағына өрісі функционалдық тұрғыдан кеңейген. Осыған ұқсас, бірақ өзге типтегі кеңею *қадам* лексемасында байқалады: тарихи мәтіндегі «адым» мағынасы бүгінге сол күйі жетіп қана қоймай, «әрекет, бастама, кезең» мәнінде өте белсенді. Мұндағы уәж адамның күнделікті тәжірибесіне сүйенеді. «Адым» – әрекеттің ең кіші өлшемі, ал әлеуметтік тәжірибеде ол «қадам жасау» түрінде шешім, бастама, жоспарлау ұғымын береді. Қазіргі дискурстағы «алғашқы қадам», «батыл қадам», «келесі қадам» тіркестері осының дәлелі.

Ағыз лексемасы тарихи мәтінде адам денесіне қатысты «ауыз» мағынасымен қатар үй-жай кеңістігіндегі «кіреберіс, есік алды» мәнінде де жұмсалғаны байқалады. Бұл екі мағына метафоралық уәж арқылы сабақтасады: *ауыз* адамның дене мүшесі ретінде «ашылу, кіріп-шығу» қызметін атқарса, *кіреберіс* үй кеңістігіндегі дәл сондай «ашылатын, кіріп-шығатын» орын ретінде танылады. Демек, «кіреберіс» мағынасы «ауыз» өзегінің кеңістікке көшірілуі арқылы пайда болады. Қазіргі қазақ тілінде осы көпмағыналылықтың сабақтастығы «ауыз» негізгі мағына ретінде сақталуымен қатар, «ауыз үй», «үй аузы» тәрізді тіркестерде тұрмыс кеңістігіне қатысты реңктің өмір сүруінен көрінеді. Яғни тарихи мағына тармағы бүгінгі тілде жеке сөз ретінде емес, тіркесім құрамында тұрақтанып, функционалдық тұрғыдан «үй құрылымы» туралы білімді қысқа кодпен жеткізетін құрал болып отыр.

Уақыт өрісіндегі көпмағыналылықтың дәлелі ретінде *айам* және *дақиқа* сөздері өзара сабақтас қарастырылуға лайық. Тарихи мәтіндегі *айам* «уақыт, кез» мағынасымен қатар «күн» ұғымына да жақындайды. Екі мағынаны байланыстыратын уәж айқын. *Күн* – уақыттың табиғи өлшемі, ал *кез* сол өлшемнің жалпыланған атауы ретінде танылады. Қазіргі қазақ тілінде «күн» мен «уақыт/кез» жеке лексемаларға бөлінген. Соған қарамастан мағыналық сабақтастық сақталған. «Күнім», «күн туды», «күн өтті» сияқты қолданыстарда «күн» нақты тәуліктік мезгілді де, уақыттың жалпы ағымын да білдіре алады. Ал *дақиқа* тарихи мәтінде нақты уақыт өлшемі ретінде беріледі. Сонымен бірге мәнмәтінде ол «сәт, мезет» мағынасына ауысып жұмсалады. Қазіргі тілдегі «бір минут», «бір сәт», «дақиқа ішінде» тәрізді тіркестер осы мағыналық желінің жалғасып отырғанын көрсетеді. Мұндай қолданыстарда өлшемдік уақыт пен адамның уақытты ішкі түйсінуі бір сөздің бойында астасып, сөйлеудің прагматикалық әсерін күшейтеді.

Әрекеттің қарқыны мен мөлшері арасындағы мағыналық байланыс *арқун* сөзінде айқын көрінеді. Тарихи мәтінде ол «ақырын, баяу» (темп) мағынасында да, «аздап, шамалап» (мөлшер) мағынасында да жұмсалған. Екі мағынаны біріктіретін ортақ өзек – «төмен интенсивтілік»: бірде қарқын төмендейді, бірде мөлшер азаяды. Демек, *арқун* тарихи мәтінде бір лексеманың шеңберінде «қарқынның бәсеңдігі» мен «мөлшердің аздығы» сияқты мағыналық тармақтарды қатар қамтитын үлгі ретінде көрінеді. Ал қазіргі қазақ тілінде осы мағыналық өріс «ақырын», «жай», «аздап», «сәл» тәрізді бірнеше сөз арқылы тарқатылып беріліп, сол уәж әртүрлі

лексемалар деңгейінде жалғасып отыр.

Этикалық әрі әлеуметтік әрекеттерді білдіретін көпмағыналылық *бағышла* бірлігінде айқын көрінеді. Тарихи мәтінде бұл сөз «сыйлау, тарту ету» мағынасымен қатар «кешіру» мағынасында да жұмсалады. Екі тармақты біріктіретін негізгі уәж – қарым-қатынасты жақсартатын игі әрекет ұғымымен байланысты. Бірінде адам материалдық не символдық игілікті ұсынады, екіншісінде кінәні кешіру арқылы моральдық тұрғыдан жақсылық жасайды. Қазіргі қазақ тілінде бұл мағыналар әртүрлі тұлғалар арқылы берілгенімен, ұғымдық сабақтастық сақталады. «Бағыштау» көбіне арнау, сыйлау мәнінде қолданылса, «кешіру» этикет пен моральдық қарым-қатынас өрісінде белсенді. Демек, тарихи кезеңде бір сөз бойында тоғысқан мағыналық желі бүгінгі тілде де үзілмей, әрқайсысы өзіне тән қолданыс саласында орнығып келеді.

Жазба мәдениет пен әлеуметтік реттеудің өзара байланысы *біт* сөзінің көпмағыналылығынан анық байқалады. Тарихи мәтінде бұл бірлік «жазу, хат» мағынасында да, «тоқтам, бітім» ұғымына жуық реңкте де қатар жұмсалады. Мұның уәжі түсінікті, өйткені жазылған құжат көбіне келісімнің не шешімнің ресми бекітілген нұсқасы ретінде қабылданады. Қазіргі қазақ тілінде осы мағыналық желі «бітім» және «бітіру» сияқты туынды тұлғалар арқылы жалғасып, әсіресе ресми және қоғамдық дискурста белсенді қолданылады. Соның нәтижесінде тарихи кезеңде бір сөз бойында тоғысқан мағыналық тармақтар бүгінгі тілде де сақталып, жазба дәстүрмен және келісім-реттеу ұғымдарымен байланысты қолданыс өрісінде орнығып отыр.

Кеңістік ұғымынан мақсат пен нәтиже ұғымына қарай ауысатын көпмағыналылық *ғайат* сөзінен анық көрінеді. Тарихи мәтінде бұл лексема «шек, шекара» мағынасында да, «мақсат, түйін» мағынасында да жұмсалады. Екі тармақты байланыстыратын уәж адамның кеңістік туралы тәжірибесіне сүйенеді. Шек кеңістіктегі аяқталу нүктесін білдірсе, мақсат пен түйін әрекеттің аяқталатын межесін көрсетеді. Қазіргі қазақ тілінде «шек» сөзі тура мағынасымен қатар ауыспалы мәнде де белсенді қолданылады. «Шекке жету», «шектен шығу» сияқты тіркестерде ол нақты шекара емес, абстракт меже ретінде түсініледі. Демек, тарихи көпмағыналылық қазіргі тілде де дискурстық қызметке ие болып, сөйлеуде өлшем мен межені айқындауға қызмет етеді.

Сандық мағынадан бағалауыш күшейткішке дейін кеңейген көпмағыналылықтың айқын үлгісі – *мың*. Тарихи мәтінде ол нақты сандық өлшем ретінде де, «өте көп» мәніндегі гипербола ретінде де жұмсалып, эмоциялық әсерді күшейтудің құралын береді. Қазіргі қазақ тілінде бұл тармақтар түгел сақталған: бір жағынан есептік мәні бар, екінші жағынан «мың алғыс», «мың түрлі» тәрізді тұрақты қолданыстарда сапалық-бағалауыш қызмет атқарады. Мұның тілтанымдық уәжі – санның «көптік шегін» символға айналдыру, сөйтіп сөз көпмағыналылығы мәтіннің экспрессиясын реттеуге қызмет етеді.

Талдауға алынған лексемаларды тарихи мәтін → қазіргі сөздік → заманауи БАҚ қолданысы желісінде салыстыру полисемияның даму бағытын нақтырақ көрсетуге мүмкіндік береді. Байқалған негізгі үрдіс мынадай: орта түркі дәуіріндегі бірқатар сөздер кеңірек семантикалық өріске ие болса, қазіргі қазақ тілінде олардың бір бөлігі мағыналық тарылуға, бір бөлігі семантикалық жіктелуге, енді бір бөлігі тұлғалық өзгеріс арқылы басқа сөзбен алмасуға ұшыраған. Әсіресе тарихи мәтінде бір ғана сөзбен берілген «көңіл-күй», «қызметінде/алдында», «қаталдық-қиындық», «қауіп/реніш» тәрізді кешенді мағыналар қазіргі әдеби тілде бірнеше дербес лексемаға бөлініп кеткені байқалады. Ал кейбір бірліктердің негізгі өзегі сақталғанымен, қазіргі БАҚ тілінде олардың қолданысы неғұрлым тар, нақты және функционалды сипат алған.

Кесте 1 – «Гүлістан бит-түрки» бойынша мағыналық сабақтастық пен өзгеріс
Таблица 1 – Семантическая преемственность и изменения по памятнику «Гулистан бит-тюрки»
Table 1 – Semantic Continuity and Change in “Gulistan bit-Turki”

Сөз	*«Гүлістан бит-түрки» мәтініндегі мағынасы*	*Біртомдық сөздіктегі мағынасы*	*Қазіргі БАҚ тіліндегі қолданыс сипаты*	*Негізгі семантикалық өзгеріс*
хатер	көңіл, жан дүниесі,	Қазіргі әдеби	БАҚ-та негізінен	Тұлғалық өзгеріс +

	ішкі сезім, «көңіліне келу» мәні: *хатері ағырымай* – «көңіліне келмесін»	тілде *қатер* тұлғасында көбіне «қауіп, қауіп-қатер» мағынасында жұмсалады.	«қауіп», «тәуекел», «қауіп-қатер» мәнінде: *экологиялық қатер, қатер төнді*.	мағына ауысуы: «көңіл, ішкі күй» мәнінен «қауіп» мәніне ойысқан.
көңүл / көңіл	жүрек, жан, ішкі күй, тыныштық, реніш, рухани хал: *көңлүм ағырды, көңүл рахаты*	эмоциялық сезім, сана, ой, зерде; ынта, ықылас; қиял; пейіл	БАҚ-та «көңіл күй», «көптің көңілі», «көңіл бөлу», «көңіл айту» сияқты тіркестерде жиі қолданылады.	Мағыналық тарылу емес, негізгі өзек мағынаның сақталуы, бірақ қолданыс тіркестік сипатта тұрақтанған.
тариқе	бағыт, жол, ұстаным, әдіс: *не тариқе тұтты* – «қандай бағыт ұстанды»	Қазіргі әдеби тілде бұл мағына көбіне «жол», «бағыт», «тәсіл» сөздерімен беріледі; араб-парсылық тұлға белсенді емес.	БАҚ-та тура осы тарихи тұлға сирек, көбіне баламалары қолданылады: *бағыт, тәсіл, стратегия*.	Лексикалық ығысу: көне кірме сөздің орнын қазақы және интернационал баламалар басқан.
йадгар	жәдігер, естелік, ескерткіш, артта қалған із: *һәр бірі бір йадгар*	Қазіргі жүйеде мағынасы *жәдігер, естелік, мұра өрісіне* сәйкес келеді.	БАҚ-та көбіне *тарихи жәдігер, мәдени мұра, естелік белгі* түрінде беріледі.	Мағыналық сабақтастық сақталған, бірақ көне тұлға белсенді қолданыстан шығып, балама сөздермен ауысқан.
азар	қорлық, азап, зиян келтіру, ренжіту: *халыққа көп азар қылар, көрңүллер азар қылғұнчы*	Қазіргі тілде *азар* көбіне фразеологиялық тіркестерде сақталған: *азар беру, азар көру*.	БАҚ-та жиі емес, бірақ публицистикада «елге азар болды», «азар берді» түрінде ұшырайды.	Мағыналық тарылу: тарихи кең «азап/зиян/реніш» өрісінен тұрақты тіркес шеңберіне шоғырланған.

Жоғарыдағы кестеден «Гүлістан бит-түрки» материалында бірқатар сөздердің тарихи семантикасы қазіргі қазақ тілінде толық жойылмай, әртүрлі жолмен сақталғаны көрінеді. Бір бөлігі тұлғалық жағынан өзгеріп (*хатер → қатер*), бір бөлігі балама сөздермен алмасып (*тариқе, йадгар*), енді бір бөлігі тіркес құрамында ғана белсенділігін сақтаған (*азар*). Ал *көңіл* сияқты лексемаларда тарихи өзек пен қазіргі қолданыс арасында айқын сабақтастық бар.

«Хұсрау уа Шырын» дастанында көпмағыналылықтың тұрақты көрінетін үлгілерінің бірі – дене мүшесі атауларының эмоциялық және әлеуметтік мағынаға ұласуымен байланысты. Осы тұрғыдан *бағыр/бауыр* лексемасы айрықша назар аударады (Мамырбек, 2024: 96). Тарихи мәтінде ол ішкі мүше атауы ретінде өзек мағынада жұмсала отырып, кейіпкердің ішкі күйін, жан жылуын, жақындық сезімін білдіретін бейнелі мәнге де ауысады. Мұндай мағына кеңеюінің уәжі адамның эмоцияны «іштен» түйсіну тәжірибесіне тіреледі, сондықтан ішкі мүше атауы біртіндеп эмоциялық әлемді сипаттайтын семантикалық тірекке айналады. Қазіргі қазақ тілінде осы мағыналық желі әрі қарай дамып, *бауыр* сөзінің «туыс», «бауырлас», «жақын адам» мәні ерекше белсенді орнықты. Тарихи мәтіндегі жан жақындығын білдіретін уәж бүгінгі тілде әлеуметтік жақындық ұғымын да тіректеп тұр. Мұны қазіргі сөздіктерде *бауыр* сөзінің мүше атауы ретінде де, туыстық-жақындық мағынасында да қатар берілуі айқын дәлелдейді (Уәли, 2013: 196). Демек, бұл құбылыс полисемияның сабақтастығын ғана көрсетпей, туыстық қатынас пен жақындық мәдениетіне негізделген танымдық тәжірибенің тілде орныққанын да аңғартады.

Әлеуметтік актілер өрісінде *бәли* тәрізді қысқа растау бірліктері ерекше қызмет атқарады. Дастан мәтінінде ол ең алдымен «иә» мәніндегі растау ретінде жұмсалып, кей контексте «мақұлдау, келісу» реңкін айқынырақ үстейді. Мұны полисемияның прагматикалық көрінісі деуге болады, өйткені бір форманың қызметі кеңейіп, жай ғана растаудан әлеуметтік келісімді

білдіретін белгіге айналады. Қазіргі қазақ тілінде осы қызмет «иә», «жарайды», «мақұл» сияқты бірліктер арқылы іске асады. Сөйлеу жағдаятына қарай мұндай растаулардың коммуникативтік салмағы құбылып, бірде бейтарап жауап, бірде келісім білдіру, бірде қолдау көрсету ишарасы ретінде танылады. Сондықтан *бәли* лексемасы тарихи мәтінде де, қазіргі тілдік тәжірибеде де қатысымдық маркердің көпқызметтілігін сипаттауға қолайлы тілдік бірлік бола алады.

«Хұсрау уа Шырын» дастанындағы көпмағыналылықтың ірі желісі кеңістік пен бағдар ұғымдарының қоғамдық-әлеуметтік мәнге ұласуымен байланысты. Осы тұрғыдан *бас* пен *бет* лексемаларын қатар қарастыру тиімді. *Бас* тарихи мәтінде анатомиялық өзек мағынамен бірге «жетекші, негізгі, басты» сияқты кеңейген мағыналарды да қамтиды. Бұл кеңеюдің уәжі тұрақты, өйткені «жоғарыда тұру» және «алдыңғы болу» тәжірибесі қоғамдағы иерархия мен басқару идеясын тануға негіз болады. Қазіргі қазақ тіліндегі «басшы», «басты», «басым», «басымдық» тәрізді туындылар осы мағыналық желінің жүйелі түрде орныққанын көрсетеді (TBI Sozdik, 2026: 1).

Ал *бет* сөзінің «жүз» мағынасынан «бет алу», «бет бұру», «бетпе-бет» сияқты құрылымдарға өтуі бағдарды білдіретін кеңістік тәжірибесінің ой мен әрекет саласына көшірілуімен түсіндіріледі. Адамның беті бағытты білдіретіндіктен, бағыт ұғымы мақсат пен ниетті айқындаудың табиғи белгісіне айналады. Қазіргі қазақ тілінде «бет алу», «бет бұру», «бетіңнен қайтпа» сияқты қолданыстардың белсенділігі тарихи мәтіндегі мағына тармақтарының бүгінгі тілде сақталып қана қоймай, қатысымдық тұрғыдан да өнімді қызмет атқарып отырғанын аңғартады.

Көпмағыналылықтың келесі бағыты шындық пен жалғандықты айқындайтын, сонымен бірге бағалауыш реңк тудыратын семантикалық өріспен байланысты. Дастанда *батил* лексемасы «жалған» мағынасымен қатар «негізсіз, бекер» тәрізді бағалауыш реңкке де ие болып, бір жағынан ақиқатқа қарсы қойылатын ұғымды білдіреді, екінші жағынан пікірдің құнын төмендететін прагматикалық құрал ретінде жұмсалуы мүмкін. Бұл көпмағыналылықтың семантикалық өзегі бір, ол «шындыққа сай келмеу» ұғымына тіреледі. Алайда мәнмәтін оның салмағын әр деңгейде айқындайды. Бір контексте моральдық немесе діни тұрғыдан айыптау реңкі күшейсе, басқа контексте бағалауыш мәндегі «бос, бекер» сипаты алға шығады. Қазіргі қазақ тілінде «жалған», «бекер», «негізсіз» сияқты бірліктер осы мағыналық өрісті береді. Ал *батил* типтес араб-парсы кірме қабаты көбіне діни-кітаби стильде сақталып, кей жағдайда публицистикалық мәтінде бағалауыш мәнді қолданыстарға ұшырайды. Демек, тарихи мәтіндегі кітаби лексика бүгінгі тілде стильдік жағынан сараланғанымен, оның семантикалық өзегі сақталып, бағалауыш қызметі контекст арқылы реттеліп отырады.

Дастанда мәдени-танымдық концептілерге қатысты көпмағыналылық айқын көрінеді. Солардың бірі – *бахт* лексемасы. Ол «бақыт, құт» мағынасымен қатар «тағдыр, несібе» ұғымына да жақындайды. Бұл мағыналық тармақтардың уәжі өмірдегі жақсы нәтижені бірде адамның еңбегімен, бірде тағдырдың жазуымен түсіндіретін танымдық тәжірибеге тіреледі. Соған сәйкес *бахт* бір контексте субъективті бақыт күйін білдірсе, екінші контексте объективті жазмыш пен несібе ұғымын меңзейді. Қазіргі қазақ тілінде «бақыт» және «тағдыр» көбіне жеке атаулармен берілгенімен, олардың ұғымдық жақындығы «бақ-несібе», «құт», «бағы ашылды» сияқты тұрақты тіркестерде анық сақталған. Дәл осы тұстан полисемияның *когнитивтік негізі* байқалады, өйткені бір концепт бірнеше атаумен ғана берілмей, бір атаудың өзі де әртүрлі концептуалдық тармақтарға ашылады. Мұндай мағыналық ұйымдасу дастан поэтикасында ерекше өнімді көрінсе, қазіргі тілде мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер арқылы сабақтасып жалғасады.

Дастанда қозғалыс мағынасы мен нәтижеге жету мағынасының байланысы да көпмағыналылықты айқындайтын маңызды көрсеткіш болып табылады. *Бар* етістігі мен оның тұлғалары, соның ішінде «барды» формасы, кей контексте тек физикалық баруды ғана емес, «жүзеге асты», «орындалды», «жетіп тынды» тәрізді нәтижелік реңкті де білдіреді. Мұндай кеңеюдің уәжі түсінікті, өйткені қозғалыс адам тәжірибесінде белгілі бір межеге жетумен ұштасады, сол себепті «бару» әрекеті абстракт нәтижені де меңзей алады. Қазіргі қазақ тілінде де бұл мағыналық желі сақталған. «Барып келу» нақты қозғалысты білдірсе, «барып тұр»,

«барып шықты» сияқты тіркестерде істің нәтижеге жетуі немесе орындалуы жиі аңғарылады. Демек, тарихи мәтіндегі қозғалыс семантикасы бүгінгі тілде тұрақты тіркесімдер мен сөйлеу дағдысы арқылы жалғасып, етістіктің функционалдық мүмкіндігін кеңейтеді.

Тарихи мәтінде сапалық бірліктерде мағына тармақтарының кеңеюі айқын байқалады, мұны *берік* және *байық* тәрізді бірліктер жақсы көрсетеді. *Берік* тарихи мәтінде заттың физикалық мықтылығын білдірумен қатар, адамның мінез-құлқы мен ұстанымына қатысты моральдық тұрақтылық мәнінде де жұмсалады. Мағына кеңеюінің уәжі «үзілмейтін, майыспайтын» қасиеттің адамның сенімі мен позициясына телінуімен байланысты. Қазіргі қазақ тіліндегі «берік сенім», «берік ұстаным», «берік байланыс» сияқты тіркестер осы ауыспалы қабаттың толық орныққанын көрсетеді және сөздіктерде де тура әрі ауыспалы мағыналар қатар жүйеленеді. Ал *байық* лексемасы тарихи мәтінде «айқын, анық» мағынасымен бірге «байыппен, сабырмен» реңкін де бере алады. Бұл көпмағыналылықтың уәжі айқындық ұғымының ойлау мәдениетімен астасуынан туындайды. Айқын айту үшін байып қажет, ал байыптау ойды анықтап, жүйелеуге сүйенеді. Қазіргі қазақ тілінде «байыппен сөйле», «байыптап қара», «байыптау» сияқты қолданыстар дәл осы семантикалық желінің сабақтастығын танытып, сөздің когнитивтік және функционалдық белсенділігін айқындайды.

Сонымен қатар сөздіктен жиналған тілдік бірліктерді қазіргі сөздіктер мен БАҚ құралдарындағы мағына ауысуы немесе тарылуы тұрғысынан талдап, қай тұста сабақтастық сақталғанына көз жеткізуге болады.

Кесте 2 – «Хұсрау уа Шырын» бойынша мағыналық сабақтастық пен өзгеріс
Таблица 2 – Семантическая преемственность и изменения по памятнику «Хусрау ва Ширин»
Table 2 – Semantic Continuity and Change in «Khusraw wa Shirin»

Сөз	*«Хұсрау уа Шырын» мәтініндегі мағынасы*	*Біртомдық сөздіктегі мағынасы*	*Қазіргі БАҚ тіліндегі қолданыс сипаты*	*Негізгі семантикалық өзгеріс*
табғында	1) алдында; 2) қасында; 3) қызметінде; 4) есігінде	Қазіргі әдеби тілде мұндай кешенді мағына бір сөзбен емес, *алдында, қасында, қызметінде, есігінде* сияқты бөлек тұлғалармен беріледі.	БАҚ-та аналитикалық құрылымдар қолданылады: *министрдің алдында, әкімнің қасында, мекеме қызметінде.*	Семантикалық жіктелу: тарихи көпмағыналы бірлік бірнеше дербес бірлікке ыдыраған.
қатығлық	1) қаталдық; 2) қиындық; 3) қаттылық, қатыгездік; 4) қатулану, ашулану	Қазіргі тілде бұл мағыналар *қаталдық, қиындық, қаттылық, ашулану* сияқты жеке сөздермен беріледі.	БАҚ-та әр мағына жеке лексемамен таңбаланады: *қатал саясат, экономикалық қиындық, қаттылық танытты, ашуланды.*	Полисемиялық кешеннің ыдырауы: бір сөзбен берілген мағыналар қазіргі тілде бөлініп кеткен.
топырақ	1) топырақ; 2) жер; 3) шаң	Қазіргі әдеби тілде де *жердің үстіңгі құнарлы қабаты, шаң, жер* мағыналары сақталған.	БАҚ-та *топырақ сапасы, туған топырақ, шаң-топырақ* түрінде қолданылады.	Негізгі семантикалық сабақтастық сақталған, мағыналық өзек тұрақты.
йүз / жүз	Мәтінде *бет-жүз, өң, көрік, сыртқы келбет* өрісінде жұмсалады: ай йүзлү, йүзі	Қазіргі тілде *жүз* – 1) бет, өң; 2) сан есім; 3) ру-тайпалық бірлік т.б. көпмағыналы сөз.	БАҚ-та «адамның жүзі», «жүз пайыз», «Ұлы жүз» сияқты әртүрлі өрісте жұмсалады.	Мағыналық өрістің кеңеюі: эстетикалық «бет-келбет» мағынасы сақталғанымен, басқа

	суфлұғ, йүзі хафрық.			салалық мағыналар күшейген.
тоң	Мұз секілді қату, берік болу: бұз тег тоңды мухкам – «мұз секілді қатты, қатып қалған».	Қазіргі тілде *тоң* – қатқан жер, тоңу күйі, мұздау.	БАҚ-та *мәңгі тоң, жер тоңы, тоң жібіді* сияқты нақты табиғи-географиялық мәнде жиі кездеседі.	Мағынаның нақтылануы: поэтикалық-образдық қолданыстан нақты заттық, табиғи мағынаға ығысқан.

Кестеден байқағанымыздай, «Хұсрау уа Шырын» деректері тарихи полисемияның қазіргі қазақ тілінде екі түрлі жолмен жалғасатынын көрсетеді: бір жағынан, *топырақ, жүз* тәрізді сөздерде негізгі мағыналық өзек сақталған; екінші жағынан, *табғында, қатығлық* сияқты бірліктердің кешенді семантикасы қазіргі тілде бірнеше дара лексемаға бөлініп кеткен. Бұл құбылыс тарихи мәтіндегі мағына өрісінің қазіргі әдеби тілде не сақталу, не тарылу, не саралану арқылы жалғасатынын дәлелдейді. Осындай салыстырулар полисемияны тек сөздік факт ретінде емес, диахрондық семантикалық сабақтастықтың көрсеткіші ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Талдауға алынған лексемалар тек жекелеген сөздер ретінде емес, *тақырыптық-мағыналық өрістер* бойынша да жүйеленді. Мұндай жіктеу полисемияның қай семантикалық салаларда жиірек шоғырланғанын, мағына кеңеюінің қандай танымдық және қолданыстық арналар арқылы жүргенін айқындауға мүмкіндік береді. «Гүлістан бит-түрки» мен «Хұсрау уа Шырын» материалдарында көпмағыналы бірліктер, негізінен, қимыл-процесс, әлеуметтік қатынас, дене мүшесі мен кеңістік, сапа-күй, уақыт-өлшем және рухани-танымдық ұғымдар төңірегіне топтасатыны байқалды. Төменде әр ескерткіш бойынша талдауға арқау болған 20 сөздің тақырыптық үлесі жеке-жеке көрсетілді.



Сурет 1 – «Гүлістан бит-түрки» бойынша тақырыптық топтар
Рисунок 1 – Тематические группы по памятнику «Гулистан бит-тюрки»
Figure 1 – Thematic Groups in «Gulistan bit-Turki»

«Гүлістан бит-түрки» бойынша жиналған көпмағыналы сөздер ішінде ең өнімді топ – қимыл-әрекет және процесс атаулары: 7 сөз (35%). Одан кейін рухани-танымдық және мәтіндік-абстракт ұғымдар – 4 сөз (20%), уақыт-өлшем-сан атаулары мен сапа-күй, мөлшер мәнді сөздер – 3 сөзден (15%), кеңістік-меже атаулары – 2 сөз (10%), ал әлеуметтік мәртебе мәнді бірліктер – 1 сөз (5%) үлес алды.



Сурет 2 – «Хұсрау уа Шырын» бойынша тақырыптық топтар үлесі
Рисунок 2 – Доля тематических групп по памятнику «Хусрау ва Ширин»
Figure 2 – Distribution of Thematic Groups in “Khusraw wa Shirin”

Диаграммаға сәйкес ең үлкен үлес дене мүшесі, кеңістік, бағдар атауларына тиесілі – 30% (6 сөз). Әлеуметтік-қатысымдық, этикеттік бірліктер мен бағалауыш, сапа-күй мәнді сөздер 20%-дан (4 сөз), ал мәдени-концептуалдық, абстракт ұғымдар мен қимыл, жүзеге асу, нәтиже мәнді сөздер 15%-дан (3 сөз) үлес алды. Бұл «Хұсрау уа Шырын» дастанында полисемияның дене-кеңістік тәжірибесі, әлеуметтік қатынас және бағалауыш семантика негізінде анағұрлым белсенді дамығанын көрсетеді.

Зерттеу барысында қол жеткізген *ғылыми нәтижелерді* былайша топтастыруға болады. Біріншіден, Алтын Орда дәуіріндегі «Гүлістан бит-түрки» мәтіні негізінде талданған *аңла, аңлат, безен, зікір, көчүр, ағыз, айам, дақиқа, арқун, бағышла, біт, ғайат, мың* лексемалары көпмағыналылықтың тарихи уәжін нақты көрсететін бірліктер екені айқындалды. Бұл қатарда когнитивтік етістіктердің мағына сатылануы (*аңла*), мағынаның контекст арқылы нақтылануы мен прагматикалық реңк алуы (*аңлат*), бейнелеуіш әрекеттің эстетикалық қызметке ауысуы (*безен*), діни-танымдық бірліктің жалпы «еске алу» өрісіне кеңеюі (*зікір*), жазба дәстүрден бүгінгі цифрлық дискурсқа дейін үзілмей жалғасқан әрекеттік мағына (*көчүр*), дене мүшесі атауының тұрмыс кеңістігіне метафоралық көшуі (*ағыз*), уақыт өлшемінің жалпы мезгіл ұғымына тарамдалуы (*айам, дақиқа*), интенсивтілік параметрінің темп пен мөлшер арасында кеңеюі (*арқун*), әлеуметтік қатынасты реттейтін этикалық актілердің бір өзекке топтасуы (*бағышла*), жазба мәдениет пен қоғамдық реттеудің байланысы (*біт*), кеңістік межеден мақсат межесіне ауысу (*ғайат*) және сан атауының бағалауыш күшейткішке айналуы (*мың*) жүйелі түрде сипатталды. Нәтижесінде тарихи мәтіндегі мағына тармақтары бүгінгі қазақ тілінде бірде негізгі мағына ретінде, бірде туынды тұлға не тұрақты тіркес құрамында сақталып, қазіргі сөздіктік жүйемен сабақтасып отырғаны дәлелденді.

Екіншіден, «Хұсрау уа Шырын» дастаны бойынша іріктелген *бағыр/бауыр, бәли, бас, бет, батил, бахт, бар- етістігі, берік, байық* бірліктері полисемияның мәдени-танымдық және функционалдық белсенділігін айқын көрсетті. Мұнда дене мүшесі атауының эмоциялық әрі әлеуметтік жақындық мәніне ұласуы (*бағыр/бауыр*), қысқа растаудың әлеуметтік келісім маркері ретінде кеңеюі (*бәли*), кеңістік-бағдар тәжірибесінің қоғамдық-әлеуметтік мағынаға ауысуы (*бас, бет*), «шындыққа сай келмеу» өзегінен бағалауыш реңктің тарамдалуы (*батил*), «құт-бақыт» пен «тағдыр-несібе» ұғымдарының бір атау шеңберінде астарласуы (*бахт*), қозғалыс мағынасының нәтижелік реңкке дейін кеңеюі (*бар*), сондай-ақ сапалық бірліктердің физикалық қасиеттен моральдық және когнитивтік сипатқа ұласуы (*берік, байық*) дәлелді түрде талданды.

Осы деректерді жинақтай келгенде, *полисемия* тарихи мәтінде тек «семантикалық байлық» ретінде ғана емес, қоғамның дүниетанымы мен тәжірибесін ықшам түрде таңбалайтын тілдік тетік ретінде көрінетіні анықталды. Бұл нәтиже біздің мақалада ұсынылған әдіснаманың

тиімділігін айғақтайды, өйткені тарихи мәтіндегі мағына тармақтарын қазіргі сөздік түсіндірмелерімен беттестіру арқылы көпмағыналылықтың уәжі де, сабақтастығы да нақты көрсетілді.

Қорытынды

Көпмағыналылықты тарихи мәтін мен қазіргі қолданыс сабақтастығында қарастыру бүгінгі тілтаным үшін өзекті, өйткені сөз мағынасының дамуы тілдің ішкі заңдылықтарымен қатар қоғамның дүниетанымы, мәдени тәжірибесі және дискурстық нормаларымен тығыз байланыста қалыптасады. Орта ғасыр түркі жазба мұраларындағы мағыналық тармақтар қазіргі оқырманға көбіне «бір ғана мағына» болып көрінуі мүмкін, ал бұл құбылыс тарихи тілдік деректі дұрыс түсіндіруге де, қазіргі сөздіктік жүйені негіздеуге де әсер етеді. Сондықтан көпмағыналылықтың уәжін ашу, мағына тармақтарының қалай пайда болып, қалай сақталғанын көрсету – тек лексикология үшін емес, тарихи семантика, лексикография және мәтінтаным үшін де маңызды міндет.

Зерттеу барысында екі жазба мұра материалдары негізінде көпмағыналы лексемалардың мағына тармақтары уәждік және мәнмәтіндік негізде сараланып, олардың қазіргі қазақ тіліндегі сөздік берілімімен байланысы айқындалды. Талдау тарихи мәтіндегі көпмағыналылықтың кездейсоқ емес екенін көрсетті. Мағына кеңеюі көбіне адамның тәжірибесіне сүйенетін тұрақты үлгілермен өрістейді. Мәселен, кеңістік пен меже ұғымы мақсат пен ниетке ұласады, дене мүшесі атауы эмоциялық және әлеуметтік жақындықты білдіруге көшеді, этикалық әрекеттер әлеуметтік қатынасты реттейтін семантикалық желіге бірігеді, сан атаулары бағалауыш күшейткіш қызметке ие болады. Осы үлгілердің бүгінгі тілде туынды тұлғалар, тұрақты тіркестер және стильдік саралану арқылы жалғасуы тарихи сабақтастықтың нақты тетіктерін көрсетуге мүмкіндік берді.

Қазіргі жасанды интеллект және ұлттық үлгідегі тілдік модель жасау тұрғысынан бұл нәтиженің практикалық салмағы жоғары. Үлкен тілдік модельдер сөзді «бір мағынамен» ғана тануға бейімделсе, тарихи мәтіннің де, қазіргі дискурстың да мағыналық өзегін жоғалтады, ал полисемияны дұрыс өңдемеу мәтін түсінуде қателікке әкеледі. Сондықтан көпмағыналы лексемалардың мағына тармақтары, олардың уәждік байланысы және контекстік іске қосылу шарттары ұлттық тілдік модельге арналған деректер жиынтығында міндетті түрде ескерілуі керек. Бұл материалдар датасетке мағына ажырату, контекст бойынша интерпретациялау, тарихи-синхрондық сәйкестендіру сияқты тапсырмалар түрінде енгізілсе, қазақ тіліндегі LLM-нің семантикалық дәлдігі мен мәдени-тарихи сезімталдығын күшейтеді. Алдағы зерттеулерде мағына тармақтарының жиілік үлгілерін кең көлемде тексеру, жанрлық айырманы нақтылау және көпмағыналылықтың автоматты анықталу өлшемдерін ұсыну сияқты бағыттар тереңдетіле қарастыруды қажет етеді.

Әдебиеттер

Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Павлодар: Павлодар мемлекеттік университеті, 2008. – 110 б.

Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Өлке, 2015. – 560 б.

Звегинцев В. Язык и лингвистическая теория. – Москва: Наука, 1973. – 315 с.

Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі). – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.

Қазақ тілінің әмбебап электронды сөздігі (TBI Sozdik) https://tbisozdik.kz/ (Қаралған күні: 13.03.2026).

Қайдар Ә. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. – 360 б.

Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. 3-бас. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 258 б.

Лещева Л. Лексическая полисемия в когнитивном аспекте. – Москва: Языки славянской культуры, 2014. – 253 с.

Малбақов М., Қайрат А. XVIII – XX ғасырлардағы қазақ сөздіктеріне енген лексикадағы тарихи сөздік қор құрамы // *Tiltanym*, 2025. №4 (100). 12-21-бб. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-12-21

Мамырбек Г. Құтбтың «Хұсрау уа Шырын» дастаны: сөздігі, транскрипциясы, аудармасы. – Алматы: Асыл ЖК, 2024. – 810 б.

Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 472 б.

Пашан Д. Бір буынды көпмағыналы сөздердің лексика-семантикалық сипаты. – Алматы: Ел-шежіре, 2024. – 224 б.

Потебня А. Мысль и язык. – Москва: СИНТО, 1993. – 189 с.

Сейітбекова А. Сейф Сараидың «Гүлістан бит-түрки» жазба ескерткіші: сөздігі, транскрипциясы, аудармасы. – Алматы: Асыл ЖК, 2024. – 704 б.

Уфимцева А. Лексическое значение. – Москва: Наука, 1968. – 239 с.

Щерба Л. В. Языковая система и речевая деятельность. Изд. 2-е. – Москва: Едиториал УРСС, 2004. – 432 с.

Haber, J., Poesio, M. Polysemy-Evidence from linguistics, behavioral science, and contextualized language models // Computational Linguistics. 2024. No.50. Pp. 351-417. https://doi.org/10.1162/coli_a_00500

Liang, X., Huang, F. Brain representations of lexical ambiguity: Disentangling homonymy, polysemy, and their meanings. Brain and Language. 2024. No.4. Pp. 105-120. https://doi.org/10.1016/j.bandl.2024.105426

Martínez, I., Carrión, D. A multimodal approach to polysemy: The senses of touch. Language and Cognition. 2024. No.16. Pp. 1697-1717. https://doi.org/10.1017/langcog.2024.23

Ritchie, K., Prasada, S. Explaining systematic polysemy: Kinds and individuation. Inquiry: An Interdisciplinary Journal of Philosophy. 2024. No.1 Pp. 1-31. https://doi.org/10.1080/0020174X.2024.2387276

References

Ahanov, K. (2015) Til bilimining negizderi. Almaty: Olke. 560 b. [Akhanov, K. (2015) Foundations of Linguistics. Almaty: Olke. 560 p.] (in Kazakh)

Amanzholov, S. (2008) Qazaq adebi tili sintaksisining qysqasha kursy. Pavlodar: Pavlodar memlekettik universiteti. 110 b. [Amanzholov, S. (2008) A Short Course on the Syntax of the Kazakh Literary Language. Pavlodar: Pavlodar State University. 110 p.] (in Kazakh)

Haber, J., Poesio, M. (2024) Polysemy-Evidence from linguistics, behavioral science, and contextualized language models. Computational Linguistics. No.50. Pp. 351-417. https://doi.org/10.1162/coli_a_00500 (in English)

Leshheva, L. (2014) Leksicheskaja polisemija v kognitivnom aspekte. Moskva: Jazyki slavjanskoj kul`tury. 253 s. [Leshcheva, L. (2014) Lexical Polysemy in the Cognitive Aspect. Moscow: Yazyki Slavyanskoy Kultury. 253 p.] (in Russian)

Liang, X., Huang, F. (2024) Brain representations of lexical ambiguity: Disentangling homonymy, polysemy, and their meanings. Brain and Language. No.4. Pp. 105-120. https://doi.org/10.1016/j.bandl.2024.105426 (in English)

Malbaqov, M., Qajrat, A. (2025) XVIII – XX gasyrlardagy qazaq sozdikterine engen leksikadagy tarihi sozdik qor quramy. *Tiltanym,* No.4 (100). 12-21-bb. [Malbakov, M., Kairat, A. (2025) The Composition of the Historical Lexical Stock in the Vocabulary Included in Kazakh Dictionaries of the 18th-20th Centuries. *Tiltanym,* No.4 (100). Pp. 12-21.] https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-12-21 (in Kazakh)

Mamyrbek, G. (2024) Qutbtyng «Husrau ua Shyryn» dastany: sozdigi, transkripcijasy, audarmasy. Almaty: Asyl ZhK. 810 b. [Mamyrbek, G. (2024) Kutb's "Khusrau wa Shirin": Dictionary, Transcription, and Translation. Almaty: Asyl ZhK. 810 p.] (in Kazakh)

Martínez, I., Carrión, D. (2024) A multimodal approach to polysemy: The senses of touch. Language and Cognition. No.16. Pp. 1697-1717 https://doi.org/10.1017/langcog.2024.23 (in English)

Musabaev, G. (2008) Qazaq til bilimining maseleleri. Almaty: Arys. 472 b. [Musabayev, G. (2008) Issues of Kazakh Linguistics. Almaty: Arys. 472 p.] (in Kazakh)

Pashan, D. (2024) Bir buyndy kopmagynaly sozderding leksika-semantikalyq sipaty. Almaty: El-shezhire. 224 b. [Pashan, D. (2024) The Lexico-Semantic Characteristics of Monosyllabic Polysemous Words. Almaty: El-shejire. 224 p.] (in Kazakh)

Potebnja, A. (1993) Mysl` i jazyk. Moskva: Sinto. 189 s. [Potebnya, A. (1993) Thought and Language. Moscow: Sinto. 189 p.] (in Russian)

Qajdar, A. (2004) Turkitanuga kirispe. Almaty: Arys. 360 b. [Qaidar, A. (2004) Introduction to Turkology. Almaty: Arys. 360 p.] (in Kazakh)

Qaliev, G., Bolganbaev, A. (2006) Qazirgi qazaq tilining leksikologijasy men frazeologijasy. 3-bas. Almaty: Sozdik-Slovar`. 258 b. [Kaliyev, G., Bolganbayev, A. (2006) Lexicology and Phraseology of the Modern Kazakh Language (3rd ed.). Almaty: Sozdik–Slovar. 258 p.] (in Kazakh)

Qazaq sozdigi (Qazaq tilining birtomdyq ulken tusindirme sozdigi) (2013). Almaty: Dauir. 1488 b. [Kazakh Dictionary (One-Volume Comprehensive Explanatory Dictionary of the Kazakh Language) (2013). Almaty: Dauir. 1488 p.] (in Kazakh)

Qazaq tilining ambebap jelektrondy sozdigi (TBI Sozdik). [Universal Electronic Dictionary of the Kazakh Language (TBI Sozdik).] (Accessed: 13 March 2026, https://tbisozdik.kz/) (in Kazakh)

Ritchie, K., Prasada, S. (2024) Explaining systematic polysemy: Kinds and individuation. Inquiry: An Interdisciplinary Journal of Philosophy. No.1 (201). Pp. 1-31. https://doi.org/10.1080/0020174X.2024.2387276 (in English)

Sejitbekova, A. (2024) Sejf Sarajding «Gulistan bit-turki» zhazba eskertkishi: sozdigi, transkripcijasy, audarmasy. Almaty: Asyl ZhK. 704 b. [Seitbekova, A. (2024) Sayf Sarai's "Gulistan bit-turki" Written Monument: Dictionary, Transcription, and Translation. Almaty: Asyl ZhK. 704 p.] (in Kazakh)

Sherba, L.V. (2004) Jazykovaja sistema i rechevaja dejatel`nost`. Izd. 2-e. Moskva: Editorial URSS. 432 s. [Shcherba, L.V. (2004) The Language System and Speech Activity (2nd ed.). Moscow: Editorial URSS. 432 p.] [in Russian)

Ufimceva, A. (1968) Leksicheskoe znachenie. Moskva: Nauka. 239 s. [Ufimtseva, A. (1968) Lexical Meaning.

Moscow: Nauka. 239 p.] (in Russian)

Zvegincev, V. (1973) Jazyk i lingvisticheskaja teorija. Moskva: Nauka. 315 s. [Zvegintsev, V. (1973) Language and Linguistic Theory. Moscow: Nauka. 315 p.] (in Russian)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 24.07.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 22.09.2026.
Интернетте қолжетімді / Доступно онлайн /Available online: 30.09.2026.

© Мамашева Н.С., Кулмаматов Д.С., Курманова Б.Х., 2026

CC BY 4.0

Article/Мақала/Статья
IRSTI 16.21.51 https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-100-107

Gulzada Yeshniyaz[1*], Aybarsha Islam[2], Akhmaral Khairzhanova[3]
[1*]Corresponding Author, Doctoral Student,
Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-5645-5982 E-mail: yeshniyaz@gmail.com
[2]Doctor of Philology, Professor,
Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-8920-9294 E-mail: Ayis96212@gmail.com
[3]Candidate of Philological Sciences, Associate Professor,
Khalel Dosmukhamedov Atyrau University, Kazakhstan, Atyrau,
ORCID: 0000-0001-8863-948X E-mail: khairzhanovaa@gmail.com

SEMANTIC DIMENSIONS OF MODAL VERB *CAN* IN ENGLISH

Abstract. Effective communication involves not only the exchange of information between people, but also the expression of the speaker's attitude towards the proposition. Accordingly, modality represents a fundamental component of linguistic communication. One of the modal verbs which encompasses a wide variety of modality meanings is *can*. *Can*[1] is the easiest modal verb, since it is the first type of modal verb learned and used by a child, at the same time it is the most ambiguous modal verb as it can have different interpretations. The ambiguous nature of modal verb *can* was approached from different perspectives; however, much uncertainty still exists about the semantics of *can*. Most studies in the field have accounted for the semantics of *can* along with other modal verbs in English, thereby subsuming all modal verbs under a broader modal category. Unlike previous works, this study considers the semantics of *can* solely. Hence, the present paper employs qualitative and quantitative analyses of utterances containing *can* drawn from fiction, with the aim of identifying the range of meanings expressed by *can* and examining its functions. The analysis of the data has shown that 'can' covers a broad range of modality meanings including participant-internal possibility modality, participant-external possibility modality, deontic modality and epistemic modality. The most frequent use of *can* was found to be as a marker of participant-internal possibility, whereas its deontic reading was the least frequent. Furthermore, the present study demonstrates the crucial role of context and cotext in determining the interpretation of *can* and distinguishing between its different modal readings.

Keywords: possibility modality; deontic modality; epistemic modality; context; modal verbs.
For citation: Yeshniyaz, G., Islam, A., Khairzhanova, A. Semantic Dimensions of Modal Verb *Can* in English. *Tiltanym*, 2026. No.3 (103). Pp. 100-107.
DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-100-107

Гүлзада Салмырзақызы Ешнияз[1*], Айбарша Ислам[2], Ахмарал Хатифқызы Хайржанова[3],
[1*]автор-корреспондент, докторант,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-5645-5982 E-mail: yeshniyaz@gmail.com
[2]филология ғылымдарының докторы, профессор,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-8920-9294 E-mail: Ayis96212@gmail.com
[3]филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Қазақстан, Атырау қ.,
ORCID: 0000-0001-8863-948X E-mail: khairzhanovaa@gmail.com

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ *CAN* МОДАЛЬ ЕТІСТІГІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа. Адамдар арасындағы тиімді қарым-қатынас тек ақпарат алмасумен шектелмейді, сонымен бірге сөйлеушінің айтылған ойға деген көзқарасын жеткізуді де қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, модальділік категориясы сөйлеудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ағылшын тілінде модальділік категориясының түрлі реңін білдіретін модальді етістіктердің бірі – *can*. Аталған модальді етістік баланың ең алғаш меңгеріп, қолданатын модаль етістіктердің бірі болып саналғанымен, ол функционалдық мүмкіндігі кең әрі көпмағыналы күрделі модаль

[1] Wells, G. (1979) Learning and using the auxiliary verb in English. In Language Development, V. Lee (ed.). London: Croom Helm. Pp. 250-270.

етістігі. *Can* модаль етістігінің көпмағыналылығы теориялық тұрғыдан зерттелгенімен, оның семантикалық құрылымы әлі де толық айқындалмаған. Зерттеулердің басым көпшілігінде *can* етістігінің семантикасы ағылшын тіліндегі басқа модаль етістіктермен бірге қарастырылып, олар біртұтас категория ретінде талданады. Мақала *can* модаль етістігінің білдіретін мағыналары мен атқаратын қызметтерін анықтап, түсіндіруді мақсат етеді. Зерттеу көркем әдебиеттен алынған сөйленімдерге сипаттау және сандық талдау жүргізу арқылы жасалды. Талдау нәтижелері аталған модаль етістігінің модальділіктің кең ауқымды түрлерін қамтитынын көрсетті. Олардың қатарына ішкі мүмкіндік модальділігі, сыртқы мүмкіндік модальділігі, деонтикалық модальділік және эпистемикалық модальділік жатады. Зерттеу нәтижелері бойынша *can* модаль етістігінің ең жиі қолданылатын қызметі – субъектінің ішкі мүмкіндігін білдіру болса, ал деонтикалық мағынадағы қолданысы өте сирек кездеседі. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері *can* модальді етістігінің әртүрлі модальдік мағыналарын ажыратуда, сондай-ақ оның қызметін анықтауда контекст пен лингвистикалық мәнмәтіннің (cotext) шешуші рөл атқаратынын көрсетеді.

Тірек сөздер: мүмкіндік модальділігі; деонтикалық модальділік; эпистемикалық модальділік; мәнмәтін; модаль етістіктер.

Сілтеме жасау үшін: Ешнияз Г.С., Ислам А., Хайржанова А.Х. Ағылшын тіліндегі *can* модаль етістігінің семантикалық сипаты. *Tiltanym,* 2026. №3 (103). 100-107-бб. (ағыл. тілінде)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-100-107

Гульзада Салмырзаевна Ешнияз[1*], Айбарша Ислам[2], Ахмарал Хатифкызы Хайржанова[3],
[1*]автор-корреспондент, докторант,
Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-5645-5982 E-mail: yeshniyaz@gmail.com
[2]доктор филологических наук, профессор,
Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-8920-9294 E-mail: Ayis96212@gmail.com
[3]кандидат филологических наук, ассоциированный профессор,
Атырауский университет имени Халела Досмухамедова, Казахстан, г. Атырау,
ORCID: 0000-0001-8863-948X E-mail: khairzhanovaa@gmail.com

СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ МОДАЛЬНОГО ГЛАГОЛА *CAN* В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. Эффективное общение между людьми не ограничивается лишь обменом информацией, но также включает передачу отношения говорящего к высказанной мысли. В этом контексте категория модальности является важной составляющей речи. Одним из модальных глаголов английского языка, выражающих различные оттенки модальности является *can*. *Can* – самый простой модальный глагол английского языка, поскольку он является первым модальным глаголом, который ребёнок усваивает и начинает использовать. В то же время *can* считается наиболее многозначным модальным глаголом, поскольку может иметь различные интерпретации. Многозначность данного модального глагола неоднократно становилась предметом исследования, однако многие аспекты его семантики до сих пор остаются недостаточно изученными. Большинство исследований в данной области анализируют семантику *can* в совокупности с другими модальными глаголами английского языка, рассматривая их как единую группу. В отличие от предыдущих работ, настоящее исследование посвящено исключительно семантике модального глагола *can*. Цель исследования заключается в выявлении и объяснении значений, которые может выражать модальный глагол *can.* Исследование проведено с применением качественного и количественного анализа высказываний, содержащих модальный глагол *can*, отобранных из текстов художественной литературы. Проведённый анализ показал, что данный модальный глагол охватывает широкий спектр модальных значений, включая модальность внутренней возможности, модальность внешней возможности, деонтическую модальность и эпистемическую модальность. Установлено, что наиболее распространённой функцией *can* является выражение модальности внутренней возможности, тогда как деонтическое употребление встречается значительно реже. Кроме того, проведённый анализ выявляет существенное влияние контекста и лингвистического контекста (cotext) на интерпретацию модального глагола *can*, в частности на установление и разграничение его различных модальных значений.

Ключевые слова: модальность возможности; деонтическая модальность; эпистемическая модальность; контекст; модальные глаголы.

Для цитирования: Ешнияз Г.С., Ислам А., Хайржанова А.Х. Семантические особенности модального глагола *can* в английском языке. *Tiltanym,* 2026. №3 (103). С. 100-107. (на англ. яз.)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-100-107

Introduction

Our speech consists of sentences, which can be compared with a high-rise building. The

Қазақ тіліндегі сөздіктерде оның «қамыстан, талдан тоқылған себет» және «ауыр затты немесе адамды таситын құрал» деген анықтамасы берілген (Мамырбекова, Сейітбекова, 2013). Қазіргі медицинада «зембіл» науқасты немесе жарақаттанған адамды қауіпсіз тасымалдауға арналған құрал атауы ретінде қолданылады. Бұрынғы кең тұрмыстық мағынаның медициналық тасымалдау құралы мәнінде нақтылануы мағыналық тарылу мен функционалдық қызметтің нәтижесі болып саналады. Терминнің тілімізге сіңіп, түсінікті әрі орыс тіліндегі *носилка* атауына толық балама бола алатындығы оның бірден-бір артықшылығы дей аламыз.

Медициналық салада зембілдің бірнеше түрі бар: қатты негізді зембіл (металдан жасалып, көбінесе аурухана мен жедел жәрдем көліктерінде пайдаланылады), жұмсақ немесе мата негізді зембілдер (төтенше жағдайлар мен әскери-құтқару жұмыстарында қолданылады), дөңгелекті зембіл (ауруханаларда пациентті бөлімдер арасында тасымалдайды). Сонымен қатар, жиналмалы және көпфункциялы үлгілері де бар.

Қазіргі таңда зембіл сөзінің қолданысын көптеген медициналық сайттар мен БАҚ-тан аңғара аламыз. Оған мысал: *Бұл зембілдер сыналған және 93/42/ЕЕС медициналық құрылғы директивасына сәйкес келеді. Бұл зембілдерде CE белгісі бар* (Medikal.com). *12 қаңтар күні Делиден Алматыға ұшып келген жолаушыға зембіл мен медициналық көмек қажет болды* (Kaz.inform.kz). *Сарыөзек стансасына жеткен жедел жәрдем мәйітті көрпеге орап алып кетті. Зембіл болған жоқ», деп бөлісті жолаушы* (Egemen.kz).

Байқағанымыздай, зембілді медициналық практикада пайдалану науқасты дер кезінде, қауіпсіз әрі реттелген түрде медициналық көмек көрсету орнына жеткізуге мүмкіндік береді. Зембіл жедел жәрдем қызметінің маңызды құралдарының бірі болып саналады. Оның артықшылықтары – құрылысының қарапайым болуы, қолдануға ыңғайлылығы және төтенше жағдайларда тез әрі оңай іске қосылу мүмкіндігі.

Сөздік қорымызда бұрыннан бар, қазір термин дәрежесіндегі ескі кітаби лексеманың бірі – парсы тілінен енген *тәж* сөзі. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дидактикалық шығармасында (Kutadgu Bilig, 1070): ay milletka *tac* ay şeriˈatka din), Қожа Ахмет Яссауидің хикметтерінде («Диуани хикмет» 135-хикмет: Расулға уахи келді,басынан *тәжін* алды, тұрды, қызметшілік қылды, дәруіштер сұхбаты(н)да) (qazcorpus.kz) «тәж» сөзі кездеседі. Негізгі мағынасы әсем безендірілген патшалардың, хандардың, билеушілердің бас киімі. «Тәж» сөзінің тараған аумағы өте кең, қазіргі таңда қазақ (тәж), өзбек (toj), ұйғыр (taj), башқұрт (таж), түрік (taç), бенгалий (taj), шешен (taž), урду (tāj), хинди (tāj), серб-хорват (tädž/täȁ) және т.б тілдерде «бас әшекейі», «диадема» мағынасында актив қолданыста. Қазір елімізде мемлекеттік деңгейде «тәж кигізу», «таққа отыру» рәсімдері болмағанымен, Еуропаның кейбір монархиялы елдерінде күні бүгінге дейін бұл дәстүр сақталған. Сонымен қатар еліміз тәуелсіздік алғаннан бері рухани және діни сананың жаңғыруы нәтижесінде кейбір сөздеріміздің діни мағыналары да қайта жаңғырып келеді.

Баяғы Ғазизаның күйеуімін,
Қылатын арқа-қуат сүйеуімін.
Атамның тартып алып *тәж* бен тағын,
Мен келдім көз жасының тілеуімен.
(Ғаріп пен Ғазиза) (Сағынтаев, 2019).

Берілген мысалдардан байқағанымыздай, «тәж» сөзінің бұйымнан бөлек билікке, дәрежеге, ел басқаруға байланысты мағыналарын аңғара аламыз. Қазіргі қазақ тілінде екі мағынасы да сақталып, белсенді қолданылады. Дегенмен, қазақ тілінде «тәж» сөзінің медицина саласындағы қолданысын жұртшылық біле бермейді. Терминжасамның алғышарттарында бірінші кезекте қазақ тілінің сөздік қорын сарқа пайдалануға мән беріледі. Осы кезекте «тәж» сөзінің динамикасы мен мағынасының артуын байқай аламыз.

А.Б. Жиекбаева «Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі» атты зерттеуінде парсы тілінен енген «тәж» сөзінің терминденуін қарастырады. Зерттеуші жалпыхалықтық тілде билеушінің арнаулы бас киімін білдіретін бұл сөздің медицинада «жүректен шыққан қанды барлық денеге тарататын қызыл қантамыр, артерия» мағынасында қолданылатынын көрсетеді (Жиекбаева, 2014). «Тәж» сөзі орыс. «венец, корона», ағыл. “crown” сөздерінің баламасы ретінде

терминжасамда қарқынды қолданылып жүр. Яғни, үш тілде де оның сақина тәріздес пішініне байланысты, кигізуге болатын функциясына байланысты термин атаулары жасалған. Әлемді дүрліктірген індет короновирустың → *тәжвирус, тәжді вирус* деп *(Жуырда ел басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев тиісті орындарға жандарың шығып кетсе де тәжвирус пен пневмонияның статистикасын біріктіріңдер деп пәрмен беріпті),* тіс коронкаларының → *тіс тәжі* (*Тіс тәжі – бұл пломба немесе инклюзия бұдан былай көмектеспесе, өз сүйікті тағамдарыңызды қайта жеуіңізге көмектеседі*) деп аударылуы – сөзіміздің дәлелі (www.instagram.com). Әсіресе, БАҚ құралдары мен әлеуметтік желілердегі жаңалықтар мен жарнамаларда терминдердің қазақша баламасы кең етек алуда. Төмендегі кестеде медициналық терминдердің аналитикалық жолмен, яғни тіркесу арқылы жасалғанын *тәждік ... – коронарный ..., венечный ...* және т.б. терминдердің көпшілігі қан тамырларына байланысты атаулар екенін байқай аламыз.

Кесте 2 – «Тәж» сөзінің тіркесімі
Таблица 2 – Сочетаемость слова «тәж»
Table 2 – Collocations of the Word «тәж»

Қазақ тілінде	*Орыс тілінде*
Тәж	Венец, корона
Тәждік артерияның бітелуі	Закупорка коронарной артерии
Тәждік жетіспеушілік	Коронарная недостаточность
Тәждік артерияның тарылуы	Коронаростеноз
Тәждік артерия	Венечная артерия
Тәждік артериялардың қабынуы	Коронарит
Тәждік қойнау	Венечный синус
Тәждік артериясын түсіру	Коронография
Тәждік артерияның түйілуі	Коронароспазм
Тәждік ангиопластика	Ангиопластика коронарная
Тәждік шұңқыр	Венечная ямка
Тәждік қойнаудың жапқышы	Заслонка венечного синуса
Тәждік қанайналым	Коронарное кровообращение
Тәждік артериясының шунтын түсіру	Коронарошунтография
Тәждік қойнауды сүмбілеу	Катетеризация коронарного синуса

«Тәж» сөзінің терминденуі ескі кітаби жазба ескерткіштерде қолданылған сипатымен салыстырғанда медицина саласының жаңа термині ретінде танылып, жаңғырғанын дәлелдейді.

Келесі *«камфара»* сөзі түркі тіліне араб тіліндегі كافور (kāfūr) сөзінен енген. Төркіні ескі латын тіліндегі *camfora* сөзінен келген деген де деректер бар. Камфора – табиғи эфир майлары бар органикалық қосылыс, негізінен камфора ағашынан алынады. Оны көне заманнан бері медицинада пайдаланып келген. Кітаби әдебиетте немесе ежелгі жазба деректерде «камфара» көбінесе дәрілік, хош иістендіргіш зат ретінде аталған. 1899 ж. осман тілінің «Kamus-ı Türki» сөздігінде келесідей анықтама беріледі: *кішкентай ағаштың желімінен тұратын ақ және әдемі иісті емдік қасиеті күшті май* (Sami, 1900). Ал отандық сөздіктерде: 1) камфара, хош иісті ағаш (Мамырбекова, Сейітбекова, 2013); 2) камфора ағашынан дәрілік заттарды дайындау мақсатымен, сондай-ақ техникада қолдану үшін синтетикалық жолмен алынатын, өзіне тән иісі бар, түссіз, кристалды зат (Құрманбайұлы, Исақова, Мизамхан, 2019).

«Камфара» сөзі ескі кітаби мәтіндерде дәрі-дәрмек, емдік зат ретінде кеңінен қолданылған. Ол уақыт өте келе, медициналық тәжірибелерде өзінің антисептикалық, тыныштандыратын және жылытатын қасиеттерімен танылған. Көне жазбаларда қолданылған бұл термин бүгінгі күні де медициналық контексте сақталып отыр. Мысал ретінде: *Грыжаға камфора майын жағып, бетіне қарағай шайырын жабыстырып қойыңыз. Сыртынан жылы орап, 15-20 минуттай жатасыз. Ал кішкентай нәрестелердегі грыжаны да камфора майымен емдеуге болады. Ол*

үшін ауырған тұсқа сағат тілімен жұқа етіп майды жағасыз. 3-5 минуттай баяу қимылмен массаж жасайсыз (Ernur.kz). *Гевкамен – жақпамайдың құрамында эфир майы, камфара, парафин, вазелин бар. Ауруды тез басатын күшті көмекші бола алады* (Massaget.kz).

«Камфара» сөзі жалпытүркілік тіл кеңістігінде де бар. Мысалы, өзбек тілінде – kamfora, қырғызша – камфора, түрік тілінде – kâfur, татар тілінде – камфара түрінде, яғни ұқсас нұсқаларда кездеседі. Бұл сөздің көне шығыстық мәдениетпен қатар, қазіргі халықаралық ғылыми-медициналық дәстүрлермен де ұштасып жатқандығын көрсетеді.

Келесі жаңғырған лексемаға *қандауыр* сөзін жатқызуға болады. «Қандауыр» сөзі ескіден қолданыста денеден қан алуға арналған үшкір, шағын пышақты білдірген. Ал қазіргі медицинада кескіш аспаптар құрамындағы хирургиялық пышақтарға жататын «скальпель» сөзінің баламасы ретінде алынған *«қандауыр», «қандауыр пышақтар*» сөзінің лексика-семантикалық тәсілмен жасалғаны арнайы көрсетіледі: екі ұғымды жақындастыратын белгілер – екеуінің де кішкене пышақ болуы, кесу не тесу қызметін атқаруы және емдеу мақсатында қолданылуы. Ресми бекітілген терминдер қатарында «скальпель – қандауыр» деген нұсқаның орнығуы бұл сөздің қазіргі хирургиялық тілде қайта жаңғырғанын дәлелдейді. Сондықтан «қандауыр» сөзінің жаңғыру көрінісі дәстүрлі емшілік құралының атауының заманауи хирургиялық аспап атауына ауысуынан байқалады.

Қандауыр сөзінің қазіргі тұлғасында ортағасырлық жазба мұраларда қолданылғаны туралы, қаралған деректер негізінде анықтай алмаймыз. Дегенмен М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» сөздігінде 2568 قَنَاغُو *ḳanaġu: ḳanaġu* “Neşter, kan alacak alet (mibdaʿ)” атауы кездеседі (Kaşgarlı Mahmud, 2023).



Сурет 1 – М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінің
факсимилелік көшірмесінен үзінді
Рисунок 1 – Фрагмент факсимильной копии труда М. Кашгари «Диван лугат ат-турк»
Figure 1 – An excerpt from the facsimile copy of Mahmud al-Kashgari’s Dīwān Lughāt al-Turk

Түркиялық зерттеушілер Т. Йылдырым мен М. Чифджи бұл сөзді *қана-* етістігі мен құрал атауын жасайтын *-ғу* жұрнағынан таратып түсіндіреді (Yıldırım, Çifci, 2012). Осы талдауға сүйенсек, *қанағу* мен *қандауыр* атауларының жақындығы олардың сыртқы тұлғасынан ғана емес, қан алу әрекетіне негізделген ортақ атау уәжінен де байқалады. Бұл ұқсастық екі сөздің тарихи байланысы болуы мүмкін деген болжамды қуаттайды. Сонымен бірге олардың құрамындағы айырмашылықтар қанағу тұлғасынан қандауыр атауына тікелей ауысу болған деп толық тұжырым жасай алмаймыз. Әзірге бізге анығы – екі сөздің мағыналық және қызметтік жақындығы олардың тарихи тұрғыда бір салада қолданылып, лексикалық және фонетикалық ұқсастықтары болып табылады.

«Қандауыр» сөзінің жаңғыруы халық емшілігі құралы атауының қазіргі хирургия терминіне айналуы арқылы байқалады. Сондықтан бұл екі сөз де ұлттық терминжасамдағы жаңғырудың сәтті үлгілері ретінде бағалану керек. Сондай-ақ «қандауыр» сөзі метафоралық мағынада әдеби шығармалар мен мақалаларда жиі кездеседі. Мысалы: *«Қош бол, қандауыр», «Қандауыр – қалам», «Операция – қандауыр жүзіндегі арпалыс»* секілді т.б. тақырыптарды айтсақ болады.

«Қандауыр» сөзінің медициналық мағыналық негізден ажырамастан публицистикада жиі қолданылуын лексика-семантикалық жаңғырудың және терминнің бейнелі-публицистикалық әлеуетінің көрінісі дей аламыз. Бұл сөз публицистикалық мәтінде бастапқы медициналық семасын толық жоғалтпай, керісінше сол сема арқылы қоғамдық, әлеуметтік, рухани немесе саяси құбылыстарды өткір сипаттаудың экспрессивті құралы ретінде қолданылады.

Бұл сөз қай мәтінде қолданылса да, оның мағыналық өзегінде *кесу, ашу, ота жасау, жараны тазарту, дәлдік, өткірлік, ауырсыну, емдеу* сияқты семалар сақталады. Публицистикада осы семалар ауыспалы мағынаға негіз болады. Мысалы, қоғамдағы дертті «*қандауырмен кесу*», мәселені «*қандауырдай өткір көтеру* (мәселені)», шындықты «*қандауырдай тілу*» сияқты қолданыстарда сөз медициналық мағынасынан толық алыстамайды, қайта сол мағына арқылы әлеуметтік талдаудың бейнелі тіліне айналады.

Келесіден, бұл құбылыс терминнің детерминденуімен байланысты. Арнаулы салаға тән термин жалпы қолданысқа өтіп, публицистикалық мәтінде бағалауыштық, экспрессивтік қызмет атқарады. Алайда *қандауыр* толықтай бейтарап сөзге айналып кетпейді; оның медициналық-терминдік ізі сақталады. Сондықтан ол публицистикада жай ғана «пышақ» немесе «құрал» мағынасында емес, емдеу үшін жасалатын ауыр, бірақ қажетті әрекеттің символы ретінде жұмсалады.

Сонымен қатар медицинада қандауыр денедегі ауру ошағын ашу, кесу, емдеу мақсатында қолданылса, публицистикада ол қоғамдағы «*дертті (проблема)*» ашып көрсету, кемшілікті әшкерелеу, күрделі мәселені батыл қозғау мағынасында жұмсалады. Мұнда медициналық ұғым қоғамдық санаға көшеді:

адам денесі → қоғам денесі;
ауру → әлеуметтік мәселе;
ота → сын немесе шешім іздеу;
қандауыр → өткір сөз, сын, батыл әрекет.

Сондай-ақ сөздің экспрессивтік қуаты оның жиі қолданылуына себеп болады. *Қандауыр* сөзі публицистикалық мәтінде бейтарап ақпарат бермейді, ол мәтінге эмоциялық салмақ және өткірлік қосады. Бұл сөз арқылы автор мәселенің жай ғана айтылып отырғанын емес, оның ауыр, шұғыл, шешілуі тиіс қоғамдық *«дерт»* екенін аңғартады. Сондықтан да публицистикада көбіне сын, мәселе көтеру, әлеуметтік әділетсіздік, рухани дағдарыс, ұлт тағдыры, денсаулық сақтау тақырыптарымен қабыса қолданылады.

Қандауыр публицистикада жаңа мағынаға ие емес, керісінше өзінің бастапқы медициналық мағынасына сүйене отырып, бейнелі қолданыс өрісін кеңейтуде. Сондықтан оны мағыналық негізін сақтаған метафоралық қолданыс деп танығанымыз дұрыс.

Сонымен, бұл сөздің публицистикалық мәтіндерде жиі қолданылуы оның медициналық-терминдік семантикасынан ажырауымен емес, сол семантикалық негіздің қоғамдық-әлеуметтік дискурсқа метафоралық түрде көшуімен түсіндіріледі. Сөздің бастапқы мағынасындағы *кесу, ота жасау, емдеу* семалары публицистикада әлеуметтік мәселені әшкерелеу, қоғамдағы кемшілікті өткір сынға алу, күрделі құбылысты батыл талдау мағыналарын тудырады. Осылайша, бұл лексика арнайы медициналық терминнен публицистикалық экспрессия құралына айналғанымен, өзінің негізгі медициналық мағыналық өзегін сақтайды.

Жоғарыдағы мысалдар орта түркі және кейінгі кітаби дәстүрден жеткен медициналық атаулардың қазіргі тілде әртүрлі жолмен жаңғырғанын көрсетеді. «Обыр» мен «тәж» сөзінде метафоралық уәждену басым болса, сарысу мен зембілде семантикалану айқын; «камфорада» тарихи фармаконимнің сақталуы, «қандауырда» құрал атауының функционалдық кеңеюі байқалады. Бұл айырмашылықтарды ескермей, барлық лексеманы бірдей «жаңғырған сөз» деп атау ғылыми тұрғыдан дұрыс болмайды. Әр атаудың тарихи дерегі, бастапқы мағынасы, қазіргі терминдік қызметі және қолданыс жиілігі жеке-жеке дәлелденіп көрсетілуі керек.

Түйіндей келе, орта түркі медициналық лексикасының жаңғыруын үш негізгі бағытта қарастыруға болады: біріншісі – тарихи тұлғасы сақталған атаулардың қазіргі таңда жаңа мағынаға ие болуы; екіншісі – бейнелі немесе заттық ұқсастыққа негізделген метафоралық терминденуі; үшіншісі – ескі кітаби және кірме лексемалардың қазіргі медициналық

терминологияда орнығуы. Бұл үдерістер қазақ медицина терминологиясында ұлттық тілдік қорды ғылыми мақсатта пайдалануға нақты негіз бола алады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, орта түркі медициналық мәтіндердегі лексика – тек көне сөздер мен атаулар жиынтығы емес, тарихи жад пен терминжасамдық тәжірибені қатар сақтаған күрделі тілдік қабат дей аламыз. Бұл қабатта төл түркілік атаулар, араб-парсы кірме лексемалары, сакралды-қорғаныстық ұғымдар мен тәжірибелік емдеу әдістерінің атаулары кең қолданылған. Сондықтан оны жүйелі зерттеу қазақ тілінің тарихи терминологиясын байытуға және қазіргі ғылыми тілдің ұлттық негізін күшейтуге әрі жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Жүргізілген талдау бойынша *обыр, сарысу, зембіл, тәж, камфара/камфора, қандауыр* секілді атаулардың әртүрлі семантикалық жолмен қазіргі медицина тіліне бейімделгенін көре аламыз. «Обыр» мен «тәж» атауларында метафоралық уәждену, «сарысу» мен «зембілде» семантикалану, «қандауырда» құралдық мағынаның кеңеюі, «камфорада» тарихи фармаконимнің ғылыми қолданыста сақталуы басым болғандығын байқадық.

Нәтижесінде орта түркі медициналық лексикасының қазіргі қазақ терминжасамына қызмет ете алатын белсенді ресурс екенін дәлелдейді. Алайда мұндай атауларды ғылыми айналымға енгізуде олардың тарихи дерегі, мағыналық дамуы, қазіргі салалық қолданысы және терминологиялық нормаға сәйкестігі қатар ескерілуі қажет.

Болашақта орта түркі және ескі кітаби медициналық атаулардың электронды корпусын жасау, оларды жалпы медицина салалары бойынша жіктеу, тарихи тұлғасы мен қазіргі баламасын салыстырмалы түрде көрсету маңызды. Мұндай жұмыс ұлттық медицина терминологиясының бірізділігін, тарихи сабақтастығын және ғылыми негізділігін нығайтады.

Әдебиеттер

Алекторов А.Е. Болезни киргизов и средства врачевания их // Оренбургский Листок. – 1891. – №2. – В кн.: Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. – Казань, 1900. – 985 с.

Джанабеков Қ., Джанабекова Г. Орысша-қазақша ветеринариялық сөздік. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2013. – 288 б.

Жиекбаева А.Б. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 168 б.

Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құраст.: Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан және т.б. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

Қазақ тілінің ұлттық корпусы. – Qazcorpus.kz

Қайыржанұлы К. «Шипагерлік баянның» терминологиядағы маңызы / дайындаған Ә. Әшімұлы // Abai.kz. – 2024. – 18 шілде. – Электрондық ресурс. – URL: https://abai.kz/post/185277 (қаралған күні: 24.09.2026).

Мамырбекова Г., Сейтбекова А. Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінің» тезаурус сөздігі. – Алматы: «Фирма Орнак», 2013. – 480 б.

Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.

Сағынтаев Б.Ж. Ескі сөз ел мұрасы (Торғай өңірінің фольклорлық мұралары). – Қостанай: «Қарлығаш» баспасы, 2019. – 424 б.

Сейтханова Б.Т. Жалпы иммунология: оқулық. – Алматы: Эверо, 2022. – 176 б.

Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.

Терминологиялық хабаршы: Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені. – 2022. – №1 (62). – URL: https://termincom.kz/assets/pdf/5886a98d209754125cf4d959c23ab791.pdf (қаралған күні: 24.09.2026).

Терминологиялық хабаршы: Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені. – 2023. – №2 (65). – URL: https://termincom.kz/assets/pdf/238396fe8d8a9937c8f9c720741f8249.pdf (қаралған күні: 24.09.2026).

Шадкам З., Қыдырбаева Ү.Т., Тұяқбаев Ө.О. Ортағасырлық түркі шипагерлік дәстүрі және жазба жәдігерлері // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – Алматы, 2021. – № 3 (102).

Шадкам З., Тұяқбаев Ө.О., Қыдырбаева Ү.Т., Абдраханов Д.М. «Дастур ал-‘илāж» медициналық трактаты және қолжазба нұсқалары // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – Алматы, 2021. – №3 (98).

Ягмин А. Киргиз-кайсакские степи и их жители. – Санкт-Петербург, 1845. – Т. VI. – С. 77.

Atalay, B. Divanü Lûgat-it-Türk Dizini. Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 1986. 491 s.

Etimoloji Türkçe. www.etimolojiturkce.com

Kaşgarlı Mahmud. Dîvânu Lugâti't-Türk: Türk Dilinin İlk Sözlüğü. Çev. Mustafa S. Kaçalin. İstanbul: VakıfBank Kültür Yayınları, 2023.

Kaygusuz, R. Nehcü'l Ferâdîs'te "Ya'nî" ve "Ma'nî" Bağlaçlarıyla Kavram Açıklaması // 7. Uluslararası Sosyal Bilimler ve Eğitim Bilimleri Sempozyumu (USVES) Tam Metin Kitabı / editörler: M. Şen, M. S. Bakıcı. Elazığ: Asos

Yayınevi, 2025. S. 52–62.

Şemseddin Sami. Kamus-ı Türki. 1900. Osmanlicasozlukler.com

Yıldırım, T., Çifci, M. Dîvânü Lugâti't-Türk'te yer alan alet-eşya adları // Turkish Studies. 2012. Cilt 7. Sayı 2. S. 1229–1249.

References

Alektorov, A.E. (1900) Bolezni kirgizov i sredstva vrachevanija ih. Orenburgskij Listok. No.2. V kn.: Ukazatel' knig, zhurnal'nyh i gazetnyh statej i zametok o kirgizah. Kazan'. 985 s. [Alektorov, A.E. (1900) Diseases of the Kirghiz and methods of their treatment. Orenburg Leaflet. No.2. In: Index of books, journal and newspaper articles and notes about the Kirghiz. Kazan. 985 p.] (in Russian)

Atalay, B. (1986) Divanü Lûgat-it-Türk Dizini. Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi. 491 s. (in Turkish)

Dzhanabekov, Q., Dzhanabekova, G. (2013) Oryssha-qazaqsha veterinarijalyq sozdik. Almaty: Sozdik-Slovar'. 288 b. [Dzhanabekov, Q., Dzhanabekova, G. (2013) Russian-Kazakh veterinary dictionary. Almaty: Sozdik-Slovar. 288 p.] (in Kazakh)

Etimoloji Türkçe. www.etimolojiturkce.com (in Turkish)

Kaşgarlı Mahmud. (2023) Dîvânu Lugâti't-Türk: Türk Dilinin İlk Sözlüğü. Çev. Mustafa S. Kaçalin. İstanbul: VakıfBank Kültür Yayınları. (in Turkish)

Kaygusuz, R. (2025) Nehcü'l Ferâdîs'te "Ya'nî" ve "Ma'nî" Bağlaçlarıyla Kavram Açıklaması. 7. Uluslararası Sosyal Bilimler ve Eğitim Bilimleri Sempozyumu (USVES) Tam Metin Kitabı / ed. M. Şen, M.S. Bakıcı. Elazığ: Asos Yayınevi. S. 52–62. (in Turkish)

Mamyrbekova, G., Sejtbekova, A. (2013) Abilgazy bahadur hannyng «Turki shezhiresining» tezaurus sozdigi. Almaty: Firma Ornak. 480 b. [Mamyrbekova, G., Seitbekova, A. (2013) Thesaurus dictionary of Abulgazi Bahadur Khan's "Genealogy of the Turks". Almaty: Firma Ornak. 480 p.] (in Kazakh)

Nurmagambetov, A. (1994) Bes zhuz bes soz. Almaty: Rauan. 304 b. [Nurmagambetov, A. (1994) Five Hundred and Five Words. Almaty: Rauan. 304 p.] (in Kazakh)

Qajyrzhanuly, K. (2024) «Shipagerlik bajannyng» terminologijadagy mangyzy / dajyndagan A. Ashimuly. Abai.kz. 18 shilde. URL: https://abai.kz/post/185277 [Kairzhanuly, K. (2024) The significance of "Shipagerlik Bayan" in terminology / prepared by A. Ashimuly. Abai.kz. 18 July.] URL: https://abai.kz/post/185277 (in Kazakh)

Qazaq tilining kirme sozder sozdigi (2019) / Qurast.: Sh. Qurmanbajuly, S. Isaqova, B. Mizamhan zhane t.b. Almaty: Ulttyq audarma bjurosy qogamdyq qory. 596 b. [Dictionary of borrowed words in the Kazakh language (2019) / Comp.: Sh. Kurmanbaiuly, S. Issakova, B. Mizamkhan et al. Almaty: National Translation Bureau Public Foundation. 596 p.] (in Kazakh)

Qazaq tilining ulttyq korpusy. www.qazcorpus.kz [National Corpus of the Kazakh Language.] (in Kazakh)

Sagyntaev, B.Zh. (qurast.) (2019) Eski soz el murasy (Torgaj ongirining fol`klorlyq muralary). Qostanaj: Qarlygash baspasy. 424 b. [Sagintayev, B.Zh. (comp.) (2019) Old word – heritage of the people (Folklore heritage of the Torgai region). Kostanay: Karlygash Publishing House. 424 p.] (in Kazakh)

Seithanova, B.T. (2022) Zhalpy immunologija: oqulyq. Almaty: Evero. 176 b. [Seitkhanova, B.T. (2022) General Immunology: textbook. Almaty: Evero. 176 p.] (in Kazakh)

Shadkam, Z., Qydyrbaeva, U.T., Tujaqbaev, O.O. (2021) Ortagasyrlyq turki shipagerlik dasturi zhane zhazba zhadigerleri. QazUU Habarshysy. Tarih serijasy. Almaty. No. 3(102). [Shadkam, Z., Kydyrbayeva, U.T., Tuyakbayev, O.O. (2021) Medieval Turkic healing tradition and written monuments. KazNU Bulletin. History series. Almaty. No. 3(102).] (in Kazakh)

Shadkam, Z., Tujaqbaev, O.O., Qydyrbaeva U.T., Abdrahanov, D.M. (2021) «Dastur al-'ilaj» medicinalyq traktaty zhane qolzhazba nusqalary. QazUU Habarshysy. Shygystanu serijasy. Almaty. No. 3(98). [Shadkam, Z., Tuyakbayev, O.O., Kydyrbayeva, U.T., Abdrakhanov, D.M. (2021) The medical treatise "Dastur al-'ilaj" and its manuscript versions. KazNU Bulletin. Oriental Studies series. Almaty. No. 3(98).] (in Kazakh)

Syzdyq, R. (2000) Qazaq tilining anyqtagyshy (emle, tynys belgileri, soz sazy). Astana: Elorda. 532 b. [Syzdyq, R. (2000) Guide to the Kazakh language (orthography, punctuation, pronunciation). Astana: Elorda. 532 p.] (in Kazakh)

Şemseddin Sami (1900) Kamus-ı Türki. www.osmanlicasozlukler.com [Şemseddin Sami (1900) Kamus-i Turki.] (in Turkish)

Terminologijalyq Habarshy: Memlekettik terminologija komissijasynyng bjulleteni (2022) No. 1 (62). URL: https://termincom.kz/assets/pdf/5886a98d209754125cf4d959c23ab791.pdf [Terminological Bulletin: Bulletin of the State Terminology Commission (2022). No.
1(62). URL:https://termincom.kz/assets/pdf/5886a98d209754125cf4d959c23ab791.pdf (in Kazakh)

Terminologijalyq Habarshy: Memlekettik terminologija komissijasynyng bjulleteni (2023). No. 2 (65). URL: https://termincom.kz/assets/pdf/238396fe8d8a9937c8f9c720741f8249.pdf [Terminological Bulletin: Bulletin of the State Terminology Commission (2023). No.
2 (65). URL: https://termincom.kz/assets/pdf/238396fe8d8a9937c8f9c720741f8249.pdf (in Kazakh)

Yagmin, A. (1845) Kirgiz-kajsakskie stepi i ih zhiteli. Sankt-Peterburg. T. VI. S. 77. [Yagmin, A. (1845) Kirghiz-Kaisak steppes and their inhabitants. Saint Petersburg. Vol. VI. P. 77.] (in Russian)

Yıldırım, T., Çifci, M. (2012) Dîvânü Lugâti't-Türk'te yer alan alet-eşya adları. Turkish Studies. Cilt 7. Sayı 2. S. 1229–1249. (in Turkish)

Zhiekbaeva, A.B. (2014) Qazaq tilindegi arab, parsy sozderining termindenui. Almaty: Qazaq universiteti. 168 b. [Zhiyekbayeva, A.B. (2014) Terminologization of Arabic and Persian words in the Kazakh language. Almaty: Kazakh University. 168 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 12.05.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 27.09.2026.
Интернетте қолжетімді / Доступно онлайн /Available online: 30.09.2026.

© Қайрат А.А., 2026

CC BY 4.0

ҚОЛДАНБАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ
ПРИКЛАДНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ
APPLIED LINGUISTICS

Мақала/Статья/Article
ҒТАМР 16.21.27 https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-121-132

Назира Серікқызы Әміржанова[1*], Анар Мұратқызы Фазылжан[2]
[1*]автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты, Назарбаев Университеті,
Қазақстан, Астана қ., ORCID: 0000-0002-3068-5907 E-mail: nazira.amirzhanova@mail.ru
[2]филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0002-0562-4846 E-mail: nar20@bk.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ РЕТІНДЕ МЕҢГЕРУШІЛЕРДІҢ КОЛЛОКАЦИЯЛЫҚ ҚАТЕЛЕРІ: ҰЛТТЫҚ КОРПУС ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ

Аңдатпа. Қазақ тілін екінші тіл (L2) ретінде меңгерушілердің жазба жұмыстары бүгінге дейін корпустық тәсілмен зерттелген жоқ. Осымен байланысты зерттеудің мақсаты – қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеретін оқушылардың жазба мәтіндеріндегі коллокациялық қателерді оқушылар корпусы негізінде анықтау, жіктеу және себептерін интерпретациялау. Осы зерттеуде оқушылар корпусы арқылы коллокациялық қателерді анықтауға, жіктеуге және интерпретациялауға назар аударылады. Жұмыс екінші тілді меңгеру теориясына (SLA, Second Language Acquisition) жалғамалы түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі материалы бойынша үлес қосады. Алдыңғы зерттеулерге сүйене отырып, мақалада «мәдени коллокация» деген теориялық категория ұсынылады. Зерттеу материалы ретінде орта мектеп деңгейіндегі 25 оқушының «Наурыз мейрамы» тақырыбына жазған 65 эссесінен құралған корпус (жалпы көлемі 12500 – 14000 сөз) алынды. Эссе мәтіндері қолмен аннотацияланып, қателерді талдау (Error Analysis) әдістемесі қолданылды. Корпустан 94 коллокациялық қате анықталып, олар лексикалық алмастыру (47%), етістік пен зат есім тіркестеріндегі ауытқулар (24%), бірінші тілдің ықпалына байланысты қателер (18%) және сын есім мен зат есім тіркестеріндегі қателер (11%) деп төрт санатқа жіктелді. Талдау грамматикалық дұрыстық пен коллокациялық құзыреттіліктің бір-бірінен ажырайтынын көрсетеді. Нәтижелер қазақ тілін L2 ретінде оқыту бағдарламаларын, лексикографиялық ресурстарды және мұғалімдерді даярлауды жетілдіру үшін эмпирикалық негіз ұсынады.

Тірек сөздер: коллокациялық қателер; оқушылар корпусы; лексикалық алмастыру; қазақ тілі; эмпирикалық негіз.

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН BR24993244 «Қазақ тілі ұлттық корпусын Smart-мәтіндер мегажобасы және қазақтілді жасанды интеллект негізі ретінде жетілдіру, ішкорпустарын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Әміржанова Н.С., Фазылжан А.М. Қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерушілердің коллокациялық қателері: Ұлттық корпус деректері негізінде. *Tiltanym*, 2026. №3 (103). 121-132-бб.
DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-121-132

Назира Сериковна Амиржанова[1*], Анар Муратовна Фазылжан[2]
[1*]автор-корреспондент, кандидат филологических наук, Назарбаев Университет,
Казахстан, г. Астана, ORCID: 0000-0002-3068-5907 E-mail: nazira.amirzhanova@mail.ru
[2]кандидат филологических наук, ассоциированный профессор,
Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0002-0562-4846 E-mail: nar20@bk.ru

КОЛЛОКАЦИОННЫЕ ОШИБКИ ИЗУЧАЮЩИХ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК КАК ВТОРОЙ: АНАЛИЗ ДАННЫХ НАЦИОНАЛЬНОГО КОРПУСА

Аннотация. Письменные работы изучающих казахский язык как второй (L2) до сих пор не исследовались с применением корпусного подхода. Цель исследования – выявить и классифицировать коллокационные ошибки в письменных текстах учащихся, изучающих казахский язык как второй, а также интерпретировать причины их возникновения на основе данных ученического корпуса. В данном исследовании внимание сосредоточено на

выявлении, классификации и интерпретации коллокационных ошибок на материале корпуса учащихся. Работа вносит вклад в теорию усвоения второго языка (SLA, Second Language Acquisition) на материале агглютинативных тюркских языков, в том числе казахского. Опираясь на предшествующие исследования, автор предлагает теоретическую категорию «культурной коллокации». Материалом послужил корпус из 65 эссе на тему «Праздник Наурыз», написанных 25 учащимися средней школы (общий объём 12500 – 14000 слов). Тексты эссе были размечены вручную, применялась методика анализа ошибок (Error Analysis). В корпусе выявлено 94 коллокационные ошибки, классифицированные по четырём категориям: лексические замены (47%), отклонения в глагольно-именных сочетаниях (24%), ошибки, связанные с влиянием первого языка (18%), и ошибки в сочетаниях прилагательного с существительным (11%). Анализ показывает, что грамматическая правильность и коллокационная компетенция расходятся между собой. Результаты дают эмпирическую основу для совершенствования программ обучения казахскому языку как L2, лексикографических ресурсов и подготовки учителей.

Ключевые слова: коллокационные ошибки; корпус учащихся; лексическая замена; казахский язык; эмпирическая база.

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан ИРН №BR24993244 «Совершенствование национального корпуса казахского языка как мегапроекта Smart-текстов и основы казахоязычного искусственного интеллекта, разработка его подкорпусов».

Для цитирования: Амиржанова Н.С., Фазылжан А.М. Коллокационные ошибки изучающих казахский язык как второй: анализ данных Национального корпуса. *Tiltanym*, 2026. №3 (103). С. 121-132. (на каз. яз.)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-121-132

Nazira Amirzhanova[1*], Anar Fazylzhan[2]

[1*]Corresponding Author, Candidate of Philological Sciences, Nazarbayev University, Kazakhstan, Astana, ORCID: 0000-0002-3068-5907 E-mail: nazira.amirzhanova@mail.ru

[2]Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-0562-4846 E-mail: nar20@bk.ru

COLLOCATIONAL ERRORS OF LEARNERS OF KAZAKH AS A SECOND LANGUAGE: BASED ON THE NATIONAL CORPUS DATA

Abstract. The written production of learners of Kazakh as a second language (L2) has not yet been examined with corpus-based methods. The aim of this study is to identify and classify collocational errors in the written texts of learners of Kazakh as a second language and to interpret their causes using learner corpus data. This study focuses on identifying, classifying and interpreting collocational errors in a learner corpus. It contributes to second language acquisition (SLA) theory with evidence from agglutinative Turkic languages, Kazakh in particular. Building on previous research, the article proposes the theoretical category of “cultural collocation”. The data consist of a corpus of 65 essays on the topic “The Nauryz Holiday” written by 25 secondary school students (12,500-14,000 words in total). The essays were annotated manually and analysed using the Error Analysis approach. A total of 94 collocational errors were identified and classified into four categories: lexical substitution (47%), deviations in verb-noun combinations (24%), errors related to first language influence (18%) and errors in adjective-noun combinations (11%). The analysis shows that grammatical accuracy and collocational competence diverge. The findings provide an empirical basis for improving L2 Kazakh curricula, lexicographic resources and teacher training.

Keywords: collocational errors; Learner corpus; lexical substitution; Kazakh language; empirical basis.

Funding: The article was prepared within the framework of the program-targeted funding project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan IRN BR24993244 “Improving the National Corpus of the Kazakh Language as a Mega-project of Smart Texts and a Basis for Kazakh-language Artificial Intelligence, and Developing its Subcorpora”.

For citation: Amirzhanova, N., Fazylzhan, A. Collocational Errors of Learners of Kazakh as a Second Language: Based on the National Corpus Data. *Tiltanym*, 2026. No.3 (103). Pp. 121-132. (in Kazakh)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-121-132

Кіріспе

Екінші тілді (L2) меңгеру (Second Language Acquisition, SLA) теориясында грамматикалық дұрыстық пен лексикалық ұқыптылық бірін-бірі алмастырмайтын дербес құзыреттілік салалары ретінде ажыратылады (Chomsky, 1965; Hymes, 1972). Қолданбалы лингвистика мен лексикология зерттеулері сөздерді оқшау меңгерудің коммуникативтік дискурс үшін жеткіліксіз екенін көрсетті: жатық әрі аутентикалық жазба тіл үшін сөздерді тілдің тарихи қалыптасқан тіркесу заңдылықтарына сай біріктіру, яғни коллокациялық құзыреттілік қажет (Nation, 2001; Lewis,

2000; Hoey, 2005). Firth (1957: 11) ұсынған «сөзді оның серіктестерінен таны» (you shall know a word by the company it keeps) деген тұжырым лексиканы меңгерудің мәнін білдіретін теориялық позиция ретінде бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Грамматикалық құрылым мен мағынаның арақатынасы туралы генеративтік грамматика ішіндегі пікірталас та синтаксистік дұрыстықтың мағыналық табиғилықты толық қамтамасыз ете алмайтынын көрсетті (Harris, 2021). Sinclair (1991) корпустық зерттеулер негізінде тілдік дискурста еркін тіркестерден гөрі алдын ала қалыптасқан формулалық бірліктердің, соның ішінде коллокациялардың басым болатынын көрсетті.

Коллокация лексикалық бірліктердің бірге жүру заңдылығын білдіреді, ал бұл заңдылық кездейсоқтыққа емес, тілдің ішкі нормасына негізделеді. Коллокацияның еркін сөз тіркесінен айырмашылығы сол, екі немесе одан да көп сөздің тіркесу таңдауын тілдің ішкі логикасы реттейді, оны аударма немесе ұқсастық арқылы болжау мүмкін емес (Granger, Meunier, 2008). Қазақ тілінде *мейрам ұйымдастыру, бақыт тілеу, дастарқан жаю, той өткізу* тіркестері нормаға сай, ал *мейрам жасау, бақыт сыйлау, дастарқан ашу* тіркестері грамматикалық тұрғыдан мүмкін болғанымен, тілдің табиғи жүйесінен алшақ.

Зерттеуде коллокациялық қате деп грамматикалық тұрғыдан мүмкін, бірақ нысаналы тілдің нормативтік лексикалық жүйесіне сәйкес келмейтін сөз тіркесі түсініледі (Howarth, 1998; Nesselhauf, 2003).

Алайда қазақ тілін L2 ретінде меңгерушілердің жазба жұмыстарындағы коллокациялық қателер корпустық тәсіл арқылы әлі жүйелі зерттелмеген (толығырақ «Әдебиетке шолу» бөлімін қараңыз).

Зерттеудің мақсаты: қазақ тілін L2 ретінде меңгеретін оқушылардың жазба мәтіндеріндегі коллокациялық қателерді оқушылар корпусы арқылы анықтау, жіктеу және интерпретациялау.

Зерттеу мынадай төрт сұраққа жауап іздейді:

1) L2 қазақ тілінде жазатын оқушылардың мәтіндерінде қандай коллокациялық қате санаттары кездеседі және олардың сандық үлесі қандай?

2) Анықталған қателерді қандай себептермен түсіндіруге болады?

3) «Мәдени коллокация» категориясын L2 қазақ тілі контексінде дербес ішкі жүйе ретінде негіздеуге бола ма?

4) Зерттеу нәтижелері қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесіне қандай үлес қоса алады?

Материал және әдістер

Жұмыс Learner Corpus Research (LCR) парадигмасына негізделген сипаттамалы корпустық зерттеу болып табылады (Granger, 1996, 2003). Талдау әдісі ретінде қателерді талдау (Error Analysis) қолданылды. Корпустық лингвистика деректерге негізделген талдауға мүмкіндік беретіндіктен, қате үлгілерін сандық тұрғыдан анықтауға және оларды нормативтік дереккөздермен салыстыруға жағдай жасайды (McEnery, Wilson, 2001; Hunston, 2022).

Зерттеу материалы орта мектеп деңгейіндегі 25 оқушының «Наурыз мейрамы» тақырыбына жазған 65 эссесінен тұрады. Корпустың жалпы көлемі 12500 – 14000 сөз, бір эссенің орташа көлемі шамамен 200 сөз. Оқушылардың басым бөлігі үшін бірінші тіл орыс тілі, қазақ тілі екінші тіл болып табылады. Барлық мәтін бірыңғай тапсырма бойынша бірдей жағдайда жазылды, бұл тақырыптық лексиканың салыстырмалы болуын қамтамасыз етеді. Мәтіндер Қазақ тілінің ұлттық корпусының (https://qazcorpus.kz/) оқушылар ішкорпусына енгізілді. Ұлттық корпус деректері соңғы жылдары қазақ тілінің лексикалық-грамматикалық ерекшеліктерін зерттеуде белсенді қолданылып келеді (Omarova et al., 2025).

Материалдың бірыңғай тақырыпқа негізделуі әдейі таңдалған шешім. Ол тақырыптық лексика мен мәдени фондық білімді талап ететін тіркестерді бір ізбен салыстыруға мүмкіндік береді, алайда бұл шешім нәтижелердің жалпылану аясын шектейді, себебі басқа тақырыптарда қате үлестірімі өзгеше болуы ықтимал.

Мәтіндер қолмен аннотацияланды. Аннотациялау мынадай кезеңдермен жүргізілді. Алдымен, әрбір мәтіннен тіркес деңгейіндегі күмәнді қолданыстар бөліп алынды. Содан кейін әр қолданыс нормативтік дереккөздермен салыстырылды: «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (2011),

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (2008) және Ұлттық корпустың негізгі ішкорпусындағы тіркесу деректері. Тіркес нормативтік дереккөздерде тіркелмеген немесе олардағы қолданыс аясына сәйкес келмеген жағдайда ғана коллокациялық қате деп белгіленді.

Грамматикалық қателер (септік, жіктік, шақ формаларының қателері) талдаудан шығарылды, өйткені зерттеу нысаны тіркесу нормасы болып табылады. Емле және пунктуация қателері де есепке алынбады.

Анықталған қателер тіркестің құрылымдық типі бойынша төрт санатқа бөлінді: лексикалық алмастыру, етістік пен зат есім тіркесі, сын есім мен зат есім тіркесі, бірінші тілдің ықпалы. Санаттар бір-бірін толық жоққа шығармайды: бір қатеде бірнеше фактор қатар байқалуы мүмкін, мұндай жағдайда контексте басым көрінген белгі бойынша шешім қабылданды. Осы шектеу нәтижелерді талқылау кезінде ескерілді.

Зерттеудің бірнеше шектеуін алдын ала атап өткен жөн. Корпус көлемі шағын және бір тақырыппен шектелген, сондықтан пайыздық үлестерді жалпы қазақ тілін L2 ретінде меңгерушілерге таратуға болмайды. Бақылау тобы, яғни ана тілі қазақ тілі болатын оқушылардың дәл сондай тапсырма бойынша жазған мәтіндері жоқ, сондықтан анықталған тіркестердің тек L2 меңгерушілерге тән екені салыстырмалы түрде тексерілген жоқ. Қате себептері мәтіндегі деректер мен нормативтік дереккөздерге сүйене отырып түсіндіріледі, алайда себеп туралы тұжырымдар интроспективтік деректермен, мысалы оқушылардан алынған сұхбатпен расталған жоқ. Сондықтан төменде келтірілетін себеп-салдарлық түсіндірмелер дәлелденген қорытынды емес, қолда бар деректерге негізделген интерпретация ретінде ұсынылады.

Әдебиетке шолу

Қазақ тіл білімінде бұл мәселенің өзіндік зерттелу тарихы бар. Құдайберген Жұбанов тілдегі тұрақты тіркестердің лексикалық жүйедегі орнын айқындай отырып, формулалық қабатты зерттеудің іргетасын қалады (Жұбанов, 1999). Әсет Болғанбаев (1970, 1988) синонимдік қатардағы сөздердің тіркесу мүмкіндіктері бірдей емес екенін, яғни мағынасы жақын сөздердің лексикалық серіктестері сәйкес келмейтінін нақты тілдік бірліктер арқылы көрсетті. Сейілбек Исаев (1998) мәселені семантика тұрғысынан жалғастырып, коллокациялық нормадан ауытқудың тіл ішіндегі себептерін қарастырды. Дегенмен аталған еңбектер негізінен қазақ тілін ана тілі ретінде қарастыру тұрғысынан жазылған. Олардың теориялық қорытындылары лексикалық үйлесімділік нормаларының зерттелгенін көрсетсе де, екінші тіл ретінде меңгеру контексіне тікелей қатысты емес, әрі коллокациялар, оның ішінде мәдени коллокациялар жеке сараланбаған.

Халықаралық зерттеулерде коллокациялық қателер ағылшын (Nesselhauf, 2003, 2005; Howarth, 1998), неміс (Bahns, Eldaw, 1993) және испан (Alonso Ramos, 2006) тілдерін L2 ретінде үйренушілер арасында жан-жақты қарастырылған. Granger (1996, 2003) ICLE (International Corpus of Learner English) корпусына сүйене отырып, L2 үйренушілердің коллокациялық қателерінде тілдік трансфер мен шамадан тыс жалпылаудың жүйелі үлгілер құрайтынын анықтады. Nesselhauf (2005) ең жиі кездесетін коллокациялық қате мағынасы жақын, бірақ тіркесу нормасы ерекшеленетін сөздің таңдалуы екенін көрсетті. Кейінгі корпустық зерттеулер L2 үйренушілердің жиі кездесетін тіркестерді артық, ал сирек, бірақ өзара тығыз байланысқан коллокацияларды жеткіліксіз қолданатынын (Durrant, Schmitt, 2009), бұл үрдістің тілді меңгеру деңгейіне қарай өзгеретінін (Granger, Bestgen, 2014) және фразеологиялық құзыреттіліктің дамуын жазба мәтіндерде сандық тұрғыдан бақылауға болатынын (Bestgen, Granger, 2014, 2018) көрсетті. Соңғы жылдардағы зерттеулер бастауыш және орта деңгейдегі үйренушілердің коллокацияларды қолдануы жоғары деңгейдегілерден айтарлықтай ерекшеленетінін (Xia, Chen, Pae, 2023), көпсөзді құрылымдардың жазбада уақыт өте келе біртіндеп дамитынын (Candarli, 2021) және оқушылар корпустары L2 фразеологиясын зерттеудің негізгі дереккөзіне айналғанын (Granger, 2021) көрсетеді. Wray (2002) формулалық тіл тұжырымдамасы бойынша L2 үйренушілер жеке лексемаларды меңгергенімен, олардың коллокациялық серіктестерін ішкі құрылымға айналдыра алмайды, ал бұл олқылық жазба тілде нормадан ауытқыған тіркестер арқылы көрінеді деген тұжырым жасайды (Wray, 1999; Wray, Perkins, 2000; Wray, 2012).

Johanson және Csató (1998) түркі тілдерінің типологиялық ерекшеліктерін сипаттай отырып, морфологиялық күрделілікті атап өткенімен, L2 меңгерудің лексикалық аспектілерін арнайы зерттеген жоқ.

Аталған зерттеулердің барлығы дерлік еуропалық тілдерге қатысты, ал агглютинативтік морфологиясы, синтетикалық сөзжасамы және мәдени лексикасы дамыған қазақ тілі бұл зерттеу өрісінен тыс қалып отыр. Осымен байланысты бірнеше олқылық байқалады. Біріншіден, қазақ тілін L2 ретінде меңгерушілердің жазба жұмыстарындағы коллокациялық қателер корпустық тәсіл арқылы жүйелі зерттелмеген. Екіншіден, қазақ тілі L2 бойынша коллокациялық қате түрлерінің типологиясы жасалмаған. Үшіншіден, бірінші тіл (L1) ретіндегі орыс тілінің қазақ тіліндегі коллокациялық таңдауға тигізетін ықпалы эмпирикалық материалда қаралмаған. Төртіншіден, мәдени-белгіленген тіркестер лексикалық құзыреттілік теориясында дербес санат ретінде айқындалмаған. «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (2011) нормативтік тіркестерді жүйелі беретін маңызды ресурс болғанымен, оның деректері оқушылардың нақты жазу практикасымен салыстырылмаған.

Нәтижелер және талқылау

Корпусты талдау барысында жалпы саны 94 коллокациялық қате анықталды. Қателер төрт негізгі санатқа топтастырылды (Кесте 1).

Кесте 1 – Коллокациялық қателердің санаттары мен сандық үлестірімі
Таблица 1 – Категории коллокационных ошибок и их количественное распределение
Table 1 – Categories and Quantitative Distribution of Collocational Errors

Санат	*Жиілік (n)*	*Үлес (%)*
Лексикалық алмастыру	44	47
Етістік пен зат есім тіркесі	23	24
Бірінші тілдің ықпалы	17	18
Сын есім мен зат есім тіркесі	10	11
Барлығы	94	100

Бұл үлестірім Nesselhauf (2005) пен Howarth (1998) ағылшын тілі материалында анықтаған жалпы бағытпен, атап айтқанда, лексикалық алмастыру санатының басым болуымен, үйлеседі. Дегенмен корпустардың көлемі мен құрамы әртүрлі болғандықтан, бұл сәйкестікті сандық салыстыру ретінде емес, бағыттас үрдіс ретінде қарастырған жөн.

Лексикалық алмастыру

Бұл санат корпустағы ең жиі кездесетін топ (n=44, 47%). Мұндай қателерде оқушы мағынасы жақын немесе категориялық жағынан ұқсас, бірақ нысаналы контексте нормативтік тұрғыдан орынсыз лексеманы таңдайды. Талданған мысалдар оқушының сөздің денотаттық мағынасын білгенімен, оның нақты контекстегі тіркесу мүмкіндіктерін толық меңгермегенін көрсетеді.

«Мереке» және «мейрам» лексемаларының алмасуы. Корпустағы ең жиі кездесетін жеке үлгі – осы. Қате 11 оқушы мәтінінде (№2, №6, №7, №11, №14, №18, №22, №24, №26, №27, №28) барлығы 18 рет тіркелді, бұл – оны жекелеген стилистикалық сәтсіздік емес, қайталанатын үлгі деп қарауға негіз береді.

Корпуста мынадай қолданыстар кездесті: *22 наурыз шығыс өңірінің мерекесі*; *Наурыз ол қазақтың ұлттық мерекесі*; *Наурыз, жалпы халықтардың мерекесі*. Аталған контекстерде нормативтік нұсқа «мейрам» лексемасын талап етеді: *22 наурыз, шығыс халықтарының мейрамы*; *Наурыз, қазақтың ұлттық мейрамы*; *Наурыз, жалпыхалықтық мейрам*.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (2011) мен Уәли (2007) бойынша бұл екі лексеманың арасында стилистикалық және семантикалық айырмашылық бар. «Мереке» жалпы бейтарап атау ретінде күнделікті қуанышты оқиғаны білдіреді (туған күн мерекесі, отбасылық мереке). «Мейрам» сөзі – ресми, ұлттық немесе діни сипаттағы, тарихи тамыры бар мерекелерге қатысты қолданылатын жоғары регистрдегі лексема. Демек, Наурыз сияқты ұлттық мейрамды сипаттауда «мереке» сөзін қолдану – коллокациялық қана емес, прагматикалық-мәдени тұрғыдан да орынсыз. Nation (2001)

ұсынған лексикалық тереңдік ұғымы тұрғысынан бұл қатені оқушының екі сөздің денотаттық мағынасын білгенімен, олардың стилистикалық коннотациясын ажырата алмауымен түсіндіруге болады.

«Азық» және «дәм» лексемаларының алмасуы. Екінші жиі кездесетін үлгі – «азық», «азық-түлік» сөздерінің «дәм» орнына жұмсалуы. Қате №3, №4, №5, №10, №15, №19, №23 мәтіндерінде барлығы 9 рет тіркелді. Корпустағы қолданыстар: *Наурыз көжеге 7 қоспа қосылады*; *Наурыз көже жеті түрлі азықпен жасалады*; *Наурыз көже жеті азық-түліктен дайындалғаннан кейін*. Нормативтік нұсқа: *Наурыз көжеге жеті түрлі дән қосылады*; *Наурыз көже жеті түрлі дәмнен жасалады*; *Наурыз көже жеті дәмнен дайындалады*.

Уәли (2007) көрсеткендей, «дәм» сөзі – қазақтың дәстүрлі тағам мәдениетінде жай ғана ас атауы емес, дәстүрлік мазмұны бар лексема. «Жеті түрлі дәм» тіркесінде жеті саны киелі ұғым ретінде қабылданады және әр дәмнің өзіндік мәні бар. Осы тұрғыдан алғанда, мұндай алмастыруды тек сөз таңдау қатесі емес, мәдени-танымдық кодты меңгермеудің көрінісі деп қарастыруға болады. Бұл интерпретация төменде ұсынылатын мәдени коллокация категориясының эмпирикалық негіздерінің бірі болып табылады.

«Жалғыз рет» және «бір-ақ рет» тіркестерінің алмасуы. Үшінші үлгі – «жалғыз рет» тіркесінің «бір-ақ рет» орнына қолданылуы. Қате №38, №43, №49, №51, №52 мәтіндерінде 7 рет кездесті. Мысалы: *Бізге жалғыз рет қана берлетін өмірді жақсы өткүзу керек*. Норма бойынша: *Бізге бір-ақ рет берілетін өмірді мәнді өткізу керек*.

Қазақ тілінде «жалғыз» сөзі «жеке, дара, серіксіз» мағынасын береді және кеңістіктік немесе сандық жекеленуді білдіретін контекстерде қолданылады: *жалғыз бала*, *жалғыз үй*. Өмірдің қайталанбайтынын білдіруде «бір-ақ рет» немесе «бір рет» тіркестері нормативтік болып табылады (Уәли, 2007). «Жалғыз рет» тіркесі сандық мөлшерді емес, даралықты меңзейді, сондықтан бұл контексте орынсыз.

Регистрлік және морфологиялық сипаттағы басқа қателер. Лексикалық алмастыру санатына жататын тағы үш үлгі корпуста жалпы 15 рет кездесті (Кесте 2).

Кесте 2 – Регистрлік және морфологиялық сипаттағы лексикалық алмастыру мысалдары (n=15)
Таблица 2 – Примеры лексических замен регистрового и морфологического характера (n=15)
Table 2 – Examples of Register-related and Morphological Lexical Substitutions (n=15)

Қате нұсқа	*Нормативтік нұсқа*	*Мәтін №*	*Жиілік*	*Түсіндірме*
Наурыз тұжырымдамасы бірлік пен жаңарудың рәмізін білдіреді.	Наурыз *бірлік* пен *жаңарудың* мағынасын білдіреді.	№9, №12, №16, №21	5	Регистрлік сәйкессіздік: ғылыми-ресми стильге тән лексема мәдени сипаттамада қолданылған.
Наурыз қазақ халқының ең ірі мейрамы болып келеді.	Наурыз – қазақ халқының ең ірі мейрамы.	№13, №27, №33, №41, №44, №58	7	Аспекттік сәйкессіздік: динамикалық форма тұрақты сипаттамада қолданылған.
Мұндай мінез-құлық кешірулі.	Мұндай мінез-құлық кешірілуі мүмкін.	№9	3	Морфологиялық ауытқу: «-улі» жұрнағы пассивтік рұқсат мағынасын бермейді.

«Тұжырымдама» сөзінің нормативтік коллокаторлары – «жасау», «әзірлеу», «бекіту», «ұсыну»; ол мәдени мейрамның мазмұнын білдіру үшін қолданылмайды. Бұл контексте нормативтік нұсқалар: *мағынасын білдіреді*, *мәнін ашады*, *рухын жеткізеді*, *мазмұнын қамтиды*.

«Болып келеді» аналитикалық формасы үдерістің біртіндеп жүзеге асуын білдіреді, сондықтан тұрақты, уақытқа тәуелсіз сипаттамаларды беруге жарамайды. Орыс тіліндегі «является» сөзінің қазақша баламасы «болып табылады» немесе «болады». Бұл қатені Jarvis және Pavlenko (2008) сипаттаған семантикалық калькалау механизмімен түсіндіруге болады, дегенмен

интроспективтік дерек болмағандықтан, оқушының нақты қандай үлгіге сүйенгенін біржақты айту мүмкін емес.

«Кешірулі» тұлғасы қазақ тілінің морфологиялық жүйесінде тіркелмеген. Пассивтік рұқсат мағынасы аналитикалық конструкциямен беріледі: *кешірілуі мүмкін*, *жол берілуі мүмкін*.

Етістік пен зат есім тіркестеріндегі қателер

Бұл санаттағы қателер (n=23, 24%) мағына жағынан күрделі топ құрайды. Мұндай тіркестерді Howarth (1998) рестриктивті коллокациялар деп атаған. Қазақ тілінде *киім киеміз*, бірақ *орамал тағамыз*: айырмашылық тілдік дәстүрмен қалыптасқан және оны семантикалық ұқсастықтан болжау мүмкін емес. Етістік пен зат есім коллокацияларының L2 жазбада ерекше қиындық тудыратыны кейінгі зерттеулерде де көрсетілген (Garner, 2022).

«Жаңалық сыйлау» (№42, №47). *Әлемге жаңалық сыйлауды армандайды* тіркесінде коллокациялық ауытқу бар; нормативтік нұсқалар: *жаңа идея ұсыну*, *жаңалық ашу*. «Сыйлау» етістігінің нормативтік коллокаторлары – «сый», «сыйлық», «құрмет» сияқты нақты немесе әлеуметтік құндылығы бар зат есімдер. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» (2008) сәйкес «жаңалық» сөзімен тіркесетін етістіктер: *ашу*, *жасау*, *ұсыну*.

«Бақыт жаяды» (№11). *Мол бақыт тілеп жаяды* тіркесіндегі «жаяды» етістігі нормативтік тұрғыдан нақты физикалық нысандармен тіркеседі: *дастарқан жаяды*, *кілем жаяды*. Абстрактілі «бақыт» сөзімен тіркесуі метафоралық кеңейтудің сәтсіз үлгісі болып табылады.

1940 жылдан бастап қазақ жазуы екінші рет кирил әліпбиіне күштеп көшірілгені белгілі. 1939-1940 жылдары Сәрсен Аманжолов бастаған ғалымдар 42 қаріптен тұратын кирилграфикалы қазақ әліпбиін жасады. Ол 28 төл дыбыс және 14 кірме дыбыс қаріптерінен түзілді. Кирил әліпбиі қолданылған кезеңде де Байтұрсынұлы ұсынған емле ережелерінің негізгі бөлігі төл сөздердің жазылуында кеңінен сақталып, қолданылды. Сонымен қатар бұған дейін назардан тыс қалып келген жазудың көптеген күрделі мәселелері көтеріліп, қазақ жазуы жаңа мазмұнымен, емле ережелер жаңа тармақтармен толықты және көптеген ортологиялық құралдар мен сөздіктер, ғылыми зерттеулер жарық көрді. Десе де, бұл кезеңде қазақ тілінің емле ережелерінде көптеген пункттер орыс сөздері мен дыбыстарын жазуға арналды. Осының салдарынан қазақ тілінің ең қуатты үндестік заңы бұзылып, қазақ тілінің ішкі иммунитеті әлсіреді, төл табиғатына сәйкес дамуы тежеліп, ұлттық жүйеден алшақтай бастады. Қазақ жазуының мұндай күрделі даму жолы қазіргі таңда жаңа бағыт пен жаңа жүйені қажет етуде.

Материал және әдістер

Қазақ жазуының тарихы мен теориялық мәселелерін, қазір жүзеге асырылып жатқан латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиінің ғылыми негіздерін жалаң зерттеумен ашу мүмкін емес. Зерттеудің мақсатына жету үшін ең әуелі Қазақстан мен шетелдік кітапханалар мен архивтерден ғылыми еңбектер жинақталды. Әсіресе Ахмет Байтұрсынұлының Қазақстанда жоқ еңбектері РФ Мәскеу қаласындағы Ресей мемлекеттік кітапханасы (Маралбек, 1924), Баку қаласындағы «Әзербайжан ұлттық архивінен» (Байтұрсынов, 1926), Ташкент қаласындағы «Өзбекстан ұлттық

архивінен» (Байтұрсынұлы, 1922) жинақталып, мұрағаттық зерттеу жүргізілді. Нәтижесінде ғылыми түсініктемесі берілген 584 беттік материалдар жинағы құрастырылып, баспадан шықты (Маралбек, 2023). Бұл еңбек осы мақала тұжырымдарының теориялық негізін қалыптастырды.

Келесі кезеңде РФ-ның «Орынбор облысының Біріккен мемлекеттік мұрағатынан» Қазақ хандары мен Ресей императорларының, губернаторларының бір-біріне жазған 30-ға жуық хатының графикалық еркшелігі текстологиялық әдіспен зерттелді. Нәтижесінде бұған дейін толық ашылмаған XV-XIX ғасырларда Қазақстан территориясында қолданылған «Қадім жазуы», «Жәдит жазуларының» графикалық ерекшелігі, әліпби құрамы, қолданылған кезеңдері анықталды.

Келесі кезеңде латын әліпбиіне көшу туралы көптеген ресми құжаттар мен ҚР Президенті жарлықтары, статистикалық мәліметтер жинақталып, сұрыпталды. Латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиін дайындау мен талқылауға қатысқан лингвист ғалымдардың пікірлері мен ұстанымдары жеке-жеке зерделенді. Оларды салыстырмалы талдау және жіктеу қазақ лингвист ғалымдарын *тарихи-дәстүрлі бағыт* және *прогрессивті-заманауи бағыт* деп екі бағытқа бөлуге негіз болды.

Зерттеудің соңында тарихи-салыстырмалы әдіс пен құрылымдық әдіс арқылы қазақ жазуының барлық кезеңдері бойынша материалдар өзара салыстырыла зерттеліп, емле ережелер мен әліпбилердің даму динамикасы анықталды, қорытынды тұжырымдар шығарылды. Нәтижесінде қазіргі әліпби реформасы барысында қазақ лингвист ғалымдары арасында пікірталас тудырған лингвистикалық мәселелер мен дайындалған ғылыми өнімдерге объективті баға беруге, сондай-ақ олардың мәнін оқырманға түсіндіруге мүмкіндік туды.

Әдебиетке шолу

Қазақстан аумағында қолданылған жазу түрлерінің баршасын толық қамтып, ғылыми мәселелерін егжей-тегжейлі түсіндіретін көлемді зерттеулер жоқ деуге болады, тек шолу сипатында ғана болмаса. Ал жекелеген дәуірлері, кезеңдері, түрлері туралы зерттеулер бар. Төменде бұлардың басты-бастысына ғана шолу жасаймыз.

Көне түркі әліпбиі туралы зерттеулердің ішінде Ғ.Айдаровтың еңбегі айрықша маңызға ие (Айдаров, 1986). Өйткені ол – көне түркі жазуын алғаш және арнайы зерттеген алғашқы қазақ түрколог ғалым және кейінгі түркітанушы ғалымдар тобының қалыптасуы мен іргелі түркологиялық зерттеулердің жазылуына ықпал болды. Қазіргі кезде көне түркі жазуын жаңаша зерттеген ғалым А. Аманжоловтың да еңбектері ғылыми негіз бола алады (Аманжолов, 2019).

Көне түркі әліпбиінің орнын басқан араб әліпбиінің X-XIII ғасырлардағы құрамы мен емле ережелері туралы М. Қашқари сөздігінде мәліметтер кездеседі (Қашқари, 1997). Аталған жазудың одан кейінгі дәуірлердегі жетілдірілген нұсқалары деп тануға болатын парсы әліпбиі негізіндегі қадім жазуы, жәдит жазуы мен оның емле ережелері туралы арнайы зерттеулер жоқ. Себебі бұл – орта ғасырға тиесілі көптеген жазба жәдігерлерді толық, жан-жақты қарастыруды қажет ететін күрделі тақырып.

XX ғасыр басындағы қазақ әліпбиі, Байтұрсынұлы жазу реформасының теориялық мәселелері, оның ғылыми негіздері жан-жақты зерттелген көлемді еңбек өте аз. 2023 жылы біз құрастырған «Ахмет Байтұрсынұлының әліпби, жазу, емле туралы еңбектері» (Маралбек, 2023) атты жинаққа қазақ ұлттық жазуы туралы Байтұрсынұлы еңбектерінің толық дереккөздері топтастырылған. Бұл тақырыпта маңызды зерттеулердің қатарына Б. Момынова (2022), Е. Маралбек (2019) мақалалары мен Н. Әміржановаңың монографиясын атауға болады (Әміржанова, 2012).

1940 жылдан қазірге дейін қолданылатын кирилграфикалы қазақ әліпбиі мен емле ережелері жөнінде зерттеулер аз емес. Бұлардың қатарында жазудың күрделі теориялық мәселелері мен қиындықтарын зерттеуге арналған Р. Сыздық (2018), Н. Уәли (2018), А. Алдаш (2021), Қ. Күдеринова еңбектерінің маңызы жоғары. Соңғы жылдарда әліпби реформасының лингвистикалық түйткілдері туралы көптеген зерттеу мақалалары жарияланды. Олардың қатарында З. Базарбаева (2013), А. Фазылжанова (2007) зерттеулерінің маңызы жоғары. Сондай-ақ Институт ғалымдары латын әліпбиінің өзекті тілтанымдық мәселелері бойынша 2007 жылдан бері терең зерттеулер жүргізіп, төрт ғылыми жинақ жарыққа шығарды.

2017 жылдан бастап «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінің емле ережелері» жобасы жүзеге

асып, әлденеше рет талқыланып, түзетіліп, 2021 жылғы 9 ақпанда ҚР Үкіметі жанындағы Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссия отырысында мақұлданды. Бұл емле ереже 9 тарау 105 баптан құралады. Тараулар жеке-жеке «Әріптердің емлесі», «Түбір сөздердің емлесі», «Қосымшалардың жалғануы», «Бөлек жазылатын сөздердің емлесі», «Бірге жазылатын сөздердің емлесі», «Дефиспен жазылатын сөздердің емлесі», «Бас әріптің емлесі», «Қысқарған сөздердің емлесі», «Кірме сөздердің емлесі», «Сөздердің тасымалдануы» деп аталады.

Алғашқы қазақ емлесінің авторы А. Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» (Байтұрсынұлы, 1914) еңбегінде 34 тармақты емле ереже бар. Олар – әріптердің емлесі және түбір мен қосымшаның емлесі туралы 2 үлкен тарауға жинақталған. Латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиінің емле ережесінде тараулардың аты, ереже саны көп болғанымен, оның көпшілігі Байтұрсынұлында «Түбір мен қосымша ережесіне» біріктірілген. Біз қазіргі қазақ емлесі мен Байтұрсынұлы емлесінің құрылымын, мазмұнын өзара салыстырып, ғылыми сабақтастығы мен өзіндік ерекшеліктерін анықтап, көлемді ғылыми мақала жарияладық (Маралбек, 2022).

Бір тілдегі емле ережелерден тыс қалған немесе ережемен реттеуге келмейтін орфограммалар, жекелеген сөздер, тіркестер, нақтылай түсуді қажет ететін графикалық мәселелер орфографиялық сөздік арқылы кодификацияланады. Қазақ тіл білімін, қазақтың ұлттық жазуын 20-ғасырдың басында А. Байтұрсынұлы қалыптастырғанын айттық. Бұл кезеңде қазақ тілінің емле ережесі жасалғанымен, қазақ тілінің орфографиялық сөздігі дайындалмады. Өйткені жалпы қоғамның дамуы, жазба коммуникацияның деңгейі, қаржылық және ғылыми әлеует оған мүмкіндік бермеді. Қазақ тілінің алғашқы орфографиялық сөздігі 1957 жылы баспадан шықты. Содан кейін 1964, 1978, 1988, 2003, 2005, 2007, 2013 жылдары жаңартылған 7 басылым жарық көрді. Орфографиялық сөздіктердің әр басылым сайын сөзтізбе құрамы толығып, сұрыпталып, жүйеленіп отырды.

2019-2021 жылдар аралығында, қазақ-кирил жазуын латын әліпбиіне көшіру міндетінің ғылыми базасын әзірлейтін басты ғылыми-ортологиялық құралдардың бірі ретінде, 19 лингвист ғалымның қатысуымен, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Кирил және латын графикасында параллель Орфографиялық сөздіктің» қолжазбасы дайындалды. Бұл қолжазба сөздікке 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі енді. Аталған ғылыми еңбектер мен ұжымдық монографиялар, сөздіктер осы зерттеуіміздің эмпирикалық және ғылыми базасын құрайды.

Қазіргі әлемдік интеграция заманында кез келген елдің саяси, мәдени, рухани өміріндегі елеулі оқиғаның шындығын әлем жұртшылығының назарына ұсыну маңызды. Сонымен қатар қазақ жазуының тарихын тұтас қамти отырып, қазіргі латын әліпбиі реформасының мәні мен қоғамдық-әлеуметтік астарын ашық талқылайтын мақалалар тапшы.

Нәтижелер және талқылау

Әліпби қаріп, таңбалар тобы ғана емес, бұл – жазу ережелері, жазу нормалары. Кең мағынада айтсақ, әліпби – ұлттық тілдің даму болашағы. Сондықтан да Қазақстандағы қазіргі әліпби реформасын қазақ тілінің жаңа даму бағытын айқындайтын тарихи кезең деуге болады.

1991 жылы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сол кездегі директоры, ф.ғ.д., профессор Әбдуәли Қайдаров ҚР Президенті Н. Назарбаевқа латын әліпбиіне көшу туралы ашық хат жолдады. Соның нәтижесінде екі рет арнайы комиссия құрылып, латын әліпбиіне көшудің түйткілді мәселелері зерттелді.

1994-2013 жылдар аралығында ҚР Президенті Н. Назарбаевтың бастамасымен латын әліпбиіне көшу мәселесі бірде ресми, бірде бейресми түрде бірнеше рет қолға алынды.

1994 жылы Түркияның Анталия қаласында дүниежүзі түркологтары жиналған құрылтайда түркі елдері ортақ латын әліпбиін қабылдау туралы шешім қабылданып, 34 әріптен тұратын «Ортақ түрік әліпби» жобасы дайындалды. Дегенмен бұл әліпби бойынша емле ережелер, орфографиялық сөздік, оқу құралдары дайындалмады.

2006-2007 жылы бұл үдерістің екінші толқыны басталды. Сол кезде ҚР Президенті Н.Назарбаев өз жолдаулары мен маңызды кездесулерінде латын әліпбиіне көшу мәселесін көтерді. 2006 жылы Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12-сессиясында: «Қазақ әліпбиін

латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде Посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес», – деген болатын (Назарбаев, 2006). Бұл кезеңде латынграфикалық жаңа қазақ әліпбиіне көшудің 2008-2010, 2008-2012, 2008-2014 жылдарға арналған үш жылдық, бес жылдық және жеті жылдық жоспарлары жасалды. Әйтсе де, бұл да жоспар күйінде қалып, латын әліпбиіне көшуге нақты саяси шешім де, ғылыми әзірлемелер де дайындалмады.

2012 жылдың 14 желтоқсанында ҚР Президенті Н. Назарбаев: «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» (Назарбаев, 2012), – деді. Президенттің бұл сөзінен кейін 2013 жылдың басынан үшінші толқын басталды. Бұл жолы жоспардан гөрі, нақты қадамдар жасалды.

Қай кезде де Қазақстанда маңызды, ауқымды лингвистикалық мәселелерді шешетін басты әрі бірден-бір мекеме – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Сондықтан үшінші толқынды Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдары латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиіне көшудің нақты қадамы деп қабылдап, оның лингвистикалық негізін дайындауға кірісті. Латын әліпбиіне көшкен Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан сияқты бірнеше түркі елдеріне және Қытайдың Шыңжаң өлкесіне 2013 жылы шетелдік іссапарлар ұйымдастырылып, латынға көшу тәжірибесі, барысы, қазіргі жай-күйі зерттелді.

2013 жылы ҚР Үкіметі 2017 жылдан бастап латын әліпбиіне көшу бағытында нақты қадамдар жасау міндетін белгіледі. Соның нәтижесінде латын әліпбиіне көшу мәселесіне республика халқы назар аударып, әртүрлі топтар мен тіл мамандары арасында кең көлемде зерттеу, талқылау басталды.

2017 жылы ҚР Президенті Н. Назарбаев «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлыққа қол қойды (ҚТ, 2017). ҚР Премьер-Министрінің өкімімен қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссия құрылды. Қазақ әліпбиін латын графикасына кезең-кезеңмен көшірудің 2025 жылға дейінгі іс-шаралар жоспары әзірленіп, орфографиялық, әдістемелік, терминологиялық, техникалық-ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі 4 жұмыс тобы құрылды.

Бұлардың ішінде Орфографиялық жұмыс тобының үйлестіруші орталығы ретінде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты белгіленіп, оған әліпби мен емле мәселелері бойынша қорытынды шешімдер әзірлеу құзыреті берілді. Дегенмен, бұл құзырет тек қағаз жүзінде қалды. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты дайындаған «Тілтанымдық әліпби жобасы» барына қарамастан, Институт ғалымдары «авторы белгісіз» әліпби жобаларына емле ережелерін жасаумен айналысты.

Осындай жобаның алғашқысы 2017 жылдың 11 қыркүйегінде ҚР Парламенті мінберінде таныстырылды. Бұл әліпбиде 8 дыбыс диграф арқылы таңбаланғандықтан, «Диграф әліпби» деп аталды. Бұл жоба қарапайым халық пен ғалымдар тарапынан тегіс сынға ұшырады. Өйткені бұл әліпбиде артық таңбалар көп әрі лингвистикалық талаптарға сәйкес келе бермейді. Мұның соңын ала 2017 жылы 9-қазанында 32 таңбадан тұратын екінші әліпби жобасы ұсынылып, 26-қазанда Президент жарлығымен бекітілді. Аталған жобада 9 қаріптің маңдайына қосымша белгілер қойылғандықтан, апостроф әліпби деп аталды. Аталған жобаның да тілтанымдық негізі әлсіздеу болғандықтан, ол да көп сынға ұшырады. 2018 жылғы 19-20 ақпанда Н. Назарбаевтың «Қазақ тілінің жаңа әліпбиі туралы Жарлығы» шығып (ҚТ, 2018), 32 таңбалы үшінші әліпби жобасы жарияланды. Бұл жобада 6 қаріптің төбесіне қосымша белгі қойылғандықтан, «Акут әліпби» деп аталды.

Кесте 1 – Ресми ұсынылған үш әліпбидің салыстырмалы кестесі
Таблица 1 – Сравнительная таблица трех официально предложенных алфавитов
Table 1 – Comparative Table of the Three Officially Proposed Alphabets

№	*Дыбыстар*	*Диграф әліпбиі*	*Апостроф әліпбиі*	*Акут әліпбиі*
1	/ә/ (ä)	Ae, ae	a'	á
2	/ө/ (ö)	oe	o'	ó
3	/ү/ (ü)	ue	u'	ú
4	/у/ ($^{\bar{u}}$w)	w	y'	ý
5	/ғ/ (ğ)	gh	g'	ǵ
6	/ш/ (sh)	sh	s'	Sh
7	/ч/ (ch)	ch	c'	Ch
8	/j/ (zh)	zh	j	j
9	/ң/ (ng)	ng	n'	ń
10	/й/	j	i'	ı

2019 жылдың маусым айында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның екінші Президенті лауазымына кіріскеннен кейін 2019 жылдың 21 қазанында өзінің Twitter-дегі аккаунтында «Өткір әліпби» (үшінші жоба) әлі де талқылауды және жетілдіруді қажет ететінін ресми түрде мәлімдеді (Тоқаев, 2019). Содан кейін бұл жобаның да соңғы еместігі, әлі келесі нұсқалар таңдалатыны халыққа түсінікті болды. Қ. Тоқаев әліпби таңдау, емле жасау тіл мамандарының жұмысы екенін, солардың шешіміне жүгіну дұрыс болатынын ескертті және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына әліпби жобасын жетілдіру бойынша арнайы тапсырмалар берді. Нәтижесінде сол жылдың соңына қарай «Жетілдірілген әліпби» жобасы атты төртінші нұсқа дайындалып, ҚР Үкіметінің қарауына берілді. Бұл жобаны жазу, емле мәселесімен арнайы айналысқан фонетист, грамматолог ғалымдар әзірледі.

«Жетілдірілген әліпби» жобасы 2021 жылғы 28-қаңтарда ҚР Үкіметінің мақұлдауынан өтіп, Президенттің бекітуіне жолданды. Бірақ ҚР Президенті оны бүгінге дейін бекітпеді. Латын әліпбиіне көшу мәселесі қаншалықты өзекті болғанымен, оны күн тәртібіне ашық әрі асығыс қоюды көтермейтін, байыппен жүзеге асыруды қажет ететін күрделі саяси мәселе екені аңғарылады.

Қазақстанның латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиіне көшуіне тікелей әсер етіп отырған үш үлкен астарлы фактор бар: 1) саяси мәні; 2) қоғамдық-әлеуметтік мәні; 3) тілтанымдық мәні. Ендігі кезекте осыларға жеке-жеке тоқталайық.

Бірінші, саяси астары: Әлемдегі қақтығыстар, нарықтық дағдарыс, зат бағасының өрлеуі, жаһандық пандемия сияқты күрделі геосаяси жағдайда жаңа қазақ әліпбиіне көшу шешімі Қазақстанның ішкі тұрақтылығына әсер ететін күтпеген мәселелерге себепші болуы мүмкін. Сондықтан бұған аса байсалдылық қажет.

Екінші, қоғамдық-әлеуметтік мәні: 2021 жылғы санаққа сәйкес Қазақстанның халық саны 20 миллион екені белгілі. Мұның ішінде 70,4% қазақ (Нұрданбекұлы, 2023), 15% – орыс, 14% – өзге ұлт өкілдері. Десе де, 2021 жылғы мәліметтерге сәйкес Қазақстан халқының 89%-ы орыстілді (ҚРҰСҚ, 2021). Ұсынылған факті Қазақстанда жалпы тілдік жағдаяттың күрделілігін көрсетеді. Десе де, жылдан-жылға қазақ тілінің үлесі артып келеді. Әліпби ауыстыру тек қазақ тіліне қатысты болғандықтан, қазақтардан басқа Қазақстан халқы мен өзге тілдер, орыстілді кеңістік ретінде, мұның сыртында қалып отыр. Әліпби ауысқан күнде де бұрынғы кирил-қазақ әліпбиі қатар қолданылады. Бұл тұрғыдан келгенде, Қазақстан халқының көп бөлігі латын әліпбиіне көшуге психологиялық, ұлттық мүдде тұрғысынан толық дайын емес. Мұндай жағдаяттар әліпби реформасының аяқ алысын баяулатып, жұмыс үдерісін күрделендіреді. Сондықтан да Қазақстандағы әліпби реформасы Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері толық жүзеге аспай келеді.

Үшінші, тілтанымдық мәні: Латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиін таңдауда тілтанушы ғалымдар екі көзқарасқа жіктелді. Бірінші бағытты, шартты түрде, *прогрессивті-заманауи бағыт,* екіншісін *тарихи-дәстүрлі бағыт* деп атауға болады.

1. *Прогрессивті-заманауи* бағыт өкілдерінен ф.ғ.д., профессор Н. Уәли, ф.ғ.д., профессор, академик З. Базарбаева, ф.ғ.д., профессор А. Алдаш, ф.ғ.д., профессор Б. Момынова, ф.ғ.д., профессор Қ. Рысберген, ф.ғ.д., профессор Қ. Күдеринова, ф.ғ.к., қ.профессор А. Фазылжанова, ф.ғ.к., қ.профессор Г. Мамырбек, ф.ғ.к., қ.профессор А.Хабиева, ф.ғ.к. Н. Әміржанова, ф.ғ.к., қ.профессор Ж. Жұмабаева, PhD Е. Маралбек т.б. ғалымдарды атауға болады.

Прогрессивті-заманауи бағыт өкілдері қазақ әліпбиі мен емлесін, соның нәтижесінде қазақ тілін заманға сай бейімдеуді көздейді: жазуды жеңілдетуді, техника мен технология сұранысына сәйкестендіруді, ағылшын, орыс, араб тілі сияқты әлемдік тілдердің ықпалын ескеруді қолдайды.

Бұл бағыт өкілдерінің кәсіби ерекшелігі – жазу мәселесінен арнайы диссертация қорғап, монографиялар жазған, қазіргі қолданыстағы кирил-қазақ жазуының емле ережелерін, бірнеше басылымдағы (1988, 2007, 2013, 2019) қазақ тілінің орфографиялық сөздігін дайындаған мамандар және орыс, ағылшын, француз, түрік т.б. шет тілді меңгерген, бұған дейінгі тарихи кезеңдерде Қазақстан аумағында қолданылған жазу түрлерін, ескі арабграфикалы жазба мұраларды оқи алатын мамандар.

2. *Тарихи-дәстүрлі бағыт* өкілдері: ф.ғ.д., профессор Ә. Жүнісбек, ф.ғ.д., профессор Б. Қали, ҚР халық жазушысы Б. Нұржеке, ф.ғ.д., профессор Е. Қажыбек, ф.ғ.д., профессор А. Салқынбай, ф.ғ.д., қ.профессор О. Жұбаева, ф.ғ.д. Қ. Қасабек, ф.ғ.к. Б. Қапалбек т.б.

Тарихи-дәстүрлі бағыт өкілдері – тіл білімінің түркология, фонетика, грамматика, морфология т.б. салалары бойынша зерттеулер жасаған ғалымдар. Бұл бағыт өкілдері латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиі мен емлесін қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына бағындыра отырып жасау, орыс тілі, араб тілі, ағылшын тілі сияқты әлемдік тілдердің ықпалынан қалыптасқан жаңа өзгерістерді қабылдамау, жою бағытын ұстанады.

Бұл ұстаным, әрине, идея тұрғысынан, сөз жүзінде өте орынды, бірақ адамның ішкі субъективті түйсіктері мен объективті тілдік жағдаят, қоғамдық өмір өзара сәйкес келе бермейтіндіктен, бұл бағыт өкілдері осы ұстанымды жүзеге асырудан туындайтын көптеген тілдік мәселелердің шешімін ұсынбайды.

Тарихи-дәстүрлі бағыт өкілдері ф.ғ.д., профессор Ә. Жүнісбек дайындаған қазақ тілінің төл 28 дыбысы қаріптерінен тұратын «Ұлттық жоба» деп аталған әліпби жобасын жақтайды. Десе де, олар осы әліпби жобасы негізінде емле ереже, орфографиялық сөздік сияқты лингвистикалық өнім дайындамады.

Нақтырақ айтқанда, *прогрессивті-заманауи бағыт* өкілдері мен *тарихи-дәстүрлі бағыт* өкілдерінің латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиі тақырыбындағы айтыс-тартыстары төмендегі лингвистикалық мәселелер бойынша:

Кесте 2 – Латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиінің пікірталас тудырған лингвистикалық түйткілдері

Таблица 2 – Спорные лингвистические вопросы нового казахского алфавита на латинской графике

Table 2 – Controversial Linguistic Issues of the New Latin-Based Kazakh Alphabet

№	*Талас тудырған лингвистикалық тақырыптар*	*Прогрессивті-заманауи бағыт өкілдерінің ұстанымы*	*Тарихи-дәстүрлі бағыт өкілдерінің ұстанымы*
1	Қазақ тіліндегі /и/ ($^{\bar{i}}$y, ^{i}y), **/у/** ($^{\bar{u}}$w, $^{\ddot{u}}$w, $^{\bar{i}}$w, ^{i}w) дыбыстарының фонологиялық сипаты қандай? Олар жаңа емледе қалай жазылады?	Бұлар – жарты дауысты дыбыс (сонор дыбыс). Сондықтан /и/ ($^{\bar{i}}$y, ^{i}y), **/у/** ($^{\bar{u}}$w, $^{\ddot{u}}$w, $^{\bar{i}}$w, ^{i}w) дифтонгоидтарды толық таңбаламай, и/, **/у/** фонемасын ғана ағылшын әліпбиіндегі «i», «u» қаріптерімен таңбалау.	Бұлар – дауысты дыбыс. Сондықтан /и/ ($^{\bar{i}}$y, ^{i}y), **/у/** ($^{\bar{u}}$w, $^{\ddot{u}}$w, $^{\bar{i}}$w, ^{i}w) дыбыстарын дифтонг ретінде алдына дауысты дыбыс қосып, /ұу/ (ūw), /үу/ (üw), /ыу/ (īw), /іу/ (iw), /ый/ (īy), /ій/ (iy) түрінде екі қаріппен таңбалау.
2	/ұ/ (u), /ы/ (ī), /і/ (i) дыбыстары әліпбиде қалай	/ұ/ – ū, /ы/ – y, /і/ – ı қаріптерімен таңбаланады.	/ұ/ – u, /ы/ – ī, /і/ – i қаріптерімен таңбаланады.

	таңбаланады?		
3	Латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиі ортақ түрік әліпбиіне (Түркия әліпбиіне) сәйкес болу керек пе?	Сәйкес болу шарт емес, әр тілдің өз ерекшелігі болғандықтан, әліпби де өзіндік ерекшелікті сақтау керек.	Толық сәйкес болу керек, өйткені бұл түркі халықтарының бірін-бірі оқи алуына мүмкіндік беріп, байланысын күшейтеді.
4	Орыс және араб тілдерінен енген /в/ (v), /ё/ (io), /и/ (i), /ф/ (f), /х/ (h), /h/ (kh), /ц/ (ts), /ч/ (ch), /щ/ (shsh), /э/ (ie), /ю/ (iu), /я/ (ia) – 12 фонема мен «ь» (жіңішкерту белгісі) , «ъ» (жуандату белгісі) 2 белгіні латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиі құрамында қалдыру керек пе, жоқ па?	Латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиі құрамында /в/ (v), /ф/ (f), /ч/ (ch), /х/ (h) төрт дыбысты ғана қалдырып, басқасын әліпбиден алып тастау керек.	Бұл дыбыстардың барлығын латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиінен шығарып, әліпбиге қосымша таңба ретінде ғана беру керек. Осы дыбыстар жазылатын орыс және өзге де шеттілдік сөздерді транскрипциямен жазу керек.
5	Шетел сөздері мен терминдерін қалай жазу керек?	Қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына бейімдеп жазу керек. Бағынбайтын шетел сөздерін түпнұсқа бойынша жазу. Қазақ тілінің орфоэпиясын оқыту керек.	Ағылшындардың шеттілдік сөздерді транслитерациялау әдісімен оларға төл сөздерден бөлек емле ереже жасау керек.
6	Қазақ жазуының негізгі принципі қандай болу керек?	Қазақ жазуының негізгі принципі фонематикалық принцип болуы керек.	Қазақ жазуының негізгі принципі фонетикалық және морфологиялық принцип болуы керек.

Талас тудырған бұл мәселелердің қай-қайсысы да дұрыс шешім таппаған жағдайда, бұл қазақ грамматикасын қайта жазуға, қазақ жазуының тым күрделенуіне, тіпті қазақ тілінің өзге тілдің экспансиясына қайта түсуіне әкеліп соқтырады. Қазақ тілі агглютинативті тіл, сондықтан сөздің түбірі негізінен сақталып, қосымшалар түбірдің жуан-жіңішкелігіне қарай үндесіп жалғанады. Қазақ тілі XX ғасыр басына дейін ауызша дамып, әдеби тіл ауызша тіл негізінде қалыптасқандықтан, қазақтың жазба тілі мен ауызша тілі жақын, алайда бірдей емес. Талас тудырған жоғарыдағы мәселелер осыған тікелей байланысты.

Бірінші мәселеде /и/ ($^{\bar{i}}$у, ^{i}у), /у/ ($^{\bar{u}}$w, $^{\ddot{u}}$w, $^{\bar{i}}$w, ^{i}w) дифтонгоидтарды *тарихи-дәстүрлі бағыт* өкілдерінің ұстанымдарына сәйкес таңбалаған жағдайда, қазақ тілінің буын жүйесі ереже жүзінде дұрыс болғанымен, жазба мәтіндерде қаріптер 1%-ға көбейіп, баспа жұмысына, оқуға, жазуға, үйренуге ауырлық келтіріп, көп зардабын тигізеді. Бұдан бөлек бұл қазақ тілінде суффикстердің жаңа түрлерінің пайда болуына, сондай-ақ 1912 жылдан бері зерттеліп, қалыптасқан қазақ тілінің грамматикалық жүйесін қайта қарауға, тіпті оны басынан қайта жазуға әкелуі мүмкін.

Екінші мәселеде *тарихи-дәстүрлі бағыт* өкілдері «ортақ түркі әліпбиін» жасау керек деп санайтындықтан, ондағы базалық қаріптер ретінде Түркия әліпбиін алады. Қазақ тілінде 28 төл дыбыс бар, латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиін дайындауда таңбалануы дау тудырған жоғарыдағы /и/, /у/, /ұ/, /ы/, /і/ 5 дыбыстан басқа 23 төл дыбыстың қаріптері туралы екі бағыт өкілдерінің пікірлерінде айырмашылық жоқ, таңбаларын бірдей мақұлдайды.

Үшінші мәселеде *прогрессивті-заманауи бағыт* өкілдері қазақ әліпбиінің өзге әліпбилерге ұқсамайтын бірегей болуын құптайды. Осы мәселеге келгенде бұл бағыт ұсынған «Жетілдірілген әліпби» жобасын шын мәніндегі «ұлттық әліпби» деп атауға болады. Ал *тарихи-дәстүрлі бағыт* өкілдері қазақ тіліндегі төл дыбыстардан тұратын әліпби ұсынғанымен, олардың қаріптері үшін түрік әліпбиін база ретінде пайдаланады. Бұл тұрғыдан келгенде *тарихи-дәстүрлі бағыт* өкілдері ұсынған әліпбиді «ұлттық әліпби» емес, «қазақ-түрік» әліпбиі деп атауға болады.

Төртінші және бесінші мәселе – қазақ әліпбиіндегі кірме дыбыстар мен кірме сөздерді,

шетел сөздерін қалай жазу турасындағы бір-бірімен байланысты мәселе. Сондықтан талас тудырған екі тақырыптың себебін өзара байланыстыра, біріктіріп түсіндірген ыңғайлы.

Прогрессивті-заманауи бағыт өкілдері қазақ әліпбиіне орыс тілінен 1940 жылы енген /и/ (i), /ц/ (ts), /щ/ (shsh), /э/ (ie), /ю/ (iu), /я/ (ia), /ё/ (io) 7 дыбыс пен «ь», «ъ» екі шартты белгіні және араб тілінен енген көмей дауыссыз /h/ (kh) дыбысын латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиінен шығаруды құптайды. Өйткені бұл дыбыстар орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады және олардың қызметін қазақ тілінің төл дыбыстары толық атқара алады, ауыстыруға болады. Мысалы, /и/ – «i», /ц/ – «ts» және «s», /щ/ – «şş», /э/ – «ie», /ю/ – «iu», /я/ – «ia», /ё/ – «io», /h/ – «h» түрінде таңбаласа болады. Екі белгі «ь», «ъ» – фонема емес, дыбыстық мәні жоқ белгі. Ал IX ғасырдан бастап араб әліпбиінен енген /ф/ (f), /ч/ (ch), /х/ (h) дыбыстарын және 1940 жылы кирил әліпбиіне көшкенде орыс тілінен енген /в/ (v) дыбысын әліпбиде қалдырады. Өйткені /в/ (v), /ф/ (f), /ч/ (ch), /х/ (h) дыбыстарының қазіргі қазақ тіліндегі функциясын ешбір төл дыбыс толық атқара алмайды. Бұларды әліпбиден алып тастау қазақ тілінің функционалдылығына кері әсер етеді. Бұл дыбыстар қазіргі қазақ мәтіндерінде белсенді қолданылатын аса көп кірме сөздерде кездеседі. Оларды әліпбиден шығарған жағдайда тілде омонимдер көбейіп, сөз тұрпаты мен дыбысталуы өзгеріп, сөз мағынасын дұрыс түсінуге аса көп кедергі келтіреді, оларды халықтың санасынан өшіру де қиын. Сонымен қатар /в/ (v), /ф/ (f), /ч/ (ch), /х/ (h) дыбыстары әлемдік 6 тілде де бар, бұларды әліпбиде қалдыру қазақтардың әлемдік тілдерді жақсы меңгеруіне мүмкіндік береді. Мұны тілдің заманға сай өзгерісі ретінде қабылдап, қазақ тілінің дамуына мүмкіндік беретін жаңа өріс ретінде қарастыру керек.

Тарихи-дәстүрлі бағыт өкілдері жоғарыдағы 12 кірме дыбыс пен 2 белгіні латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиінің негізгі құрамынан шығарып, әліпбидің қосымша таңбалары ретінде береді де, бұл дыбыстар келетін кірме сөздерді ағылшын тіліндегі шеттілді сөздерді жазу тәжірибесін үлгі етіп, транскрипциямен /ц/ – «ts», /ч/ – «ch», /х/ – «kh», /щ/ – «shsh», /h/ – «kh», /и/ – «iy», /я/ – «ya», /ю/ – «yu», /ё/ – «yo», /э/ – «ye», /в/ – «v», /ф/ – «f» түрінде жазуды құптайды. Бұлай болғанда төл сөздерге бөлек, кірме сөздерге бөлек, бір тілге екі емле ереже жасау керек болады. Сондай-ақ қазақ әліпбиі кірме дыбыстарды сақтаған транскрипция әліпбиіне айналуы мүмкін. Бұл ұстанымнан *тарихи-дәстүрлі бағыт* өкілдерінің «тіл» ұғымын «жазба тіл» деп түсінетіні, тілдің тазалығы мен ішкі заңдылығын жазуда сақтап, ережемен түзетуді дұрыс санайтыны анық көрінеді. Шын мәнінде «тіл» – жазба тіл емес, ауызша (дыбыстық) тіл. Сондықтан қазақша жазуды емес, қазақ тіліндегі айту нормасын сақтау керек. Жазу – дыбыстық тілдің графикалық формасы, ойды шартты таңбалар арқылы екінші бір адамға жеткізудің құралы ғана. Сондықтан тілді қорғау, сақтау үшін қазақ тілінің орфоэпиялық нормасын сақтау керек.

Екі бағыт өкілдері де кірме дыбыстар мен кірме сөздерді жазу мәселесін шешуде қазірше жеке қаріптер деңгейінде ұсыныстар айтып келеді. Кірме сөздерді жазудың жүйелі модельдері, толыққанды емле ережесі әлі жасалмады. Кейбір мамандар бұл мәселені шешуде Байтұрсынұлының XX ғасыр басындағы әдісіне сүйене отырып, оны қазақ тілінің буын түрлері мен дыбыс тіркесімі заңдылықтарына бағындыру қажеттігін негіздеп, соған сәйкес кейбір модельдерді де ұсынады. Бұл ұстанымның бағыты дұрыс болғанымен, Қазақстандағы қазіргі тілдік жағдаят, қазақ тілі тұтынушыларының психологиялық және практикалық дағдысы, сөйлеу тіліндегі артикуляциялық базасы XX ғасыр басындағыдан мүлде басқа. Сондықтан XX ғасыр басындағы модельдерді әлі де жетілдіру керек.

Алтыншы мәселе бойынша *прогрессивті-заманауи бағыт* өкілдері әліпбидің оқуға, үйренуге, заманауи техникаға икемді болуын, қолданушының уақыты мен энергиясын үнемдеу жағын көздей отырып, жазуды жеңілдетуді ұсынады. Сондықтан дыбыстардың негізгі реңкін, фонемаларды ғана таңбалауды, ол үшін қазақ жазуының негізгі принципі «фонематикалық принцип» болуы тиіс екенін айтады. Бұл ұстанымға сәйкес орфографияны орфоэпиядан бөлу ұсынылады.

Тіл дыбыстарының негізгі реңкі, фонемалар ғана таңбаланғанда, мағынаға әсер етпейтін кейбір дыбыстар таңбаланбай, ауызша тіл мен жазба тіл арасында аздаған өзгешеліктер орын алады. *Тарихи-дәстүрлі бағыт* өкілдері мұны қазақ тілінің өзгеруі, тілдің ішкі жүйесінің

бұзылуы деп санайды да, қазақ тілінің орфографиясы мен орфоэпиясын бірдей етуге тырысады. Сондықтан *тарихи-дәстүрлі бағыт* өкілдері қазақ жазуының негізгі принципі «фонетикалық принцип» пен «морфологиялық принцип» болуы керек деп санайды. *Тарихи-дәстүрлі бағыт* өкілдері жазу фонетикалық транскрипция емес екенін, жазудың басты қызметі ауызша тілді дәл таңбалау емес, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыру екенін ескермейді. Бұл бағыт өкілдері үшін тілді өзгертпей қорғау – басты міндет. Мұндай ұстанымның орнығуы *тарихи-дәстүрлі бағыт* өкілдерінің морфолог, фонетист, грамматист болуымен де байланысты.

Ақиқатын айтқанда, екі бағыт өкілдерінің дұрыс ұстанымдары да, теріс ұстанымдары да бар. Жоғарыдағы талдаулардан әсіресе *тарихи-дәстүрлі бағыт* өкілдерінің ұстанымдары көбіне теріс болып көрінуі мүмкін. Десе де, *прогрессивті-заманауи бағыт* өкілдерінің де ағат ұстанымдары бар. Мысалы, *прогрессивті-заманауи бағыт* өкілдері сөздердің дағдыға айналған графикалық нормасын бұзбауды тым көп дәріптеп, ескі нормалар мен орыс тілінің ықпалымен қалыптасқан тілдік стандарттардан арылуға батыл қадам жасай алмай отыр. Кирил-қазақ әліпбиінің 1988 жылдан бергі орфографиялық сөздіктері мен ортологиялық құралдарының, қазір қолданыстағы жазу теориясы туралы басты ғылыми еңбектердің авторлары *прогрессивті-заманауи бағыт* өкілдері болғандықтан, оларда өз ғылыми негіздемелерін, еңбектерін қорғау үрдісі байқалады.

Әліпби ауыстыру мәселесінің кейінге қалдырылуына байланысты қазір бұл пікірталас бәсеңдеді. Соңғы 3-4 жыл ішінде *прогрессивті-заманауи бағыт* өкілдері жазу теориясының негізгі мамандары ретінде жаңа әліпбидің ғылыми базасын жасақтап, теориялық-практикалық өнімдер әзірледі. 2017-2021 жылдар аралығында *прогрессивті-заманауи бағыт* өкілдері өздерінің «Жетілдірілген әліпби» жобасы бойынша 9 тарау 105 баптан тұратын «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінің емле ережелер» жобасы мен 50 мыңнан астам сөз енген кирил және латын графикасындағы «Қазақ тілінің параллель орфографиялық сөздігінің» қолжазбасын дайындады. Ал *тарихи-дәстүрлі бағыт* өкілдері оппонент ретінде *прогрессивті-заманауи бағыт* өкілдерінің жұмыс нәтижелерін әлеуметтік желіде, қоғамдық ашық алаңдарда талқылап, пікір білдіріп, ағат тұстарын көрсетіп отырды. Сол арқылы жұмыс нәтижесінің сапалы болуына өз үлестерін қосты. Бірақ нәтижесінде ұлт болашағы, ел дамуы үшін аса қажет латын әліпбиіне көшу мәселесіне өзіндік кедергі де келтірді.

Латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиіне көшу ұлттық жоспарына сәйкес мемлекеттің қаржыландыруымен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында бірнеше мақсатты-нысаналы жоба жүзеге асырылып, ғылыми зерттеулер жүргізілді. Олар:

1) 2018-2020 жылдарда «Латынграфикалы жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын жаңғыртудың ғылыми-лингвистикалық базасын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы жүзеге асырылды. Жоба аясында кирил және латын графикасында (параллель) маңызды еңбектердің қолжазбасы дайындалды. Олардың қатарында төмендегідей басты еңбектерді атауға болады: «Қазақ тілінің жарыспа сөздері сөздігі», «Жаңа сөздер сөздігі», «Қазақ тілінің тіркесімдер сөздігі», «Қазақ тілінің пунктуациялық анықтағышы», «Қазақ тіліндегі өзгетілді ономастикалық атаулар», «Антропонимдік сөздік», «Қазақ тілінің емле анықтағышы», «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» т.б. Бұл сөздіктер мен іргелі зерттеу нәтижелерінің баспадан шығуы жаңа қазақ әліпбиінің ресми бекуіне байланысты;

2) 2021-2022 жылдарда «Мемлекеттік тілді латынграфикалы ұлттық әліпбиге көшіруді қамтамасыз ететін жаңартылған нормативтік сөздіктер мен академиялық басылымдар сериясын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы жүзеге асты. Жоба аясында латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиінің бірнеше өзекті тақырыбы зерттеліп, ғылыми өнімдер дайындалды. Атап айтқанда:

- Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктері мен анықтағыштары жетілдірілген әліпби негізінде толықтырылды;
- Қазақ тілінің академиялық грамматикасының қолжазбасы әзірленді;
- Қазақ тілінің үлкен түсіндірме сөздігінің қолжазбасы әзірленді;
- Латын графикасы негізінде қазақ тіліндегі экзонимдерді, шет мемлекеттердің, әлем елдері астаналарының, мұхиттар мен теңіздердің, сондай-ақ «Дүниежүзінің саяси картасындағы» басқа

да географиялық нысандардың атауларын транслитерациялау ережелері әзірленді;

- Латын графикасы негізінде Қазақстан Республикасындағы ономастикалық қызмет қағидалары әзірленді;

- Латын графикасы негізінде Қазақстан Республикасындағы терминологиялық жұмыс қағидалары әзірленді.

Жасалған бұл жұмыстар Қазақстанда қазақ әліпбиін латынграфикасына көшірудің ғылыми базасын толықтырып, дайындығын одан сайын күшейтті. Десе де, жаңа қазақ әліпбиіне көшуді қамтамасыз ететін ғылыми жұмыстар толық аяқталды деп айтуға болмайды. Алдағы жылдарда бұл бағытта жұмыстар жалғасын табуға тиіс.

Жоғарыда баяндалған түйткілді мәселелер бойынша қазақ тілтанушы ғалымдары 2017 жылдан бері қызу ғылыми пікірталас жүргізсе де, әлі ортақ шешімге келе алмады. Сондықтан жоғарыда аталған қазақ тілінің жаңа емле ережелері мен орфографиялық сөздіктеріне түзетулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Қорытынды

Қорыта келгенде, қазақ жазба мәдениеті ертеден басталып, бүгінге дейін бірнеше тарихи дәуірлер мен кезеңдерді басып өтті. Бұл кезеңдердің ішінде ұлттық сипатымен аса терең маңызы бары – XX ғасыр басындағы Байтұрсынұлы кезеңі деуге болады. Бүгінгі таңдағы әліпби реформасы да XX ғасыр басындағы ұлттық кезеңнен теориялық негіз алып, қазіргі және болашақ жаһандану дәуіріндегі Қазақстанның, қазақ тілінің жаңаша тілдік қуатын тудыруға негіз бола алады.

Қазақстанның латынграфикасы кеңістігіне енуі, әліпби ауыстыруы – ғалымдар мен саяси қайраткерлер жан-жақты ойластырған, қазақ тілі мен елдің, ұлттың болашағын көздеуден туған тарихи шешім, қазақ қоғамының өз таңдауы бойынша жасалған қадамы. Сондықтан бұл әліпби реформасы нәтижесінде Қазақстан әлемдік өркениетке ілесуге мүмкіндік алады.

Қазақ жазуын латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиіне көшіру кезеңінде талқыланған, пікірталас тудырған тілдік мәселелер қазіргі қолданыстағы кирилнегізді қазақ әліпбиіндегі түйткілдерді шешу үшін де маңызды. Бұл, өз кезегінде, қазіргі кирилнегізді қазақ әліпбиін реформалау қажеттілігін көрсетеді. Сондықтан мақаладағы тұжырымдар кирил-қазақ әліпбиін жетілдіру, қазақ емлесін жүйелеу жұмыстары үшін де маңызды.

Қазақстанның лалынграфикалы жаңа қазақ әліпбиіне көшуі – тілдік, қоғамдық-әлеуметтік және саяси мәселе. Бұл түйткілдердің қалай шешілуі Қазақстанның латын әліпбиіне қашан, қандай деңгейде және қандай жолмен көшетінін айқындайды. Латын әліпбиіне көшу Қазақстанның әлемдік интеграцияға, мәдени, саяси тұрғыдан ынтымақтасуына мүмкіндік береді. Лалынграфикалы жаңа қазақ әліпбиі болашақта Қазақстан қоғамының ұйытқысына айналатын қазақ тілін жаһандық сұранысқа сай жаңғыртуға, функционалды әлеуетін арттыруға жол ашады.

Әдебиеттер

Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 170 б.

Алдаш А. Қазақ ортологиясы. – Алматы, Қазақ университеті, 2021. – 296 б.

Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Тараз: ТИГУ баспасы, 2019. – 160 б.

Ахмет Байтұрсынұлының әліпби, жазу, емле туралы еңбектері: оқу құралы / Ғылыми түсініктемесін жазып, құрастырған Е. Маралбек. – Алматы: ЖК Асыл, 2023. – 584 б.

Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағылымы (1919-1940). – Алматы, 2012. – 130 б.

Базарбаева З. О переходе казахского алфавита на латинскую графику // Abai.kz ақпараттық порталы, 29.01.2013. [Электронды ресурс] – URL https://abai.kz/post/15906 (Қаралған күні:16.07.2025)

Байтұрсынов А. Ахмет Байтұрсынұлының орфография туралы баяндамасы // Первый всесоюзный тюркологический съезд (стенографический отчет). – Баку: Общество обследования и изучения Азербайджана, 1926 ж. – 286-289-бб.

Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» / Қазақ тілінің сарфы. 1-жылдық. 1-басылуы – Орынбор: «Ғ.Ғ.Хусайынов ушркасының парауай матбуғасы», 1914. – 53 б.

Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» (Дыбыс заңы һәм түрлері. Бірінші тілтанытқыш кітап, 4-рет басылуы). – Ташкент: Түркістан мемлекеттік баспасөз бөлімі, 1922 ж. – 46 б.

Байтұрсынұлы А. Әліпби тақырыпты Ахметтің баяндамасы // Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі (ҚБТС). – Орынбор: Қазмембас, 1924 ж. – 55-64-бб.

Күдеринова Қ.Б. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құралы. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2013. –

343 б.

Қашқари М. Түркі тілдер сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. I – 588 б, II – 585 б, III – 597 б.

ҚРҰСҚ: 2021 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағының қорытындылары / Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы, 2021. [Электронды ресурс] – URL: https://stat.gov.kz/national/2021/(Қаралған күні: 16.07.2025)

Маралбек Е. Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуы // Туған тіл. 2019. – №3. – 7-20-бб. https://abai.institute/assets/pdf/1ab5c894f48310ae03406162671cc778.pdf

Маралбек Е. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» еңбегіндегі қазақ емле ережелерінің құрылымдық ерекшелігі және оның ғылыми негізі // «Аль-фараби» журналы, 2022. – №4 (80). – 90-105-бб. DOI:https://www.alfarabijournal.org/index.php/journal/article/view/777/137

Момынова Б. «Қазақ» газеті (1913-1918): әліпби, емле ерекшеліктері және лексика-грамматикасы. – Алматы: Қазақ тілі, 2022. – 256 б.

Мырзаханов Ж. Қазақ мәдениетінің айдыны. – Үрімжі: «Шыңжаң жастар-өрендер» баспасы, 2006 ж. – 408 б.

Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Жолдау. 01.03.2006. [Электронды ресурс] – URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2006-zhylgy-1-nauryz (Қаралған күні: 16.07.2025)

Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Жолдау. 14.12.2012. [Электронды ресурс] – URL: https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-elbasy-nenazarbaevtyn-kazakstan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kaza (Қаралған күні: 16.07.2025)

ҚТ, 2017: Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000569 (Қаралған күні: 16.07.2025)

ҚТ, 2018: Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000637 (Қаралған күні: 16.07.2025)

Нұрданбекұлы Қ. Қазақ халқының саны 70,4%-ға жетті // Егемен Қазақстан. 2023 жыл, 2-қараша. 02.11.2023. [Электронды ресурс] – URL:https://egemen.kz/article/351995-qazaq-khalqynynh-ulesi-704-gha-dgetti (Қаралған күні: 16.07.2025)

Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері). – Алматы: Ел-шежіре, 2018. – 384 б.

Тоқаев Қ. Жаңа әліпбиді жетілдіру туралы. 21.10.2019. [Электронды ресурс] – URL. https://x.com/TokayevKZ/status/ 1186179480404004864 (Қаралған күні: 16.07.2025)

Уәли Н. Графика. Орфография. Орфоэпия. – Алматы: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2018 ж. – 344 б.

Фазылжанова А. Әзербайжан, Түркия, Өзбекстанның латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшу тәжірибелерін ғылыми-лингвистикалық талдау // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 410 б.

References

Ahmet Bajtursynulynyng alipbi, zhazu, emle turaly engbekteri (2023). Qurast.: E. Maralbek. Almaty: ZhK Asyl. 584 b. [Akhmet Baitursynuly's works on the alphabet, writing, spelling: textbook (2023). Scientific commentary written and compiled by Ye. Maralbek. Almaty: ZhK Asyl. 584 p.] (in Kazakh)

Ajdarov, G. (1986) Kone turki zhazba eskertkishterining tili. Almaty: Mektep Press. 170 b. [Aidarov, G. (1986) The Language of the Old Turkic Written Monuments. Almaty: Mektep Press. 170 p.] (in Kazakh)

Aldash, A. (2021) Qazaq ortologijasy, Almaty: Qazaq Universiteti. 296 b. [Aldash, A. (2021) Kazakh Orthology. Almaty: Kazakh University Press. 296 p.] (in Kazakh)

Amanzholov, A. (2019) Turki filologijasy zhane zhazu tarihy. Taraz: TIGU Press. 160 b. [Amanzholov, A. (2019) Turkic Philology and History of Writing. Taraz: TIGU Press.160 p.] (in Kazakh)

Amirzhanova, N. (2012) Qazaqstandagy latyn zhazuynyng tarihy tagylymy (1919-1940). Almaty: Development Press. 130 b. [Amirzhanova, N. (2012) Historical Study of Latin Script in Kazakhstan (1919-1940). Almaty: Development Press. 130 p.] (in Kazakh)

Bajtursynuly, A. (1914) Til-qural. Orynbor: G.G. Husajnov shirkasining parauai matbugasy. 53 b. [Baitursynuly, A. (1914) Til-Kural. Orynbor: Printing house of G.Khussainov. 53 p.] (in Kazakh)

Bajtursynuly, A. (1922) «Til-qural»: Dybys zangy ham turleri, Tashkent: Turkistan memlekettik baspasoz bolimi. 46 b. [Baitursynuly, A. (1922) Til-Kural: In Rules and Types of Sounds, Tashkent: Department of the State Press of Turkestan. 46 p.] (in Kazakh)

Bajtursynuly, A. (1924) Alipbi taqyrypty Ahmetting bajandamasy. Orynbor: Qazmembas. 27-31-bb. [Baitursynuly, A. (1924) Akhmet's speech on the topic of the alphabet, In The First Congress of Kazakh Educators, Orynbor: Qazmembas. Pp. 27-31.] (in Kazakh)

Bajtursynuly, A. (1926) Doklad Ahmeta Bajtursynuly ob orfografii. Pervyj vsesojuznyj tjurkologicheskij s`ezd

(stenograficheskij otchet) [Baitursynuly, A. (1926) Akhmet Baitursynuly's Report on Orthography. In First All-Union Turkological Congress Society for Survey and Study of Azerbaijan, Baku. Pp. 286-289.] (in Russian)

Bazarbaeva, Z. (2013) O perehode kazahskogo alfavita na latinskuju grafiku. Abai.kz aqparattyq portaly. [Bazarbayeva, Z. (2013) On Switching from the Kazakh Alphabet to the Latin Alphabet. Abai.kz information portal: https://abai.kz/post/15906. (Accessed: 16.07.2025)] (in Russian)

Fazylzhanova, A. (2007) Azerbajzhan, Turkija, Ozbekstannyng latyn grafikasy negizindegi zhanga alipbige koshu tazhiribelerin gylymi-lingvistikalyq taldau. Almaty: Arys. 410 b. [Fazylzhanova, A. (2007) Scientific and Linguistic Analysis of the Experiences of Azerbaijan, Turkey and Uzbekistan in Transitioning to a New Latin-Based Alphabet. Almaty: Arys. 410 p.] (in Kazakh)

Kashkari, M. (1997) Turki tilder sozdigi. Almaty: Hant, I - 588 b, II - 585 b, III - 597 b. [Kashkari, M. (1997) Dictionary of Turkic languages. Almaty: Hant Publishing House, I - 588 p, II - 585 p, III - 597 p.] (in Kazakh)

Kuderinova, Q. (2013) Qazaq zhazuynyng tarihy men teorijasy. Oqu quraly. Almaty: Eltanym. 343 b. [Kuderinova, K. (2013) History and theory of Kazakh writing. Training manual. Almaty: Eltanym. 343 p.] (in Kazakh)

Kuderinova, Q. (2017) Ulttyq alipbi ulttyq dybystarymyzga qijanat etpeui kerek. Minber.kz aqparattyq agenttigi, 08.09.2017. [Kuderinova, K. (2017) National Alphabet Should Not Harm Our National Sounds] Available at: https://www.minber.kz/2017/09/ulttyq-alipbi-ulttyq-dybystarymyzga/ (Accessed: 16 July 2025). (in Kazakh)

Maralbek, E. (2019) Ahmet Bajtursynulynyng tote zhazuy. Tugan til. No.3. 7–20-bb. [Maralbek, Ye. (2019) Akhmet Baitursynuly's Arabic-Based Script. Tugan Til. No.3. Pp. 7–20.] Available at: https://abai.institute/assets/pdf/1ab5c894f48310ae03406162671cc778.pdf (Accessed: 16 July 2025) (in Kazakh)

Maralbek, E. (2022) Ahmet Bajtursynulynyng «Til-qural» engbegindegi qazaq emle erezhelerining qurylymdyq ereksheligi zhane onyng gylymi negizi. Al-Farabi zhurnaly. No.4(80). 90-105-bb. [Maralbek, Ye. (2022) Structural Features and Scientific Basis of the Kazakh Orthographic Rules in Akhmet Baitursynuly's "Til-Qural". Al-Farabi Journal, No. 4(80). Pp. 90-105.] Available at: https://www.alfarabijournal.org/index.php/journal/article/view/777/137 (Accessed: 16 July 2025). (in Kazakh)

Momynova, B. (2022) «Qazaq» gazeti (1913-1918): alipbi, emle erekshelikteri zhane leksika-grammatikasy. Almaty: Qazaq tili. 256 b. [Momynova, B. (2022) Newspaper Kazakh (1913-1918): Alphabet, Spelling Features, Vocabulary and Grammar. Almaty: Qazaq tili Publishing House. 256 p.] (in Kazakh)

Myrzahanuly, Zh. (2006) Qazaq madenietining ajdyny. Urimzhi: Shyngzhan Zhastar-Orender Baspasy. 408 b. [Myrzakhanuly, Zh. (2006) Area of Kazakh culture. Urumji: Xinjiang Youth Oriented Publishing House. 408 p.] (in Kazakh)

Nazarbaev, N.A. (2006) Qazaqstannyng alemdegi basekege barynsha qabiletti 50 elding qataryna kiru strategijasy. Zholdau. [Nazarbayev, N.A. (2006) Strategy for Kazakhstan to Join the World's 50 Most Competitive Countries. Address.] Available at: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2006-zhylgy-1-nauryz (Accessed: 16.07.2025) (in Kazakh)

Terminological variation was also evident at two levels. The first involved full-form and abbreviated pairs, such as advanced air mobility/AAM, unmanned aircraft system/UAS, UAS traffic management/UTM, and sustainable aviation fuel/SAF. These pairs refer to the same concept but perform different textual functions; they were therefore cross-referenced rather than interpreted as independent concepts. The second level involved near-equivalent labels whose scope depends on institutional and communicative context. In the unmanned aviation domain, for example, UAS, UAV, and drone can overlap in reference but are not fully interchangeable in regulatory writing. Such forms did not collapse automatically. They were treated as equivalent only where contextual evidence supported the same conceptual referent.

This variation explains why terminological competition cannot be assessed by raw frequency alone. A more frequent form may reflect the preferences of a particular organisation, document type, or level of technical formality. The movement toward standardisation is visible when one designation is used consistently across organisations and document genres, or when a full form and its abbreviation become a stable pair. The corpus therefore suggests that standardisation in aviation proceeds through

both lexical selection and institutional repetition.

Relationship between thematic domain, structure, and function

The three analytical dimensions become most informative when considered together. Thematic domain constrains the concepts that require naming; structural form packages those concepts for professional use; functional-semantic role shows what the designation does within discourse. The relationship is summarised in Table 3.

Table 3 – Cross-Dimensional Relationship between Domain, Structural Pattern, and Function
Кесте 3 – Тақырыптық сала, құрылымдық үлгі және қызмет арасындағы өзара байланыс
Таблица 3 – Взаимосвязь тематической области, структурной модели и функции

Thematic domain	*Recurrent structural pattern*	*Main functional emphasis*	*Representative units*
Unmanned aircraft systems	multi-component phrases; abbreviations	management, safety, coordination, control	UAS traffic management; detect-and-avoid; remote pilot station
Advanced air mobility	single-word forms; abbreviations; phrases	vehicles, services, urban aviation infrastructure	eVTOL; vertiport; advanced air mobility
Digital management and navigation	multi-component phrases	processes, algorithms, digital control	digital tower; trajectory-based operations; AI-assisted flight operations
Safety and regulation	multi-component phrases; shortened forms	monitoring, institutional roles, regulatory regimes	remote ID; U-space service provider; risk-based oversight
Environmental transformation	multi-component phrases	energy solutions, decarbonisation, operational efficiency	sustainable aviation fuel; net-zero aviation; green taxiing

The unmanned aircraft domain combines expanded phrases with abbreviated forms because the terminology must identify both systems and the procedures that coordinate them. Advanced air mobility shows a different balance: compact forms such as eVTOL and vertiport coexist with broader category labels because the discourse must name discrete objects while also organising them within a new mobility model. Digital management favours multi-component phrases because the named concepts are often procedural and relational. Safety and regulation places greater emphasis on monitoring and institutional roles, while environmental terminology links technological naming with policy-oriented concepts such as decarbonisation and efficiency.

This cross-dimensional pattern is more informative than any single frequency table. The same structural mechanism can perform different functions in different domains, and the same function can be realised through different forms. Abbreviation, for example, contributes to textual economy in both AAM and UAS discourse, but its role depends on the degree to which the underlying concept has already been established. Similarly, multi-component phrases may name a process, a regulatory regime, or a technology. The relationship between structure and function is therefore systematic but not one-to-one.

Taken together, the results support a restrained interpretation of contemporary aviation neology. The corpus does not show one overwhelmingly dominant thematic source of new vocabulary; rather, lexical and terminological renewal is distributed across several areas of sectoral change. Functional differentiation is clearer, with object-, process-, and technology-oriented units forming the largest groups. Structural choices reflect the communicative demands of specialised aviation discourse, while temporal and pragmatic checks show that professional consolidation must be distinguished from first coinage. This combination of thematic, structural, functional, temporal, and contextual evidence gives a more reliable account of how recent aviation designations enter and stabilise within professional English.

Conclusion

The study demonstrates that recent English aviation neology is best understood not as a collection of isolated new words but as a developing layer of professional nomination shaped by technological, regulatory, environmental, and operational change. The 96-unit corpus did not reveal a statistically uneven thematic distribution across the five domains, $\chi^2(4) = 2.54$, $p = .637$, although unmanned aircraft systems, advanced air mobility, and digital management and navigation were descriptively the largest groups. This result is important because it suggests that lexical renewal is not driven by one single branch of aviation; rather, it accompanies several parallel transformations within the sector.

Structural and functional evidence provides a clearer account of how this renewal is organised. Multi-component terminological phrases and abbreviations were the most recurrent structural patterns, reflecting the need to combine semantic precision with economy in repeated professional use. Functional-semantic differentiation was statistically significant, $\chi^2(4) = 9.94$, $p = .041$, Cohen's $w = .32$: designations of objects, processes, and technologies formed the largest groups, while regulatory and infrastructural units, although fewer, performed distinct organisational and institutional functions. The relationship between domain, structure, and function is therefore systematic but not one-to-one: similar structural models may serve different communicative purposes, and the same functional role may be realised through different linguistic forms.

The temporal and pragmatic analysis further shows that recent prominence should not be equated with absolute lexical novelty. Comparison with the 2016–2020 baseline made it possible to distinguish newly emerging units from earlier designations that acquired stronger institutional visibility and became consolidated after 2020. The examples of UTM and SAF illustrate this process particularly clearly: their importance lies not simply in their abbreviated form, but in the way the corresponding concepts have become embedded in regulatory, technical, and operational discourse. Terminological variation also remains part of this development. Full forms and abbreviations may function as stable pairs, whereas near-equivalent forms such as UAS, UAV, and drone may retain different scopes depending on institutional and communicative context. Standardisation therefore emerges through repeated professional use, conceptual differentiation, and institutional selection rather than through lexical frequency alone.

The study contributes to sector-specific neology by integrating thematic, structural, functional-semantic, temporal, and pragmatic evidence within a single analytical framework. At the same time, its conclusions are limited by the size of the corpus, its focus on English-language materials, and the predominance of publicly available institutional and industry documents; the pragmatic analysis does not constitute direct observation of spoken professional interaction. Further research should extend the corpus, compare aviation terminology across languages and organisations, and examine longer diachronic trajectories of competing designations. Such work would clarify how emerging professional labels move from initial nomination through variation and institutional uptake toward broader terminological consolidation.

References

Ajdarbek, Q.Zh., Imanberdieva, A.B., Abdullina, N.U. (2025) Terminologijalyq atalym uderisindegi til men ojlaudyng birtutastygy maseleleri. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 150(1), 19–29. [Aidarbek, Q.Zh., Imanberdiyeva, A.B., Abdullina, N.U. (2025) Problems of the unity of language and thinking in terminological nomination. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 150(1), 19–29.] https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-19-29 (in Kazakh)

Ajtbajuly, U. (2014) Osnovy kazahskoj terminologii. Almaty: Abzal-Aj. [Aitbaiuly, U. (2014) Foundations of Kazakh terminology. Almaty: Abzal-Ai.] (in Russian)

Aldasheva, K.S., Kondybayeva, R.Zh., Serikbayeva, A.D. (2021) Potential possibilities of codification of neologisms in the modern Kazakh language. Eurasian Journal of Philology: Science and Education, 184(4). https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph1 (in English)

Aubakirova, A.E., Kurmanbajuly, Sh., Atygaeva, K.M. (2024) Novye lingvisticheskie terminy v sovremennom kazahskom jazyke. Eurasian Journal of Philology: Science and Education, 194(2), 4–13. [Aubakirova, A.E., Kurmanbaiuly, Sh., Atygayeva, K.M. (2024) New linguistic terms in the modern Kazakh language. Eurasian Journal of Philology: Science and Education, 194(2), 4–13.] https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v194.i2.ph01 (in Russian)

Azamatova, A.H. (2012) Specifika terminologicheskoj informacii. Vestnik KazNU. Serija filologicheskaja, 3(137),

67–70. [Azamatova, A.Kh. (2012) Specificity of terminological information. KazNU Bulletin. The philological series, 3(137), 67–70.] (in Russian)

Bisengali, A.Z.-G., Burkitbaeva, Sh.D., Mankeeva, Zh.A., Kulmanov, S.K. (2025) Kognitivnye osnovy novyh slovoupotreblenij v sovremennyh kazahskom, tureckom i tuvinskom jazykah. Novye issledovanija Tuvy, (2), 200–215. [Bissengali, A.Z.-G., Burkitbayeva, Sh.D., Mankeyeva, Zh.A., Kulmanov, S.K. (2025) Cognitive foundations of new word usages in modern Kazakh, Turkish and Tuvan languages. Novye issledovaniya Tuvy, (2), 200–215.] https://doi.org/10.25178/nit.2025.2.11 (in Russian)

Faber, P. (2012) A cognitive linguistics view of terminology and specialized language. De Gruyter Mouton. https://doi.org/10.1515/9783110277203 (in English)

Humbley, J. (2018) Term formation and neology. In J. Humbley, G. Budin, C. Laurén (Eds.). Languages for special purposes: An international handbook (Pp. 437–452). De Gruyter. https://doi.org/10.1515/9783110228014-022 (in English)

Ibáñez, M.S., Pérez Sobrino, P. (2024) Name it till you mean it: Intersections between formal and semantic neological procedures in naming emerging pandemic objects in Spanish. Language & Communication, 99. https://doi.org/10.1016/j.langcom.2024.10.010 (in English)

Isakova, S.S., Zerkina, N.N., Ermekbayeva, G. G. (2023) The problem of cognitive terminology in the works of A. Baitursynuly. Bulletin of K. Zhubanov Aktobe Regional University, 71(1), 53–61. (in English)

Nurmysheva, Sh.A. (2013) Terminderdi audaru – ekinshi denggejli diskurs maselesi. QazUU Habarshysy. Filologija serijasy, 4(144), 147–150. [Nurmysheva, Sh.A. (2013) Translation of terms as a second-level discourse problem. Bulletin of KazNU. Philology Series, 4(144), 147–150.] (in Kazakh)

Ormanova, A.B., Anafinova, M.L., Atanasova-Divitakova, S.D. (2021) Corpus based research in terminology. Eurasian Journal of Philology: Science and Education, 184(4), 109–118. https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph10 (in English)

Peixoto, R.A.J.R. (2023) The interface between specialized translation and institutional translation: A selection of candidate terms validated by Aeronautical Meteorology corpora. Applied Corpus Linguistics, 3(2), Article 100051. https://doi.org/10.1016/j.acorp.2023.100051 (in English)

Qurmanbajuly, Sh. (2014) Qazaq terminologijasy: Zertteuler, oqulyq, sozdik, bibliografija. Almaty: Sardar baspasy. [Qurmanbaiuly, Sh. (2014) Kazakh terminology: Studies, textbook, dictionary, bibliography. Almaty: Sardar.] (in Kazakh)

Smith, A., Dickinson, J.E., Nadeem, T., Snow, B., Permana, R., Cherrett, T., Drummond, J. (2024) Supporting inclusive debate on Advanced Air Mobility: An evaluation. Transportation Research Part D: Transport and Environment, 136, Article 104471. https://doi.org/10.1016/j.trd.2024.104471 (in English)

Storjohann, P. (2025) Neologisms and their functions in critical discourse. Lexikos, 35. https://doi.org/10.5788/35-1-2040 (in English)

Sulejmenova, Je.D. (2011) Jazykovye processy i politika. Almaty: Qazaq Universiteti. [Suleimenova, E.D. (2011) Language processes and policy. Almaty: Qazaq Universiteti.] (in Russian)

Syzdyq, R. (2009) Qazaq tilindegi eskilikter men zhangalyqtar. Almaty: Arys. [Syzdyq, R. (2009) Archaisms and innovations in the Kazakh language. Almaty: Arys.] (in Kazakh)

Wang, B., Ting, Z.J., Zhao, M. (2024) Sustainable aviation fuels: Key opportunities and challenges in lowering carbon emissions for aviation industry. Carbon Capture Science & Technology, 13, Article 100263. https://doi.org/10.1016/j.ccst.2024.100263 (in English)

Zhambylqyzy, M., Esaly, D.S. (2021) Qazaq tilindegi kirme sozderding bugini men ertengi. Vestnik KazNU. Serija filologicheskaja, 184(4), 24–32. [Zhambylkyzy, M., Yessaly, D.S. (2021) The present and future of loanwords in the Kazakh language]. Eurasian Journal of Philology: Science and Education, 184(4), 24–32. https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph3 (in Kazakh)

Zhao, W. (2024) A corpus-based multi-dimensional analysis of the linguistic features of Aviation English. English for Specific Purposes, 76, 57–73. https://doi.org/10.1016/j.esp.2024.05.004 (in English)

Әдебиеттер

Айдарбек Қ. Ж., Иманбердиева А. Б., Абдуллина Н.У. Терминологиялық аталым үдерісіндегі тіл мен ойлаудың біртұтастығы мәселелері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – № 1(150). – 19–29-бб. DOI: 10.32523/2616-678X-2025-150-1-19-29.

Айтбайұлы Ө. Основы казахской терминологии. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 382 с.

Азаматова А.Х. Специфика терминологической информации // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2012. – № 3(137). – С. 67–70.

Аубакирова А.Е., Курманбайулы Ш., Атыгаева К.М. Новые лингвистические термины в современном казахском языке // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2024. – Т. 194. – №. 2. – С. 4–13. DOI: 10.26577/EJPh.2024.v194.i2.ph01.

Бисенгали А.З.-Г., Буркитбаева Ш.Д., Манкеева Ж.А., Кулманов С.К. Когнитивные основы новых словоупотреблений в современных казахском, турецком и тувинском языках // Новые исследования Тувы. – 2025. – № 2. – С. 200–215. – DOI: 10.25178/nit.2025.2.11.

Жамбылқызы М., Есалы Д.С. Қазақ тіліндегі кірме сөздердің бүгіні мен ертеңі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – Т. 184. – № 4. – 24–32-бб. – DOI: 10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph3.

Исакова С.С., Зеркина Н.Н., Ермекбаева Г.Г. Проблема когнитивного терминоведения в трудах А.

Байтұрсынұлы // Вестник Актюбинского регионального университета им. К. Жубанова. – 2023. – № 1(71). – С. 53–61.

Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: Сардар, 2014. – 927 б.

Нұрмышева Ш.А. Терминдерді аудару – екінші деңгейлі дискурс мәселесі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2013. – № 4(144). –147–150-бб.

Сулейменова Э.Д. Языковые процессы и политика. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 115 с.

Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.

Aldasheva, K.S., Kondybayeva, R.Zh., Serikbayeva, A.D. Potential possibilities of codification of neologisms in the modern Kazakh language // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. 2021. Vol. 184. No. 4. DOI: 10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph1.

Faber, P.A Cognitive Linguistics View of Terminology and Specialized Language. Berlin; Boston: De Gruyter Mouton, 2012. 307 p. DOI: 10.1515/9783110277203.

Humbley, J. Term Formation and Neology // Languages for Special Purposes: An International Handbook / ed. by J. Humbley, G. Budin, C. Laurén. Berlin; Boston: De Gruyter, 2018. Pp. 437–452. DOI: 10.1515/9783110228014-022.

Ibáñez, M. S., Pérez Sobrino, P. Name it till you mean it: Intersections between formal and semantic neological procedures in naming emerging pandemic objects in Spanish // Language & Communication. 2024. Vol. 99. DOI: 10.1016/j.langcom.2024.10.010.

Ormanova, A.B., Anafinova, M.L., Atanasova-Divitakova, S.D. Corpus based research in terminology // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. 2021. Vol. 184. No. 4. Pp. 109–118. DOI: 10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph10.

Peixoto, R.A.J.R. The interface between specialized translation and institutional translation: A selection of candidate terms validated by Aeronautical Meteorology corpora // Applied Corpus Linguistics. 2023. Vol. 3. Iss. 2. Article 100051. DOI: 10.1016/j.acorp.2023.100051.

Smith, A., Dickinson, J.E., Nadeem, T., Snow, B., Permana, R., Cherrett, T., Drummond, J. Supporting inclusive debate on Advanced Air Mobility: An evaluation // Transportation Research Part D: Transport and Environment. 2024. Vol. 136. Article 104471. DOI: 10.1016/j.trd.2024.104471.

Storjohann, P. Neologisms and Their Functions in Critical Discourse // Lexikos. 2025. Vol. 35. DOI: 10.5788/35-1-2040.

Wang, B., Ting, Z. J., Zhao, M. Sustainable aviation fuels: Key opportunities and challenges in lowering carbon emissions for aviation industry // Carbon Capture Science & Technology. 2024. Vol. 13. Article 100263. DOI: 10.1016/j.ccst.2024.100263.

Zhao, W. A corpus-based multi-dimensional analysis of the linguistic features of Aviation English // English for Specific Purposes. 2024. Vol. 76. Pp. 57–73. DOI: 10.1016/j.esp.2024.05.004.

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье
Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 28.05.2026.
Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 27.09.2026.
Available online / Интернетте қолжетімді / Доступно онлайн: 30.09.2026.

© Seksembayeva, A., Kyuchukov, H., 2026

CC BY 4.0

Мақала/Статья/Article
ҒТАМР 16.31.31 https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-212-229

Балжан Қанатқызы Қамыза[1], Тыныштық Нұрдәулетқызы Ермекова[2*], Гульнар Амангельдиевна Ескермесова[3]
[1]докторант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-7760-5564 E-mail:kamyzanova.balzhan@gmail.com
[2*]автор-корреспондент, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0003-1184-2679 E-mail:yermekovat@gmail.com
[3]философия докторы (PhD), Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0001-7011-8862 E-mail: Gulnar_9.12.81@mail.ru

СОМАТИКАЛЫҚ КОМПОНЕНТІ БАР ЭТНОБІРЛІКТЕРДІҢ ЖИ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕГІ КОГНИТИВТІК МОДЕЛЬДЕНУІ МЕН АУДАРМАДАҒЫ СЕМАНТИКАЛЫҚ АУЫТҚУЛАР

Аңдатпа. Мақала қазіргі компьютерлік лингвистика мен NLP саласындағы өзекті мәселе – ірі тілдік модельдердің (LLM) қазақ тіліндегі этномәдени кодтар мен ұлттық дүниетанымдық қабаттарды тану қабілетін зерттеуге арналған. Өйткені қазіргі қолданыста ЖИ-ге негізделген аударма жүйелеріндегі негізгі олқылықтың басым бөлігі – этномәдени бірліктерді дұрыс тани алмауында болып отыр, сонымен бірге дәл осы салаға қатысты зерттеулердің тапшылығы, мәдени мағыналарды дұрыс жеткізе алатын аударма эрратологиясына бейімді ЖИ үлгілерін жасауға деген сұраныстың артуы – зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Зерттеудің мақсаты – қазақ соматикалық этнографизмдерінің (жүрек жалғау, бауырымдау, аузына түкірту, т.б.) ChatGPT, Gemini, Claude жүйелерінде өңделуінің когнитивті механизмдерін айқындау және цифрлық ортадағы семантикалық ауытқуларды (аберрацияларды) жіктеу. Жұмыста когнитивті модельдеу, лингвомәдени талдау және салыстырмалы-эксперименттік әдістер кешені қолданылды. Эмпирикалық база ретінде Ә. Кекілбаев, М. Әуезов, Т. Әлімқұлов және Т. Ахтановтың классикалық шығармаларынан алынған соматикалық этнобірліктер іріктелді. Модельдердің контекске сезімталдығын тексеру үшін екі кезеңдік (лексикалық және контекстік-прагматикалық) лингвистикалық промпттар әзірленді. Эксперименттік талдау нәтижесі ЖИ жүйелерінің қазақ этносоматикалық кодтарын түсіндіруде «прагматикалық инверсия», «лингвомәдени деритуалдау» және «денотаттық буквализм» сияқты қателіктерге жиі бой алдыратынын көрсетті. Модельдерде сакралды мағыналарды батыстық этикалық нормалармен алмастыру және когнитивті инерция құбылысы байқалды. Жұмыстың құндылығы – генеративті қосымшалардың (ChatGPT, Gemini, Claude) этномәдени бейімсіздігін қазақ тілі материалында алғаш рет когнитивті-семантикалық тұрғыдан қарастыруында. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы ЖИ модельдерін қазақ тілінің этнографиялық деректер қоры негізінде мамандандырылған түрде баптауда (fine-tuning), сондай-ақ машиналық аударма сапасын арттыруда қолдану мүмкіндігімен айқындалады.

Тірек сөздер: этнографизм; жасанды интеллект (ЖИ); танымдық модельдеу; семантикалық ауытқу; лингвомәдени деритуалдау; аударма.

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің AP26105015 «Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект жүйесінде берілуі: тілдік ауытқулар және оны жүйелеу» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында әзірленді.

Сілтеме жасау үшін: Қамыза Б.Қ., Ермекова Т.Н., Ескермесова Г.А. Соматикалық компоненті бар этнобірліктердің ЖИ жүйелеріндегі когнитивтік модельденуі мен аудармадағы семантикалық ауытқулар. *Tiltanym*, 2026. №3 (103). 212-229-бб.

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-212-229

Балжан Канаткызы Камыза[1], Тыныштык Нурдаулетовна Ермекова[2*], Гульнар Амангельдиевна Ескермесова[3]
[1]докторант, Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-7760-5564 E-mail:kamyzanova.balzhan@gmail.com
[2*]автор-корреспондент, доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы, ORCID:0000-0003-1184-2679 E-mail:yermekovat@gmail.com
[3]доктор философии (PhD), Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-7011-8862 E-mail: Gulnar_9.12.81@mail.ru

КОГНИТИВНОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ ЭТНОЕДИНИЦ С СОМАТИЧЕСКИМ КОМПОНЕНТОМ В СИСТЕМАХ ИИ И СЕМАНТИЧЕСКИЕ ДЕВИАЦИИ В ПЕРЕВОДЕ

Аннотация. Статья посвящена актуальной проблеме современной компьютерной лингвистики и NLP – исследованию способности крупных языковых моделей (LLM) распознавать этнокультурные коды и национально-мировоззренческие пласты казахского языка. Актуальность исследования обусловлена тем, что основным пробелом в существующих системах перевода на базе искусственного интеллекта является неспособность адекватно распознавать этнокультурные единицы. Кроме того, наблюдается дефицит исследований в данной области и растет спрос на создание моделей ИИ, адаптированных к переводческой эрратологии и способных точно передавать культурные смыслы. Цель исследования – выявление когнитивных механизмов обработки казахских соматических этнографизмов (*жүрек жалғау, бауырымдау, аузына түкірту* и др.) в системах ChatGPT, Gemini и Claude, а также классификация семантических отклонений (аберраций) в цифровой среде. В работе использован комплекс методов: когнитивное моделирование, лингвокультурный анализ и сравнительно-экспериментальный метод. В качестве эмпирической базы отобраны соматические этноединицы из классических произведений А. Кекилбаева, М. Ауэзова, Т. Алимкулова и Т. Ахтанова. Для проверки чувствительности моделей к контексту были разработаны двухэтапные (лексические и контекстно-прагматические) лингвистические промпты. Результаты экспериментального анализа показали, что системы ИИ при интерпретации казахских этносоматических кодов часто допускают такие ошибки, как «прагматическая инверсия», «лингвокультурная деритуализация» и «денотативный буквализм». В моделях были выявлены явления подмены сакральных смыслов западными этическими нормами и когнитивная инертность. Ценность работы заключается в том, что в ней впервые на материале казахского языка в когнитивно-семантическом аспекте рассмотрена этнокультурная дезадаптация генеративных приложений (ChatGPT, Gemini, Claude). Практическая значимость результатов исследования определяется возможностью их применения для специализированной настройки моделей ИИ (fine-tuning) на основе этнографической базы данных казахского языка, а также для повышения качества машинного перевода.

Ключевые слова: этнографизм; искусственный интеллект (ИИ); когнитивное моделирование; семантическое отклонение; лингвокультурная деритуализация; перевод.

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан AP26105015 «Трансмиссия этнокультурных единиц в системе искусственного интеллекта: языковые девиации и ее систематизация».

Для цитирования: Камыза Б.К., Ермекова Т.Н., Ескермесова Г.А. Когнитивное моделирование этноединиц с соматическим компонентом в системах ИИ и семантические девиации в переводе. *Tiltanym*, 2026. №3 (103). С. 212-229. (на каз. яз.)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-212-229

Balzhan Kamyza[1], Tynyshtyk Yermekova[2*], Gulnar Yeskermessova[3]

[1]Doctoral Student, Kazakh National Women's Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-7760-5564 E-mail:kamyzanova.balzhan@gmail.com

[2*]Corresponding Author, Doctor of Philology, Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-1184-2679 E-mail:yermekovat@gmail.com

[3]Doctor of Philosophy (PhD), Kazakh National Women's Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-7011-8862 E-mail: Gulnar_9.12.81@mail.ru

COGNITIVE MODELING OF ETHNOCULTURAL UNITS WITH SOMATIC COMPONENTS IN AI SYSTEMS AND SEMANTIC DEVIATIONS IN TRANSLATION

Abstract. The article is devoted to a pressing issue in modern computational linguistics and NLP – investigating the ability of Large Language Models (LLMs) to recognize ethnocultural codes and national worldview layers in the Kazakh language. The relevance of this study is driven by the fact that the primary limitation in current AI-based translation systems lies in their inability to correctly identify ethnocultural units, combined with a scarcity of research in this field and a growing demand for AI models adapted to translation erratology capable of accurately conveying cultural meanings. The purpose of the study is to identify the cognitive mechanisms underlying the processing of Kazakh somatic ethnographisms (*zhürek zhalgau, bauyrymdau, auzyna tükirtu*, etc.) across ChatGPT, Gemini, and Claude systems, as well as to classify semantic deviations (aberrations) in the digital environment. The study employs a set of methods, including cognitive modeling, linguocultural analysis, and comparative-experimental techniques. The empirical base comprises somatic ethnounits extracted from the classical literary works of A. Kekilbayev, M. Auezov, T. Alimkulov, and T. Akhtanov. To test the models' context sensitivity, two-stage (lexical and context-pragmatic) linguistic prompts were developed. The experimental analysis results demonstrated that AI systems are frequently prone to errors such as “pragmatic inversion,” “linguocultural deritualization,” and “denotative literalism” when interpreting Kazakh ethnosomatic codes. The models exhibited

phenomena of replacing sacred meanings with Western ethical norms and cognitive inertia. The value of the study lies in its being the first to examine the ethnocultural maladaptation of generative applications (ChatGPT, Gemini, Claude) from a cognitive-semantic perspective using Kazakh language material. The research findings possess practical significance for the specialized fine-tuning of AI models using the Kazakh language's ethnographic database and for improving machine translation quality.

Keywords: ethnographism; artificial intelligence (AI); cognitive modeling; semantic deviation; linguocultural deritualization; translation.

Funding: The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan AP26105015 “Representation of ethnocultural units in the artificial intelligence system: linguistic aberrations and their systematisation”.

For citation: Kamyza, B., Yermekova, T., Yeskermessova, G. Cognitive Modeling of Ethnocultural Units with Somatic Components in AI Systems and Semantic Deviations in Translation. *Tiltanym*, 2026. No.3 (103). Pp. 212-229. (in Kazakh)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-212-229

Кіріспе

Қазіргі ірі тілдік модельдердің (LLM) табиғи тілді өңдеудегі (NLP) жоғары көрсеткіштеріне қарамастан, олардың мәтінді шынайы түсіну қабілеті әлі де ғылыми дискурстың өзегінде. Зерттеуші *E. Bender мен A. Koller* зерттеулеріне сүйенсек, тек тілдік формалардың статистикалық жиілігіне негізделген модельдердің таңба мен шынайы әлемдегі мағына арасындағы когнитивті байланысты өздігінен игеруі теориялық тұрғыдан мүмкін емес (Bender, Koller, 2020). Бұл іргелі шектеу ЖИ-дің қазақ тілі сияқты этномәдени коды бай тілдердегі терең концептуалды қабаттарды өңдеу қабілетіне тікелей әсер етеді. Десе де Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты әзірлеп жатқан үлкен тілдік модельдің (ҮТМ) жоғары сапалы және неғұрлым дәл шешімдерге қол жеткізу мүмкіндігінің болуы бұл модельдің қазақ мәдениетін шынымен «түсіне» алатынына сенімділік береді (Жанабекова, Усенов, Тлегенова, 2026).

Заманауи тіл білімінде ЖИ жүйелерінің ұлттық дүниетанымды бейнелейтін когнитивті құрылымдарды, соның ішінде соматикалық этнобірліктерді өңдеу қабілетін зерттеу – өзекті мәселе. Бұл жөнінде зерттеуші *А. Ислам* мақаласында да нақтыланған: медиа саласындағы аудармалардың сапасы мен мәдени-семантикалық нюанстардың сақталу деңгейі әлі де терең зерттеуді қажет етеді (Ислам, 2025). Бұл мәселе әсіресе соматикалық фразеологизмдер мен этнобірліктерді аударуға келгенде анық байқалады, өйткені мұндай тіркестердің мәні жай ғана сөздердің бірігуі емес, ұлттық ойлау мен қалыптасқан дүниетаным нәтижесінде пайда болады.

ЖИ үлгілеріндегі мағыналық бұрмаланудың тағы бір себебін Yong Cao және т.б. ғалымдар көрсеткен «мәдени сәйкессіздік» негіздемесімен түсіндіруге болады, яғни аталған зерттеушілер ЖИ-ді оқыту базасындағы ағылшын тілінде берілген деректердің басым болуы мәдени ерекшеліктерді қалыс қалдырып, ЖИ өз жауаптарын американдық стандартқа бейімдейтінін дәлелдеп көрсетті (Cao et al., 2023). Мұның әсерінен қазақ тіліндегі де төл тіркестер мен ұғыптық нышандар ЖИ тарапынан батыстық прагматикалық үлгіге күштеп телінетіні бар. Сондай-ақ, модельдердің мәдени мәтіндерді қабылдауда этикалық әрі қауіпсіздік сүзгілері де кедергі келтіреді. Осы тұста М. Текгюрлердің зерттеуіне илансақ, Gemini моделі тарихи мәтіндерді контекстен бөліп, оларды қате блокқа қоюға бейім екенін растайды (Tekgürler, 2025). Осы сияқты семантикалық өңдеудегі техникалық кедергі зерттеу нысанымызға алынған «аузына түкіру», «бауырымдау» сияқты экспрессивті-этнографиялық бірліктерді өңдеу кезінде де байқалды. ЖИ аталған бірліктерді ритуалдық құндылық емес, физикалық не агрессивті әрекет ретінде қате танып тұр. Мұндай қайшылықтарды сараптау қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі мағыналық тұтастығын сақтау үшін аса маңызды болмақ.

Мақаланың зерттеу нысаны ретінде қазақ тіліндегі соматикалық құрамдас лингвомәдени бірліктердің жасанды интеллект модельдеріндегі (ChatGPT, Gemini, Claude) көрінісі алынды. Ал зерттеу мақаласының пәні – соматикалық этнобірліктердің ЖИ жүйесіндегі танымдық нормалары мен аударма кезінде туындайтын мағыналық ауытқулар.

Мақаланың зерттеу мақсаты: ЖИ үлгілерінің қазақ тіліндегі соматикалық құрамды этноұғымдарды өңдеу мүмкіндігін тілдің танымдық негізінде талдай отырып мәдени-семантикалық ауытқу себептерін теориялық пайымдау. Зерттеуіміздің міндеттері ретінде

мыналарды көрсетеміз: ЖИ модельдеріндегі (ChatGPT, Gemini, Claude) дене мүшелеріне қатысты этноұғымдардың танымдық құрылымдарын анықтау; қазақ тіліндегі тұрақты атаулар мен ғұрыптық символдарды кодтау кезіндегі «мәдени сәйкессіздікті» пайымдау; мағыналық бұрмалану мен техникалық кедергі белгілерін эмпирикалық тәжірибе негізінде растау. Зерттеу кезінде танымдық модельдеу, салыстырмалы-типологиялық талдау жүргізу, лингвомәдени түсінік беру әдісі, сонымен қоса ЖИ үлгілерімен жүргізілген тәжірибелік тексеру қолданылды.

Зерттеуіміздің болжамы былай: генеративті тілдік модельдердің (ChatGPT, Gemini, Claude) соматикалық фразеологизмдерді дәл интерпретациялауы олардың ұлттық-мәдени контекстті және тілдік мағынаны қаншалықты толық меңгергеніне тікелей тәуелді. Ал модельдердегі семантикалық ауытқулар тілдік базаның мардымсыздығынан туындайды. Сондықтан, база қазақ тіліндегі мәдени контексті қаншалықты терең меңгерсе, соматикалық фразеологизмдерді соғұрлым дәл әрі қатесіз түсіндіреді.

Материал және әдістер

Зерттеудің ғылыми-теориялық базасы мен әдіснамалық негізін қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистика, этнолингвистика және лингвоаксиология бағытының іргелі тұжырымдары (Қайдар, 2013; Сыздық, 2025; Манкеева, 2014; Смағұлова, 2020 т.б.) құрайды. Сондай-ақ, заманауи генеративті жүйелердегі ұлттық коннотация мен этнореалияларды өңдеу мәселелері бойынша отандық зерттеулердің әдіснамалық ұстанымдары басшылыққа алынды (Жанабекова, Усенов, Тлегенова, 2026).

Тәжірибелік-эксперименталды жұмыс барысында жинақталған соматикалық бірліктердің кең ауқымы (500-ден астам фразеологизм) ChatGPT (GPT-4), Gemini және Claude сияқты заманауи генеративті жүйелердің сынақтарынан тұтастай өткізілді. Алынған нәтижелер көрсеткендей, қазіргі ЖИ модельдерінің тілдік мүмкіндіктері жоғары болғандықтан, бірліктердің басым бөлігін (жиі қолданылатын тіркестерді) аударуда қателіктер жібермеді немесе мағынасын жақын деңгейде бере алды. Алайда, зерттеудің басты мақсаты модельдердің жалпы аударма жасай алу қабілетімен қоса, ұлттық-мәдени кодтар мен терең этнопсихологиялық коннотациялардың тоғысындағы *«соқыр тұстарды»* (лакуналарды) анықтау. Жүргізілген эксперимент барысында модельдердің жалпылама деңгейде қателеспегенімен, дәл осы терең когнитивті-ассоциативті жүктемесі бар, семантикасы физиологиялық емес әлеуметтік-психологиялық астарға негізделген ұғымдарда (оңайлықпен аударылмайтын) қайталана сүрінетіні анықталды.

Дәл осы себептен, барлық стандартты мысалдарды тізіп шықпай, модельдердің осал тұстарын, яғни лингвомәдени лакуналарды нақты айқын көрсететін төрт этноұғым *(«жүрек жалғау», «қу тізесін құшақтау», «ой бауырымдап келу», «аузына түкірту»)* талдауға іріктеп алынды. Бұл тұста мақаланың көлемдік шектеулері мен әрбір бірлікке терең когнитивті-семантикалық және прагматикалық талдау жасау қажеттілігі ескеріліп, тек 4 түйінді соматикалық этноұғым таңдалды. Бұл тәсіл заманауи ЖИ үлгілерінің тіпті ең озық нұсқаларының өзінде ұлттық коннотацияны өңдеуде қандай шектеулерге ұшырайтынын дәлелді түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің эмпирикалық базасын қалыптастырған бұл тілдік бірліктер – қазақ көркем әдебиетінің классикалық туындыларынан (М. Әуезов, Ә. Кекілбаев т.б.) жиналған танымдық жүктемесі мен қолданылу жиілігі жоғары соматикалық этноұғымдар. Көрсетілген соматизмдерді іріктеу барысында олардың функционалдық бөлімдерін, яғни метафоралық бейнесі, эмоциялық қыры, танымдық сипаты, символдық және әрекетке қатысты белгілерін негізге алдық (Alimjanova, 2025: 76). Соматизмдердің лексикалық мағынасын нақтылау үшін «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» және «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиялық қор қолданылды.

Қазіргі таңда қолданушылардың дәстүрлі машиналық жүйелерден (Google, Yandex) генеративті ірі тілдік модельдерге (LLM) жаппай бет бұруы байқалады. Егер дәстүрлі жүйелер ұлттық-мәдени реңкті жоғалтса, генеративті модельдер контексті ескеріп, этнолексемалардың астарлы мағынасын жеткізуге ұмтылады (Ескермесова, Ермекова, Шойбекова, 2026: 67). Сол себепті зерттеу жұмысы барысында тек генеративті модельдер таңдалып алынды: ChatGPT

(OpenAI өнімі, GPT-4 нұсқасы), Gemini (Google өнімі) және Claude (Anthropic өнімі). Осы тұрғыда ChatGPT, Gemini және Claude модельдерінің зерттеу нысаны ретінде таңдалу себебі: олардың қазақ тіліндегі контентті өңдеудегі кең қолданысымен, функционалдық мүмкіндіктерімен және салыстырмалы талдауға лайықты репрезентативтілігімен негізделеді. Бұл модельдердің қателіктерін сараптау ұлттық-мәдени кодтар мен соматикалық бірліктерді аударудағы ЖИ мүмкіндіктері мен шектеулерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

GPT-4 нұсқасы эксперимент нәтижелерінің тұрақтылығы мен қайталануын қамтамасыз ететін тұрақты базалық үлгі ретінде таңдап алынды. Бұл шешім кейінгі кезеңде жаңарып шығатын модельдердің эволюциялық динамикасын салыстырып тексеру үшін болашақ зерттеушілерге объективті ғылыми орын қалдыруға негіз болды.

Зерттеу жұмысының эксперименттік-сараптамалық бөлігі өзара байланысты үш кезеңнен тұрды: *Бірінші кезең (денотативті талдау):* бұл сатыда ЖИ үлгілерінің (ChatGPT, Gemini, Claude) тілдік бірліктердің мағыналық көлемін бастапқы деңгейде тану қабілетін тексеру мақсатында соматикалық этнобірліктер контекссіз (оқшау түрде) беріліп, орыс және ағылшын тілдеріне аудару тапсырылды. Бұл кезеңде модельдерге *«Берілген қазақ тіліндегі тұрақты тіркестің/этнобірліктің тура мағынасын түсіндіріп, орыс және ағылшын тілдеріне баламасын беріңіз: [этнобірлік]»* деген тікелей промпт берілді. Бұл тәсіл модельдердің сөздік-семантикалық базасы мен тура мағынаны беру деңгейін анықтауға жол ашты.

Екінші кезең (контекстік-прагматикалық қабат): бұл кезеңде соматикалық тіркестер қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларынан алынған нақты мәтіндік фрагменттер құрамында (контекст арқылы) ұсынылды. Модельдерге қойылған нақты нұсқау: *«Мәтін үзіндісіндегі асты сызылған соматикалық этнобірліктің көркемдік астары мен этномәдени мәнін сақтай отырып, орыс және ағылшын тілдеріне көркем аударма жасаңыз: [мәтін фрагменті]»* болды. Мұндағы мақсат – ЖИ үлгілерінің көркем мәтін контексіне сезімталдығын, этномәдени астарды және прагматикалық мәнді ажырата алу қабілетін сараптау болатын.

Үшінші кезең (Интерпретация және салыстырмалы талдау): соңғы бөлімде алынған нәтижелер лингвомәдени бояу мен ұлттық коннотация аясында жан-жақты қарастырылып, әрбір жүйенің (ChatGPT, Gemini, Claude) жауаптары өзара салыстырылды. Бұл кезең модельдердің қай тұста сүрінетінін және ұлттық лакуналарды қалай өңдейтінін нақты көруге мүмкіндік берді.

Жоғарыда көрсетілген зерттеу жобасының мәселені қарастыру бөлімдері мен сараптау кезеңдерінде төмендегі әдістерді басшылыққа алдық. *Танымдық модельдеу:* ЖИ-дің дене-мүшелермен байланысты метафораларды түсіну домендерін анықтау кезінде; *Лингвомәдени талдау:* этнобірліктердегі сакралды мағыналардың сақталуын тексеру барысында; *Салыстырмалы-салғастырмалы әдіс:* генеративті модельдердің нәтижелерін өзара салыстыру және семантикалық ауытқуларды (аберрацияларды) жіктеу уағында; *Контекстік талдау:* сөздік мағына мен көркем мәтіндегі қолданыстың сәйкестігін бағалау барысында қолданылды. Осы аталған әдістер мен материалдар негізінде жүргізілген эксперименттік жұмыстың нәтижелері ЖИ модельдерінің қазақ тіліндегі этномәдени бірліктерді танудағы елеулі айырмашылықтарын айқындап берді.

Әдебиетке шолу

Қазақ тіл білімінде ұлттық тілді сол тілді тұтынушы халықтың танымымен тікелей сабақтастыра зерттеген Ә. Қайдар (2013), Р. Сыздық (2025), Н. Уәли (2021), Ж. Манкеева (2014), Г. Смағұлова (2020) т.б. ғалымдардың іргелі зерттеулерінен соң соматизмдерді тікелей зерттеу нысанына айналдырған зерттеулер жазылды: Ә. Ташауов (1995) – «Кодекс Куманикустегі» соматикалық атаулардың лексика-семантикалық топтарын, Б. Уызбаева (1994) – соматикалық етістік фразеологизмдерді, М. Абдрахманова (2008) – «Көз» концептісін, А. Нұржанова (2010) – фразеологизмдердің соматикалық кодын т.т. диссертация деңгейінде қорғады. Бұл еңбектердің құндылығы – тарихи және қазіргі тілдік деректер негізінде халқымыздың адамның дене мүшелері арқылы дүниені тану, қабылдау туралы танымын пайымдауға, ұлт болмысын ашуға мүмкіндік беруінде. Соматикалық лексика – ежелгі қабатты құрайтын, семантикалық құрылымы тармақталған және жоғары жиілікті микрожүйе. Соматизмдерді зерттеу нысаны етіп алған қазіргі зерттеулер аталған нысанды заманауи бағытта зерттеуге ден қоюда. А.А. Раманованың

зерттеулерінде соматизмдер лингвомәдениет пен интермәдени коммуникацияның өзекті бөлшегі ретінде қарастырылып, олардың лексикалық-семантикалық өрісі ұлттық дүниетанымды модельдейтін когнитивтік домен ретінде сипатталады (Раманова, 2023). Бұл мәселе, әсіресе, мәдениетаралық коммуникацияда айқын көрініс табады. Аудармалардағы соматизмдерді зерттеушілер қазақ тіліндегі *бет, түс, жүз, ажар, пішін, шырай, өң* сияқты 7 лексемаға орыс тілінде эквиваленті ретінде бір ғана «лицо» лексемасының ұсынылғанын нақты тілдік аударма деректері арқылы дәлелдей келіп: «Ақпарат жеткізу, сигнал беру тұрғысынан адамның беті біріншілік, басқа соматизмдер (қол, аяқ, дене т.б.) көбінесе екіншілік қызмет атқарады», – деген қорытынды жасайды (Иманғазина, 2024).

Бұл бағыттағы этномәдени бірліктерді цифрлық ортада сақтау мен алгоритмдік өңдеу мәселелері ұлттық корпус аясында белсенді талқылануда. А.С. Барменқұлова мен Ж.А. Манкеева этномәдени атауларды кодтау мен модельдеуді ұлттық сана мен мәдени жадты сақтаушы инфрақұрылым ретінде ұсынады (Барменқұлова, Жаңабекова, Манкеева, 2023). Ал Г.С. Исаева мен Э.Ә. Өтебаеваның еңбектерінде лингвомәдени ішкорпус аясында этномаркер бірліктердің мәдени-семантикалық белгіленімін жасау үлгілері берілген (Исаева, Өтебаева, Серікқызы, 2023). Дегенмен бұл теориялық база әлі де болса ірі тілдік модельдердің (LLM) практикалық эксперименттерімен толық интеграцияланбаған.

Қазіргі таңда LLM модельдерінің қазақ тіліндегі мүмкіндіктеріне қатысты сыни көзқарас қалыптасқан. A. Maxutov пен P. Braslavski жүргізген пилоттық бағалау көрсеткендей, LLM-дер қазақша генеративтік міндеттерде ағылшын тіліне қарағанда айтарлықтай әлсіз (Maxutov, Myrzakhmet, Braslavski, 2024). GPT-4 сияқты озық модельдердің өзінде «англоцентрлік» басымдықтың салдарынан семантикалық жылжу мен мәдени коннотациялардың жоғалуы байқалады.

Бұл мәселенің бар екенін KazMMLU тестілеу қорытындылары да растады: қазіргі жасанды интеллект модельдері қазақша мәтіннің мағынасын түсінуде және арнайы терминдерді қолдануда көп қате жібереді (Togmanov et al., 2025). Белгілі ғалым Г. Маркустың айтуынша, ЖИ модельдерінде «терең түсіну» қабілеті жоқ. Олар тек сөздердің тіркесу жиілігін (статистиканы) ғана есептейді, бірақ қазақ тіліндегі ұлттық мәдениетпен астарласқан сөздерді (мысалы, соматизмдерді) адам сияқты сезініп, саналы түрде (когнитивтік деңгейде) қабылдай алмайды (Marcus, 2020).

Қазіргі кезде тек қазақ тіліне арналған шағын модельдерді (Small-Scale LLMs) жасау қолға алынуда. Бұл бағдарламаларда қазақ тілінің жалғамалы (агглютинативті) болмысы және этностық индикатор, мәдени белгілер ескерілген (Kadyrbek et al., 2025). Алайда, бұл жаңа жүйелердің өзі тәржімалау не мәтін аудару кезінде сөз мәнін өзгертіп, прагматикалық жаңылысуға ұшырайды (Toleu, Tolegen, 2024). Тіпті қатені жөндеуге бағытталған KazPE жүйелері грамматикалық қателерді реттей алғанымен, сөз мазмұнындағы астарлы мәдени мәнді нақты ашып бере алмайды (Karyukin et al., 2024).

Қысқасы, соматикалық этноұғымдардың ЖИ жүйесінде «техникалық соқырлыққа» тап болуы және семантикалық нормадан қалыс қалуын жоспарлы түрде мониторинг жасап таразылайтын метрикалардың жоқтығы – осы зерттеу жұмысының өзекті тұсын көрсетеді.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу объектісі негізінде таңдалған «жүрек жалғау» тіркесінің семантикалық декодталуы екі сатыда зерделенді. Бұл ұғым қазақ тілінің тұрақты тіркестер базасында «тамақтану, аздап тамақ ішу» деген мәнде қолданылады (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011а). Сөздікте көрсетілген сипаттамаға сай тіркестің образды мәні биологиялық қарын ашу процесін бәсеңдету актісіне құрылған. Алғашқы кезеңде ЖИ модельдеріннің (ChatGPT, Gemini, Claude) берілген этнобірліктің халықтық болмысын сөз тұлға көрінісінде (контекстсіз) анықтау қабілеті қаралса, келесі бөлімде Ә. Кекілбаевтың «Тасбақаның шөбі» шығармасынан *«Қайынаға, не ішесіз? Жүрек жалғар бірдеңе болса…»* сөйлемі негізінде модельдердің дискурстық деңгейдегі прагматикалық сезіну қабілеті зерделенді. ЖИ жүйелері ұсынған интерпретациялар, аударма баламалары және анықталған семантикалық ауытқулар Кесте 1-де кешенді түрде жүйеленген.

Кесте 1 – «Жүрек жалғау» соматизмінің ЖИ модельдерінде өңделу нәтижелері
Таблица 1 – Результаты обработки соматизма «жүрек жалғау» в моделях ИИ
Table 1 – Results of Processing the Somatic Unit “zhürek zhalgau” in AI Models

ЖИ моделі	*Берілген тіркеске жүйе ұсынған түсіндірме*	*Ағылшын тіліне аударма (English)*	*Орыс тіліне аударма (Russian)*	*Нәтиженің сипаттамасы*
Chat GPT	Эмоционалды-әлеуметтік фразеологизм. Мағынасы: біреуге жылы, шын ниетпен көңіл бөлу, қамқорлық көрсету немесе дос болу сезімін білдіру.	- To open one’s heart to someone; - To warm someone’s heart; - To show heartfelt care.	- Раскрыть сердце кому-либо; - Показать душевную теплоту; - Проявить искреннюю заботу.	*Концептілік алмастыру:* Идиоманың этнографиялық мағынасын жаһандық метафоралық стереотиппен (жүрек = сезім) алмастыру.
		– Father-in-law, what will you drink? If there is something to *warm the heart…*	– Свекор, что будете пить? Если есть что-нибудь *для сердца…*	*Когнитивті инерция:* Контекстегі «ішу/жеу» әрекеті мен сыйластық ситуациясына қарамастан, бастапқы қате модельді (жүрек = сезім) сақтау.
Gemini	Тура мағынасы – қарның қатты ашқанда өзегің талмас үшін кішкене ғана тамақ ішіп, аштықты басу. Бұл – уақытша қуат жинау.	- To grab a quick bite; - To have a snack; - To take the edge off hunger; - To tide someone over.	- Заморить червячка; - Перекусить; - Утолить голод (немного); - Подкрепиться.	*Сәйкестік:* Этнобірлік мағынасының және «жүрек – энергия көзі» танымдық моделінің сақталуы.
		Brother-in-law, what would you like to drink? If there is something to *have a quick bite...*	Кайнага (брат мужа), что будете пить? Если найдется что-нибудь *перекусить (червячка заморить) …*	*Сәйкестік:* Контекске сай лексикалық баламаны таңдау.
Claude	Мағыналық түсіндірме берген жоқ. Дәлірек аударма үшін медициналық немесе техникалық контекст қажет деп сұрады.	- Heart connection; - Cardiac connection; - Heart junction; - Cardiac junction.	- Сердечное соединение; - Кардиальное соединение; - Соединение сердца.	*Денотаттық қате* (деметафоралау): Метафораны тікелей анатомиялық/техникалық термин ретінде қабылдап тура аудару.
		Mother-in-law, what would you like to drink? If there's something to *comfort the heart...*	Тёща, что будете пить? Если есть что-нибудь, что *утешит сердце...*	*Когнитивті бұрмалау:* Мағына «анатомиядан» «эмоцияға» ауысса да этнобірлікті таппау. Мағынаны бұрмалап қана қоймай, туыстық атауды (Қайынаға – Тёща) қате аударды.

«Бауырымдау / ой, бауырымдау» этнобірлігін зерттеу барысында ЖИ жүйелерінің қазақ мәдениетіндегі қайғы мен аза тұту ритуалдарын тану деңгейі зерделенді. Қазақ дәстүрінде бұл бірлік өлік жөнелту салтындағы қайғыру жосынын білдіреді: көңіл айтуға келген ағайын-туыс үй маңына жеткенде «ой, бауырымдап!» дауыстай жылап көңіл айтып келеді (Әлімбай, 2011). Лексикалық деңгейде модельдердің «бауыр» соматизмін тек туыстық қатынас ретінде қабылдау мүмкіндігі тексерілсе, дискурстық деңгейде М. Әуезовтің «Қаралы сұлу» шығармасынан алынған *«Бұл шу ауылға қарай ат қойып, «ой бауырымдап» келе жатқан жылқышылар мен қуғыншылар шуы»* сөйлемі ұсынылды. Мұндағы мақсат – ЖИ-дің прагматикалық контекст

әсерінен сөз мағынасын «туыстық жақындықтан» «ритуалдық жоқтауға» ауыстыру қабілетін анықтау болды. Талдау барысында модельдердің бұл салтты агрессиялық «айқай» немесе жай ғана «туысты шақыру» ретінде қате интерпретациялауы сынды семантикалық деформациялар анықталды. Нәтижелер Кесте 2-де топтастырылған.

Кесте 2 – «Ой, бауырымдау» этнобірлігінің ЖИ модельдерінде өңдеу нәтижелері
Таблица 2 – Результаты обработки этноединицы «ой, бауырымдау» в моделях ИИ
Table 2 – Results of Processing the Ethno-unit “oy, bauyrymdau” in AI Models

ЖИ	*Берілген тіркеске жүйе ұсынған түсіндірме*	*Ағылшын тіліне аударма (English)*	*Орыс тіліне аударма (Russian)*	*Нәтиженің сипаттамасы*
Chat GPT	Эмоциялық-экспрессивті тіркес, мағынасы: біреуді жақын тарту, бауырындай көру, жылы ілтипат білдіру, кейде аяушылық, жанашырлық реңкі бар.	- to feel brotherly affection; - to treat someone like a brother; - to feel close to someone; - to develop a sense of kinship	- отнестись по-братски; - почувствовать братскую близость; - принять как родного; - проникнуться тёплым, родственным чувством	*Мәдени соқырлық:* Ритуалдық мағынаның (аза тұту контекстінің) жоғалуы және оның позитивті әлеуметтік байланыс ретінде қате интерпреттенуі.
		This commotion is the sound of the horsemen and pursuers heading toward the village, *showing brotherly care* and camaraderie.	Этот шум – это крики всадников и преследователей, направляющихся к деревне, *проявляющих братскую теплоту.*	*Когнитивті инерция:* Қайғылы/ритуалдық контекске қарамастан, позитивті әлеуметтік байланыс моделін сақтап қалу.
Gemini	Бұл ұғым қазақ өркениеті мен руханиятындағы астарлы эмоцияны, татулықты немесе мейірімділікті білдіреді. Бұл тіркестің мәні контекске (қуану, ренжу, таңдану не демеу болу) байланысты өзгеруі мүмкін.	- Oh, my dear brother! - Oh, brother! - Oh, my man! - Oh, my dear friend! - Oh, boy!	- Ой, братец мой! - Ой, брат ты мой! - Ох, голубчик! - Братишка!	*Лингвомәдени деритуалдау:* Ритуалдық форманы күнделікті экспрессивті фразамен шатастыру.
		This noise comes from the horsemen and pursuers galloping toward the village, *wailing “oh, my brother” in mourning.*	Этот шум – крики табунщиков и преследователей, которые скачут во весь опор к аулу с плачем *«ой, бауырым» (о, брат мой).*	*Контекстік репарация:* Дискурстық маркерлер көмегімен (ат қою, шабу) этнографизмнің ритуалдық табиғатын қайта тану және семантикалық ауытқуды жоюға тырысу.
Claude	«Бауырымдау» сөзі қазақ тілінде «жақын болу, жылы қарым-қатынас орнату, жанашырлық таныту» мағынасын білдіреді. Сондықтан контекске байланысты нұсқалар да қолданыла алады.	- Compassionate understanding; - Empathetic connection; - Heartfelt sympathy	- Сочувствие; - Сопереживание; - Душевное расположение	*Концептілік трансформация:* Этнографиялық сакралды мәнді заманауи психологиялық «bonding» терминімен алмастыру.
		This noise was the noise of herdsmen and drovers galloping on horses toward the village, *shouting oh, brothers!*	Этот шум – шум табунщиков и погонщиков, скачущих на лошадях к аулу, выкрикивая *ой, братцы!*	*Стильдік алшақтық:* Қайғылы оқиғаға қатысты жоқтауды жалпы нұсқадағы бейтарап айқай мен дабырға айналдыру.

«Аузына түкірту» этнобірлігін зерттеу барысында ЖИ жүйелерінің қазақ

дүниетанымындағы «қасиет дарыту» және «бата алу» институтының символикалық сипатын тану мүмкіндігі зерделенді. Қазақы ортада бұл бірлік байырғы контагиозды магиялық жосыннан туындаған рәсім: оның мәні ел сыйлаған, атағы шыққан тұлғалардың жақсы қасиеттері жас балаға жұғысты болсын деген игі ниетке негізделген (Әлімбай, 2011). Эксперименттің бірінші кезеңінде модельдердің «түкіру» әрекетінің физиологиялық мағынасы мен мәдени-магиялық астарының аражігін ажырату қабілеті тексерілді. Дискурстық деңгейде Т. Әлімқұловтың «Көкек айы» шығармасынан алынған *«Мен жүрген жерге қазақтар баласын аунатып алады, аузына түкіртеді. Ал, сен тумаңның есімін өзің қоясың…»* үзіндісі модельдерге контекстік бағдар ретінде ұсынылды.

Мұндағы негізгі мақсат – ЖИ жүйелерінің прагматикалық контекст әсерінен нысанның мағынасын «физиологиялық актіден» «ритуалдық ізгілікке» трансформациялау қабілетін анықтау болды. Талдау барысында модельдердің этнографиялық мазмұнды жалпылама «қамқорлық» ұғымымен алмастыруы *(этнографиялық деперсонализация)* және кей жағдайда мәдени кодты «қорлау» ретінде қабылдауы *(прагматикалық инверсия)* байқалды. Зерттеу нәтижелері мен анықталған семантикалық ауытқулар Кесте 3-те жүйеленген.

Кесте 3 – «Аузына түкірту» этнобірлігінің ЖИ жүйелерінде өңделген нәтижесі
Таблица 3 – Результаты обработки этноединицы «аузына түкірту» в системах ИИ
Table 3 – Results of Processing the Ethno-unit “auzyna tüpirtu” in AI Systems

ЖИ	*Берілген тіркеске жүйе ұсынған түсіндірме*	*Ағылшын тіліне аударма (English)*	*Орыс тіліне аударма (Russian)*	*Нәтиженің сипаттамасы*
Chat GPT	Қазақ тіліндегі өте күшті этномәдени, символдық тіркес. Мағынасы: біреуді өзіне толық қаратты, ықпалын жүргізді, сөзін екі етпейтін жағдайға жеткізді, кейде абсолютті бедел, сөзге тоқтау мәнінде қолданылады. (Тікелей физиологиялық әрекет емес!) Қазақ дүниетанымында ауыз – сөздің, анттың, биліктің орталығы. Ал түкіру – көне дәстүрде таңбалау, бекіту, ықпал ету символы. Сондықтан «аузына түкірту» – әлеуметтік иерархияда біреудің сөзін заңдай мойындату дегенді білдіреді.	- to have absolute authority over someone; - to make someone obey unquestioningly; - to exert total influence; - to command unquestioned respect	- иметь безоговорочный авторитет; - держать в полном подчинении; - заставить беспрекословно слушаться; - обладать абсолютным влиянием	*Мәдени-прагматикалық деформация.* Контагиозды магиялық жосынды (жақсылық жұғысты болу) әлеуметтік үстемдік пен бағындыру моделіне алмастыру.
		Wherever I go, Kazakhs *cradle the child* and place it in their care. But you will name your own child yourself…	Куда бы я ни пошёл, казахи *берут ребёнка на руки* и приносят под свою опеку. А ты имя своему ребёнку выбираешь сам…	*Этнографиялық деперсоналдау.* Нақты мәдени-магиялық ритуалды жойып, оны бейтарап жалпы әлеуметтік қамқорлық ұғымына ауыстыру.
Gemini	Аузына түкірту – бұл қазақ мәдениетіндегі терең мағыналы салт. Оның тікелей аудармасы мен мағыналық баламалары контекске байланысты әртүрлі болады.	*Мағыналық аудармасы:* A traditional ritual of passing on talent/wisdom. *Тікелей аудармасы:* To symbolically spit into someone's mouth. *Түсіндірмелі аударма (Description):* A Kazakh custom where a	*Мағыналық аудармасы:* Благословение через «передачу дара» (традиция, когда уважаемый человек символически плюет в рот ребенку, чтобы	*Лингвомәдени бейімдеу.* Этнографиялық мағынаның толық сақталуы және мәдени кодтың нысана тілге сәтті бейімделуі, метафоралық

		respected person symbolically spits into a child’s mouth to pass on their talent or charisma. *Идиомалық баламасы* (жуық мағынада): “To pass the torch” (білімін, талантын келесі ұрпаққа беру). “To bestow a blessing” (бата беру/дарыту).	передать свою мудрость или талант). *Тікелей аудармасы:* Поплевать в рот. Контекст бойынша: «Получить благословение от великого человек» (ұлы адамнан бата алу). «Перенять талант/способности через традицию» (дәстүр арқылы талантты дарыту).	мазмұнмен сәтті алмастыру.
		Wherever I go, Kazakhs roll their children where I stepped and ask me to bless them (spit in the infant's mouth for good luck). But you shall name your own kin yourself...	Там, где я бываю, казахи валяют своих детей (в пыли моих следов), просят благословить (плюнуть в рот младенцу). А ты сам дашь имя своему родственнику...	*Экспликатты сәйкестік.* Мәдени шок тудыруы мүмкін элементті (түкіру) мағыналық түсіндірме арқылы бейімдеп, ритуалдық мәнін сақтау.
Claude	Бұл тіркес қазақ тілінде екі түрлі мағынада қолданылуы мүмкін: тура мағынада (медициналық немесе басқа арнайы жағдайларда); ауыспалы мағынада (қорлау, кемсіту мағынасында).	*Тура мағынада:* To spit into someone's mouth. *Ауыспалы мағынада:* To humiliate, To insult, To show contempt	*Тура мағынада:* Плевать/плюнуть в рот. *Ауыспалы мағынада:* Унижать, Оскорблять, Проявлять презрение	*Семантикалық контаминация* (аксиологиялық инверсия). Позитивті ритуалды «түкіру – қорлау» стереотипіне сүйеніп, негативті мағынамен алмастыру.
		Everywhere I go, *Kazakhs are oppressed, spat upon*. And you yourself name your own offspring...	Везде, где я бываю, казахов притесняют, *плюют им в лицо.* А ты сам даёшь имя своему потомству...	*Прагматикалық инверсия* (аберрация). Позитивті мәдени ритуалды әлеуметтік-саяси қорлау және кемсіту актісі ретінде бұрмалап қабылдау.

«Қу тізесін құшақтады» тұрақты тіркесін ЖИ модельдерінде қарастыру кезінде олардың образды ой орамын түсіндіре алу, сонымен қатар халықтың әлеуметтік-топтық құрамына қатысты ишаралауды тану сапасы зерделенді. Қазақ тілінің фразеологиялық жүйесінде бұл бірлік «әйелсіз, бала-шағасыз өмір сүру; қосағынан айырылып үйленбеді, жалғыз қалу» деген мағыналық жүктемеге ие (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011б). Эксперимент барысында Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» шығармасынан алынған *«Еркек адам әйелім өлді деп қу тізесін құшақтап отыра ма, үй болу керек»* сөйлемі арқылы модельдердің контекстік ақпаратты өңдеу қабілеті тексерілді.

Мұндағы мақсат – ЖИ-дің «қу тізе» тіркесінің көпмағыналылығын (жалғыздық,

ұрпақсыздық) ажырату және нысана тілдегі стильдік сәйкестікті сақтау мүмкіндігін анықтауға бағытталды. Талдау барысында модельдердің фразеологизмді тікелей физикалық әрекет ретінде қабылдауы *(денотаттық буквализм)* және мағынаны материалдық жетіспеушілікке ауыстыруы *(концептуалды алмасу)* сияқты семантикалық ауытқулар тіркелді. Алынған нәтижелер Кесте 4-те жинақталған.

Кесте 4 – «Қу тізесін құшақтады» соматизмінің ЖИ модельдерінде өңдеу нәтижелері
Таблица 4 – Результаты обработки соматизма «қу тізесін құшақтады» в моделях ИИ
Table 4 – Results of Processing the Somatic Unit “qu tizesin qushaqtady” in AI Models

ЖИ	*Берілген тіркеске жүйе ұсынған түсіндірме*	*Ағылшын тіліне аударма (English)*	*Орыс тіліне аударма (Russian)*	*Нәтиженің сипаттамасы*
Chat GPT	Қазақ тіліндегі фразеологизм, мағынасы: барынан айырылды, тақыр кедейленді, дәрменсіз күйге түсті, көбіне *үмітсіздік, сорлылық* реңкімен қолданылады. Қазақ дүниетанымында: тізе – тірек, қозғалыс, әрекет символы тізесін құшақтау – әрекетсіздік, тығырыққа тірелу. Ал *қу* эпитеті: бос, құр, иесіз деген бағалауыш мән үстейді. Сондықтан бұл тіркес әлеуметтік күйреу мен үмітсіздіктің жинақы бейнесі.	- to be left destitute; - to be reduced to poverty; - to end up penniless; - to be left with nothing;	- остаться ни с чем; - оказаться в полной нищете; - обнищать; - сидеть без средств к существованию	*Семантикалық ауысу* (концептуалды алмасу). «Ұрпақсыз қалу/жалғыздық» концептісін «Материалдық кедейлік» концептісімен алмастыру.
		A man should not sit lamenting, *holding his empty knees* because his wife died; he must build a home.	Мужчина не должен сидеть, *обнимая пустые колени,* потому что жена умерла; он должен создать дом.	*Сөзбе-сөз аудару* (метафоралық деформалау). «Қу» метафорасын тікелей физикалық сипаттама (empty/пустой) ретінде қабылдап, тілдік нормаға жат тіркес жасау.
Gemini	Бұл қазақ тіліндегі мұңды, бейнелі фразеологизм. Ол көбінесе жалғыз қалу, перзентсіз өту немесе ешкімі жоқ шарасыз күйге түсу дегенді білдіреді. Орыс тілінде бұл тіркестің мағынасын беретін бірнеше нұсқа бар. Ағылшын тілінде бұл	- To be left all alone in the world; - To be left with nothing but one's own shadow; - To be left high and dry. *Тікелей сипаттамасы:* - To embrace one's bare knees (бұл фраза ағылшын тілді оқырманға «жалғыздықтан өз-өзін құшақтап отыру» деген бейнені елестетеді).	*Мағыналық баламасы:* Остаться у разбитого корыта. *Тікелей мағынасы:* Остаться в полном одиночестве немесе коротать век в одиночестве. *Эмоционалды бояуы:* Остаться бобылем (ер адамға қатысты: жалғыз, отбасысыз қалу).	*Функционалды эквивалентті лік.* Этнографизмнің әлеуметтік-демографиялық мазмұнын нысана тілдегі дәл мәдени-тарихи баламалармен сәйкестендіру.

	фразеологизмнің контекстіне (кедейлік немесе жалғыздық) байланысты аудармалар қолданылады.	Should a man *sit alone in sorrow* just because his wife has passed? One must start a family again.	Разве подобает мужчине сидеть, *обняв колени в одиночестве* из-за смерти жены? Нужно заново создавать семью.	*Дескриптивті-мағыналық сәйкестік*. Этнографизмнің визуалды бейнесі мен семантикалық мазмұнын нысана тілдің стилистикалық нормаларына сай үйлестіру.
Claude	Бұл қазақ тіліндегі эвфемизм (жұмсақ айтылым), яғни «өлді» деген сөздің орнына қолданылатын тұрақты тіркес.	- Died - Passed away - Kicked the bucket - Bit the dust - Gave up the ghost	- Умер - Скончался - Отдал концы - Приказал долго жить - Отошел в мир иной	*Стильдік диссонанс және семантикалық ауысу*. Трагедиялық этнографизмді мағыналық тұрғыдан «өлім» концептісіне ауыстырып, оны төмен стильдегі жаргондармен бұрмалау.
		Should a man sit hugging his bare knees, saying "my wife died"? One must establish a household.	*Разве мужчина будет сидеть, обхватив свои голые колени, говоря «моя жена умерла», нужно создавать семью (дом).*	*Денотаттық тура аудару*. Этнографизмнің метафоралық мағынасын («жалғыздық/ ұрпақсыз қалу») тек сыртқы физикалық белгімен (жалаңаш тізе) алмастыру.

Зерттеу барысында қарастырылған этносоматикалық бірліктердің эмпирикалық жиынтығы (жиыны 500 бірлік) бойынша генеративті модельдердің (ChatGPT, Gemini, Claude) жұмысы жүйелі түрде сарапталды. Соның ішінде ұлттық-мәдени кодтың терең қабаттарын қамтитын «жүрек жалғау», «қу тізесін құшақтау», «ой бауырымдап келу», «аузына түкірту» секілді этноұғымдарды аудару және мағынасын ашу барысында генеративті модельдердің өрескел семантикалық ауытқуларға ұшырағанын жоғарыда ұсындық. Сонымен тұтас сынақ нәтижелерін аталған модельдердің жауаптары бойынша сандық-сапалық көрсеткіштері мынадай болды:

ChatGPT (GPT-4 бағдарламалық базасы): талданған этнобірліктердің жалпы көлемінің шамамен 58-62%-ында денотативті мағынаны дұрыс танығанымен, лингвомәдени астар мен контекстік прагматикада (атап айтқанда, жоғарыда аталған этноұғымдарды тәржімалауда орын алған денотаттық буквализм мен когнитивті инерция жағдайларында) тұрақты ауытқулар байқалды.

Gemini: жалпы мәтіндік логика мен ілеспе аударма бағытында тұрақты нәтиже көрсеткенімен (65-70% деңгейінде), қазақ халқының сакралды-этнографиялық кодтарын өңдеуде «прагматикалық инверсия» мен батыстық стандарттарға бейімделу үрдісі басым болды.

Claude: көркемдік мәтіндерді генерациялауда икемділік танытқанымен, этносоматикалық бірліктердің дербес мағынасын ашу барысында (50-55% деңгейінде) лингвомәдени деритуалдау қателіктеріне жиі ұрынды.

Жалпы алғанда, 500 бірліктік эмпирикалық база мен этноұғымдардың мысалында жасалған бұл сараптама үш жүйенің де ортақ артықшылығы – мәтіндік генерация мен орташа деңгейдегі мағыналық баламаны тез табу мүмкіндігі, ал негізгі шектеуі – ұлттық коннотацияларды статистикалық жиілік негізінде ғана өңдеу екенін көрсетті.

Зерттеу нысаны ретінде алынған «жүрек жалғау» соматикалық фразеологизмін талдау барысында ЖИ жүйелерінің үш түрлі когнитивтік модельге сүйенгені анықталды. *ChatGPT (OpenAI)* моделінің нәтижелерінде семантикалық стереотиптендіру басым. Модель «жүрек»

соматизмін қазақ мәдениетіне тән «энергия/тамақ» доменінен ажыратып, оны жаһандық «сезім/эмоция» метафоралық доменіне теліген. Ә.Кекілбаев шығармасындағы «не ішесіз?» деп анық берілген прагматикалық белгіні есепке алмастан, жүйенің «warm the heart» (жүректі жылыту) үлгісін беруі – танымдық инерцияның нақты белгісі. Көрсетілген мысал ЖИ-дің астарлы мәдениет матрицасын сезінуге қарағанда, статистикалық жағынан жиі ұшырасатын үстем мәнге арқа сүйейтінін білдіреді. Қайта *Gemini (Google)* осы соматизмнің семантикалық түйінін дөп көрсетіп, нысана тілдегі тең мәндес нұсқаларды (to grab a quick bite, заморить червячка) ұтымды қолданды. Бұл жүйенің қазақ тіліндегі «жүрек – энергия, қуат көзі» танымдық нұсқасын тани алуы ақпараттық және оқыту корпусындағы фразеологиялық қордың сенімді екендігін аңғартады. Аталған үйлесімділік жүйенің мәнмәтін мен мәдени белгіні сәйкестіре білу икемділігінің жемісі. Ең нашар көрсеткіш *Claude (Anthropic)* жүйесінде *«семантикалық деметафоралау»* мен *«денотаттық қате»* түрінде көзге түсті. Дәл осы қателіктерге зер салып жүрген А.А. Алдабергенова мен А.Қ. Жұмабекованың мақаласы да мұны қуаттайды, яғни денотаттық мағынаның анық ұсынылмауына қатысты тұжырымдарымен өзара үйлеседі (Алдабергенова, 2024: 47). Мәселен, «жүрек жалғау» тіркесін модель метафоралық мәнде емес, анатомиялық атау сияқты қабылдайды және *heart connection, cardiac junction* және орысша *соединение сердца* секілді қате денотаттармен ұсынды. Тіпті сөйлем беріліп тұрса да, жүйе сөйлем құрамындағы «қайын ағаны» да (brother-in-law) «тёща» (mother-in-law) деп қате аударып, тек семантикалық емес, *прагматикалық және гендерлік ауытқуларға* да жол берді.

Зерттеу нәтижелері ЖИ-дің қазақ фразеологизмдерін өңдеудегі «статистикалық инерциясын» көрсетті. Бұл құбылыс *Bender мен Koller-дің* «Сегізаяқ тестімен» толық сәйкес келеді (Bender, Koller, 2020): ЖИ модельдері сөздердің жиілігі мен тізбегін білгенімен, олардың артындағы қазақы дүниетанымдық мағына мен коммуникативті ниетті ажырата алмайды. Сондықтан ChatGPT-дің «жүрек жалғауды» эмоцияға телуі – мағынаны түсіну емес, тек үйренген формаларды қайта құрастыруы. «Жүрек жалғау» фразеологизмінің ЖИ тарапынан батыстық контексте (*warm the heart*) аударылуы – модельдің ағылшын тілді корпустың «мәдени империясына» бағыныштылығын көрсетеді (Cao et al., 2023). Бұл модельдің қазақ этнобірліктерін ажырата алмай, оларды американдық нормалармен алмастыруының тікелей салдары.

Зерттеу барысында «Ой, бауырымдау» этнобірлігін интерпретациялауда ЖИ жүйелерінің барлығында дерлік «мәдени соқырлық» байқалды. *Gemini* де бұрынғы сәйкестігін жоғалтып, когнитивті қателікке бой алды. Модель бұл тіркесті «лингвомәдени деритуалдандыруға» ұшыратып, қазақ дүниетанымындағы сакралды аза тұту ритуалын күнделікті тұрмыстағы экспрессивті одағайлармен (*Oh, boy!*) шатастырған. Бұл – Gemini-дің этнографиялық формуланы ритуалдық контекстен бөлектеп, оны жай эмоционалды жақындық ретінде қабылдауы. Дискурстық деңгейде модель «ат қою», «шабу» сияқты маркерлердің әсерінен семантикалық ауытқуды түзетуге тырысып, контекстік репарация жасауға талпынғанымен, бастапқы лексикалық түсіндірмеде этнобірлік мәнін бұрмалап жіберді. Gemini жүйесінің контекст деңгейіндегі прагматикалық сигналдарды ескеруі ЖИ-дің контекст терезесі ұлғайған сайын семантикалық дәлдігі артатыны туралы зерттеулермен үндеседі (Wang, 2024). *ChatGPT* моделінде де осыған ұқсас «ритуалдық инверсия» анықталды. Модель аза тұту тіркесін *brotherly affection, camaraderie* сияқты жағымды әлеуметтік байланыс категорияларына трансформациялаған. М. Әуезов мәтініндегі қайғы сигналдарына қарамастан, модельдің «проявляющих братскую теплоту» нұсқасын ұсынуы – ЖИ-дің терең мәдени коннотацияларды өңдеудегі әлсіздігін көрсетеді. *Claude* талдауында «концептуалды трансформация» басым болып, этнографиялық сакралды мән заманауи психологиялық «bonding» терминдерімен алмастырылған. Әдеби үзіндіге балама жасау барысында Claude жүйесі «ой, бауырымды» жалпы бейтарап айқай мен дабыр (*oh,brothers!*) ретінде танып, стильдік алшақтыққа бой алдырған.

Ақпараттар жиынынан байқап отырғанымыздай үш жүйеде *бауыр* этнобірлігін тек туыстық мәнде ұғынуы нейро желілердің қазақ тіліндегі «қайғы әдебі» түсініктерін қабылдаудағы қауқарсыздығын байқатады. Көрсетілген «лингвомәдени аберрация» ЖИ-дің метафоралық қалыпты үстіртін сөздік деңгейде ғана игеретіндігін көрсетеді.

Зерттеу кезеңіндегі «аузына түкірту» этноұғымына қатысты талданған мәліметтер генеративті қосымшалардың метафоралық сатыға қарағанда, халықтық таным және әдеп стереотиптеріне барынша бағынатынын байқатты. Аталмыш ұғым қазақы көзқараста «қасиет дарыту, қасиет қондыру» сынды ғұрып болып саналады, ал ЖИ үлгілерінің бәрі бұны бұрыс әрі жағымсыз әлеуметтік әрекет деп түсінді. Айталық, *ChatGPT* жүйесінде «мәдени-прагматикалық деформация» көзге түсті. Үлгі бұл ғұрыптың мистикалық түсінігін «бағындырып алу, билік жүргізу, басыну, басқа шығу» мағынасына ауыстырып жіберген. Берілген мәнмәтінге зер салмай ауыз мүшесін «биліктің орталығы, бастауы» деп танып этно сипатты мәнді бағыныштылыққа балады. Көркем шығармадан алынған мәтінді аудару кезінде жүйе нақты ритуалды *placed in their care* секілді жалпылама түсінікпен бүркемелейді. *Claude* жүйесінде ең терең ауытқу – «прагматикалық инверсия» тіркелді. Модель «түкіру» әрекетін жаһандық этикалық стереотип тұрғысынан ғана бағалап, оны «қорлау, кемсіту» ретінде қабылдаған. Нәтижесінде, Т.Әлімқұловтың жағымды контексіндегі ритуалды *kazakhs are oppressed, spat upon* (қазақтар қысым көруде, оларға түкіреді) деп аударып мағынаны бұрмалады. Бұл – *аксиологиялық инверсияның* айқын мысалы. Ал *Gemini* бұл кезеңде жоғары лингвомәдени адаптация көрсетті. Модель ритуалдың магиялық мәнін сақтап, нысана тілдегі *to pass the torch* сияқты идиомалық баламаларды ұсынған. Көркем мәтінді аударуда *spit in the infant's mouth for good luck* (сәбидің аузына сәттілік үшін түкіру) деген түсіндірмені қосуы – экспликацияланған сәйкестіктің сәтті үлгісі. Бұл – модельдің мәдени шок тудыруы мүмкін элементті прагматикалық бейімдеу қабілеті.

ЖИ жүйелерінің қазақ тіліндегі этнографиялық мазмұнды «қамқорлық», «бағындыру» немесе «қорлау» деп трансформациялауы ауызша дискурсқа тән сызықтық емес (*non-linearity*) сипаттың машиналық интеллект тарапынан дұрыс бағаланбауынан. *X. Wang және C. Fantinuoli* зерттеулеріне сәйкес, автоматты метрикалар мен тілдік модельдер контексттік нюанстарды адамша толық қабылдай алмайды (Wang, 2024). Ал бұны зерттеуіміздегі ЖИ үлгілерінің сакралды дәстүрлерді халықтық-тұрмыстық қабатқа қарай құнсыздандырып тастауынан көруге болады. ЖИ үлгілерінің «аузына түкірту» этноұғымын түсінуіндегі шиеленістер әмбебап этикалық нормалар мен тар шеңбердегі этномәдени кодтар ортасындағы теңдікті ұстап тұра алмайтынын байқатады. Gemini-ден басқасы ғұрыпты «бағындыру» не «қорлау» ретінде қабылдауы ЖИ-дің қазақ мәдениетіне тән мистикалық шындықты түсінуге деген ұмтылыс емес, танымдық шектеу болып саналады.

Зерттеудің нысаны деп алынған «қу тізесін құшақтау» тіркесіне сараптама жасауда ЖИ үлгілерінің метафоралық образды пайымдауында концептілік диссонанс анық байқалды. Қазақ тіліндегі аталмыш ұғым әлеуметтік-демографиялық жағдайды, яғни жалғыздық, ұрпақсыз қалу деген мәнді білдірсе, жасанды жүйелер бұны материалдық жетіспеушілікпен шатастырады. Анығырақ тоқталсақ, *ChatGPT* бойынша *концептуалды алмасу* тіркелді. ЖИ қу лексемасын «бос» деп түсініп, мағынаны «кедейлік» реңкіне бағыттады. Т. Ахтанов үзіндісіндегі берілген мәнмәтінге қарамастан, жүйенің «материалдық кедейлік» үлгіснен ажырамай тұрып қалуы семантикалық инерцияны байқатады. Баламадағы «empty knees» (бос, қуыс тізе) тіркесін мәні жоқ, жасанды құрылым ретінде бағалауға болады. *Claude* үлгісінде *«стильдік диссонанс»* және *«денотаттық буквализм»* бірге байқалды. Жүйе бұл этноұғымды «өлім» концептісімен байланыстырып, бұны *kicked the bucket* сынды теріс әрі жағымсыз стильдегі жаргондармен аударма жасап беріп тұр. Бұны ЖИ-дің қасіретті пафосты сезінбей стилистикалық жағынан сәйкеспейтін эквиваленттермен алмастыру жағдайы деп танимыз. Әдеби мәтінге аударма жасаудағы *hugging his bare knees* нұсқасы жүйенің фразеологиялық ұғымды жай ғана физикалық әрекет деп қабылдайтынын дәлелдейді. *Gemini* үлгісі осы бөлімде сауатты функционалдық эквиваленттілік байқата алды. Себебі жүйе этноұғымның әлеуметтік-демографиялық сипатын дәл анықтап қана қоймай, *high and dry, alone in sorrow* сынды баламаларды ұтымды таңдады. Ал орыс тіліне аударудағы *остаться бобылем* баламасын мәдени-тарихи контекст сақталған көрсеткіш деп айта аламыз.

Сонымен, «қу тізесін құшақтау» ұғымына қатысты сараптама нәтижесі ЖИ үлгілерінің қазақ тіліндегі соматикалық белгілерді дешифрлеудің түрлі сатысын байқатты. ChatGPT мен Claude-нің «тізе» мен «қу» сөздерін жай ғана физикалық негіз деп түсінуі машиналық баламаның

абстрактілі әрі образды ойлауға ілесе алмайтындығын білдіреді. Ал Gemini-дің өзге модельдерден артықшылығы лингвистикалық базасының *мағына-контекст* үйлесімділігі бойынша жақсы дамып келе жатқанын көрсетеді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазіргі ЖИ модельдердің (ChatGPT, Gemini, Claude) қазақ тіліндегі соматикалық этнографизмдерді өңдеудегі когнитивті шектеулері мен аудармадағы семантикалық ауытқуларын айқындады. Зерттеу барысында алынған тұжырымдарды төмендегідей қорытындылауға болады:

Когнитивтік модельдеудегі алшақтық: ЖИ жүйелерінің көпшілігінде (әсіресе ChatGPT пен Claude) «когнитивті инерция» құбылысы анықталды. Көркем мәтін ішіндегі нақты прагматикалық сигналдарға («не ішесіз?», «әйелім өлді») қарамастан, модельдер этнобірліктерді жаһандық статистикалық басым мағыналармен (эмоция, физикалық әрекет) интерпретеуді жалғастырды. Бұл *Bender мен Koller-дің* (Bender, Koller, 2020) ЖИ-дің таңба мен шынайы мағына арасындағы байланысты өздігінен орната алмайтындығы туралы гипотезасын қазақ тілі материалында көрсетеді.

Семантикалық ауытқулардың сипаты: Зерттеу барысында анықталған *прагматикалық инверсия* («аузына түкіртуді» қорлау деп түсіну), *лингвомәдени деритуализация* («бауырымдауды» жай одағайға теңеу) және *денотативті буквализм* («қу тізесін құшақтауды» физикалық әрекет деп тану) құбылыстары модельдердің ағылшын тілді корпустың мәдени империясына (Cao et al., 2023) бағыныштылығын көрсетеді. Қазақы этнографиялық кодтар ЖИ тарапынан батыстық этикалық нормалар сүзгісінен өтіп, өзінің сакралды-мәдени мазмұнын жоғалтты.

Жүйелердің функционалдық сатысы бойынша: Gemini моделі басқа жүйелермен салыстырғанда жоғары тілдік әрі мәдени бейімдеу мен жұмсалымдық тепе-теңдік көрсетті. Бұл аталмыш үлгінің қазақ тіліндегі «контекст үлгісін» оңтайлы қолдана алатынын және оқыту дерекқорындағы фразеологиялық бөлімнің сапалы екенін байқатады. Ал Claude моделіндегі мағыналық ауытқулар метафоралық ойлау сатысының әлі де болса төмен әрі сенімсіз екенін растайды.

Лингвомәдени аберрация және цифрлық тұтастық негізінде: ЖИ тарапынан жіберілетін қателіктер қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі семантикалық тұтастығына нұқсан келтіреді. Модельдердің қазақ этнографизмдерін американдық стандарттармен алмастыруы ұлттық тілдік бейненің бұрмаланып кетуіне әкеп соғады.

Түйіндей айтқанда, қазіргі ЖИ жүйелері қазақ тілінің беткі лексикалық қабатын өңдеуде ілгерілеушілік көрсеткенімен, «қайғы мәдениеті», «магиялық реализм» және «соматикалық кодтар» сияқты терең этнолингвистикалық қабаттарды декодтауда әлі де жетілдіре түсуді қажет етеді. Зерттеу нәтижелерінен зерттеудің болашағы мен практикалық маңызына қатысты мынадай ұсыныстар туындады: алынған деректер ЖИ модельдерін дамытуда тек статистикалық мәліметтерді емес, терең этнографиялық контекстермен нығайтылған, мамандандырылған деректер қорын пайдалану қажеттігін негіздейді. Сондай-ақ алынған нәтижелерді кең көлемді корпустық деректер мен модельдердің жаңартылған нұсқаларында қайта тексеру – болашақ зерттеулердің негізгі бағыты. Бұл бағыттағы жұмыстар қазақ тілінің этнографиялық базасын модельдерге тереңірек енгізу және арнайы баптау (fine-tuning) арқылы лингвомәдени адаптациясын арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

Абдрахманова М.Б. «Көз» концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы: филол. ғыл. канд. дис.– Алматы, 2008.

Алдабергенова А.А., Жұмабекова А.Қ. Жаңа аударма мәтіндерінің баламалылық деңгейі // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық серия. – 2024. – №3. – 44-52-бб.

Барменқұлова А.С., Жаңабекова А.Ә., Манкеева Ж.А. Этномәдени бірліктердің корпуста берілу жолдары // *Тілтаным*, 2023. №1 (56). – 56-66-бб.

Ескермесова Г.А., Ермекова Т.Н., Шойбекова Ғ.Б. Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект арқылы аударылуы: машиналық аудармалар және оның сапасын бағалау // Еуразия гуманитарлық институтының

хабаршысы. – 2026. – №2. – 67–74-бб. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-2.06

Жанабекова А.А., Усенов М., Тлегенова Г.Б. Создание больших языковых моделей в казахском языке: казахстанский опыт и глобальные тренды // *Tiltanym*, 2026. №1 (101). – С. 135–149. DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-135-149

Имангазина М. Аудармадағы коммуникант эмоциясы: түр-түс атауларының қызметі мен семантикасы // Вестник евразийского гуманитарного института. – 2024. – №3. – С. 41-52.

Исаева Г.С., Өтебаева Э.Ә., Серікқызы М. Лингвомәдени ішкорпусты әзірлеудегі мәдени-семантикалық белгіленім // *Тілтаным*, 2023. №3 (135). – 135-143-бб.

Ислам А. Медиалингвистика негіздері және медиа аударма мәселелері // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – №2 (118). – 151-160-бб.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том / Құраст.: Ж. Қоңыратбаева, Ғ. Қалиев, Қ. Есенова және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том / Құраст.: М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Т. 1: А-Д / Ғылыми ред. Н. Әлімбай. – Алматы: DPS, 2011. – 735 б.

Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). – Т. 1: Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 784 б.

Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 б.

Нұржанова А. Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды: филол. ғыл. канд. ... дис. – Астана, 2010.

Раманова А.А. Қазақ тіліндегі соматизмдердің лексикалық-семантикалық өрісі // Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің хабаршысы. – 2023. – Т. 68. №1. – 101-110-бб.

Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2020. – 256 б.

Сыздық Р. Ғылыми таным үзіктері: Мақалалар жинағы. 1-кітап. / Рабиға Сыздық. – Алматы: «Сардар», 2025. Қазақ және орыс тілдерінде.

Ташауов Ә.С. «Кодекс Куманикус» тіліндегі соматикалық атаулар және олардың лексика-семантикалық топтары: филол. ғыл. канд. ... дис. — Алматы, 1995. – 161 б.

Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Монография. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2021. – 424 б.

Уызбаева Б.К. Қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1994.

Alimzhanova, Sh.A. The role of somatisms in polysemantic phraseological units: a cognitive and cultural feature // International Journal of Literature and Languages. 2025. Vol. 5. Issue 03. Pp. 74-77.

Bender, E.M., Koller, A. Climbing towards NLU: On Meaning, Form, and Understanding in the Age of Data // Proceedings of the 58th Annual Meeting of the Association for Computational Linguistics. 2020. Pp. 5185–5198.

Cao, Y., Zhou, L., Lee, S., Cabello, L., Chen, M., Hershcovich, D. Assessing Cross-Cultural Alignment between ChatGPT and Human Societies: An Empirical Study // Proceedings of the 2023 Conference on Empirical Methods in Natural Language Processing (EMNLP). 2023. Pp. 53–67.

Kadyrbek, N., Tuimebayev, Z., Mansurova, M., Viegas, V. The Development of Small-Scale Language Models for Low-Resource Languages, with a Focus on Kazakh and Direct Preference Optimization // Information. 2025. Vol. 16(1). Art. No. 85.

Karyukin, V., Rakhimova, D., Karibayeva, A., et al. The neural machine translation models for the low-resource Kazakh–English language pair // Scientific Reports. 2024. Vol. 14. Art. No. 7166.

Marcus, G. The Next Decade in AI: Four Steps Towards Robust Artificial Intelligence // arXiv preprint. 2020. arXiv:2002.06177. Pp. 1-45.

Maxutov, A., Myrzakhmet, A., Braslavski, P. Do LLMs Speak Kazakh? A Pilot Evaluation of Seven Models // Proceedings of the 2024 Conference on Empirical Methods in Natural Language Processing (EMNLP). 2024. Pp. 112–128.

Tekgürler, M. LLMs for Translation: Historical, Low-Resourced Languages and Contemporary AI Models // Proceedings of LaTeCH-CLfL 2025. Pp. 227–237.

Togmanov, M., Mukhituly, N., Turmakhan, D., et al. KazMMLU: Evaluating Language Models on Kazakh, Russian, and Regional Knowledge of Kazakhstan // MBZUAI Technical Report. 2025. Pp. 1-22.

Toleu, A., Tolegen, G., Ualiyeva, I. Fine-Tuning Large Language Models for Kazakh Text Simplification // Applied Sciences. 2024. Vol. 14(5). Art. No. 2100.

Wang, X., Fantinuoli, C. Exploring the Correlation between Human and Machine Evaluation of Simultaneous Speech Translation // Proceedings of the 25th Annual conference of the European Association for Machine Translation (Volume 1). 2024. Pp. 327–336.

References

Abdrahmanova, M.B (2008) “Koz” koncepti: lingvomadeni zhane tanymdyq paradigmasi: filol. gyl. kand. dis. Almaty. [Abdrakhmanova, M.B (2008) The “Eye” concept: linguocultural and cognitive paradigm: Candidate of Philological

Sciences dissertation. Almaty.] (in Kazakh)

Aldabergenova, A.A, Zhumabekova, A.K. (2024) Zhanga audarma matinderining balamalylyq denggeji. Toraigyrov universitetining Habarshysy. Filologijalyq serija. No. 3. 44-52-bb. DOI 10.48081/HUHW2781. [Aldabergenova, A.A., Zhumabekova, A.K. (2024) The level of equivalence of new translation texts. Bulletin of Toraighyrov University Philological series. No. 3. Pp. 44-52.] (in Kazakh)

Alimzhanova, Sh.A. (2025) The role of somatisms in polysemantic phraseological units: a cognitive and cultural feature. International Journal of Literature and Languages 5(03). Pp. 74-77. DOI 10.37547/ijll/Volume05Issue03-19. (in English)

Barmenqulova, A.S., Zhagnabekova, A.A., Mankeeva, Zh.A. (2023) Jetnomadeni birlikterding korpusta berilu zholdary. *Tiltanym*. No. 1 (56). 56-66-bb. DOI 10.55491/2411-6076-2023-1-56-66. [Barmenkulova, A.S., Zhanabekova, A.A., Mankeyeva, Zh.A. (2023) Ways of transmission of ethnocultural units in the corpus. *Tiltanym*. No. 1 (56). Pp. 56-66.] (in Kazakh)

Bender, E.M., Koller, A. (2020) Climbing towards NLU: On Meaning, Form, and Understanding in the Age of Data. Proceedings of the 58th Annual Meeting of the Association for Computational Linguistics. 5185–5198. (in English)

Cao, Y., Zhou, L., Lee, S., Cabello, L., Chen, M., Hershcovich, D. (2023) Assessing Cross-Cultural Alignment between ChatGPT and Human Societies: An Empirical Study. Proceedings of the 2023 Conference on Empirical Methods in Natural Language Processing (EMNLP). Pp. 53–67. (in English)

Eskermesova, G.A., Ermekova, T.N., Shojbekova, G.B. (2026) Jetnomadeni birlikterding zhasandy intellekt arqyly audaryluy: mashinalyq audarmalar zhane onyng sapasyn bagalau. Evrazija gumanitarlyq institutynyng Habarbarysy. No. 2. 67–74-bb. DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-2.06 [Yeskermesova, G.A., Yermekova, T.N., Shoibekova, G.B. (2026) Translation of ethnocultural units through artificial intelligence: machine translation and evaluation of its quality. Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. No. 2. Pp. 67–74.] (in Kazakh)

Imangazina, M. (2024) Audarmadagi kommunikant jemocijasy: tur-tus ataularynyng qyzmeti men semantikasy. Vestnik Evrazijskogo gumanitarnogo instituta. No. 3. 41-52-bb. [Imangazina, M. (2024) Communicant emotion in translation: functions and semantics of color terms. Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. No. 3. Pp. 41-52.] (in Kazakh)

Isaeva, G.S., Otebaeva, Je.A., Serikqyzy, M. (2023) Lingvomadeni ishkorpusty azirleudegi madeni-semantikalyq belgilenim. *Tiltanym*. No. 3 (135). 135-143-bb. DOI 10.55491/2411-6076-2023-3-135-143. [Issayeva, G.S., Utebayeva, E.A., Serikkyzy, M. (2023) Cultural and semantic markup in the development of the linguocultural subcorpus. *Tiltanym*. No. 3 (135). Pp. 135-143.] (in Kazakh)

Islam, A. (2025) Medialingvistika negizderi zhane media audarma maseleleri. Qaragandy universitetining Habarshysy. Filologija serijasy. No. 2 (118). 151–160-bb. [Islam, A. (2025) Fundamentals of medialinguistics and issues of media translation. Bulletin of the Karaganda University Philology series. No. 2 (118). Pp. 151–160.] (in Kazakh)

Kadyrbek, N., Tuimebayev, Zh., Mansurova, M., Viegas, V. (2025) The Development of Small-Scale Language Models for Low-Resource Languages, with a Focus on Kazakh and Direct Preference Optimization. Information. 16(1) 85. DOI 10.3390/info16010085. (in English)

Karyukin, V., Rakhimova, D., Karibayeva, A. et al (2024) The neural machine translation models for the low-resource Kazakh–English language pair. Scientific Reports. 14 7166. DOI 10.1038/s41598-024-57854-x. (in English)

Mankeeva, Zh. (2014) Qazaq til bilimining maseleleri. Almaty: “Abzal-Ai” baspasy. 640 b. [Mankeyeva, Zh. (2014) Issues of Kazakh linguistics. Almaty: “Abzal-Ai” publishing house. 640 p.] (in Kazakh)

Marcus, G. (2020) The Next Decade in AI: Four Steps Towards Robust Artificial Intelligence. arXiv preprint arXiv:2002.06177. Pp. 1-45. (in English)

Maxutov, A., Myrzakhmet, A., Braslavski, P. (2024) Do LLMs Speak Kazakh? A Pilot Evaluation of Seven Models. Proceedings of EMNLP. Pp. 112–128. (in English)

Nurzhanova, A. (2010) Duniening qarabajyr bejnesi: frazeologijalyq fragmentting somatikalyq kody: kand. dis. Astana. [Nurzhanova, A. (2010) Primitive picture of the world: somatic code of the phraseological fragment: Candidate dissertation. Astana.] (in Kazakh)

Qajdar, A. (2009) Qazaqtar ana tili aleminde (jetnolingvistikalyq sozdik). T. 1: Adam. Almaty Dajk-Press. 784 b. [Kaidar, A. (2009) Kazakhs in the world of their native language (ethnolinguistic dictionary). Vol 1: Man. Almaty: Dyke press. 784 p.] (in Kazakh)

Qazaq adebi tilining sozdigi. On bes tomdyq. 6 tom (2011a) Almaty, 752 b. [Dictionary of the Kazakh literary language. In fifteen volumes. Vol. 6. (2011a) Almaty, 752 p.] (in Kazakh)

Qazaq adebi tilining sozdigi. On bes tomdyq. 10 tom. (2011b) Almaty, 752 b. [Dictionary of the Kazakh literary language In fifteen volumes. Vol. 10 (2011b) Almaty, 752 p.] (in Kazakh)

Qazaqtyng jetnografijalyq kategorijalar, ugymdar men ataularynyng dasturli zhujesi. T. 1. A-D (2011) Almaty: DPS. 735 b. [Traditional system of Kazakh ethnographic categories concepts and names. Vol. 1. A-D (2011) Almaty: DPS. 735 p.] (in Kazakh)

Ramanova, A.A. (2023) Qazaq tilindegi somatizmderding leksikalyq-semantikalyq orisi. Batys Qazaqstan innovacijalyq-tehnologijalyq universitetining Habarshysy. T. 68. No. 1. 101-110-bb. DOI 10.48371/PHILS.2023.23.18.011. [Ramanova, A.A. (2023) Lexical and semantic field of somatisms in the Kazakh language. Bulletin of the West Kazakhstan Innovation and Technology University. Vol. 68. No. 1. Pp. 101-110.] (in Kazakh)

Smagulova, G. (2020) Qazaq frazeologijasy lingvistikalyq paradigmalarda: monografija. Almaty: “Eltanym baspasy”. 256 b. [Smagulova, G. (2020) Kazakh phraseology in linguistic paradigms: monograph. Almaty: “Eltanym publishing

house". 256 p.] (in Kazakh)

Syzdyq, R. (2025) Gylymi tanym uzikteri: Maqalalar zhinagy. 1-kitap. Almaty: "Sardar". Qazaq zhane orys tilderinde. [Syzdyk, R. (2025) Fragments of scientific knowledge: Collection of articles. Book 1. Almaty: "Sardar". In Kazakh and Russian languages.] (in Kazakh)

Tashauov, A.S. (1995) "Kodeks Kumanikus" tilindegi somatikalyq ataular zhane olardyng leksika-semantikalyq toptary: filol. gyl. kand. dis. Almaty. 161 b. [Tashauov, A.S. (1995) Somatic names in "Codex Cumanicus" and their lexical-semantic groups: Candidate of Philological Sciences dissertation. Almaty. 161 p.] (in Kazakh)

Tekgürler, M. (2025) LLMs for Translation: Historical, Low-Resourced Languages and Contemporary AI Models. Proceedings of LaTeCH-CLfL. Pp. 227–237. (in English)

Togmanov, M., Mukhituly, N., Turmakhan, D. et al (2025) KazMMLU: Evaluating Language Models on Kazakh, Russian, and Regional Knowledge of Kazakhstan. MBZUAI Technical Report. Pp. 1-22. (in English)

Toleu, A., Tolegen, G., Ualiyeva, I. (2024) Fine-Tuning Large Language Models for Kazakh Text Simplification // Applied Sciences. Vol. 14(5). Art. No. 2100. (in English)

Uali, N. (2021) Qazaq soz madenietining teorijalyq negizderi. Monografija. Almaty: Qazaq tili baspasy. 424 b. [Uali, N. (2021) Theoretical foundations of Kazakh speech culture. Monograph. Almaty: Qazaq tili publishing house. 424 p.] (in Kazakh)

Uyzbaeva, B.K. (1994) Qazaq tilindegi somatikalyq etistik frazeologizmderding jetnolingvistikalyq sipaty: filol. gyl. kand. dis. Almaty. [Uyzbayeva, B.K. (1994) Ethnolinguistic nature of somatic verbal phraseologisms in the Kazakh language: Candidate of Philological Sciences dissertation. Almaty.] (in Kazakh)

Wang, X., Fantinuoli, C. (2024) Exploring the Correlation between Human and Machine Evaluation of Simultaneous Speech Translation // Proceedings of the 25th Annual conference of the European Association for Machine Translation. Vol. 1. Pp. 327–336. (in English)

Zhanabekova, A.A., Usenov, M., Tlegenova, G.B. (2026) Sozdanie bol`shih jazykovyh modelej v kazahstanskom jazyke: kazahstanskij opyt i global`nye trendy. *Tiltanym.* No. 1. S. 135–149. DOI https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-135-149. [Zhanabekova, A.A., Usenov, M., Tlegenova, G.B. (2026) Creation of large language models in the Kazakh language: Kazakhstani experience and global trends. *Tiltanym.* No. 1. Pp. 135–149.] (in Russian)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 19.06.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 22.09.2026.
Интернетте қолжетімді / Доступно онлайн /Available online: 30.09.2026.

© Қамыза Б.Қ., Ермекова Т.Н., Ескермесова Г.А., 2026

CC BY 4.0

Мақала/Статья/Article
ҒТАМР 16.01.11 https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-230-245

Қымбат Берікұлы Слямбеков[1*], Меруерт Ануаровна Имангазина
[1*]автор-корреспондент, докторант, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-9731-0448 E-mail: zaqpost@gmail.com
[2]философия докторы (PhD), Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0001-8473-2812 E-mail: meruyertimangazina@mail.ru

ТІЛ БІЛІМІ САЛАСЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚША АКАДЕМИЯЛЫҚ СӨЗДЕР ТІЗІМІН (AWL) КОРПУСТЫҚ НЕГІЗДЕ ӘЗІРЛЕУ

Аңдатпа. Мақалада заманауи ғылыми стильдің қазіргі ұйымдасу прототипіне академиялық жазылым мәтіндерінде жиі қолданылатын сөзқолданыстарды анықтау, соның ішінде тілі білімі бойынша академиялық мәтіндерге тән грамматикалық құралдар мен лексика-грамматикалық құрылымдар сандық және сапалық талдау әдістері арқылы анықтауға ұмтылыс жасалған. Жеке саланы айтпағанда, жалпы академиялық мәтінге тән сөздер тізімі лексикалық минимум ретінде қазақ ғылымында әлі күнге дейін жарық көрмеген. Бұл мәселе зерттеуіміздің мақсатын былайша айқындап берді: зерттеу мақсаты – қазақ тіліндегі академиялық мәтіндерге, соның ішінде лингвистикаға қатысты зерттеу мақалаларына тән базалық сөздік қорды анықтау. Осы мақсат жолында академиялық жазылым мәтіндерінің сөзтізімін жасақтауға бағытталған отандық және шетелдік іргелі зерттеулер, тәжірибелер қарастырылды. Зерттеу материалы ретінде тіл білімі бағытындағы ҚРҒжЖБССҚК ұсынған басылымдардағы 6 журналдың 30 нөмірінен алынған 236 ғылыми мақалаға негізделген жалпы көлемі 1 057 000 сөзқолданысты құрайтын «Лингвистикалық зерттеулер корпусы» жасақталды. Корпустық талдау және жиілік талдау әдістері арқылы сөзтізімге енетін ең жиі қолданылған 1000, 200 және 50 тілдік бірлік сұрыптап алынып, бұл тілдік бірліктердің қазақша академиялық жазылым мәтіндерінің қандай сипаты мен ерекшелігін, академиялық мәтіндердің қандай қағидасын қамтамасыз етуге қызмет ететіні талданды. Сұрыптап алынған тілдік бірліктер негізінде академиялық жазылым мәтіндерінің жиілік сөз тізімі жасақталды. Мұндай сөз тізім тіл білімі бағытындағы академиялық жазылым мәтіндерінің өзіне тән өзгешеліктерін тануға, олардың қызметі мен мағыналық түрленімін айқындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл зерттеу арқылы «қазақ тілі – ғылым тілі» екенін нақты тілдік фактілер арқылы дәлелдеуге деген ұмтылыс та бар. Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазақ тіл білімі саласындағы ғылыми мақалалар негізінде арнайы салалық корпус құрастырылып, академиялық дискурста жиі қолданылатын тілдік бірліктер мен олардың тұрақты тіркесімдерінің сандық және сапалық тұрғыдан сипатталуымен айқындалады. Практикалық маңызы да айқын: нәтижелер академиялық жазылымды оқытуға, қазақша AWL/AVL үлгісімен сөздік жасауға және NLP міндеттеріне пайдаланылуы мүмкін.

Тірек сөздер: академиялық жазылым; ғылыми мәтін; корпус; сөздер тізімі; тілдік бірліктер; лексика-грамматикалық минимум.

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің AP27511671 «ЖОО-да академиялық жазылым дағдыларын интеграциялық әдіс негізінде әдістемелік құралдар әзірлеу арқылы қалыптастыру» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында әзірленді.

Сілтеме жасау үшін: Слямбеков Қ.Б., Иманғазина М.А. Тіл білімі саласы бойынша қазақша академиялық сөздер тізімін (AWL) корпустық негізде әзірлеу. *Tiltanym*, 2026. №3 (103). 230-245-бб.
DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-230-245

Кымбат Берікулы Слямбеков[1*], Меруерт Ануаровна Имангазина
[1*]автор-корреспондент, докторант, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-9731-0448 E-mail: zaqpost@gmail.com
[2]доктор философии (PhD), Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-8473-2812 E-mail: meruyertimangazina@mail.ru

РАЗРАБОТКА СПИСКА КАЗАХСКИХ АКАДЕМИЧЕСКИХ СЛОВ (AWL) ПО ЛИНГВИСТИКЕ НА КОРПУСНОЙ ОСНОВЕ

Аннотация. В статье предпринята попытка выявить часто употребляемые языковые единицы, характерные для современного прототипа организации научного стиля, представленного в текстах академического письма, в том числе грамматические средства и лексико-грамматические конструкции, свойственные академическим текстам по языкознанию, с использованием методов количественного и качественного анализа. В казахстанской научной практике до настоящего времени не опубликован список слов, характерных для общеакадемического текста, не говоря уже о специализированных списках по отдельным научным направлениям. Эта проблема определила цель нашего исследования следующим образом: цель исследования – определить базовый словарный запас, характерный

для академических текстов на казахском языке, в том числе научных статей, относящихся к лингвистике. Для этой цели были рассмотрены отечественные и зарубежные фундаментальные исследования, практики, направленные на формирование словосочетаний текстов академического письма. В качестве материала исследования был создан «Корпус лингвистических исследований», включающий 236 научных статей, отобранных из 30 выпусков 6 журналов, рекомендованных Комитетом по обеспечению качества в сфере науки и высшего образования Республики Казахстан по направлению «Языкознание». Общий объём корпуса составляет 1 057 000 словоупотреблений. С помощью методов корпусного и частотного анализа были отобраны наиболее часто употребляемые 1000, 200 и 50 языковых единиц, вошедших в список слов. Далее было проанализировано, какие особенности и характеристики казахскоязычных текстов академического письма отражают данные языковые единицы и обеспечению каких принципов академического текста они способствуют. На основе отобранных языковых единиц был составлен частотный словарь текстов академического письма. Такой словарь позволяет выявить специфические особенности академических текстов по лингвистике, а также определить функции и семантические вариации употребления этих языковых единиц. Кроме того, исследование направлено на обоснование положения о том, что казахский язык является языком науки, на основе конкретных языковых фактов. Научная новизна исследования заключается в создании специализированного отраслевого корпуса на основе научных статей по казахскому языкознанию, а также в количественном и качественном анализе языковых единиц и их устойчивых сочетаний, наиболее часто употребляющихся в академическом дискурсе. Практическая значимость исследования также очевидна: полученные результаты могут быть использованы при обучении академическому письму, разработке словаря казахского языка по модели AWL/AVL, а также в задачах обработки естественного языка (NLP).

Ключевые слова: академическое письмо; научный текст; корпус; список слов; языковые единицы; лексико-грамматический минимум.

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан AP27511671 «Формирование навыков академического письма в вузах посредством разработки методических материалов на основе интеграционного подхода».

Для цитирования: Слямбеков К.Б., Имангазина М.А. Разработка списка казахских академических слов (AWL) по лингвистике на корпусной основе. *Tiltanym*, 2026. №3 (103). С. 230-245. (на каз. яз.)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-230-245

Kymbat Slyambekov[1*], Meruyert Imangazina

[1*]Corresponding Author, Doctoral Student, Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-9731-0448 E-mail: zaqpost@gmail.com

[2]Doctor of Philosophy (PhD), Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-8473-2812 E-mail: meruyertimangazina@mail.ru

CORPUS-BASED DEVELOPMENT OF A KAZAKH ACADEMIC WORD LIST (AWL) IN THE FIELD OF LINGUISTICS

Abstract. The article attempts to identify frequently used linguistic expressions characteristic of the contemporary organizational prototype of scientific style as represented in academic writing texts, including grammatical devices and lexico-grammatical constructions typical of academic texts in linguistics, using quantitative and qualitative methods of analysis. A list of words characteristic of general academic texts, let alone those specific to individual disciplines, has not yet been published in Kazakhstani scholarship. This issue determined the aim of our study as follows: the aim of the research is to identify the core vocabulary characteristic of academic texts in the Kazakh language, including research articles in the field of linguistics. To achieve this aim, fundamental domestic and international studies and practices aimed at compiling word lists for academic writing texts were reviewed. As the research material, the “Linguistic Research Corpus” was developed, comprising 236 research articles selected from 30 issues of 6 journals recommended by the Committee for Quality Assurance in Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan in the field of linguistics. The total size of the corpus is 1,057,000 word tokens. Using corpus and frequency analysis methods, the 1,000, 200, and 50 most frequently occurring linguistic units included in the word list were identified. These linguistic units were subsequently analyzed to determine what characteristics and features of Kazakh academic writing texts they reflect and which principles of academic writing they contribute to fulfilling. Based on the selected linguistic units, a frequency word list of academic writing texts was compiled. Such a word list makes it possible to identify the specific features of academic texts in the field of linguistics and to determine the functions and semantic variations of these linguistic units in use. Furthermore, the study seeks to demonstrate, through concrete linguistic evidence, that “the Kazakh language is a language of science.” The scientific novelty of the study lies in the development of a specialized disciplinary corpus based on research articles in Kazakh linguistics, as well as in the quantitative and qualitative description of linguistic units frequently used in academic discourse and their recurrent combinations. The practical significance of the study is also evident: the findings can be used in teaching academic writing, in developing a Kazakh academic word list based on the AWL/AVL model, and in natural language processing (NLP) tasks.

Keywords: academic writing; scientific text; corpus; word list; linguistic units; lexical-grammatical minimum.
Source of financing: The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan IRN AP27511671 “Developing academic writing skills in universities through the creation of methodological materials based on an integrative approach”.
For citation: Slyambekov, K., Imangazina, M. Corpus-Based Development of a Kazakh Academic Word List (AWL) in the Field of Linguistics. *Tiltanym*, 2026. No.3 (103). Pp. 230-245. (in Kazakh)
DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-230-245

Кіріспе

Академиялық жазылымды меңгеру барлық сала студенттері мен зерттеуші мамандар үшін маңызды дағды саналады. Себебі академиялық мәтін – зерттеуші қозғап отырған мәселенің өзектілігін, зерттеу барысының қалай жүзеге асқанын және қол жеткізген нәтижелерін ғылыми қауымға жеткізудің негізгі тетіктерінің бірі. Мұнда ғылыми мәтіннің құрылымы ғана емес, мәтіннің өн бойында терминдер мен академиялық жазылымға тән басқа да тұрақты қолданыстарды, тіл бірліктерін ұтымды қолданудың да маңызы зор. Себебі ғылыми мәтінді құраушы тілдік бірліктер мәтін авторының білім-білігін ғана емес, ғылыми стильді қаншалықты меңгергенін өзі зерттеп отырған тақырыбына қаншалықты дендеп енгенін айқындай түсетін лексикалық қабат саналады. Екіншіден, белгілі бір кезеңдегі ғылыми мәтіндерде жиі ұшырасқан қолданыстар сол кезеңде аталған ғылым саласы үшін өзекті болған тақырыптарды, зерттеу проблемалары мен оларды шешу жолдарын да болжауға мүмкіндік береді. Сол себепті ұсынылып отырған мақалада лингвистика бағытында жазылған және соңғы екі жылда Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті базасына енетін журналдарда жарық көрген, яғни сапалы әрі ғылыми әлеуеті жоғары деп саналатын мақала мәтіндерінің корпусы құрылып, солардың негізінде тіл біліміне қатысты зерттеу мақалаларындағы ең жиі қолданылған тіл бірліктері анықталды.

Сөздерді іріктеп алу мақсатында тек лингвистика бағытындағы зерттеу мақалаларын дереккөз ретінде таңдап алуымыздың екі негізгі себебі бар. Біріншіден, зерттеуімізде бір саланың мәселесін шешіп алуды көздеп отырмыз, кейін осы үлгіге негізінде басқа салалардың да академиялық жиілік сөздігін жасауға болады. Екіншіден, шетелдік зерттеушілер академиялық сөздер тізімін әр сала негізінде жасау әлдеқайда нақты әрі ұтымды деп есептейді. «Бірнеше корпустық зерттеу нәтижелері көрсеткендей, түрлі ғылым салаларына ортақ және практикалық тұрғыдан тиімді болатындай ауқымды академиялық лексика қорын бөліп көрсету мүмкін емес» (Durrant, 2016).

Ағылшын тіліндегі академиялық сөздер тізіміне жиі сын айтылуының бір себебі олардың бірнеше сала деректерін негізге алуында болып отырғанын да естен шығармаған жөн. Сондай-ақ дереккөздерді таңдауда, яғни корпус жасақтауда назар аударуымыз керек тағы бір мәселе – ондағы академиялық тілдің барынша жаңа, яғни қазіргі қазақ тілі деректері болуы, сондай-ақ жиі оқылатын, қаралатын және қолданылатын (сілтеме берілетін) мәтіндердің қамтылуы. Бұл тұрғыдан ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің жоғары рейтингілі журналдарының мақала қаралымы анық көрініп тұратындықтан және бұл басылымдарда бұрын соңды жарық көрмеген тың зерттеулер жарияланып отыратындықтан, жоғарыда қойылып отырған талапқа толық сай келеді дей аламыз.

Зерттеу мақалалары автордың индивидуалды стилі мен дүниетанымының, ғылыми танымының жемісі болғандықтан мәтіннің бұл түрінде нақты бір қалыпқа салуға келе бермейтін оралымдар мен сөз қолданыстардың болуы заңды. Алайда біз нысанға алып отырған мәтіндердің барлығы бір стиль мен бір жанрдың туындысы әрі журнал талаптары негізінде құрылымдалған мәтіндер болғандықтан академиялық стильге жат сөздер мен сөз тіркестері, мысалдар мен иллюстративті материалдарда болмаса, аса жиі көрініс таппайды. Мұндағы автор шығармашылығын көркем әдебиет, публицистикалық немесе ауызекі сөйлеу стилімен салыстыруға келмейді. Сондай-ақ зерттеу мақалалары Committee on Publication Ethics ұсынған этика талаптарына сәйкес жазылады. Біз жинаған корпус материалдарын осы тұрғыдан да нақты дереккөз ретінде пайдалануға әбден лайық деп санаймыз.

Материал және әдістер

Зерттеу жұмысы бірнеше кезеңді қамтыды. Ең алдымен, академиялық сөздер тізімін жасау тәжірибесіне қатысты отандық және шетелдік зерттеулер талданып, теориялық негізі анықталды. Екінші кезекте, жиілік сөздікті түзуге қажет дереккөздер іріктеп алынып, тіл білімі бағытындағы ғылыми мақалалардан тұратын шағын академиялық корпус түзілді. Осы сәттен бастап жұмыстың негізгі кезеңіне кірістік. Корпус деректері Google Colab бағдарламасында талданып, ең жиі кездесетін 1000 қолданыс сұрыпталды және лексика-грамматикалық тұрғыдан компоненттік талдау жасалды. Алынған 1000 сөзқолданыс ішінен мақала авторлары академиялық мәтіндерде тұрақты түрде кездесетін және қолданушыға ғылыми мәтін түзуде негіз болатын 200 сөзқолданыс бөлек жинақталып, академиялық мәтінге тән сөз-тізім құрастырылды.

Зерттеу мақсаты тіл білімі саласына қатысты академиялық сөздікқорды сұрыптау болғандықтан, зерттеу дереккөзі ретінде еліміздегі лингвистика және филология бағытындағы журналдар таңдап алынды. Соның ішінде филология сериялырындағы тек тіл біліміне қатысты материалдар ғана корпусқа енді. Нәтижесінде зерттеу материалдары ретінде «Тілтаным» журналының 2025-2026 жылғы мақалалары (5 нөмірі, 57 мақала), сонымен қатар аталған кезеңдегі «ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы» (5 нөмірі, 43 мақала), «ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы» (5 нөмірі, 32 мақала), Қарағанды Университетінің Хабаршысы. Филология сериясы» (5 нөмірі, 24 мақала), Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Филология сериясы» (5 нөмірі, 48 мақала) «Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясында» (5 нөмірі, 32 мақала) жарияланған тіл біліміне қатысты мақалалары іріктеп алынды. Барлығы 6 журналдың 30 нөмірінен 1 млн 57 мың сөзқолданыстан тұратын қазақ тіліндегі тіл білімі саласына қатысты 236 мақаладан тұратын корпус жасақталды. Айта кететін тағы бір мәселе, мақалаларды корпусқа қоспас бұрын мақала авторы жайлы мәліметтер, орысша және ағылшынша аңдатпалар мен кілт сөздер, сондай-ақ әдебиеттер мен references бөлімі түгелдей алып тасталды. Себебі бұл ақпараттар қазақ тіліндегі академиялық мәтіндердің сөздер жиілігін шығаруда қажет емес, басы артық ақпараттық жүк арқалайды.

Корпус мәтіндерінің статистикасын шығару мен сандық талдау әдістерін жүзеге асыруға Qazcorpus (qazcorpus.kz) жобасының «Сөзжиілік модулі» қолданылды. Бұл құрал – қазақ тілінің жиілік сөздіктерін жасауға қолданылып жүрген, морфологиялық анализаторы қосылған, сөзді бөлек бір лемма деп танып, оның мәтін ішіндегі жиілігін автоматты шығарып беретін ашық қолданыстағы лингвистикалық құрал. Құралдың сөз жиілігін анықтаудағы тиімділігі 80% деп көрсетілген (https://qazcorpus.kz/). Негізгі проблемасы – омоним сөздерді ажырата алмайтынында. Дегенмен біздің зерттеуімізге бұл тұсы қиындық тудырмайды, өйткені ғылыми тіл мен академиялық жазылым мәтіндерінде тілдік бірліктер әдетте бір мағынада ғана жұмсалады да, омонимияға жол бермейді.

Академиялық мәтіндердің сөз жиілігін анықтауға Сөзжиілік модулімен бірге Python бағдарламалау тілімен жұмыс істеуге арналған Google Colab онлайн-сервисі пайдаланылды. Мәтіндер корпусы Google Colab ортасына жүктеліп, Python бағдарламалау тілінің көмегімен өңделді. Мәтінді оқу, тазалау, сөздерге бөлу және сөз жиілігін шығару үшін *pandas, re, Counter, python-docx, openpyxl* кітапханалары қолданылды. Бұл сервис әсіресе белгілі бір тірек сөздер айналасындағы тұрақты қолданыстарды жинауға, жеке қарастыруға мүмкіндік берді. Ал Python кодтарын жазуға ChatGPT үлкен тіл моделі қолданылды.

Автоматты өңдеу нәтижесінде алынған тілдік бірліктер қолмен тексеріліп жөнделді. Өйткені компьютерлік талдау тек тіркестерді механикалық түрде жинап береді де, оның синтаксистік және семантикалық тіркесімін ажырата алмайды. Сондықтан алғашқы сандық талдау әдісінің материалдарына сапалық талдау әдісі қолданылды.

Мақалалардағы жиі кездесетін сөздерді іріктеу барысында олардың қатарына академиялық стильге жатпайтын бірліктер еніп кетуі мүмкін деген қауіп болғаны белгілі. Алайда әлемдік тәжірибеге сай академиялық сөздер тізімінің басым бөлігін шын мәнінде академиялық жазылымға тән бірліктер құрайды. Бұл турасында 3,5 миллион сөзқолданыстан тұратын корпус негізінде академиялық мәтін сөздер тізімін жасап шыққан Коксхед былай дейді: «Ағылшын тілінің академиялық сөздер тізімінде 570 сөз тобы бар, олар академиялық мәтіндердегі сөздердің

(таңбалауыштардың) жалпы санының шамамен 10,0%-ын құрайды, алайда дәл сондай көлемдегі көркем әдебиет мәтіндеріндегі сөздердің жалпы санының тек 1,4%-ын құрайды. Екі түрлі мәтіндегі бұл айырмашылық тізімдегі сөздердің басым бөлігін шын мәнінде академиялық сөздер құрайтынының дәлелі болып табылады. Бұл тізім академиялық мәтіндерде жиі кездесетін сөздерді бөліп көрсету арқылы академиялық мақсаттары бар студенттерге қай сөздерді меңгеру қажет екенін анықтап бере алады» (Coxhead, 2000: 213).

Академиялық мәтіндер корпусын түзу мәселесі қазақ ғылымында азды-көпті сөз болып жүргенімен, нақты шешімін тапты дей алмаймыз. Қазақ ғылымында академиялық корпус терминін алғаш қолданған Г.Ә. Сәрсеке, Б.Е. Акмагамбетова, Ж.Қ. Сентірбек мақаласында бұл ұғымға мынандай сипаттама береді: «Академиялық корпустар академиялық салалардың әртүрлі пәндеріндегі тілдің қолданысы, нақтылай айтқанда академиялық жазбаша мәтіндерде тілдің қалай қолданылатыны туралы түсінік береді. Академиялық корпустар академиялық мәтіндердің түрлі жанрлары мен регистрлерінен жиналған үлкен көлемі арқылы академиялық жазбаша және сөйлеу тілінің табиғи қалпын тануға көмектеседі. Корпус деректері арқылы академиялық мәтіндердің басқа мәтін түрлерінен ерекшеленетін өзіндік белгілері мен сипаттамаларын алуға болады» (Сәрсеке, Акмагамбетова, Сентірбек, 2025: 213).

Отандық зерттеушілер: «Қазақ тілінің ғылым тілі ретінде мәртебесін нығайтуда және оның академиялық салалардағы қолданысын кеңейтуде академиялық қазақ тілінің корпусы маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар мұндай корпус қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесінде де маңызды рөлге ие» (Сәрсеке, Акмагамбетова, Сентірбек, 2025: 214), – деп, бұл мәселенің өзектілігін дәл көрсеткен. Алайда мақала авторларының «Компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қазіргі қазақ тілінің академиялық жазбаша корпусын құру – аса маңызды әрі қажетті іс. Отандық тәжірибеде академиялық корпус(тар) жоқ» (Сәрсеке, Акмагамбетова, Сентірбек, 2025: 214) деген пікірін дәл қазіргі уақытта сол қалпында қайталай алмаймыз. Себебі қазіргі таңда Қазақ тілінің ұлттық корпусында «Ғылыми мәтіндер ішкорпусы» жасақталған. Ішкорпус «академиялық мәтіндер ішкорпусы» деп аталмағанымен, контенті бұл талапқа толық сай келеді. Корпус құрастырушылары бұл тұста қазақ тілінде «ғылыми» сөзінің «академиялық» сөзіне қарағанда жиірек қолданылатынын да ескерген болуы керек. Мәселен, соңғы деректерге сай «*ғылыми* сөзі 1990-2024 жылдар арасында шамамен 29916 рет қолданылған болса, *академиялық* сөзі дәл осы уақыт аралығында шамамен 5826 рет қолданылған. Бұл *академиялық* атрибутының *ғылыми* атрибут сөзіне қарағанда шамамен бес есеге кем жұмсалғанын көрсетеді» (Сәрсеке, Акмагамбетова, Сентірбек, 2025: 218).



Г.О. Шалшыкбаева, К.К. Дүйсекова, Р.М. Бактиярова
Авиация кәсіби дискурсының конститутивтік ерекшеліктері

Мәтін авторы	Г.О. Шалшыкбаева, К.К. Дүйсекова, Р.М. Бактиярова
Автор жынысы	әйел
Автордың дәрежесі	1) Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің докторанты, 2) Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ф.ғ.д., профессор
Мәтін атауы	Авиация кәсіби дискурсының конститутивтік ерекшеліктері
Жарық көрген уақыты	2025 ж.
Журнал атауы	Еуразия гуманитарлық университеті Хабаршысы
Журнал саны	№1
Беті	54-63 бб.
Мәтін дереккөзі	https://ojs.egi.kz/BULLETIN/article/view/818
Doi сілтемесі	https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.06
Аудитория жасы	ересек
Ішкорпус түрі	Ғылыми мәтіндер корпусы
Мәтін стилі	ғылыми
Мәтін типі	мақала
Сөзқолданыс саны	2482
Мәтін формасы	жазба
Мәтін графикасы	кирил
Ғылым саласы	тіл білімі
Белгілеуші	А. Досанова

Сурет 1 – Қазақ тілінің ұлттық корпусы «Ғылыми мәтіндер ішкорпусының» метабелгіленімі
Рисунок 1 – Метаразметка «Подкорпуса научных текстов»
Национального корпуса казахского языка
Figure 1 – Metadata Annotation of the “Subcorpus of Scientific Texts” of
the National Corpus of the Kazakh Language

Ғылыми мәтіндер ішкорпусының іздеу жүйесінде *мәтін авторы, ғылым саласы, автор жынысы, мәтін атауы, мәтін типі, жарық көрген уақыты* параметрлері бойынша іздеуге болады. Ішкорпустың метабелгіленімдері мақала жайлы толық ақпарат алуға мүмкіндік береді. Метабелгіленімде мақаладағы сөзқолданыс саны да көрсетіледі (Сурет 1).

Ғылыми мәтіндер ішкорпусымен қатар «Цифрлық гуманитарлық ғылымдар: Академиялық қазақ тілінің корпусын әзірлеу» ғылыми жобасы аясында отандық зерттеушілер тобы философия, тарих, дінтану, археология және этнология, шығыстану, теология, түркітану, шығыстану, мұражай ісі, шетел филологиясы, аударма ісі, қазақ филологиясы сынды гуманитарлық ғылымдардың деректері қамтылған ауқымды академиялық корпус жасақтайды деген болжам бар. Жоба авторларының айтуынша, Қазақ тілінің академиялық корпусында *мәтін деңгейі* (кімдерге арналғаны, яғни бакалавриат, магистратура, докторантура, профессор-оқытушылар құрамы); *пән саласы; жанры; пәні* (мамандығы); *шифры; академиялық мәтін тақырыбы*; *баспасы; авторлардың аты-жөні; авторлар коды* (метадеректе тіркелген); *жарияланым мерзімі; деңгейі; мәтіннің сөз саны; мәтіннің бет саны; авторлардың саны; авторлардың жынысы* (ер, әйел, аралас тип) және *корпусқа тіркелген күні* сынды он алты түрлі мәліметтен тұратын метадерек болады (Қоңыратбаева, 2025: 88). Қазақ тіліндегі академиялық мәтіндердің мұндай ауқымды базасын жасау қазақ тілін ғылым тілі ретінде өзектендіре түсетіні әрі қазақ тілінің ғылыми әлеуетін арттыру бағытындағы ізденістерге жол ашатыны айқын.

Әдебиетке шолу

Қазақ тілінің ғылым тілі ретінде қалыптасуы, соның ішінде қазақ тіл білімі бағытының академиялық жазылым мәселелерінің даму барысы жайлы сөз қозғағанда қазақ лингвистикасы жайлы ғылыми еңбектердің басында А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбановтардың тұрғанын ерекше атап өту қажет. А. Байтұрсынұлы қазақ тілі жайлы алғашқы ғылыми еңбектің – оқу құралының құрастырушысы болса, Қ. Жұбанов 1935 жылы Мемлекеттік терминологиялық комиссияны құрған. Тілші-ғалымдар Р. Сыздық пен Б. Әбілқасымов қазақ тіліне қатысты алғашқы академиялық стильге ие еңбек ретінде Ильминскийдің 1914 жылы жарық көрген «Самоучитель киргизского языка русским и русского языка киргизам» еңбегін атайды (Odanova, Tuleup, Moldabayeva, 2024). Тіл тарихына үңілген зерттеушілер пікіріне сүйене келе, бір ғасырдан астам тарихы бар деп шамалауға болатын қазақ лингвистикасының академиялық стилі қазіргі таңда құрамы мен құрылымына қатысты тың ізденістер жасауды қажет етеді. Қазақстандық зерттеушілер Е. Спанов, Б. Динаева мен С. Сапина өз еңбектерінде жоғары оқу орындарында академиялық жазылым мен сауаттылықты қалыптастырудың теориялық негіздерін жүйелеп шыққанымен, бұл зерттеулерде лингвистика саласындағы нақтыланған академиялық сөз тізімдері (AWL) көрініс таппаған. Қ. Молдабаева, М. Өнер, С. Оданованың зерттеу мақаласында академиялық жазылым дағдыларын студенттерге үйрету үшін заманауи әдіс-тәсілдерге жүгіну керек екенін айта келе, соның бір үлгісі ретінде академиялық жазылым дағдыларын қалыптастыруға бағытталған сандық тренажер құрудың маңызына ерекше тоқталады. Аталған авторлар тобы зерттеудің негізгі мақсатын «жиналған ақпаратқа сүйене отырып, қазақ тіліндегі академиялық жазудың электрондық мазмұнын жобалау, атап айтқанда, тілдік модельдер негізінде онлайн тілдік тренажерларды дайындау, барлық академиялық лексиканың электронды сөздігін дайындау. үш тілде, академиялық жазу дағдыларын қалыптастыратын онлайн арналарды құру» деп көрсетеді (Öner, Moldabayeva, Odanova, 2024: 153). Мұндағы академиялық сөздікқорды (academic vocabulary) бір жерге топтастыратын электронды сөздік жасау идеясы біздің мақаламыздағы академиялық сөздер тізіміне (academic word list) ұқсас екенін атап өту қажет.

Алайда аталған зерттеудің нәтижесінде авторлар ғылыми басылымдар негізінде қазақ тіліндегі академиялық жазылымның негізгі ұғымдарын сұрыптау және сипаттаумен шектелгенін байқадық, яғни екі зерттеудің зерттеу нысаны мен зерттеу тәсілдері екі түрлі екеніне көз жеткіздік. Біздің зерттеуімізде біз лингвистика бағытындағы академиялық мәтінді жазып отырған білімгер немесе мәтін авторы қолдануы құпталатын тілдік бірліктердің тізімін ұсынып, оларды қолдану жолдарын негіздеп береміз, яғни бұл зерттеуіміз академиялық мәтінді әдіснамалық тұрғыдан сипаттау бағытында емес, лингвистикалық жағынан талдау бағытында

жазылып отыр.

Ағылшын тілінде академиялық сөздер тізімін жасау «Академиялық мақсатқа арналған ағылшын тілі» (English for Academic Purposes) пәні аясында өткен ғасырдың елуінші жылдарынан бастап қолға алына бастаған. Ең алғаш West 1953 жылы ағылшын тілінде ең жиі қоланылатын 2000 сөздің тізімін жасайды және бұл тізімдегі сөздердің 76%-ы академиялық мәтіндерде кездескен (Coxhead, 2000: 213). Сондай-ақ XX ғасырдың екінші жартысында Кэмпион (Campion) мен Элли (Elley), Пранискас (Praninskas), Линн (Lynn), Гадесси (Ghadessy) сынды зерттеушілер де академиялық мәтінге тән сөздер тізімін қолмен жинап, сөздігін жасауға талпынған. Ал осы төрт зерттеуді негізе ала отырып және оларды толықтыра отырып Сюэ Гои (Xue Guoyi) мен И. С. П. Нейшн (I. S. P. Nation) *University Word List* деген атаумен зерттеушілерге арналған сөздер тізімін әзірлеген.

Ағылшын тіліндегі ең соңғы әрі толыққанды тізім ретінде Аверил Коксхедтың 2000 жылы құрастырған академиялық сөздер тізімін (Academic Word List) атай аламыз. Бұл тізімді жасау үшін автор, ең алдымен, Академиялық корпус (Academic Corpora) түзген. Автордың бұл корпусы қолданушының үдесінен шығу үшін төрт ішкорпусқа бөлінген. Коксхед түзген 570 сөзқолданыстан тұратын академиялық сөздер тізімін сөздер тобына (word families), басқаша айтқанда, сөзжасамдық ұяға жіктеп берген. Мәселен, *maximize* сөзінің ұяластары ретінде *maximised, maximises, maximising* сынды формалары *maximisation* деген британ ағылшын нұсқасы мен американ ағылшын нұсқасындағы *maximization* сөзі де енген. Бұл тізімде нақты бір сөзжасамдық ұяның құрамына кірмейтін *nonetheless, so-called, behalf* сынды байланыстырушы шылаулар жеке орналасқан (Coxhead, 1998).

Алайда мұндағы сөздер тек жалаң тізім түрінде берілгендіктен, сөздің қолданылу жиілігі жайлы экстралингвистикалық ақпарат, реестрдегі сөздің лексикалық мағынасы, контекстік мағынасы, сөз табы, грамматикалық формасы сынды лингвистикалық ақпарат та мүлдем көрсетілмеген. Сол себепті қазіргі таңда ағылшын тіліндегі 2000 жылы жарық көрген академиялық сөздер тізіміне қатысты сыни көзқарастар жиі айтылып жүр. Бельгиядағы Ағылшын корпус лингвистикасына арналған орталық маманы Магали Пако бұл мәселеде тек жиілікке негізделген сөздер тізімін берумен шектелу жеткіліксіз екенін айтады. Ағылшын тіліндегі соңғы зерттеулерді назарға ала отырып М. Пако «Академиялық мақсатқа арналған ағылшын тілінің» (English for academic purposes) өзіндік фразеологиялық жүйесі қалыптасқанын атап өтеді және «жаңа сөздерді қалай қолдану керек екені жайлы, әсіресе оларды тізімге коллокациялық және коллигациялық ортасы туралы ақпаратпен бірге енгізу өте маңызды» деп есептейді (Paquot, 2010). М. Пако ұстанымының тағы бір ерекшелігі, зерттеуші академиялық сөздер тізімін әзірлеуде тіл үйренушілердің деректері жиналған оқу корпусындағы (Learners' corpus) мәтіндерді талдап, сол жердегі қате, орынсыз немесе стильге сай келмейтін қолданыстарды анықтау қажет деп түйеді.

Ағылшын тілінде Гарднер және Дэвис 2014 жылғы зерттеуінде COCA корпусының 120 миллион сөзқолданыстан тұратын академиялық ішкорпусы негізінде жинаған қолданыстарын *Academic Vocabulary List* (AVL) деп атаған (Gardner, Davies, 2014). Зерттеушілер 9 саланы қамтитын ғылыми журналдар мен ғылыми-көпшілік журналдар негізінде 3014 лемманы іріктеп алған (Durrant, 2016). Бұл бағыт ағылшын тілін екінші тіл ретінде немесе шет тілі ретінде үйреніп жүрген білімгерлердің сөздік қорын арттыруды мақсат етеді.

Алайда біздің зерттеу мәселеміз, ең алдымен, қазақ тілі ана тілі болып саналатын білімгерлер мен зерттеушілерге көмекші құрал дайындау, одан кейінгі кезекте оны тіл үйретуге бейімдеп қолдану болғандықтан, корпустық зерттеу нысаны ретінде қазақ тілінде жазылған академиялық мәтіннің бір түрі – ғылыми мақалалар алынып отыр.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеуімізде 1 млн 57 мың сөзқолданыстан құратын мәтіндер корпусынан барлығы 94 мың сөздің жиілігін шығардық. Олардың ішінде ең жиі қолданылған сөздің жиілігі – 12101 рет болса, ең азы – 1 реттен қолданылғандары. Сурет 2-де мәтіндер корпусынан ең жиі кездескен 51 тілдік бірліктің тізімі берілген. Бір айта кетерлігі, «Сөзжиілік модулі» тілдік бірліктердің морфологиялық түрленімдерін бөлек лемма деп қарастырады (сондықтан сөз саны көп).

Мәселен, «тіл» сөзінің жиілігін бөлек (8-лемма), одан туған «тілдік» сөзінің жиілігін бөлек (6-лемма) көрсетеді (Сурет 2). Сол секілді *де* етістігінің *деп* және *деген* түрленімдерін де бөлек-бөлек шығарған (14-15-леммалар).

	Base	Word	Count				
1	Base	Word	Count	26	зертте/ет	зерттеу	1958
2	және/шл	және	12101	27	талда/ет	талдау	1951
3	мен/шл	мен	10541	28	немесе/шл	немесе	1819
4	қазақ/оним	қазақ	7863	29	қат/зт	қатар	1796
5	бұл/ес	бұл	6432	30	ғылыми/сн	ғылыми	1792
6	тіл/зт	тілдік	4549	31	тіл/зт	тілінің	1780
7	бір/ес	бір	3774	32	ол/ес	олардың	1662
8	тіл/зт	тіл	3940	33	ғана/шл	ғана	1645
9	арқылы/шл	арқылы	3739	34	пен/шл	пен	1638
10	рет/шл	ретінде	3698	35	қатысты/ет	қатысты	1560
11	да/шл	да	3479	36	тіл/зт	тіліндегі	1554
12	де/шл	де	3080	37	тіл/зт	тілінде	1504
13	сөз/зт	сөз	2972	38	сөз/зт	сөздер	1465
14	де/ет	деп	2934	39	негізгі/сн	негізгі	1457
15	де/ет	деген	2558	40	әлеуметтік/сн	әлеуметтік	1441
16	үшін/шл	үшін	2494	41	белгілі/сн	белгілі	1402
17	ұлттық/сн	ұлттық	2460	42	тек/шл	тек	1393
18	мәдени/сн	мәдени	2363	43	маңызды/мод	маңызды	1390
19	емес/ет	емес	2375	44	сияқты/мод	сияқты	1380
20	бол/ет	болады	2322	45	осы/ес	осы	1357
21	бол/ет	болып	2199	46	көрсет/ет	көрсетеді	1322
22	бар/мод	бар	2145	47	туралы/шл	туралы	1305
23	байланысты/шл	байланысты	2162	48	тіл/зт	тілі	1272
24	ол/ес	оның	2146	49	қазіргі/сн	қазіргі	1268
25	мәдени/сн	мәдени	1972	50	екі/са	екі	1263
				51	жаңа/сн	жаңа	1256

Сурет 2 – Лингвистикалық академиялық корпуста ең жиі қолданылған 50 тілдік бірліктің тізімі
Рисунок 2 – Список 50 наиболее частотных языковых единиц в Лингвистическом академическом корпусе
Figure 2 – List of the 50 Most Frequently Used Linguistic Units in the Linguistic Academic Corpus

Сурет 2-ден байқағанымыздай, академиялық жазылым мәтіндерінде жиі қолданылатын тілдік бірліктердің ішінде жалғаулық шылаулар, септеулік шылаулар, сілтеу есімдіктері, *де, е* және *бол* етістіктері, *талдау, зерттеу, көрсету* сынды маркерлік етістіктер, модаль сөздер (*бар, мүмкін, маңызды*), лингвистика ғылымына тән *тіл, сөз* сынды зат есімдер, *тілдік, ұлттық, мәдени, ғылыми, әлеуметтік, негізгі* сынды қатыстық сын есімдердің қолданысы жоғары болып шыққан. Бұл бір жағынан, академиялық жазылым мәтіндерінің қазақ тілінің өзге де стиль және жанр мәтіндерімен лексика-грамматикалық құрылымы мен құралдары тұрғысынан өзара ұқсас екенін, қазақ әдеби тілінің заңды тармағы екенін көрсетеді. Өйткені басқа жиілік сөздіктер де аталмыш тілдік бірліктердің қолданысы басым екенін аңғаруға болады (Негізгі корпус мәтіндерінің жиілік сөздігі, 2025: 46). Екінші жағынан, жоғарыда көрсетілген тілдік бірліктер ғылыми ақпаратты жүйелеу, толықтыру және біріктіру қызметіне жақын құралдар болғандықтан, академиялық жазылым мәтіндері *салыстыру, біріктіру, ұқсату, жүйелеу* сынды адамзаттың интеллектуалдық-логикалық категорияларына басымдық беретінін, сондықтан мұндай мәтіндердің когезиялық байланысы мен мәтінтүзілімін құрайтын тілдік бірліктердің қолданысы көп болатынын көрсетеді. Сондықтан қазақша академиялық мәтіндердің сөз тізімінде аталмыш лексика-грамматикалық бірліктердің тізімі алдыңғы қатарда болуы керек деп есептейміз. Мұндағы *лексика-грамматикалық бірлік* деп отырғанымыз – белгілі бір сөз табына, яғни лексика-грамматикалық топқа жататын сөздер. Зерттеуде сөздердің леммасымен қатар грамматикалық түрленімдері арқылы көрінетін мағыналық ерекшеліктері де назарға алынған.

Біз жинаған мәтіндерде ең жиі қолданылған тілдік бірлік – *және* шылауы көбіне өзара ұқсас ұғымдарды байланыстыру және тізбектеу үшін қолданылған: *қазақ және ағылшын тілдері, орыс және ағылшын тілі, қазақ және ноғай тілдері, қазақ және түрік тілдері, теориялық және практикалық маңызы / аспектісі / жағы / тұрғыдан / негізі / алғышарты, қазақ және орыс*

тілдері, ағылшын және қытай тілі, түрік және қазақ тілдері, араб және парсы сөздері, отандық және шетелдік тіл білімі / ғалымдар / еңбектер / зерттеушілер / әдебиеттер, лексикалық және грамматикалық мағына / бірлік / минимум / форма т.б. (Сурет 3).

	"және" сөзімен келген үш сөзді тіркес	Қолданылу саны
0	қазақ және ағылшын	115
1	нәтижелер және талқылау	77
2	орыс және ағылшын	69
3	материал және әдістер	60
4	қазақ және ноғай	49
5	қазақ және түрік	48
6	теориялық және практикалық	46
7	қазақ және орыс	46
8	ағылшын және қытай	39
9	тілдік және мәдени	37
10	түрік және қазақ	35
11	отандық және шетелдік	34
12	араб және парсы	33
13	ғылым және жоғары	32
14	мәдени және тарихи	31
15	тарихи және мәдени	30
16	лексикалық және грамматикалық	27
17	шетелдік және отандық	27
18	әлеуметтік және мәдени	24
19	мәдени және тілдік	22
20	ауызша және жазбаша	21
21	морфологиялық және синтаксистік	21
22	айту және қаржыландыру	21
23	когнитивтік және прагматикалық	20
24	материалдық және рухани	20
25	ағылшын және қазақ	20
26	мәдени және әлеуметтік	19
27	қазақ және қытай	19
28	қазақ және саха	18
29	семантикалық және прагматикалық	17
30	тарихи және әлеуметтік	16
31	сыртқы және ішкі	16
32	ішкі және сыртқы	16
33	сандық және сапалық	16
34	когнитивтік және нейролингвистикалық	15
35	рухани және мәдени	14
36	когнитивтік және мәдени	14
37	оң және теріс	14
38	құрылымдық және мағыналық	14
39	рухани және материалдық	14
40	мәдени және саяси	13

Сурет 3 – Лингвистикалық академиялық корпустағы «және» сөзімен тіркесіп келген бірліктер
Рисунок 3 – Единицы, сочетающиеся со словом «және»
в Лингвистическом академическом корпусе
Figure 3 – Collocations with the Word “zhane” (and) in the Linguistic Academic Corpus

Одан бөлек, *және* шылауының академиялық мәтінде нәтиже мен процесті байланыстыру, аргументтерді үдету және толықтыру, кейде бекіту, қандай да бір маңызды аргументті актуалдау қызметтерін атқаратыны байқалды.

Нәтиже мен процесті байланыстыру: *Дегенмен кей мысалдардағы (алма ағашы) тіркестердің табиғатындағы сын есімдік мәннің болуы және оларға септік жалғауларын жалғауға мүлде болмайтындығы, ал кейбір мысалдардағы (ағаш жапырағы) меншіктік мағынаның берілуі және қосымшаның қатысуымен де қатысуынсыз қолданыла алуы, сонымен қатар, қосымшамен берілген прагматиканың қосымшасыз прагматикадан айырмашылықта келуі ғылымда толық дәлелденуі қажет құбылыс деп білеміз.*

Аргументтерді үдету және толықтыру, бекіту: *Және бұл тек түркі халықтарына ғана тән құбылыс; Және зерттеу тақырыбының өзектілігін қазіргі қоғам өміріндегі БАҚ-тың маңызды рөл атқаруымен, сондай-ақ цифрлық технологиялардың қарқынды дамуымен түсіндіреді;*

Қандай да құбылысқа маңызды аргументті актуалдау: *Және бір маңызды жайт – жалпақ бетті, қошқар мұрынды, қалың ерінді деген үлгілердің «екеуі бірігіп басқа бір сөзді анықтап, бағыныңқы қызметте жұмсалып тұрған» жоқ, сөз тіркесінің өзінен кейінгі сөздің күрделі анықтауышы сияқты жұмсалуы – қазақ тілі синтаксисінің нормасы; Және бір ден қоярлығы – осындағы күрделі сөздердің екінші сыңарына -ды жұрнағын жалғайтын болсақ (қынама белді камзол, қаршыға көзді жігіт, қаба сақалды жігіт, т.б.), керісінше, олар сөз тіркесіне айналып, бұл жұрнақтың жоғарыдағы «күрделі сөз жасауға тікелей әсері бар» деген аксиома теріске шығады.*

Жалғаулық шылаулардан кейін кездесетін бірлік – *бұл* есімдігі. Оның 6500-ге жуық қолданысы анықталды. Сілтеу есімдіктері де жалғаулық шылаулар секілді мәтіннің тұтастығын, когезиясын және актуализациясын қамтамасыз етеді. Бұл есімдігімен келетін мынандай паттерн бірліктер табылды (Сурет 4).

	"бұл" сөзімен келген екі сөзді тіркес	Қолданылу саны
0	бұл жерде	142
1	бұл зерттеу	106
2	бұл сөз	93
3	бұл тәсіл	88
4	бұл құбылыс	81
5	бұл мақалада	67
6	бұл әдіс	66
7	бұл ретте	57
8	бұл тілдік	52
9	бұл бағыттағы	51
10	бұл тіркес	50
11	бұл сөздер	47
12	бұл туралы	46
13	бұл сөздің	44
14	бұл екі	43
15	бұл өз	41
16	бұл үдеріс	41
17	бұл қазақ	41
18	бұл мәселе	40
19	бұл тұрғыда	40
20	бұл олардың	37
20	бұл олардың	37
21	бұл зерттеудің	36
22	бұл зерттеуде	35
23	бұл ұғым	34
24	бұл сөздердің	33
25	бұл құбылысты	31
26	бұл кезеңде	30
27	бұл әсіресе	30
28	бұл тіл	29
29	бұл жағдайда	28
30	бұл оның	28
31	бұл тек	28
32	бұл еңбек	27
33	бұл жағдай	27
34	бұл тілдің	26
35	бұл да	25
36	бұл мәселені	23
37	бұл бағытта	23
38	бұл бір	23
39	бұл үрдіс	22
40	бұл мақал	20
41	бұл зерттеулер	19

Сурет 4 – Лингвистикалық академиялық корпустағы «бұл» сөзімен тіркесіп келген құрылымдар
Рисунок 4 – Конструкции, сочетающиеся со словом «бұл»
в Лингвистическом академическом корпусе
Figure 4 – Constructions with the Word “бұл” (this) in the Linguistic Academic Corpus

Бұл тілдік бірліктердің қазақша академиялық жазылым мәтіндерінің тіліне тән тұрақты қолданыстар екенін байқауға болады. Әсіресе, *бұл зерттеу, бұл тәсіл, бұл құбылыс, бұл әдіс, бұл бағытта, бұл тіркес, бұл туралы, бұл үдеріс, бұл мәселе, бұл тұрғыдан, бұл сөз, бұл ұғым, бұл жағдайда, бұл мәселе, бұл бағытта, бұл үрдіс* т.б. тіркестер қазақша академиялық жазылымның мәтінтұтастырушы бірліктері, референция құралдары, стильдік қолданысы деуге болады. Сондай-ақ *бұл зерттеу жұмысы, бұл зерттеудің өзектілігі, бұл зерттеудің нәтижелері, бұл зерттеудің мақсаты, бұл өз кезегінде, бұл бағыттағы зерттеулер, бұл тұрғыдан алғанда* т.б. сынды үш компонентті тіркестер академиялық жазылым мәтіндерінің метадискурсын құрайтын, яғни автордың мәтін құрылымын дұрыс ұйымдастыруына, алдыңғы және кейінгі ойын бір-бірімен байланыстыруына мүмкіндік беретін, сол арқылы оқырманға зерттеуін жүйелі таныстыруына жол ашатын стандартталған стильдік қолданыстар екенін аңғаруға болады.

Академиялық жазылым мәтіндерінде септеулік шылаулардың да қызметі ерекше екені тілдік фактілерден айқын көрінді (*арқылы, үшін, ретінде, байланысты, сияқты, қатысты, туралы*). Бұл шылаулар ауызекі тілдегі немесе басқа стильдердегі қызметтерімен қатар, ғылыми мәтінде зерттеудің бағытын, нысанын нақтылау, әдістемесі мен құралдарын көрсету, сондай-ақ каузуалды қызмет атқара отырып, академиялық мәтіннің логикалық байланысын, объективтілігін, дәлдігін қамтамасыз етеді. Бұған қатысты мынандай тұрақты қолданыстар анықталды:

- арқылы: *тіл арқылы, талдау арқылы, әдіс/тәсіл арқылы, қолдану арқылы, зерттеу арқылы, тілдік құралдар арқылы, тілдік бірліктер арқылы, мысалдар арқылы, салыстыру арқылы, талдау жасау арқылы, тілдік деректер арқылы, осы арқылы, жүргізу арқылы, көрсету арқылы, тіркесуі арқылы, пайдалану арқылы, деректер арқылы, жалғау арқылы* т.б.

- үшін: *жасау үшін, сілтеме жасау үшін, анықтау үшін, зерттеу үшін, түсіну үшін, сипаттау үшін, мақсатқа жету үшін, талдау үшін, жеткізу үшін, білдіру үшін, көрсету үшін, түсіндіру үшін, жүргізу үшін, қол жеткізу үшін, түсінікті болу үшін, жүзеге асыру үшін, қамтамасыз ету үшін* т.б.

- ретінде: *зерттеу материалы ретінде, зерттеу нысаны ретінде, қатынас құралы ретінде, құбылыс ретінде, бірі ретінде, жүйе ретінде, көрінісі ретінде, бірлік ретінде, бөлігі*

ретінде, мысал ретінде, символы ретінде, белгісі ретінде, термин ретінде, тұлға ретінде, құрылым ретінде, шет тілі ретінде, екінші тіл ретінде, дереккөз ретінде, ұғым ретінде, категория ретінде, нәтижесі ретінде, концепт ретінде, негізгі материал ретінде, ажырамас бөлігі ретінде т.б.

- байланысты: *тығыз байланысты, осыған байланысты, тікелей байланысты, осымен байланысты, өзара байланысты, ерекшеліктеріне байланысты, атауларына байланысты, дамуына байланысты, факторларға байланысты, бір-бірімен байланысты, пайда болуымен байланысты* т.б.

- сияқты: *сол сияқты, деген сияқты, талдау сияқты, қолдану сияқты, жасау сияқты, бар сияқты, т.б. сияқты, жүйелеу сияқты, айту сияқты* т.б.

- қатысты: *атауларына қатысты, сөзге қатысты, ұғымына қатысты, концептіге қатысты, тікелей қатысты, оған қатысты, тіліне қатысты, мәселеге қатысты, атауына қатысты, тіл біліміне қатысты, сөз мәдениетіне қатысты* т.б.

- туралы: *бұл туралы, қаржыландыру туралы, әлем туралы, адам туралы, тіл туралы, мәдениеті туралы, дүние туралы, сипаты туралы, табиғаты туралы, құбылыс туралы* т.б.

Академиялық мәтіндерде кездесетін етістіктердің ішіндегі ең жиі қолданылатыны – *де* етістігі. Оның көсемшелі *деп* формасы мен есімшелі *деген* формасының жиілігі жоғары. Бұлар академиялық мәтінде ойды тұжырымдау, пайымдау, сілтеме жасау, цитата келтіру, терминдер мен ұғымдарды анықтау, оларды категориялау қызметтерін атқарады. Сондай-ақ мәтіннің интертекстуалдылығын, объективтілігін арттырып, мәтіннің тұтасымын қамтамасыз етуге қызмет етеді. Біз жинаған корпустан *деп* және *деген* формаларымен тіркесіп келетін мынандай етістікті сөз тіркестері табылды:

- *деп* етістігі: *деп аталатын, деп аталады, деп атайды, деп көрсетеді, деп ойлаймыз, деп атаған, деп санайды/санаймыз, деп есептейді/есептейміз, деп берілген/беріледі, деп жазады, деп тұжырымдайды/тұжырым жасайды, деп түсіндіреді, деп біледі/білеміз, деп сипаттайды/санаймыз, деп таниды, деп жазылады, деп анықтайды, деп түсіндіріледі; деп жауап берген, деп айта аламыз, деп айтуға/атауға болады, деп те атайды, деп анықтама береді, деп атап көрсетеді, деп айта аламыз/айта алмаймыз, деп тануға/санауға/бағалауға болады* т.б. (Сурет 5).

0	деп аталатын	153
1	деп аталады	59
2	деп атайды	57
3	деп көмекші	57
4	деп көрсетеді	55
5	деп те	55
6	деп атап	52
7	деп ойлаймыз	44
8	деп жауап	41
9	деп атаған	40
10	деп санайды	39
11	деп есептейді	38
12	деп жазады	38
13	деп есептейміз	35
14	деп берілген	32
15	деп санаймыз	28
16	деп тұжырымдайды	26
17	деп айта	25
18	деп түсіндіреді	23
19	деп аталған	22
20	деп білеміз	20
21	деп көрсеткен	20
22	деп айтуға	19
23	деп сипаттайды	18

24	деп таниды	17
25	деп айтылады	17
26	деп анықтама	16
27	деп беріледі	15
28	деп тұжырым	15
29	деп жазылады	15
30	деп анықтайды	14
31	деп ойлаймын	13
32	деп түсіндіріледі	13
33	деп тануға	12
34	деп түсінеміз	12
35	деп аталып	12
36	деп саналады	11
37	деп түсінген	11
38	деп атауға	11
39	деп береді	11
40	деп айту	10
41	деп атады	10
42	деп қазақ	10
43	деп есептеледі	10
44	деп танылған	9
45	деп көрсетілген	9
46	деп тұр	9

0	деп аталатын синтаксистік	29
1	деп көмекші етістікті	23
2	деп жауап берген	20
3	деп айта аламыз	17
4	деп көмекші етістігі	15
5	деп айтуға болады	15
6	деп атап көрсетеді	13
7	деп көмекші етістігінің	12
8	деп те атайды	12
9	деп анықтама береді	9
10	деп атауға болады	9
11	деп тұжырым жасайды	8
12	деп аталады бұл	8
13	деп көрсетеді бұл	8
14	деп айта алмаймыз	7
15	деп тануға болады	7
16	деп санауға болады	7
17	деп бағалауға болады	7
18	деп жауап берсе	7
19	деп те аталады	5
20	деп те аталған	5
21	деп тұжырым жасауға	5
22	деп аталатын желілес	4
23	деп жазады бұл	4

Сурет 5 – Лингвистикалық академиялық корпустағы «деп» етістігімен тіркесіп келген тіркестер
Рисунок 5 – Словосочетания с глагольной формой «деп»
в Лингвистическом академическом корпусе
Figure 5 – Phrases with the Verbal Form “dep” (saying) in the Linguistic Academic Corpus

- *деген* етістігі: *деген мағына, деген тұжырым, деген пікір, деген анықтама, деген сұрақ, деген көзқарас, деген қорытынды; деген мағынаны білдіреді, деген мағынада қолданылады, деген анықтама берілген, деген пікір айтады, деген пікір білдіреді, деген тұжырым жасайды, деген мағына береді, деген қорытындыға келеді* т.б. (Сурет 6).

0	деген мағынаны	77
1	деген мағынада	76
2	деген сөз	74
3	деген тұжырым	37
4	деген пікір	33
5	деген анықтама	30
6	деген тіркес	26
7	деген сөйлемде	24
8	деген сұраққа	22
9	деген сұрақ	21
10	деген сияқты	21
11	деген мағына	21
12	деген көзқарасын	20
13	деген мақал	20
14	деген ұғымды	20
15	деген түсінік	18
16	деген ұғым	16
17	деген қорытындыға	15
18	деген қорытынды	15
19	деген қызығушылық	15
20	деген мәселе	15
21	деген тұрақты	14
22	деген сөйлемдегі	14
23	деген көзқарасы	14

0	деген мағынаны білдіреді	34
1	деген мағынада қолданылған	13
2	деген мағынада қолданылады	12
3	деген анықтама берілген	11
4	деген пікір айтады	11
5	деген пікір білдіреді	10
6	деген мағынаны білдіретін	10
7	деген тұжырым жасайды	8
8	деген мағынаны береді	8
9	деген мағына береді	8
10	деген сұрақтарға жауап	7
11	деген сұраққа жауап	7
12	деген мағыналарды береді	7
13	деген қорытындыға келеді	6
14	деген жыр жолдарында	6
15	деген сенім бар	5
16	деген түсінік бар	5
17	деген сөз емес	5
18	деген ұғымды білдіреді	5
19	деген қаратпа сөздерді	5
20	деген қарым қатынасын	4
21	деген қорытынды жасауға	4
22	деген сұрақ туындайды	4

Сурет 6 – Лингвистикалық академиялық корпустағы
«деген» етістігімен тіркесіп келген тіркестер
Рисунок 6 – Словосочетания с глагольной формой «деген»
в Лингвистическом академическом корпусе
Figure 6 – Phrases with the Verbal Form “degen” (called) in the Linguistic Academic Corpus

Жоғарыдағы тіркестер академиялық мәтін авторының басқа ғылыми-теориялық еңбектерге сілтеме жасау, шолу жасау арқылы зерттеу тақырыбының маңызын, өзегін және аргументін бекіту үшін, мақсат-пайымын, уәжін көрсету үшін қолданылатын қалыпты құрылымдар екені, бұдан бөлек, зерттеу тақырыбы мен нысанына қатысты терминдер мен ұғымдарды, құбылыстарды атап көрсетуге дайын тұрған тіркестер екені анық байқалады. Бұларды академиялық мәтін сөздер тізімінің маңызды компоненттері, академиялық мәтіннің ажырамас бөлігі деп білеміз.

Академиялық мәтіндерде жиі кездесетін тағы бір белсенді етістік – *бол* көмекші етістігі. Оның *болады* және *болып* формалары жиі қолданылған. Әсіресе, *-уге/уға бол* формантымен келетін тіркестер көп. Бұл – мүмкіндік модальділігін білдіретін формалар. Академиялық мәтін абсолютті шындыққа ұмтылмайды, ол барлық мүмкін сценарийлер мен болжамдарды басшылыққа алып, ықтимал дүниелерді ұсынады. Кейде бұл формалардың белгілі бір ұғымға, құбылысқа, көзқарасқа назар аударту, талдау мен бақылауды қорытындылау үшін де қолданылатын кездері де болады. Бұл формамен келетін мынандай тұрақты қолданыстар анықталды: *байқауға болады, көруге болады, деуге болады, ие болады, негіз болады, пайда болады, атауға болады, анықтауға болады, кездестіруге болады, қарастыруға болады, жасауға болады, айтуға болады, жатқызуға болады, атап өтуге болады, аңғаруға болады, байланысты болады, қолдануға болады, түсіндіруге болады, тануға болады* т.б. (Сурет 7).

0	байқауға болады	134
1	көруге болады	115
2	деуге болады	93
3	ие болады	69
4	негіз болады	69
5	пайда болады	63
6	атауға болады	63
7	анықтауға болады	47
8	кездестіруге болады	45
9	қарастыруға болады	45
10	жасауға болады	45
11	айтуға болады	44
12	жатқызуға болады	44
13	көрсетуге болады	41
14	өтуге болады	39
15	байланысты болады	36
16	аңғаруға болады	34
17	сөз болады	34
18	келтіруге болады	33
19	алуға болады	27
20	пайдалануға болады	26
21	қолдануға болады	25
22	түсіндіруге болады	24
23	беруге болады	24

1	болып саналады	122
2	болып келеді	121
3	болып отыр	115
4	болып табылатын	88
5	болып тұр	37
6	болып қала	33
7	болып отырған	27
8	болып саналатын	23
9	болып есептеледі	23
10	болып жатқан	21
11	болып келетін	19
12	болып шығады	14
13	болып келген	12
14	болып көрінеді	10
15	болып бөлінеді	10
16	болып та	9
17	болып қалады	8
18	болып олардың	8
19	болып шықты	8
20	болып оның	8
21	болып тұрған	8
22	болып айтылады	8
23	болып қалыптасқан	7

Сурет 7 – Лингвистикалық академиялық корпустағы «бол» етістігімен тіркесіп келген тіркестер
Рисунок 7 – Словосочетания с глагольной формой «бол»
в Лингвистическом академическом корпусе
Figure 7 – Phrases with the Verbal Form “bol” (to be/become) in the Linguistic Academic Corpus

Ал *болып* көсемше формалы етістігімен тіркесіп келген мынандай құрылымдар табылды: *болып табылады, болып саналады, болып келеді, болып отыр, болып шығады, болып көрінеді, болып бөлінеді, болып қала береді* т.б.

Академиялық жазылым мәтіндерінде *талдау, зерттеу, көрсету* сынды маркерлік етістіктердің қолданысы жоғары. Бұл етістіктерді автордың ғылыми ой-танымын, ой әрекетін, ғылыми зерттеушілік қабілетін көрсететін академиялық мәтіннің функционалды-семантикалық негізін құрайтын предикатты бірліктер деуге болады. Бұл үш маркерлі етістіктің концептуалды тұрғыдан өзара сабақтасып тұрғанын да байқауға болады. *Талдау* мен *зерттеу* – адами ой-таным қабілетінің ең жоғарғы интеллектуалды мүмкіндігі саналады, ал *көрсету* – талдау мен зерттеуден шыққан нәтижені ұсыну жолы. Сондықтан академиялық мәтіндерде бұл етістіктердің компоненттік байланысы үздіксіз және үнемі деп бағалай аламыз. Мұнда *талдау* мен *зерттеу* сөздерінің заттанған, ұғымдық мәнде қолданысы қатар жүретіндіктен, оның ғылыми мәтіндегі қолданысы тіпті күшейе түседі. Аталмыш етістіктерге қатысты мынандай дайын тілдік құрылымдар табылды:

- Талдау: *талдау арқылы, талдау әдісі/әдістері, талдау барысында/кезінде, талдау жасау, талдау нәтижесінде, талдау негізінде, талдау жүргізілді, талдау және зерттеу, талдау және салыстыру* т.б.

- Зерттеу: *зерттеу барысында, зерттеу нәтижелері, зерттеу нысаны, зерттеу жұмысы, зерттеу нәтижесінде, зерттеу материалы, зерттеу мақсаты, зерттеу әдістері, зерттеу үшін, зерттеуді қажет етеді; зерттеу материалы ретінде, зерттеу нысаны ретінде, зерттеудің ғылыми жаңалығы, зерттеуге мүмкіндік береді, зерттеу жұмысының мақсаты, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, зерттеудің ғылыми жаңалығы* т.б.

- Көрсету: *екенін көрсетеді, деп көрсетеді, атап көрсетеді, айқын көрсетеді, маңыздылығын көрсетеді, нәтижелері көрсеткендей, жоғарыда көрсетілген, ашып көрсетеді, сипатын көрсетеді, қажеттілігін көрсетеді, зерттеулер көрсеткендей, ерекшелігін көрсетеді* т.б.

Академиялық мәтіндерде модаль сөздерден *бар, мүмкін, маңызды* бірліктерінің қолданысы жиі болып шықты. Ал *қажет/керек* модаль сөздерінің жиілігі алғашқы елулікке кірмейді: керек сөзінің 750-ге жуық қолданысы табылып 106-орынға, ал қажет сөзі 650-ден аса қолданысымен 124-орынға жайғасқан. Соған қарағанда, қазақ академиялық жазылымы қажеттілік, мүмкіндік,

талап ету модальділігін білдіруге емес, көбіне болжал мәнін білдіруге бейім көрінеді.

Жиналған мәтіндерден аталмыш модаль сөздермен келетін мынандай тіркестер табылды:

- Бар: *мәні бар, маңызы бар, мағынасы бар, ерекшелігі бар, қатысы бар, орны бар, негізі бар, сипаты бар, тікелей қатысы бар* т.б.

- Мүмкін: *болуы мүмкін, мүмкін емес, әкелуі мүмкін, әсер етуі мүмкін, қолданылуы мүмкін, туындауы мүмкін, көрінуі мүмкін, берілуі мүмкін, өзгеруі мүмкін, білдіруі мүмкін* т.б.

- Маңызды: *аса маңызды, өте маңызды, ең маңызды, ерекше маңызды, қарастыру маңызды* т.б.

Академиялық мәтіндерден *тілдік, ұлттық, мәдени, ғылыми, әлеуметтік, негізгі* деген сын есімдердің қолданысы жиі екеніне көз жеткіздік. Бұлар – термин жасаушы, лингвистикаға қатысты ұғымдарды анықтаушы бірліктер. Осы бірліктермен тіркескен мынандай құрылымдар бар: *тілдік бірліктер, тілдік тұлға, тілдік қарым-қатынас, тілдік бейне, тілдік деректер, тілдік құралдар, тілдік жүйе, тілдік сана; ұлттық корпус, ұлттық мінез-құлық, ұлттық сана, ұлттық мәдениет, ұлттық дүниетаным, ұлттық құндылық, ұлттық болмыс, ұлттық таным, ұлттық бірегейлік, ұлттық мәдени код; мәдени код, мәдени ерекшеліктер, мәдени құндылықтар, мәдени құбылыс; ғылыми зерттеу, ғылыми әдістемелік, ғылыми-теориялық, ғылыми еңбектер, ғылыми білімдер, ғылыми жаңалық, ғылыми-практикалық, ғылыми тұрғыдан; әлеуметтік лингвистика, әлеуметтік желі, әлеуметтік мәртебе, әлеуметтік норма, әлеуметтік топ* т.б.

Академиялық жазылымға қажет лексика-грамматикалық минимумды анықтау ғылыми мәтінді меңгерту үшін ғана қажет деп санау қате. Бұл сөздер тобы қазақ тілінің B2-C1 деңгейінде үйренушілер үшін де құнды сөздік дерекқор болмақ. Себебі ғылыми мәтінді кез келген деңгейдегі тіл үйренушілер жаза алмайды. Мәселен, біз ерекше мән бере зерттеген лингво-франка – ағылшын тілінде академиялық сөздік қорды меңгертетін тіл үйренушілерге арналған арнайы оқу құралдары көп. Майкл Маккарти (Michael McCarthy), Фелисити О'Делл (Felicity O'Dell) авторлығымен Cambridge University Press баспасынан жарық көрген "Academic Vocabulary in Use" оқу құралында ғылыми мәтіндерде жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін меңгертуге арналған тапсырмалар, өз бетінше орындайтын жаттығулар берілген. Кітаптың «Академиялық жалпы сөздік қор», «Сөз тіркестері» атты тараушаларында академиялық мәтіндерге тән сөз қолданыстар көрініс тапқан. Авторлар академиялық жалпы сөздік қорға *негізгі зат есімдерді, негізгі етістіктерді, негізгі сын есімдерді, негізгі үстеулерді, академиялық ағылшын тіліне тән фразалық етістіктерді, санды білдіретін негізгі қолданыстарды, көпмағыналы сөздерді, метафоралар* мен *идиомаларды* жатқызады. Ал сөз тіркестері тараушасында ғылыми мәтінде жиі кездесетін *зат есім және зат есіммен тіркесетін сөздер, зат есім мен сын есім тіркесі, етістік және етістіктпен тіркесетін сөздер, септеуліктер мен етістік тіркесі, септеуліктер мен зат есім тіркесі, қысқарған сөздер* мен *аффикстер* қамтылған. Дәл ағылшын тіліндегідей мұндай жүйелі ғылыми стильді айқындайтын сөздік қор қазақ тілінде нақты анықталып, сұрыпталмаған. Десе де, жоғарыда біз ұсынған тілдік паттерндер, яғни бірнеше бірліктен тұратын тұрақты әрі жиі қолданылатын сөз тіркестері мұндай жүйелі тізімді жасауға қазақ тілінің мүмкіндігі толық жететінін көрсетіп отыр.

«Academic Vocabulary in Use» кітабында жалпы қолданыстағы сөздерден ғылыми мәтінге тән сөздердің бір-біріне өтек ұқсас болатыны, алайда ғылыми мәтінде көбінесе сөздер сәл басқаша мағынада, ауыс мағынада қолданылатыны айтылады. Мысалы, "*Underline* your family name on the form" деген күнделікті қолданыстан алынған сөйлемде *underline* (астын сызу) тура мағынасында жұмсалса, "The research underlines the value of case studies" сөйлемінде "underline" сөзі «атап көрсету» мағынасын білдіріп тұр (McCarthy, Felicity, 2018: 10).

Қазақ тіл иелмендерінің күнделікті қолданысында жүрген *көрсету, атау* сөздері қазақша академиялық дискурсқа ауысқан кезде «атап көрсету» тіркесіне айналып шыға келеді. Мәселен: *Бұл зерттеу қолданбалы лингвистикада ЖИ этикалық пайдалануды шаралары бойынша нұсқаулықтардың қажеттілігін көрсетеді және осы саладағы тұтынушылар мен зерттеушілер үшін цифрлық құзыреттердің маңыздылығын атап көрсетеді.* Академиялық стильдің екінші бір белгісі ретінде сөздерге ресмилік тән екені көрсетілген. Мәселен, қазақ

тілінде ауызекі тілде «қысқасы», «қысқасын айтқанда», «тоқетері» десек, ғылыми мәтінде «қорытындылай келгенде», «түйіндейтін болсақ», «қорыта айтар болсақ», «тұжырымдар болсақ» сынды қолданыстарды пайдалану орындырақ саналады.

Қорытынды

Қорытындылай келе айтарымыз, мақалада алғаш рет қазақ тіліндегі тіл білімі саласындағы ғылыми мәтіндердің корпусы жасалып, бұл сандық-корпустық зерттеу қазақша академиялық жазылым мәтіндерінің бастапқы пилоттық нұсқадағы сөз тізімін әзірлеуге мүмкіндік берді. Қазақ академиялық мәтіндерінде басым қолданылатын грамматикалық құралдар мен кейбір лексика-грамматикалық құрылымдар анықталды. Бұл құрылымдар көбіне академиялық мәтіннің тұтасымына, түзіліміне, когезиясына қызмет ететін, сондай-ақ академиялық мәтіннің аргументация, нақтылық, дәлдік, объективтілік сынды қағидаларын, белгілерін сипаттайтын тілдік бірліктер екені байқалды. Зерттеу мақаласының талабына сай, біз жиналған мәтіндер корпусынан ең жиі қолданылатын 50 тілдік бірліктің формаларын, тіркесімдерін ғана қарастырдық. Егер 500 тілдік бірлік немесе 1000 тілдік бірлікке дейінгі жиілікті қарастырсақ, қазақша академиялық жазылым мәтіндерінің басқа да байқала бермейтін құбылыстарын, құрылымдарын анықтауға мүмкіндік болар еді. Мұны келесі зерттеулердің еншісіне қалдырдық. Тағы бір ескеретін жайт, біз тәжірибесін назарға алған ағылшын тіліндегі академиялық сөздер тізімін құрастырудағы негізгі мақсат тіл үйренушілердің тілдік құзыретін арттыру болса, қазақ тіліндегі, соның ішінде тіл білімі саласындағы мақалаларда жиі қолданылатын сөздерді анықтаудағы біздің мақсатымыз – қазақ тілді студенттердің академиялық жазылым дағдысын дамыту, ғылыми аппаратын байытуға көмектесу. Себебі қазіргі таңда жас зерттеушілер мен университет білімгерлеріне академиялық мәтінді жазу сауатының төмендігі, мәтін жазуда ЖИ құралдарын қолдануларының, соның салдарынан ЖИ жазған мәтіндегі ұғым-түсініктерді дұрыс түсіндіріп бере алмауына қатысты сын-ескертпелер жиі айтылады.

Біз зерттеуімізде лингвистикалық әдебиеттерде, соның ішінде ғылыми мақалаларда ең жиі көрініс табатын тіл бірліктерін (ең жиі қолданылатын 50 тілдік бірлік пен оның тіркесімін) анықтау арқылы қазақ академиялық жазылымының бір саладағы негізгі лексика-грамматикалық минимумын анықтай алдық. Алайда бұл бағыттағы жұмыс басқа салалардың деректері негізінде де жүзеге асып жалпы қазақ тілді академ жазылымға пайдалы тіл бірліктерінің жиынтығын жасау қажет. Себебі барлық саланың академиялық мәтіндеріне ортақ мәтінтүзуші элементтер, лексика-грамматикалық құрылымдар болады. Қазақ тіліндегі дәл осы құрылымдардың алғашқы нұсқалары анықталды деуге негіз бар.

Зерттеу мынандай нәтижелерге қол жеткізді:

- Тіл білімі бағытындағы қазақ академиялық мәтіндерінде жиі қолданылатын лексика-грамматикалық құралдар анықталды;
- Тіл білімі бағытындағы қазақ академиялық мәтіндерін тұтастырушы, түзуші, оның когезиясын қамтамасыз етуші лексика-грамматикалық құрылымдар сипатталды;
- Тіл білімі бағытындағы қазақ академиялық мәтіндерінде ең жиі қолданылатын тілдік бірліктер сұрыпталды;
- Тіл білімі бағытындағы қазақ академиялық мәтіндеріне тән кей лексика-грамматикалық, концептуалдық ерекшеліктер көрсетілді.

Зерттеудің негізгі түйіні және бұл тізімді академиялық жазылым курстарын жетілдіруге, қазақ академиялық сөздерінің сөздігін жасауға, NLP (табиғи тілді өңдеу) тапсырмаларын орындауға, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту тәжірибесінде және ғылыми дискурс бағытындағы басқа да зерттеулерге қолдануға мүмкіндік бар.

Әдебиеттер

Қазақ тілінің ұлттық корпусы [Электронды ресурс]. – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. – URL: https://qazcorpus.kz/ (қаралған күні: 24.06.2026).

Қоңыратбаева Ж.М. Қазақ тілінің академиялық корпусын әзірлеу: мақсаты, міндеті, маңызы (гуманитарлық ғылымдар бағытында). – Қарағанды университетінің хабаршысы. – Филология сериясы, 2025, 30, 3(119). – 88-98-бб. https://doi.org/10.31489/2025Ph3/88-98

Негізгі корпус мәтіндерінің жиілік сөздігі. – Алматы: Асыл ЖК, 2025. – 1432 б.

Сарсеке Г., Акмагамбетова Б., Сентірбек Ж. Академиялық корпус және оны қазақ тілінде әзірлеудің өзектілігі мен маңыздылығы. – Вестник Кокшетауского университета имени Шокана Уалиханова. Филологическая серия. – 2025. – №2. – С. 213–227. https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss2pp213-227

Coxhead, A. An academic word list. School of Linguistics and Applied Language Studies, Victoria University of Wellington, 1998. Vol. 18. https://www.academia.edu/download/33317539/LDOCE_AWL.pdf [Электронды ресурс] (қаралған күні: 24.06.2026).

Coxhead, A.A New Academic Word List. TESOL Quarterly. 2000, 34: 213-238. https://doi.org/10.2307/3587951

Durrant, Ph. To what extent is the Academic Vocabulary List relevant to university student writing? English for Specific Purposes. Vol. 43. 2016. Pp. 49-61. https://doi.org/10.1016/j.esp.2016.01.004.

McCarthy, M., Felicity, O. Academic Vocabulary in Use. Cambridge: Cambridge University Press, 2018. 175 p.

Odanova, S.A., Tuleup, M.M., Moldabayeva, K.E. The Origin Of Academic Writing Style In Kazakh Linguistics. Journal “Bulletin of the Kazakh State University named after Abylai Khan", Series “Philological Sciences”. Vol. 74. No. 3 (2024). https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74.011

Öner, M., Moldabayeva, K., Odanova, S. Basics For Designing A Digital Simulator For Academic Writing Skills Formation. *Tiltanym*. 2024;(3): 151-162. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-151-162

Paquot, M. Academic Vocabulary in Learner Writing: From Extraction to Analysis. London; New York: Continuum, 2010. 266 p.

References

Coxhead, A. (1998) An academic word list. School of Linguistics and Applied Language Studies, Victoria University of Wellington, Vol. 18. https://www.academia.edu/download/33317539/LDOCE_AWL.pdf [Electronic resource] (accessed: 24 June 2026). (in English)

Coxhead, A. (2000) A New Academic Word List. TESOL Quarterly. 34: 213-238. https://doi.org/10.2307/3587951 (in English)

Durrant, Ph. (2016) To what extent is the Academic Vocabulary List relevant to university student writing? English for Specific Purposes. Vol. 43. Pp. 49-61. https://doi.org/10.1016/j.esp.2016.01.004. (in English)

McCarthy, M., Felicity, O. (2018) Academic Vocabulary in Use. Cambridge: Cambridge University Press. 175 p. (in English)

National Corpus of the Kazakh Language [Electronic resource] (2026). Ahmet Baitursynuly Institute of Linguistics. URL: https://qazcorpus.kz/ (accessed: 24 June 2026). (in Kazakh)

Negizgi korpus matinderining zhiilik sozdigi (2025) Almaty: Asyl ZhK. 1432 b. [Frequency Dictionary of main corpus texts. Almaty: Asyl ZhK. 1432 p.] (in Kazakh)

Odanova, S.A., Tuleup, M.M., Moldabayeva, K.E. (2024) The Origin Of Academic Writing Style In Kazakh Linguistics. Journal “Bulletin of the Kazakh State University named after Abylai Khan”, Series “Philological Sciences”. Vol. 74. No. 3 https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74.011 (in English)

Öner, M., Moldabayeva, K., Odanova, S. (2024) Basics For Designing A Digital Simulator For Academic Writing Skills Formation. *Tiltanym*. No. 3: 151-162. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-151-162 (in English)

Paquot, M. (2010) Academic Vocabulary in Learner Writing: From Extraction to Analysis. London; New York: Continuum. 266 p. (in English)

Qongyratbaeva, Zh.M. (2025) Qazaq tilining akademijalyq korpusyn azirleu: maqsaty, mindeti, mangyzy (gumanitarlyq gylymdar bagytynda). Qaragandy universitetining Habarshysy. Filologija serijasy, 30, 3(119). 88-98-bb. [Konyratbayeva, Zh.M. (2025) Development of the academic Corps of the Kazakh language: purpose, objectives, significance (in the direction of Humanities). Bulletin of Karaganda University. Philology series, 30, 3(119). Pp. 88-98.] https://doi.org/10.31489/2025Ph3/88-98 (in Kazakh)

Sarseke, G., Akmagambetova, B., Sentirbek, Zh. (2025) Akademijalyq korpus zhane ony qazaq tilinde azirleuding ozektiligi men mangyzdylygy. Sh. Ualihanov atyndagy Kokshetau Universitetining Habarshysy. Filologija serijasy. No. 2. 213–227-bb. [Sarseke, G., Akmagambetova, B., Sentyrbek, Zh. (2025) Academic corpus and the relevance and importance of its development in the Kazakh language. Bulletin of Sh. Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. No. 2. Pp. 213-227.] https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss2pp213-227 (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 03.07.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 23.09.2026.
Интернетте қолжетімді / Доступно онлайн /Available online: 30.09.2026.

© Слямбеков Қ.Б., Иманғазина М.А., 2026

CC BY 4.0

Мақала/Статья/Article
ҒТАМР 16.21.47 https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-246-261

Гүлжанат Бекболатқызы Шәден[1*], Ақерке Берікқанқызы Тумабаева[2], Болатбек Шәденұлы Батырхан[3]
[1*]автор-корреспондент, докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0003-2090-777X E-mail: gulzhanat_shaden@mail.ru
[2]докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-1128-1317 E-mail: Erke939391@mail.ru
[3]философия докторы (PhD), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0003-2942-925X E-mail: bolatkazakh@gmail.com

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫ: ІШКОРПУСТАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Аңдатпа. Мақалада Қазақ тілінің ұлттық корпусы құрамындағы ішкорпустардың инклюзивті білім беру үдерісіндегі лингвистикалық әлеуеті және оларды қазақ тілін оқытуда тиімді қолданудың ғылыми-лингвистикалық негіздері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі қазіргі цифрлық білім беру кеңістігінде қазақ тілін оқыту мазмұнын тілдік дерекке, мәдени семантикаға, ауызша қолданысқа және жедел цифрлық кері байланысқа сүйеніп жаңаша ұйымдастыру қажеттігімен айқындалады. Әсіресе инклюзивті ортада тілдік материалдың деңгейленген, түсінікті, көпарналы және мазмұндық жағынан бай болуы шешуші мәнге ие. Зерттеудің мақсаты – Қазақ тілінің ұлттық корпусы мен оған сабақтас цифрлық қорларды пайдалану арқылы қазақ тілін оқытудың лингвистикалық әлеуетін айқындау. Осы мақсатқа сай ұлттық корпустың ономастикалық, мәдени-репрезентативті, ауызша ішкорпустары, Қазақ тілінің ұлттық сөздік қоры, TBIJAZU ақылды мәтінтүзеткіші және Қазақ тілінің паремиологиялық қоры талданды. Зерттеудің эмпирикалық базасын аталған платформалардағы мәтіндік, дыбыстық, бейнелік және картотекалық деректер құрайды. Теориялық негізі ұлттық корпус, корпусқа негізделген оқыту, инклюзивті лингводидактика және цифрлық тілдік ресурстарды білім беру үдерісіне енгізу туралы ғылыми тұжырымдарға арқа сүйейді. Жұмыста сипаттамалы, контекстік, салыстырмалы талдау, іріктеу-сұрыптау және лингвистикалық-әдістемелік модельдеу әдістері қолданылды. Нәтижесінде ұлттық корпус пен цифрлық қорлардың сөз мағынасын контексте танытуға, мәдени кодты ашуға, орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды меңгертуге, жазылымды түзетуге, сөздік қорды молайтуға және тілдік материалды білім алушының деңгейіне қарай бейімдеуге мүмкіндік беретіні анықталды. Зерттеудің ғылыми маңызы – қазақ тілін инклюзивті ортада оқытудың дерекке негізделген тұтас моделін ұсынуында, ал практикалық құндылығы – аталған ресурстарды сабақ мазмұнын құрастыруда, тілдік дағдыларды кешенді дамытуда және қазақтілді жасанды интеллект жүйелерін сапалы тілдік дерекпен қамтамасыз етуде қолдануға болатындығынан көрінеді.

Тірек сөздер: ұлттық корпус; инклюзивті білім беру; цифрлық ресурс; тілдік материал; ішкорпус.
Сілтеме жасау үшін: Шәден Г.Б., Тумабаева А.Б., Батырхан Б.Ш. Қазақ тілінің ұлттық корпусы: ішкорпустардың білім беру үдерісіндегі лингвистикалық әлеуеті. *Tiltanym,* 2026. №3 (103). 246-261-бб.
DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-246-261

Гулжанат Бекболатовна Шаден[1*], Акерке Бериккановна Тумабаева[2], Болатбек Шаденович Батырхан[3]
[1*]автор-корреспондент, докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0003-2090-777X E-mail: gulzhanat_shaden@mail.ru
[2]докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-1128-1317 E-mail: Erke939391@mail.ru
[3]доктор философии (PhD), Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0003-2942-925X E-mail: bolatkazakh@gmail.com

НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОРПУС КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА: ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ ПОДКОРПУСОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Аннотация. В статье рассматриваются лингвистический потенциал подкорпусов Национального корпуса казахского языка в условиях инклюзивного образования и научно-лингвистические основы их эффективного использования в обучении казахскому языку. Актуальность исследования обусловлена необходимостью по-новому организовать содержание обучения казахскому языку в современном цифровом образовательном пространстве, опираясь на языковые данные, культурную семантику, устную речь и оперативную цифровую обратную связь. В

инклюзивной среде особое значение приобретает уровневый, понятный, мультимодальный и содержательно насыщенный языковой материал. Цель исследования – определить лингвистический потенциал обучения казахскому языку на основе Национального корпуса казахского языка и связанных с ним цифровых фондов. В соответствии с этой целью проанализированы ономастический, культурно-репрезентативный и устный подкорпусы, Национальный словарный фонд казахского языка, интеллектуальный корректор текста TBIJAZU и Паремиологический фонд казахского языка. Эмпирическую базу исследования составили текстовые, аудиовизуальные и картотечные данные указанных платформ. Теоретическую основу составили научные положения о национальном корпусе, корпусно-ориентированном обучении, инклюзивной лингводидактике и внедрении цифровых языковых ресурсов в образовательный процесс. В работе использованы описательный, контекстуальный, сопоставительный методы, а также приемы отбора, классификации и лингвистико-методического моделирования. Результаты исследования показали, что национальный корпус и цифровые ресурсы позволяют раскрывать значение слова в контексте, выявлять культурный код, осваивать орфоэпические и орфографические нормы, совершенствовать письменную речь, расширять словарный запас и адаптировать языковой материал к уровню обучающегося. Научная значимость исследования состоит в предложении целостной модели обучения казахскому языку в инклюзивной среде, основанной на языковых данных. Практическая ценность определяется возможностью использовать данные ресурсы при проектировании содержания урока, комплексном развитии языковых навыков и обеспечении казахоязычных систем искусственного интеллекта качественными языковыми данными.

Ключевые слова: национальный корпус; инклюзивное образование; цифровой ресурс; языковой материал; подкорпус.

Для цитирования: Шаден Г.Б., Тумабаева А.Б., Батырхан Б.Ш. Национальный корпус казахского языка: лингвистический потенциал подкорпусов в образовательном процессе. *Tiltanym,* 2026. №3 (103). С. 246-261. (на каз. яз.)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-246-261

Gulzhanat Shaden[1*], Akerke Tumabayeva [2], Bolatbek Batyrkhan[3]

[1*]Corresponding Author, Doctoral Student,
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0003-2090-777X E-mail: gulzhanat_shaden@mail.ru

[2]Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-1128-1317 E-mail: Erke939391@mail.ru

[3]Doctor of Philosophy (PhD), Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0003-2942-925X E-mail: bolatkazakh@gmail.com

THE NATIONAL CORPUS OF THE KAZAKH LANGUAGE: THE LINGUISTIC POTENTIAL OF ITS SUBCORPORA IN THE EDUCATIONAL PROCESS

Abstract. The article examines the linguistic potential of the subcorpora of the National Corpus of the Kazakh Language in inclusive education and the linguistic foundations for their effective use in teaching Kazakh. The study is relevant because current digital education requires new ways of organizing language instruction on the basis of authentic language data, cultural semantics, spoken usage, and rapid digital feedback. In inclusive settings, effective instruction depends on learning materials that are leveled, accessible, multimodal, and content-rich. The aim of the study is to identify the linguistic potential of teaching Kazakh through the National Corpus of the Kazakh Language and related digital resources. For this purpose, the onomastic, cultural-representative, and oral subcorpora were examined together with the National Lexical Fund of the Kazakh Language, the TBIJAZU intelligent text corrector, and the Paremiological Fund of the Kazakh Language. The empirical basis of the study consists of textual, audiovisual, and card-index data drawn from these platforms. The theoretical framework is based on research in national corpus studies, corpus-based language teaching, inclusive linguodidactics, and the integration of digital language resources into education. The methods used include descriptive, contextual, and comparative analysis, as well as selection, classification, and linguistic-methodological modeling. The results show that the national corpus and digital resources make it possible to reveal word meaning in context, explain cultural codes, develop orthoepic and orthographic competence, improve writing, expand vocabulary, and adapt language material to learners' needs. The scientific significance of the study lies in proposing a data-based and integrated model for teaching Kazakh in inclusive education. Its practical value is connected with lesson design, the комплексive development of language skills, and the use of structured linguistic data for Kazakh-language artificial intelligence systems.

Keywords: national corpus; inclusive education; digital resource; linguistic material; subcorpus.

For citation: Shaden, G., Tumabayeva. A., Batyrkhan, B. The National Corpus of the Kazakh Language: the Linguistic Potential of its Subcorpora in the Educational Process. *Tiltanym,* 2026. No.3 (103). Pp. 246-261. (in Kazakh)

DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-3-246-261

Кіріспе

Қазіргі білім беру кеңістігі түбегейлі өзгеріп келеді. Оқыту үдерісі енді тек дәстүрлі аудиториямен шектелмей, цифрлық және виртуалды ортада жалғасатын, әртүрлі білім алушының сұранысына бейімделетін көпқабатты жүйеге айналды. Мұндай жағдайда қазақ тілін оқыту мәселесі де жаңа мазмұнға ие болды: тілді жай үйрету жеткіліксіз, оны заманауи технологиялық ортада өміршең, қолжетімді, функционалды тіл ретінде таныту қажет. Әсіресе инклюзивті білім беру жағдайында бұл талап күшейе түседі. Себебі инклюзивті орта әрбір білім алушының тілдік, танымдық, психологиялық және қабылдау ерекшеліктерін ескеретін, түсінікті де икемді ресурстарды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілін оқытуда цифрлық ресурстарды, оның ішінде жасанды интеллектке негізделген әзірлемелер мен ұлттық тілдік дерекқорларды пайдалану – уақыт талабы ғана емес, ғылыми-әдістемелік қажеттілік.

Бүгінгі таңда жасанды интеллект жүйелері білім берудің мазмұны мен әдісіне елеулі ықпал етіп отыр. Түрлі цифрлық платформалар, мәтінмен жұмыс істейтін интеллектуалды бағдарламалар, автоматты талдау және іріктеу құралдары оқыту үдерісін жеделдетіп, жекелендіруге мүмкіндік береді. Қазақ тілін оқытуда мұндай жүйелердің маңызы ерекше, өйткені олар тілдік бірліктерді іздеуге, үлгілерді салыстыруға, контекстік қолданысты көрсетуге, тапсырманы білім алушы деңгейіне бейімдеуге жол ашады. Алайда жасанды интеллектінің қазақ тілінде сапалы жұмыс істеуі тілдің цифрлық базасының қаншалықты бай әрі жүйеленгеніне тікелей байланысты. Осы жерде Қазақ тілінің ұлттық корпусының орны айрықша көрінеді. Корпус – қазақ тілінің қорын цифрлап сақтайтын база ғана емес, зерттеуші үшін эмпирикалық тілдік алаң, тілтанушының «микроскопы», ал оқытушы үшін сенімді әрі тілдік дерек көзі.

Қазақ тілінің ұлттық корпусы – тілдің қолданыс кеңістігін, мағыналық реңкін, тіркесімдік әлеуетін, стильдік қабатын және мәдени жүгін ашып көрсететін эмпирикалық алаң. Инклюзивті білім беру жағдайында мұндай ресурс ерекше маңызды, өйткені ол бір тілдік құбылысты әртүрлі мысал, әртүрлі мәтін түрі және әртүрлі қолданыс үлгісі арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде білім алушы тілдік бірлікті абстрактілі ереже ретінде емес, нақты қарым-қатынастағы тірі құбылыс ретінде қабылдайды. Бұл – тіл үйретудің әрі лингвистикалық, әрі әдістемелік тиімді жолы. Сонымен бірге ұлттық корпус қазақ тілінің цифрлық өміршеңдігін күшейтетін негізгі тетіктердің бірі ретінде жасанды интеллект жүйелерін қазақша сапалы оқытуға да тірек болады.

Инклюзивті білім беру жағдайында тіл оқытудағы басты талаптардың бірі – білім мазмұнының қолжетімді, икемді, визуалды, қайталамалы және контекске негізделген болуы. Ұлттық корпус пен онымен сабақтас цифрлық қорлар осы талаптарға жауап бере алады. Осы зерттеуде Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы *мәдени-репрезентативті ішкорпус, ауызша ішкорпус, ономастикалық ішкорпусы* және қазақ тілінің цифрлық қорлары – *Қазақ тілінің ұлттық сөздік қоры*, *TBIJAZU, Қазақ тілінің паремологиялық қоры* атты қазақ тілін оқытудың лингвистикалық-әдістемелік негіздерін айқындауға мүмкіндік беретін өзара байланысты ресурстар ретінде қарастырылады. Аталған цифрлық ресурстардың ортақ ғылыми маңызын былайша көрсетуге болады: олар қазақ тілінің лексикасын, мәдени мазмұнын, ауызша қолданысын, жалқы есімдер жүйесін, ұлттық таным мен тілдік тұлға ерекшелігін, сондай-ақ дұрыс жазу мен тұрақты тіркестерді біртұтас цифрлық ортада ұсынады. Бұл қазақ тілін оқытуда мазмұнды саралап беруге, мәдени астарды ашуға, сөйлеу мен жазу дағдыларын байланыстыра дамытуға және әртүрлі білім алушының қажеттілігіне бейімделген тапсырмалар құрастыруға жол ашады.

Зерттеу жұмысының *өзектілігін* төмендегідей себептермен негіздейміз. *Біріншіден,* ол қазақ тілін цифрлық кеңістікте жүйелі насихаттау мен оқыту қажеттігінен туындайды; *екіншіден*, инклюзивті білім беру жағдайында тілдік материалды көпарналы, түсінікті және дерекке негізделген түрде ұсынудың маңызымен байланысты; *үшіншіден,* қазіргі қазақтілді жасанды интеллект жүйелері мен цифрлық платформалардың сапасын арттыруда ұлттық корпус пен цифрлық қорлардың шешуші рөл атқаруынан көрінеді.

Бүгінде қазақ тілін оқытуда тек оқулық мәтініне сүйену жеткіліксіз, оны ұлттық корпус,

сөздік қор, жазу ресурсы және паремиялық база сияқты цифрлық дереккөздермен ұштастыру қажеттігі артып отыр. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – инклюзивті білім беру жағдайында Қазақ тілінің ұлттық корпусы мен соған сабақтас цифрлық ресурстарды қолданудың лингвистикалық-әдістемелік негіздерін айқындау, олардың қазақ тілін оқытудағы мүмкіндіктерін жүйелеу және тілдік білімді мәдени, қатысымдық әрі цифрлық тұрғыдан кешенді меңгертудегі орнын көрсету.

Материал және әдістер

Тілдік корпустарды оқыту үдерісінде пайдалану соңғы жылдары лингводидактикадағы өнімді бағыттардың біріне айналды. Зерттеулерде корпус тек электрондық мәтін жинағы ретінде емес, тілдің табиғи қолданысын көрсететін, сөздің мағынасын, тіркесімдік өрісін, стильдік реңкін, жанрлық ерекшелігін және жиілік сипатын нақты дерек арқылы ашуға мүмкіндік беретін ғылыми-әдістемелік ресурс ретінде қарастырылады. Корпусқа сүйенген оқыту тәсілі тілдік бірлікті жалаң ереже не жасанды мысал негізінде емес, шынайы мәтіндік ортада танытуға жол ашады, ал бұл өз кезегінде білім алушының тілдік құбылысты контексте қабылдауын, салыстыруын және саналы меңгеруін күшейтеді. Сондай-ақ мұндай тәсіл мұғалімнің тілдік дерекпен жұмыс істеу мәдениетін тереңдетіп, оқыту мазмұнын нақты, дәлелді және икемді құруға жағдай жасайды. Әсіресе инклюзивті білім беру жағдайында корпустың маңызы арта түседі, өйткені ол мәтіндерді деңгейлеп іріктеуге, қолданысы тұрақты үлгілерді таңдауға, сөздің мағыналық және құрылымдық қызметін әртүрлі мысал арқылы көрсетуге, білім алушыға табиғи әрі сенімді тілдік материал ұсынуға мүмкіндік береді (Фазылжанова, 2023: 465). Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық корпус пен соған сабақтас цифрлық қорларды қазақ тілін оқытудың лингвистикалық-әдістемелік негіздерін айқындайтын маңызды дереккөз ретінде қарастыру орынды.

Зерттеудің эмпирикалық базасын қазақ тілінің табиғи қолданысын, ұлттық-мәдени мазмұнын және нормативтік үлгілерін кешенді көрсетуге мүмкіндік беретін өзара сабақтас цифрлық ресурстар құрады. Негізгі материал көзі ретінде *Қазақ тілінің ұлттық корпусы* алынып, оның *ауызша ішкорпусы, мәдени-репрезентативті ішкорпусы, ономастикалық ішкорпусындағы* тілдік деректер сұрыпталып қарастырылды. Бұл қорлар арқылы сөйлеу тілі үлгілері, мәдени-танымдық мазмұн, жалқы есімдер жүйесі қатар қамтылды, сондықтан олар инклюзивті білім беру жағдайында қазақ тілін оқытуға лайық деңгейленген, мазмұны түсінікті, тілдік тұрғыдан дәйекті оқу материалын іріктеуге негіз болды. Сонымен бірге Қазақ тілінің ұлттық сөздік қоры (https://tbikartoteka.kz/), TBIJAZU платформасы (https://tbijazu.kz/) және Қазақ тілінің паремологиялық қоры (https://tbiparem.kz/) сөз мағынасын нақтылау, контекстік қолданысты көрсету, жазылымды бейімдеу, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің танымдық қызметін ашу бағытында қосымша дереккөз ретінде пайдаланылды. Осы материалдар жиынтығы қазақ тілін оқытудың лингвистикалық-әдістемелік негіздерін айқындауда тек мәтіндік қор емес, тілдік деректі іріктеуге, ықшамдауға, түсіндіруге және инклюзивті ортаға бейімдеуге мүмкіндік беретін тұтас әдістемелік база ретінде қарастырылды.

Зерттеудің теориялық іргетасы ретінде қазақ тіл білімінде корпустық лингвистика, ұлттық корпус жасаудың ғылыми-теориялық мәселелерін талдаған А. Жұбанов, Э. Сүлейменова, А. Фазылжан, А. Жаңабекова т.б. ғалымдар еңбектері, қазақ тілін оқытудың лингвистикалық-әдістемелік негізін айқындаған Ф. Оразбаева, Ж. Дәулетбекова, З. Ерназарова, Т. Ермекова, Б. Қапалбек еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдар негізге алынды.

Зерттеу жұмысында қойылған мақсатқа сай сипаттамалы, контекстік, салыстырмалы, іріктеу-сұрыптау және лингвистикалық-әдістемелік модельдеу әдістері өзара сабақтастықта қолданылды. Алдымен, Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы *мәдени-репрезентативті ішкорпус, ауызша ішкорпус, ономастикалық ішкорпусы* материалдары мазмұны, тілдік күрделілігі, қолданыс сипаты және ұлттық-мәдени жүктемесі жағынан іріктеліп, сипаттамалы және контекстік талдау негізінде қарастырылды. Салыстырмалы талдау арқылы бұл деректердің инклюзивті білім беру жағдайында қазақ тілін оқытуға қай қырымен тиімді екені, яғни ауызша қолданыс, мәдени мазмұн, жалқы есімдер жүйесі, тілдік тұлға және танымдық бірліктерді меңгертудегі мүмкіндіктері айқындалды. Сонымен бірге *Қазақ тілінің ұлттық сөздік қоры,*

TBIJAZU және *Қазақ тілінің паремологиялық қоры* қосымша цифрлық ресурс ретінде алынып, сөз мағынасын нақтылау, қолданыс үлгісін көрсету, жазылымды түзету және паремиялық бірліктердің қызметін ашу бағытында пайдаланылды.

Әдебиетке шолу

Тілдік корпустарды ашық білім беру ресурсы ретінде қарастыратын зерттеулерде олардың тіл үйретудегі дәстүрлі оқу материалынан өзгеше артықшылығы нақты көрсетіледі: корпус білім алушыға тілдік бірлікті дайын ереже не жасанды мысал арқылы емес, шынайы қолданыс, мәнмәтін, жиілік және стильдік реңк аясында танытуға мүмкіндік береді. Мұндай ұстаным тіл үйретуді дерекке негізделген, икемді және білім алушының танымдық белсенділігін арттыратын үдеріс ретінде сипаттайды. Зерттеуде корпусқа сүйенген оқыту тілдік деректі өз бетінше байқау, салыстыру, заңдылықты аңғару және қолданыс ерекшелігін түсіну дағдыларын қалыптастыратыны айқындалады. Бұл тұжырым инклюзивті білім беру жағдайында да ерекше мәнге ие, өйткені ашық цифрлық ресурс ретінде корпус әртүрлі деңгейдегі білім алушыға тілдік материалды жеке қарқынмен игеруге, нақты мысал арқылы түсінуге және оқу мазмұнын көпарналы түрде қабылдауға жағдай жасайды (Vyatkina, 2020).

Осы бағыттағы зерттеулердің келесі бір маңызды қыры тілдік корпусты тек білім алушыға арналған ресурс емес, болашақ мұғалімнің кәсіби құзыретін қалыптастыратын құрал ретінде қарастырумен байланысты. Зерттеуші Абдель Латиф еңбегінде корпус сауаттылығы мұғалім даярлығының құрамдас бөлігі ретінде сипатталып, болашақ тіл маманының тілдік деректі іздеу, іріктеу, түсіндіру және оны оқу үдерісіне бейімдеп қолдану дағдыларына тікелей ықпал ететіні көрсетіледі. Әсіресе корпуспен жұмыс істеу тәжірибесі мұғалімнің ережені дайын күйінде жеткізуші емес, тілдік құбылысты нақты дерек негізінде түсіндіретін *зерттеуші-педагог* ретіндегі ұстанымын күшейтетіні айқындалады. Зерттеу нәтижелері бастапқы кезеңде корпус құралдарын қабылдау мен оларды тұрақты практикаға енгізу арасында айырма болатынын, яғни корпус сауаттылығы арнайы әдістемелік даярлықты қажет ететінін де аңғартады. Бұл тұжырым инклюзивті білім беру жағдайында ерекше маңызды, өйткені мұғалім әртүрлі тілдік деңгейдегі білім алушыға бір материалды бірнеше қырынан, түрлі мысалмен және контекспен ұсынуға қабілетті болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық корпус пен цифрлық қорларды тиімді қолдану тек оқу материалының сапасын арттырып қана қоймай, оқытушының өзі де дерекке негізделген, бейімдеуге икемді, тілдік талдауға сүйенетін кәсіби әдістемелік мәдениетін қалыптастыруға қызмет етеді (Abdel Latif, 2021: 16).

Чех тілінің ұлттық корпусы – чех тілінің жазбаша, ауызша, тарихи және параллель деректерін жүйелі түрде жинақтап, таңбалап, іздеуге мүмкіндік беретін ірі академиялық инфрақұрылым. Ол 1994 жылдан бері чех тілін үздіксіз сипаттауға бағытталған жоба ретінде дамып, бүгінде зерттеу мен оқытуды қатар қамтамасыз ететін көпқабатты ресурсқа айналған. Корпустың осы ерекшелігі оны тіл үйретуде тек мысалдар қоймасы емес, тілдік норманы, қолданыс жиілігін, жанрлық айырманы, ауызша және жазбаша үлгілердің табиғатын нақты дерек арқылы көрсетуге мүмкіндік беретін әдістемелік тірек ретінде қарастыруға жол ашады. Сонымен бірге Чех ұлттық корпусына қарасты параллель және арнайы оқу корпустары чех тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде меңгертуде деңгейлік, мақсаттық және функционалдық тұрғыдан бейімделген оқу материалын іріктеуге қолайлы база ұсынады (Czech National Corpus, 2024: 1).

Осы бағыттағы зерттеулерде чех тіліне арналған корпустық ресурстардың лингводидактикалық әлеуеті бірнеше қырынан ашылады. Арнайы еңбектердің бірінде чех тілін шетел тілі ретінде университетте оқытуда корпусқа сүйену білім алушының тілдік құбылысты дайын ереже арқылы емес, нақты контекст, қолданыс жиілігі және мәтіндік орта арқылы тануына мүмкіндік беретіні көрсетіледі; мұнда корпуспен жұмыс лексика мен грамматиканы меңгертудің ғана емес, *тілдік байқағыштықты* дамытудың да құралы ретінде бағаланады (Zasina, 2022: 127). Оқу корпустарын құруға арналған зерттеуде деңгейлік ішкорпустардың чех тілін әр сатыда оқытылатын лексика мен сөзжасам үлгілерін сұрыптап көрсетуге мүмкіндік беретіні, яғни оқу материалының күрделілік деңгейін дәл межелеуге жағдай жасайтыны айқындалады (Válková, 2021: 637). Чех тілін шетелдіктерге үйретудегі валенттілік

құрылымдарын қарастырған жаңа зерттеу корпустық деректің грамматикалық модельді шынайы қолданыспен ұштастыруға мүмкіндік беретінін дәлелдейді, бұл әсіресе сөйлем құрау, етістік тіркесімділігін меңгеру және тілдік қателердің алдын алу үшін маңызды (Hudousková, 2026: 120). Ал чех тілін екінші тіл ретінде игерушілер корпусына қатысты жұмыстар оқушы тіліндегі қателерді, аралық тіл құбылыстарын және игеру кезеңдерін нақты дерек арқылы сипаттауға болатынын көрсетті; мұндай тәсіл оқытуда тек норманы үйретіп қана қоймай, білім алушының нақты қиындықтарын эмпирикалық негізде тануға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, чех тілінің ұлттық корпусы мен соған жалғасқан мамандандырылған оқу және үйренуші корпустары тіл оқытуды дерекке сүйенген, деңгейленген және әдістемелік тұрғыдан икемді жүйе ретінде ұйымдастырудың өнімді үлгісін ұсынады.

Орыс тілінің ұлттық корпусын оқытуда пайдалану мәселесіне арналған зерттеулерде корпус деректері тіл үйретудің қосымша материалы емес, оқу-зерттеу жұмысын ұйымдастыратын әдістемелік құрал ретінде қарастырылады. Еңбектерде корпуспен жұмыс істеу арқылы білім алушының сөздің мағынасын, көпмағыналылығын, кірме лексиканы, неологизмдерді, көнерген қолданыстарды, грамматикалық варианттарды және сөздің пайда болу уақыты мен қолданыс өрісін нақты мәтіндік дерек негізінде талдай алатыны көрсетіледі. Бұл үшін лексика-грамматикалық іздеу, семантикалық таңбаланым бойынша іздеу, мәтінді уақытына қарай сұрыптау, ішкорпус таңдау және статистикалық мәліметтерді пайдалану сияқты корпустық тетіктердің оқытудағы тиімділігі айқындалады. Зерттеудің маңызды тұсы – корпус материалының сөздікпен ұштастырыла қолданылуы: осы арқылы тілдік норма мен нақты қолданыс қатар салыстырылып, білім алушының тіл туралы түсінігі тереңдей түседі. Мұндай ұстаным инклюзивті білім беру жағдайында да мәнді, өйткені корпус тілдік құбылысты жасанды мысал арқылы емес, шынайы мәтіндік ортада көрсетуге, материалды деңгейлеп іріктеуге және білім алушының өз бетінше байқау, салыстыру, қорытынды жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді (Olkhovskaya, 2019: 100).

Тілдік корпустарды оқыту үдерісіне енгізуге арналған зерттеулер ұлттық не эталондық корпустың басты артықшылығы тілдік бірлікті жасанды мысалмен емес, табиғи қолданыс аясында танытуында екенін көрсетеді. Университеттік ағылшын тілін оқытуға арналған еңбекте British National Corpus білім алушыға сөздің тіркесімін, жиілігін және контекстік реңкін өздігінен байқауға мүмкіндік беретін өкілдік ресурс ретінде сипатталады, соның нәтижесінде тілдік дерекпен жұмыс істеу дағдысы күшейеді (Bober, 2021: 181). Бұл тұжырым инклюзивті білім беру жағдайында да мәнді, өйткені корпус материалы оқу мазмұнын сұрыптауға, тілдік құбылысты нақты контексте көрсетуге және әртүрлі деңгейдегі білім алушыға түсінікті тілдік орта ұсынуға жағдай жасайды. Сондықтан Қазақ тілінің ұлттық корпусын да оқытуда жай мәтін қоры емес, тілдік деректі құрылымдап, меңгертуді жеңілдететін *лингвистикалық-әдістемелік ресурс* ретінде қарастыруға болады.

Инклюзивті тіл оқытуға арналған қазіргі еңбектер де осы бағытты нақтылай түседі. Жоғары білімдегі академиялық тілді оқыту тәжірибесін талдаған зерттеуде оқу мазмұнын бейімдеу, саралап оқыту және мәдени сезімтал әдістер инклюзивтіліктің негізгі шарттары ретінде көрсетіледі (Bakogiannis, 2025: 105). Қосымша тілдерді меңгертудегі ерекшеліктерге арналған шолу еңбекте көпарналы түсіндіру, дараланған қолдау және қабылдау ерекшелігіне сай оқыту тәсілдерінің маңызы айқындалады (Kormos, 2026: 140). Осы еңбектердің барлығы ұлттық корпус пен цифрлық қорларды инклюзивті ортада қазақ тілін оқытуға бейімделген, деңгейленген және мәдени мазмұны айқын тілдік ресурс ретінде пайдаланудың ғылыми негізі бар екенін аңғартады.

Әлемдік корпустық лингвистиканың қазіргі даму үрдісі ұлттық тілдің толық мәтіндік қорын арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастыруды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ мәтіндерінің стильдік, құрылымдық, мағыналық, қызметтік және өзге де қырларын айқындау – өзекті ғылыми мәселелердің бірі. Сондықтан қазақ тіліндегі автоматтандырылған мәтіндер корпусын және оның сандық базасын құру тек теориялық емес, ғылыми-қолданбалы жағынан да айрықша маңызды міндет болып табылады (Жұбанов, 2016: 16). Бұл тұжырым ұлттық корпустың тек тілдік деректі жинақтайтын база емес, қазақ тілін зерттеуге, жүйелеуге және

оқытуға қызмет ететін кешенді *ғылыми ресурс* екенін аңғартады.

Қазақ тілінің ұлттық корпусы бүгінгі қазақ тілін цифрлық кеңістікте орнықтырудың, ғылыми тұрғыдан сипаттаудың және оқыту мазмұнын дерекке негіздеп құрудың негізгі инфрақұрылымдарының біріне айналып отыр. Бұл ресурс қазақ тіліндегі мәтіндерді жай жинақтап қана қоймай, оларды ішкорпустар мен іздеу құралдары арқылы құрылымдап, сөздің мағынасы, қолданысы, грамматикалық түрленімі мен контекстік қызметін нақты көрсетуге мүмкіндік береді; қазіргі ресми сайтта оның негізгі, ауызша, мәдени-репрезентативті, ономастикалық, Ахмет Байтұрсынұлы ішкорпусы сияқты көптеген ішкорпустар мен *tbikartoteka, tbijazu, tbiparem* тәрізді оқу мен талдауға пайдалы цифрлық құралдары бірге ұсынылған. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық корпус қазақ тілінің ғылыми базасын күшейтетін, түпнұсқа мәтіндерді цифрландыру мен тілтанымдық таңбаланымды жеделдететін және қазақша жасанды интеллект жүйелерін сапалы тілдік дерекпен қамтамасыз ететін стратегиялық қор ретінде бағаланады (Fazylzhanova and et, 2025: 170).

Отандық тілтанымда қазақ тілін оқыту мәселесі әртүрлі қырынан қарастырылып жүргенімен, оны оқу мақсаты мен тілдік мазмұнына қарай жүйелі түрде саралау әлі де маңызды. Осы тұрғыдан қазақ тілін оқытуды шартты түрде екі ірі арнада түсіндіруге болады: біріншісі – күнделікті қатысымға, түсіну мен тілдік әрекетке бағытталған *қатысымдық бағдар,* екіншісі – тілдің ғылыми, танымдық және академиялық қызметін меңгертетін *мазмұндық-танымдық бағдар*. Қазіргі тәжірибеде осы екі арнаның шекарасы әрдайым нақты айқындала бермейтіндіктен, тілдік деңгейлердің сабақтастығы әлсіреп, белгілі бір сатыда меңгерілуге тиіс қарапайым үлгілер кейінгі кезеңдерде қайта-қайта қайталанып отырады. Соның салдарынан қазақ тілі білім алушының жасына, даярлық деңгейіне және оқу мақсатына қарай біртіндеп тереңдейтін тұтас жүйе ретінде емес, үзік-үзік қайталанатын пән ретінде қабылдануы мүмкін (Ермекова, 2024: 1).

Инклюзивті білім беру жағдайында бұл мәселе тіпті өзекті, өйткені мұнда бір жағынан тілдің қолданыстық және қатысымдық үлгілерін баршаға түсінікті түрде ұсыну қажет болса, екінші жағынан Қазақ тілінің ұлттық корпусы мен соған сабақтас цифрлық қорлар негізінде оның танымдық, мәдени және академиялық әлеуетін сатылай дамыту маңызды. Сондықтан қазақ тілін оқыту мазмұнын деңгейлеп, мақсатқа сай саралау және оны шынайы тілдік дерекпен ұштастыру осы зерттеудің негізгі әдіснамалық ұстанымдарының бірі болып саналады.

Отандық әдістемелік ойда қазақ тілі пәні мемлекеттік тілді меңгертудің өзегі ретінде қарастырылып, оның мақсаты тек тілдік білім берумен шектелмей, білім алушыны дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға, тілдік құбылысты саналы тануға және тіл арқылы ұлттық дүниетанымды игеруге бағытталатыны атап көрсетіледі (Дәулетбекова, 2024: 4). Осы ұстанымға сәйкес тілдің барлық деңгейлері сөйлеу, жазу, түсіну және талдау әрекетімен сабақтастықта меңгерілгенде ғана нәтижелі болады. Бұл қағида инклюзивті білім беру жағдайында Қазақ тілінің ұлттық корпусын қолдануға тікелей қатысты, өйткені корпус пен цифрлық қорлар мәтінді жасанды емес, табиғи қолданыс аясында танытып, білім алушының деңгейіне қарай іріктелген тілдік материал ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге қазақ тілін оқыту мазмұны ұлттық құндылықтармен, мәдени ұғымдармен, дүниетанымдық тіректермен байланыста берілуі тиіс деген бағыт та барған сайын айқындала түсуде (Ерназарова, 2018: 202). Бұл ретте тіл тек қатынас құралы емес, білім алушының танымын, мәдени бағдарын, жауапкершілік сезімін және ойлау дағдысын қалыптастыратын рухани-танымдық кеңістік ретінде танылады (Қапалбек, 2023: 184). Сондықтан инклюзивті ортада Қазақ тілінің ұлттық корпусын және онымен сабақтас цифрлық ресурстарды қолдану тілдік дағдыны қалыптастырумен қатар, білім мазмұнын құндылықтық, мәдени және танымдық тұрғыдан байытып, қазақ тілін оқытудың лингвистикалық-әдістемелік негіздерін тереңдете түсетін маңызды бағыт болып табылады.

Нәтижелер және талқылау

Ономастикалық ішкорпус – жалқы есімдерді жинақтап, жүйелеп, цифрлық форматта ұсынатын арнайы тілдік ресурс. Бұл ішкорпус арқылы жер-су атауларының мәтіндегі қолданыс ерекшелігін, уақыт өте өзгеруін, кездесу жиілігін және қызметтік өрісін айқындауға болады. Сонымен бірге тілдегі топоним, антропоним және өзге де оним түрлері бір жүйеге түсіріліп,

олардың қорын қалыптастыруға мүмкіндік туады. Ішкорпустағы ономастикалық бірліктер арнайы лингвистикалық ақпаратпен қамтылып, мәтіндер метабелгіленім негізінде берілетіндіктен, оларды ғылыми тұрғыдан талдау да, оқыту мақсатында іріктеу де жеңілдейді.

Ономастикалық ішкорпустың негізгі мақсаты – қазақ тіліндегі топонимдерді, антропонимдерді және басқа да оним түрлерін жинақтап, оларды географиялық, мәдени-семантикалық және сөзжасамдық белгілермен сипаттау. Мұндай жүйелеу жалқы есімдердің тек атау қызметін емес, олардың ұлттық танымменен, кеңістікпен, мәдени жадпен және тарихи қолданыспен байланысын да ашуға жағдай жасайды. Қазіргі уақытта Қазақ тілінің ұлттық корпусының ономастикалық ішкорпусында 3 мыңға жуық оним түрі мен 15 000 000 сөзқолданыстан тұратын мәтіндер базасы жинақталған (Рысберген, 2023: 147). Бұл қор оны қазақ тілін оқытуда, әсіресе тілдік бірліктің мәдени және танымдық мазмұнын танытуда құнды эмпирикалық әрі әдістемелік ресурс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Ономастикалық ішкорпус материалдары қазақ антропонимдерінің тек атауыштық қызметпен шектелмейтінін, олардың этностың шаруашылық тәжірибесін, наным-сенімін, ырымдық ойлауын және мәдени жадын бойына сіңірген күрделі тілдік бірліктер екенін айқын көрсетеді. Мәселен, халықтық антропонимдер құрамында *Жылқыбай, Қойлыбай, Қойшыбай, Түйебай, Қошқарбай, Қозыбай, Қозыбақ* тәрізді есімдердің ұшырасуы қазақ қоғамындағы мал шаруашылығының өмір салтымен, ырыс-несібе түсінігімен және баланың болашағына қатысты игі тілекпен тікелей байланысты. Мұндай есімдер кездейсоқ қойылмайды: *бие құлындап, түйе боталап, қой қоздап жатқан кезде туған нәрестенің ырысы мен ризығы мол болсын* деген ырыммен ат беріледі. Сол сияқты қошқарға күйек байлау, оны шешу, малдың көбеюіне қатысты айтылатын «сідігің алтын, сүргенің саулық болсын» тәрізді ырымдық сөздер де антропонимдер уәжінің шаруашылық-мәдени негізін аңғартады. Осы деректер ономастикалық ішкорпуста жалқы есімнің артында тұтас этномәдени ақпарат қабаты сақталатынын дәлелдейді.

Бұл құбылыстың қазақ тілін оқытудағы лингвистикалық-әдістемелік маңызы да ерекше. Инклюзивті білім беру жағдайында ономастикалық ішкорпус деректерін пайдалану арқылы білім алушы кісі есімін тек тілдік форма ретінде емес, оның мәдени-семантикалық уәжін, сөзжасамдық құрылымын, ұлттық дүниетаныммен байланысын қатар тани алады. Мысалы, *Қошқарбай* не *Қозыбай* тәрізді есімдерді талдау барысында оқушы қазақ тіліндегі антропонимжасам үлгілерін меңгерумен бірге, дәстүрлі мал шаруашылығының қазақ өміріндегі орнын, ырым мен ат қоюдың өзара байланысын да түсінеді. Осы тұрғыдан алғанда, ономастикалық ішкорпус қазақ тілін оқытуда тек жалқы есімдер тізбесін ұсынатын қор емес, тілдік бірліктің артындағы ұлттық мәдени мазмұнды ашуға мүмкіндік беретін, сөз мағынасы мен халықтық білімді сабақтастыра танытатын құнды әдістемелік ресурс болып табылады.

Бүгінгі тілдік санада *Ақбай, Қарабай, Байқара, Ағыбай* тәрізді есімдердің бастапқы уәжі көмескіленіп кеткенімен, олардың мазмұн құрылымында көшпелі мал шаруашылығына қатысты терең танымдық ақпарат сақталған. Қазақтың байырғы сөздік қорында жылқы түлігі кей жағдайда *ақ мал* деп аталғаны белгілі. Оның себебі жылқының өзге түліктен бөлек өрістеуімен, жейтін шөбінің сипатына байланысты түсіндіріледі: малшы қауым жылқы оттайтын шөпті *ақ от*, кейде *боз от* деп атаған. Бетеге, тарлау, ебелек сияқты шөп атаулары да осы ұғым өрісімен сабақтас. Демек, *Ақбай, Ағыбай* есімдеріндегі *ақ* компоненті тек түс атауы емес, жылқы түлігімен, соған байланысты ырыс-дәулетпен байланысқан мәдени таңба ретінде көрінеді. Ал *Ақмырза, Баймырза, Жақсыбай, Мырзаберген, Жомарт* сияқты есімдерде мал шаруашылығына қатысты емес, отбасылық және қоғамдық ортада жоғары бағаланатын ізгілік, мәрттік, жомарттық тәрізді этикалық мазмұн кодталған (Уәли, 2023: 218).

Сол сияқты *Қарабай, Байқара* тәрізді антропонимдердегі қара компоненті де жай ғана түсті білдірмейді. Халықтық танымда түйе, сиыр, қой-ешкі сияқты күйіс қайыратын түліктер қара мал атауымен топтастырылған. Осыған байланысты мұндай есімдердегі *қара* байлықтың, мал иелігінің, әсіресе түйелі, қойлы дәулетті ортаның белгісі ретінде жұмсалған деп түсіндіріледі. Яғни *Қарабай, Байқара* атауларындағы компоненттер шаруашылық тәжірибеге негізделген антропонимдік «синонимдер» ретінде қарастырылады.

Инклюзивті білім беру жағдайында ономастикалық ішкорпус деректерін пайдалану арқылы

оқушы кісі есімін тек формалық жағынан емес, оның уәжін, мәдени астарын, сөзжасамдық құрылымын және ұлттық танымменбайланысын қатар түсінеді. Мысалы, *Ақбай* не *Қарабай* есімдерін талдау барысында білім алушы бір жағынан түбір мен компоненттердің мағынасын, екінші жағынан қазақтың төрт түлікке қатысты жіктеу жүйесін, малға байланысты қалыптасқан бағалау өлшемдерін меңгереді. Бұл тәсіл жалқы есімдерді оқытуды жандандырып қана қоймай, тілдік материалды ұлттық мәдени біліммен ұштастырады, оқушының сөздің ішкі мағынасына үңілу дағдысын дамытады.

Ономастикалық ішкорпустағы *жер-су атауларының* мәдени семантикасын оқыту инклюзивті білім беру жағдайында ерекше мазмұнды әрі танымдық тұрғыдан тартымды бағыт, өйткені мұндай атаулар арқылы оқушы бір мезетте тілдік бірліктің құрылымын, тарихи жадты, халықтық танымды және кеңістік туралы ұлттық түсінікті қатар меңгереді. Мәселен, *Бетпақдала* атауының өзі жай географиялық нысан атауы емес, бірнеше қабаттан тұратын мәдени-тілдік ақпаратты сақтап тұрған күрделі топоним. Бір жағынан, ол нақты табиғи кеңістікті – аумағы аса үлкен, сазды, кейде құмды, сортаң шөл алқабын білдіреді; екінші жағынан, оның атауында табиғаттың қаталдығы, тіршілікке қолайсыздық, кеңістіктің үрейлі сипаты тілдік таңбаға айналған. Қазақ әдеби тілінде *бетпақ* сөзі «оңбаған, бетсіз, арсыз» мағынасында қолданылатыны белгілі, алайда бұл мағына топонимнің бастапқы уәжін толық ашпайды. Тілтанымдық тұрғыдан қарастырғанда, бұл атаудың түбірінде иран тілдеріндегі *бад* – «жаман, ауыр, қасірет», *бахт* – «бақ, тағдыр» компоненттері жатқанын көрсететін пікір бар, яғни *бадбахт* тұлғасының бір мағынасы «бақытсыз, сорлы» ұғымымен сабақтасып, кейін түркілік *дала* сөзімен бірігіп, «қатал, бақытсыз дала» деген семантикалық негіз жасаған деп түсіндіріледі. Сонымен қатар халық жадында сақталған аңызда бұл кеңістіктің атауы жоңғар жасақтарының шөл мен аштықтан қырылу оқиғасымен байланыстырылып, «өзі құмды, өзі жазық, өзі бетпақ» деген сипаттамадан туындағаны айтылады.

Демек, *Бетпақдала* топонимінің мәдени семантикасы табиғи кеңістіктің физикалық сипатын ғана емес, тарихи тәжірибені, халықтық бағалауды, қорқыныш пен қаталдық туралы ұжымдық жадыны да жинақтап тұр. Мұндай материалды ономастикалық ішкорпус арқылы қазақ тілі сабағында пайдалану оқушыға топонимді жай атау ретінде емес, мағынасы бар мәдени мәтін ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Әсіресе инклюзивті ортада бұл тәсіл тілдік деректі қызықты, көрнекі, тарихи-аңыздық және түсіндірмелі қырынан ұсынуға жол ашып, сөздің ішкі уәжін тану, ұлттық дүниетанымды түсіну және мәтінмен саналы жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

Мәдени-репрезентативті ішкорпус инклюзивті білім беру жағдайында қазақ тілін оқытудың мазмұндық және танымдық негізін күшейтетін маңызды ресурс болып табылады. Оның басты ерекшелігі – тілдік бірлікті оқшау сөз не ереже күйінде емес, ұлттық мәдени тәжірибемен, тұрмыс-салтпен, құндылықтық мазмұнмен және шынайы мәтіндік ортамен сабақтастықта ұсынуында. Осы ішкорпус құрамында қазақ халқының салт-дәстүріне, ұлттық тағамына, киім-кешегіне, қолөнеріне, этнографиялық атауларына, мәдени реалийлеріне қатысты мәтіндер мен бейнематериалдар жүйеленіп берілетіндіктен, тіл үйренуші белгілі бір бірліктің тек атауын ғана емес, оның қандай ортада, қандай қызметте, қандай мәдени мәнмен қолданылатынын да қатар түсінеді. Мәдени-репрезентативті ішкорпус қазақ тілін оқытуда лексикалық мағынаны, мәдени семантиканы және қатысымдық қызметті бір арнада танытатын лингвистикалық база қызметін атқарады (Өтебаева, 2025: 90).

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, бұл ішкорпус мәтіндік, дыбыстық және визуалды деректі ұштастыру арқылы оқу мазмұнын икемді құруға жол ашады. Мұғалім белгілі бір тақырыпты алдымен бейне не қысқа мәтін арқылы таныстырып, кейін соған сүйенген сөздік жұмысын, түсіндірмені, тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым тапсырмаларын деңгейлеп ұсына алады. Мұндай жұмыс түрі білім алушының әлеуметтік-мәдени құзыретін де, коммуникативтік дағдысын да қатар дамытады: оқушы этномәдени ұғымды таниды, оны сипаттайды, салыстырады, сұрақ қояды, өз ойын білдіреді. Сонымен бірге цифрлық іздеу мүмкіндігі оқу материалын жедел іріктеуге, білім алушының қызығушылығы мен дайындық деңгейіне сәйкес бейімдеуге жағдай жасайды. Сондықтан мәдени-репрезентативті ішкорпус қазақ тілін

инклюзивті ортада оқытудың лингвистикалық-әдістемелік негіздерін айқындауда тек қосымша қор емес, мәдени мазмұнды тілдік әрекетке айналдыратын, мәтінді түсінуді жеңілдететін және ұлттық дүниетанымды меңгертетін тұтас оқу ресурсы ретінде қарастырылады.

Мәселен, мәдени-репрезентативті ішкорпустағы «аманат» ұғымын талдау қазақ тілін инклюзивті ортада оқытудың лингвистикалық-әдістемелік мүмкіндігін айқын көрсетеді, өйткені бұл бірлік арқылы оқушы сөздің тек лексикалық мағынасын емес, оның артындағы ұлттық дүниетанымды, моральдық-этикалық мазмұнды және қатысымдық қызметін қатар меңгереді. Ішкорпуста *аманат* «біреудің сеніп тапсырған заты, дүниесі, міндеті» деген тұрмыстық мәнмен ғана шектелмей, *сенім, жауапкершілік, адалдық, уәдеге беріктік* сияқты іргелі құндылықтарды жинақтайтын мәдени-символдық ұғым ретінде сипатталады. Осы арқылы білім алушы қазақ тіліндегі этикалық лексиканың мағыналық тереңдігін, сөздің мәдени семантикасын және оның ұлттық мінез-құлық нормаларымен байланысын түсінеді. Мұндай материал инклюзивті білім беру жағдайында тиімді, себебі оқушы ұғымды мәтін арқылы оқып қана қоймай, оның *суретін* және *бейнежазбасын* да көре алады. Бұл өз кезегінде көру, тыңдау және мәтін арқылы қатар қабылдауға мүмкіндік беріп, сөз мағынасын есте сақтауды жеңілдетеді.



Сурет 1 – «Аманат» ұғымының лексикалық әрі мәдени-семантикалық мағынасы
Рисунок 1 – Лексическое и культурно-семантическое значение понятия «Аманат»
Figure 1 – The Lexical and Cultural-Semantic Meaning of the Concept «Amanat»

Сөйлеу тілінің табиғи үлгілерін жүйелі түрде ұсынатын *ауызша ішкорпус* қазақ тілін оқытуда ерекше құнды ресурс саналады. Онда тілдік бірлік жазба нұсқамен ғана шектелмей, нақты дыбысталымы, екпін-интонациясы және сөйлеу ырғағымен бірге беріледі. Соның нәтижесінде білім алушы сөзді көзбен оқып қана қоймай, құлақпен тыңдап, оның айтылу ерекшелігін, әуездік өрнегін, сөйлеу қарқынын және мағыналық реңкін қатар қабылдайды. Мұндай мүмкіндік әсіресе инклюзивті ортада маңызды, себебі әр білім алушының қабылдау арнасы әртүрлі болады: біреуі тыңдалым арқылы жақсы меңгерсе, енді біреуі мәтін мен дыбысты қатар ұштастырғанда ғана тілдік бірлікті толық түсінеді. Сондықтан ауызша ішкорпус қазақ тілін оқытуда орфоэпиялық норманы, айтылым мәдениетін және табиғи сөйлеу үлгілерін меңгертетін сенімді тілдік негіз болып табылады.

Әдістемелік жағынан алғанда, ауызша ішкорпус бір материал аясында тыңдалым, оқылым,

айтылым және талдау әрекеттерін өзара байланыста ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұғалім белгілі бір сөзді, тіркесті не сөйлеу үлгісін алдымен тыңдатып, кейін мәтіндік нұсқасымен салыстырып, содан соң дұрыс айтылымға қатысты тапсырмалар құра алады. Бұл тәсіл сөйлеу нормасын саналы меңгертуге, дыбыстық айырмашылықтарды аңғаруға, интонациялық үлгіні сезінуге және өз ойын дұрыс жеткізуге жаттықтырады. Сонымен бірге ішкорпус материалдарын шағын бөліктерге жіктеп беру, тірек сөздерді бөліп көрсету, қайталап тыңдату, салыстыру және мәнерлеп айтуға негізделген жұмыс түрлері білім алушының деңгейіне қарай оқу мазмұнын бейімдеуге жол ашады.



Сурет 2 – «Гаухартас» фильмінен үзінді
Рисунок 2 – Фрагмент из фильма «Гаухартас»
Figure 2 – An Excerpt from the Film «Gaukhar Tas»

Мысал ретінде ауызша ішкорпуста берілген «Гауһартас» фильмінен алынған диалог инклюзивті білім беру жағдайында қазақ тілін оқытудың лингвистикалық-әдістемелік мүмкіндігін өте айқын көрсетеді. Суреттен көрініп тұрғандай, бір ғана материал аясында білім алушы бейнежазбаны көре алады, оның орфографиялық мәтінін оқиды, сөйлеуші орфоэпиясын тыңдайды және оны әдеби орфоэпиялық нормамен салыстырады. Бұл қазақ тілін тек мәтін арқылы емес, табиғи айтылыммен бірге меңгертуге жол ашады. Оқушы сөздің қалай жазылатынын ғана емес, оның нақты сөйлеуде қалай дыбысталатынын, қай жерде ықшамдалатынын, интонация мен екпіннің қалай берілетінін аңғарады. Мысалы, диалогтегі қарапайым ауызекі сөйлеу үлгілері – сұрау, жауап, келіспеу, ұсыныс айту, эмоциялық реңк білдіру – табиғи қалпында ұсынылғандықтан, білім алушы қазақ тілінің шынайы қолданысын қабылдайды. Бұл әсіресе инклюзивті орта үшін маңызды, өйткені әртүрлі қабылдау арнасы бар оқушыға бір материалды көру, тыңдау, оқу және салыстыру арқылы игеруге мүмкіндік беріледі.



Сурет 3 – Сұхбат бөлімінің ішкорпустағы көрінісі
Рисунок 3 – Представление раздела Интервью во внутреннем корпусе
Figure 3 – Representation of the Interview Section in the Subcorpus

Ауызша ішкорпустың сұхбат бөлімі де қазақ тілін инклюзивті ортада оқытудың мазмұнын тереңдете түседі, өйткені мұнда білім алушы елге белгілі тұлғаның табиғи сөйлеу үлгісін тыңдай отырып, оның *сөзсаптамын, орфоэпиялық ерекшелігін, интонациялық өрнегін* және *әдеби нормаға сәйкестігін* қатар талдай алады. Суреттен көрініп тұрғандай, бір материал аясында сөйлеушінің бейнежазбасы, сөздің орфографиясы, сөйлеуші орфоэпиясы және әдеби орфоэпиялық норма қатар берілген, сондықтан оқушы нақты айтылымды нормадағы үлгімен салыстырып, ауызша сөздің құрылымын саналы түрде меңгереді. Нәтижесінде қазақ тілін оқыту тек мәтінді түсінумен шектелмей, сөздің дұрыс дыбысталуын, сөйлеу мәдениетін, шешендік мәнерін және ғылыми-танымдық мазмұнын тұтас игеруге бағытталады (Ұлттық корпус, 2026).

Қазақ тілінің *ұлттық сөздік қорының* цифрлық картотекалық базасы – инклюзивті білім беру жағдайында қазақ тілін оқытудың мазмұнын нақты дерекпен байытатын маңызды ресурс. Бұрын ғылыми айналым шеңберінде ғана пайдаланылған картотекалық қордың цифрлық форматқа көшіріліп, *tbikartoteka.kz* платформасы арқылы ашық қолжетімді болуы қазақ тілін оқыту әдістемесіне жаңа серпін берді. Бұл қордың басты артықшылығы – сөзді тек дайын анықтама күйінде емес, оның нақты мәтіндік ортадағы қызметімен, қолданыс реңкімен, тіркесім өрісімен және мағыналық құбылуымен бірге көрсетуінде. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық сөздік қор қазақ тілін оқытуда тілдік бірлікті оқшау ереже ретінде емес, өмір сүретін контексте тануға мүмкіндік береді. Инклюзивті орта жағдайында білім алушы сөз мағынасын қысқа анықтамадан ғана емес, әр алуан қолданыс үлгілері арқылы тереңірек түсінеді.

Әдістемелік жағынан бұл ресурс оқытушыға оқу материалын білім алушының жасына, тілдік даярлығына және қабылдау ерекшелігіне қарай саралап ұсынуға жол ашады. Картотекалық қорда XX ғасырдың қырқыншы жылдарынан бастап жинақталған деректер сақталғандықтан, бір сөздің әр кезеңдегі қолданысын, стильдік реңкін, мағыналық аясын және контекстік өзгерісін салыстырып көрсетуге болады. Мұғалім осындай материалдар негізінде бір сөзге байланысты бірнеше ықшам контекст таңдап, оны түсіндірме, тірек сөз, визуалды немесе ауызша қолдаумен толықтыра алады. Нәтижесінде білім алушының сөздік қоры кеңейіп қана

қоймай, сөз мағынасының жағдаятқа қарай түрленетінін, тілдік қолданыстың үнемі контекспен байланысты екенін саналы түрде ұғынады.

Сурет 4 – «Бас» сөзінің контекстегі қолданысы
Рисунок 4 – Контекстуальное употребление слова «бас»
Figure 4 – The Contextual Use of the Word «Bas»

Суреттегі картотекалық материалдар *бас* сөзінің қазақ мәтініндегі қолданысын айқын көрсетеді. Бұл бірлік тек дене мүшесінің атауы ретінде емес, әртүрлі мәтіндік ортада ауыспалы, туынды және тіркесімдік мағыналарға ие көпқабатты лексема ретінде көрінеді. Қима қағаздардан *бас* сөзінің бірде тура мағынада, бірде *адам, жетекшілік, бастау, алдыңғы бөлік, даралық белгі, әрекеттің басталуы* сияқты ұғымдық реңктерді білдіретіні байқалады, яғни сөздің семантикалық өрісі нақты контекст арқылы ашылады. Мұндай картотекалық дерек лексема мағынасын сөздік анықтамамен шектемей, оның әр кезеңдегі, әр стильдегі және әр жағдаяттағы қолданысын салыстыруға мүмкіндік береді. Лингвистикалық тұрғыдан бұл – полисемияны, тіркесім қабілетін, семантикалық дамуды және сөздің функционалдық белсенділігін танудың сенімді жолы. Әдістемелік жағынан алғанда, осындай мысалдар білім алушыға сөздің мағынасы контекске тәуелді өзгеретінін, бір лексеманың әртүрлі мәтінде әрқилы қызмет атқаратынын нақты дәлелмен түсіндіруге көмектеседі. Сондықтан ұлттық картотекалық қор қазақ тілін дерекке сүйеніп, сапалы әрі терең оқытудың маңызды құралы бола алады.

Қазақ тілін инклюзивті білім беру жағдайында оқытуда тиімді пайдалануға болатын цифрлық ресурстардың бірі – *TBIJAZU* ақылды мәтінтүзеткіші. Оның құндылығы мәтінді жай техникалық тұрғыдан түзетіп берумен шектелмей, жазылым дағдысын қалыптастыруға бағытталған үйретуші құрал қызметін атқаруынан көрінеді. Жүйе қазақ тілінің табиғатына бейімделген көлемді тілдік дерекке сүйене отырып, орфографиялық, грамматикалық, пунктуациялық, стильдік және техникалық қателерді анықтап, олардың дұрыс нұсқасын ұсынады. Мұндай мүмкіндік әртүрлі даярлық деңгейіндегі білім алушыға өз мәтініндегі қатені бірден байқап, оны түзетудің жолын көруге жағдай жасайды. Соның нәтижесінде оқушы дайын үлгіні жай қабылдамай, өз жазбасын қайта қарап, салыстырып, өңдеу арқылы жазылым мәдениетін біртіндеп меңгереді.

Әдістемелік тұрғыдан *TBIJAZU* мұғалім мен білім алушы арасындағы кері байланысты жеделдетіп, қате түрлерін жүйелеуге және жазылым жұмысын кезең-кезеңімен ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұғалім осы құрал арқылы сыныпта жиі ұшырайтын қателерді топтап, соған

негізделген мақсатты жаттығулар құра алады, ал білім алушы өз мәтінін бірнеше рет тексеріп, дұрыс нұсқаны саналы түрде бекітеді. Бұл тәсіл әсіресе оқу қарқыны мен қабылдау ерекшелігі әртүрлі оқушылармен жұмыс істегенде қолайлы, өйткені мәтінді түзету үдерісі жекеленген сипат алады. Сондықтан *TBIJAZU* қазақ тілін оқытудың лингвистикалық-әдістемелік негіздерін айқындауда қосымша сервис қана емес, жазылым нормасын меңгертетін, тілдік қатені түсіндіретін және білім алушының өз мәтінімен саналы жұмыс істеуіне көмектесетін әдістемелік құрал болады.

Қазақ тілін инклюзивті білім беру жағдайында оқытудың мазмұнын тереңдететін келесі цифрлық ресурс – *қазақ тілінің паремиологиялық қоры*. Мысалы, *қамшы* сөзі бойынша іздеу жүргізгенде оқушы осы сөз қатысқан фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді және олардың этномәдени семантикасын бір жерден көре алады; соның нәтижесінде сөздің тек атаулық мағынасы емес, оның қазақ дүниетанымындағы қызметі, бағалауыштық реңкі, бейнелілік қуаты және мәдени жүктемесі ашылады. Мұндай жүйе тілдік бірліктің контекстік өрісін кеңейтіп, сөздің қандай жағдаятта, қандай мағынада, қандай астармен жұмсалатынын түсінуге көмектеседі. Әдістемелік тұрғыдан бұл қордың артықшылығы – мұғалімге бір сөздің айналасындағы әртүрлі тілдік материалды шашыратпай, кешенді түрде ұсынуға мүмкіндік беруінде, ал білім алушы үшін сөз байлығын молайтуға, көркем әрі дәл сөйлеуге, астарлы мағынаны тануға, ұлттық мәдени кодты түсінуге жағдай жасауында. Әсіресе инклюзивті ортада білім алушы бір сөзге қатысты бірнеше қысқа, мағыналық жағынан айқын, салыстыруға ыңғайлы үлгіні қатар көріп, оларды деңгейіне қарай меңгере алады.

Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелерді былайша жүйелеуге болады: Қазақ тілінің ұлттық корпусы мен соған сабақтас цифрлық ресурстарды талдау инклюзивті білім беру жағдайында қазақ тілін оқытудың лингвистикалық-әдістемелік негізі табиғи тілдік дерекке, мәдени мазмұнға, дыбыстық үлгіге және жедел цифрлық кері байланысқа сүйенгенде ғана нәтижелі болатынын көрсетті. Атап айтқанда, *ономастикалық ішкорпус* жалқы есімдердің артындағы этномәдени уәжді, тарихи жад пен ұлттық дүниетанымды таныту арқылы сөздің мәдени-семантикалық табиғатын ашуға мүмкіндік беретіні анықталды; *мәдени-репрезентативті ішкорпус* этнографиялық, құндылықтық және танымдық мазмұнды шынайы мәтіндік ортада ұсына отырып, тілдік бірлікті мәдени контекспен бірге меңгертудің тиімді құралы екені айқындалды; *ауызша ішкорпус* орфоэпиялық норма, табиғи дыбысталым, интонация мен сөйлеу қарқынын қатар көрсету арқылы тыңдалым, айтылым және оқылым әрекеттерін бір арнада ұйымдастыруға болатынын дәлелдеді. Ал *TBIJAZU* ақылды мәтінтүзеткіші жазылымды үйретуде қате түрлерін жедел анықтап, дұрыс нұсқаны ұсыну арқылы білім алушының өз мәтінін саналы түзету дағдысын қалыптастыратыны анықталды. *Қазақ тілінің ұлттық сөздік қоры* сөздің контекстегі өмірін, мағыналық реңкін, тіркесім өрісін және стильдік құбылуын нақты дерекпен көрсету арқылы лексикалық жұмысты тереңдетуге жағдай жасайтыны анықталса, *қазақ тілінің паремиологиялық қоры* бір сөзге қатысты фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді және этномәдени семантиканы тұтас ұсыну арқылы оқушының сөз байлығын, бейнелі ойлауын және көркем сөйлеуін дамытуға мүмкіндік беретіні байқалды. Осылайша, зерттеу нәтижелері ұлттық корпус пен цифрлық қорларды кешенді пайдалану қазақ тілін инклюзивті ортада деңгейлеп, мәдени мазмұнмен байытып, тілдік дағдыларды табиғи дерек негізінде қалыптастыратын өнімді лингвистикалық-әдістемелік модель ұсынатынын дәлелдеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Қазақ тілінің ұлттық корпусы және соған сабақтас цифрлық қорлар инклюзивті білім беру жағдайында қазақ тілін оқытудың мазмұнын жаңаша ұйымдастыруға мүмкіндік беретін кешенді лингвистикалық-әдістемелік негіз екені айқындалды. Бұл ресурстар тілдік бірлікті жеке-дара ереже күйінде емес, табиғи қолданысымен, мәдени семантикасымен, дыбыстық үлгісімен, орфографиялық нормасымен және контекстік қызметімен бірге ұсынады. Соның нәтижесінде қазақ тілін оқыту үдерісі түсіндіру мен жаттатуға ғана емес, шынайы тілдік дерекке сүйенген талдауға, салыстыруға, бейімдеуге және саналы меңгеруге негізделеді. Ономастикалық, мәдени-репрезентативті, ауызша ішкорпустар, ұлттық сөздік қор, паремиологиялық қор және TBIJAZU тәрізді цифрлық ресурстарды өзара сабақтастыра

пайдалану инклюзивті ортада оқу материалын деңгейлеуге, білім алушының қабылдау ерекшелігін ескеруге және тілдік дағдыларды кешенді қалыптастыруға жол ашады.

Сонымен бірге ұлттық корпус пен цифрлық қорлардың маңызы білім беру шеңберімен шектелмейді. Олар қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі өміршеңдігін күшейтіп, жасанды интеллект жүйелерін, соның ішінде QazLLM сияқты ұлттық үлкен тілдік модельдерді сапалы тілдік дерекпен қамтамасыз ете алатын стратегиялық база қызметін атқарады. Тілдік модельдердің дәлдігі, стильдік сезімталдығы, ұлттық-мәдени бірліктерді тануы және қазақша мәтінді табиғи тудыруы көбіне осындай жүйеленген, белгіленген және репрезентативті қорларға тәуелді. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақ тілінің ұлттық корпусын оқыту ісіне де, тілдік технологияларға да қатар қызмет ететін көпқырлы ресурс ретінде қарастыру қажет. Болашақта оны оқу платформаларымен, цифрлық жаттығу жүйелерімен және қазақтілді ЖИ шешімдерімен ықпалдастыру қазақ тілін оқытудың сапасын арттырып қана қоймай, тілдің ғылыми, мәдени және технологиялық әлеуетін де жаңа деңгейге көтереді.

Әдебиеттер

Дәулетбекова Ж.А. Байтұрсынұлының «тірі білім» теориясы мен әл-Фараби және Абай ілімдерінің сабақтастығы: қазақ тілін оқыту әдістемесі // ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2024. – №2 (79). – 180-190-бб. https://doi.org/10.26577/JES20247902015

Ермекова Т. Қазақ тілін оқытудың екі жүйесі болу керек // Мемлекеттік тілді дамыту институты. Сұхбат. – Алматы, 2024. 8 қаңтар. https://mtdi.kz/%E4%B81%93/oku_adisteme/id/1170/q/1 (Қаралған күні: 10.04.2026)

Ерназарова З. Қазақ тілін оқытудың аксиологиялық бағыты // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2018. – №2 (170). – 201-209-бб. https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/2235

Жұбанов А., Жаңабекова А. Корпустық лингвистика. – Алматы, 2016. – 336 б.

Қазақ тілінің ұлттық корпусы. А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. (Қаралған күні: 10.04.2026) https://qazcorpus.kz/

Қапалбек Б. Қазақ тілін оқытудың тұжырымдамасын жасау керек // «Anatili» газеті. – №2. – 6 шілде, 2023 ж. https://anatili.kazgazeta.kz/news/62028 (Қаралған күні: 10.04.2026)

Өтебаева Э., Нұстаева А. Мәдени-репрезентативті ішкорпус: ұлттық мәдени-танымдық бірліктерді цифрлық кеңістікте сақтаудың маңыздылығы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. №3 (152). – 89-101-бб. https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-89-101

Рысберген Қ. Қазақ тілінің ұлттық корпусының ономастикалық ішкорпусын әзірлеу тәжірибесі // *Tiltanym,* 2023. №3 (91). – 144-152-бб. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-144-152

Уәли Н. Ономастикалық корпус: антропонимдер мен топонимдердің мәдени тілдік кодын ашудың ғылыми негіздері // Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу тәжірибесі. – Алматы: ЖК Асыл, 2023. – 446 б.

Abdel, L. MMM. Corpus literacy instruction in language teacher education: Investigating Arab EFL student teachers' immediate beliefs and long-term practices. ReCALL. 2021;33(1):34-48. doi:10.1017/S0958344020000129

Bakogiannis, A. Exploring inclusive teaching practices of English for Academic Purposes (EAP) in Higher Education (HE): A call for systemic change. Journal of Learning Development in Higher Education, (31). 2024. 2https://doi.org/10.47408/jldhe.vi31.1282

Bober, N., Kapranov, Y., Kukarina, A., Tron, T., Nasalevych, T. British National Corpus in English Language Teaching of University Students // International Journal of Learning, Teaching and Educational Research. Vol. 20. No. 6. Pp. 174-193. June 2021. https://doi.org/10.26803/ijlter.20.6.9

Fazylzhanova, A., Seitbekova, A., Kobdenova, G., Seidamat, A., Ayazbayev, G. The issues of developing the historical subcorpus of the National Corpus of the Kazakh Language // Lodz Papers in Pragmatics. Vol. 21, No. 1, 2025, Pp. 169-191. https://doi.org/10.1515/lpp-2024-0038

Hudousková, A. Valency constructions in teaching Czech for foreigners // Studia Slavica. 2026. No. 2 (71). Pp. 113-133. https://doi.org/10.1556/060.2025.00244

Institute of the Czech National Corpus. https://ocnk.ff.cuni.cz/en/ (Accessed: 10.03.2026). Available online: https://ocnk.ff.cuni.cz/en/?utm_source=chatgpt.com

Kormos, J., Indrarathne, B. Specific learning differences in learning, teaching, and assessing additional languages // Language Teaching. 2025. No. 2 (59). Pp. 139-163. https://doi.org/10.1017/S0261444825100803

Olkhovskaya, A. Using Corpus Data in Teaching Russian // Tomsk State Pedagogical University Bulletin. 2019. No. 2 (199). Pp. 98-107. https://doi.org/10.23951/1609-624X-2019-2-98-107

Válková, A. Building Czech Textbook Corpora (UcebKo) for teaching Czech to foreigners // Jazykovedný časopis. 2021. No. 2 (72). Pp. 631-640. https://doi.org/10.2478/jazcas-2021-0057

Zasina, A. Designing a Corpus Workbook for Students of Czech as a Foreign Language // Studie z aplikované lingvistiky. 2022. No. 2 (13). Pp. 125-132.

References

Abdel, L. (2021) MMM. Corpus literacy instruction in language teacher education: Investigating Arab EFL student teachers' immediate beliefs and long-term practices. *ReCALL*. 33(1):34-48. doi:10.1017/S0958344020000129 (in English)

Bakogiannis, A. (2024) Exploring inclusive teaching practices of English for Academic Purposes (EAP) in Higher Education (HE): A call for systemic change. Journal of Learning Development in Higher Education, (31). (in English)

Bober, N., Kapranov, Y., Kukarina, A., Tron, T., Nasalevych, T. (2021) British National Corpus in English Language Teaching of University Students. International Journal of Learning, Teaching and Educational Research. Vol. 20. No. 6. Pp. 174-193. https://doi.org/10.26803/ijlter.20.6.9 (in English)

Dauletbekova, Zh. (2024) A. Baitursynulynyng "tiri bilim" teorijasy men al-Farabi zhane Abaj ilimderining sabaqtastygy: qazaq tilin oqytu adistemesi. QazUU Habarshysy. Pedagogikalyq gylymdar serijasy. No. 2 (79). 180-190-bb. [Dauletbekova, Zh. (2024) The Continuity of A. Baitursynuly's "Living Knowledge" Theory with the Teachings of al-Farabi and Abai: Methodology of Teaching the Kazakh Language. KazNU Bulletin. Pedagogical Sciences Series. No. 2 (79). Pp. 180-190.]. https://doi.org/10.26577/JES20247902015 (in Kazakh)

Ermekova, T. (2024) Qazaq tilin oqytudyng eki zhujesi bolu kerek. Memlekettik tildi damytu instituty. Suhbat. Almaty. 8 qangtar. [Ermekova, T. (2024) There Should Be Two Systems for Teaching the Kazakh Language. Institute for the Development of the State Language. Interview. Almaty. January 8. (Acsessed: 10.04.2026)]. (in Kazakh)

Ernazarova, Z. (2018) Qazaq tilin oqytudyng aksiologijalyq bagyty. QazUU Habarshysy. Filologija serijasy. No.2 (170). 201-209-bb. [Ernazarova, Z. (2018) The Axiological Orientation of Teaching the Kazakh Language. KazNU Bulletin. Philology Series. No.2 (170). Pp. 201-209.] https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/2235 (in Kazakh)

Fazylzhanova, A., Seitbekova, A., Kobdenova, G., Seidamat, A. and Ayazbayev, G. (2025) The issues of developing the historical subcorpus of the National Corpus of the Kazakh Language. Lodz Papers in Pragmatics. Vol. 21, No. 1, Pp. 169-191. https://doi.org/10.1515/lpp-2024-0038 (in English)

Hudousková, A. Valency constructions in teaching Czech for foreigners. Studia Slavica. 2026. No. 2. Pp. 113-133.

Institute of the Czech National Corpus (2026) https://ocnk.ff.cuni.cz/en/ (Accessed on 10 Martch 2026). Available online: https://ocnk.ff.cuni.cz/en/?utm_source=chatgpt.com (in English)

Kormos, J., Indrarathne, B. (2025) Specific learning differences in learning, teaching, and assessing additional languages. Language Teaching. No. 2 (59). Pp. 139-163. https://doi.org/10.1017/S0261444825100803 (in English)

Olkhovskaya, A. (2019) Using Corpus Data in Teaching Russian. Tomsk State Pedagogical University Bulletin. No.2. Pp. 98-107. https://doi.org/10.23951/1609-624X-2019-2-98-107 (in English)

Otebaeva, Je., Nustaeva, A. (2025) Madeni-reprezentativti ishkorpus: ulttyq madeni-tanymdyq birlikterdi cifrlyq kengistikte saqtaudyng mangyzdylygy. Eurazija ulttyq universitetining Habarshysy. No.3 (152). 89-101-bb. [Otebayeva, E., Nustayeva, A. (2025) Cultural-Representative Subcorpus: The Importance of Preserving National Cultural and Cognitive Units in the Digital Space. Bulletin of Eurasian National University. Philology Series. No.3. Pp. 89-101.] (in Kazakh)

Qapalbek, B. (2023) Qazaq tilin oqytudyng tuzhyrymdamasyn zhasau kerek. "Anatili" gazeti. No.2. 6 shilde. [Qapalbek, B. (2023) It Is Necessary to Develop a Concept for Teaching the Kazakh Language. "Ana tili". No.2. July 6. (Acsessed: 10.04.2026)]. https://anatili.kazgazeta.kz/news/62028 (in Kazakh)

Qazaq tilining ulttyq korpusy. A. Bajtursynuly atyndagy Til bilimi instituty. [National Corpus of the Kazakh Language. A. Baitursynuly Institute of Linguistics.] (Acsessed: 10.04.2026) from https://qazcorpus.kz/ (in Kazakh)

Rysbergen, Q. (2023) Qazaq tilining ulttyq korpusynyng onomastikalyq ishkorpusyn azirleu tazhiribesi. *Tiltanym*, No.3. 144-152-bb. [Rysbergen, K. (2023) The Experience of Developing the Onomastic Subcorpus of the National Corpus of the Kazakh Language. *Tiltanym*, No.3. Pp. 144-152.]. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-144-152 (in Kazakh)

Uali, N. (2023) Onomastikalyq korpus: antroponimder men toponimderding madeni tildik kodyn ashudyng gylymi negizderi. Qazaq tilining ulttyq korpusyn azirleu tazhiribesi. Almaty: ZhK Asyl. 446 b. [Uali, N. (2023) Onomastic Corpus: Scientific Foundations for Revealing the Cultural and Linguistic Code of Anthroponyms and Toponyms. The Experience of Developing the National Corpus of the Kazakh Language. Almaty: ZhK Asyl. 446 p.] (in Kazakh)

Válková, A. (2021) Building Czech Textbook Corpora (UcebKo) for teaching Czech to foreigners. Jazykovedný časopis. No. 2 (72). Pp. 631-640. https://doi.org/10.2478/jazcas-2021-0057 (in English)

Zasina, A. (2022) Designing a Corpus Workbook for Students of Czech as a Foreign Language. Studie z aplikované lingvistiky. No.2 (13). Pp. 125-132. (in English)

Zhubanov, A., Zhangabekova, A. (2016) Korpustyq lingvistika. Almaty. 336 b. [Zhubanov, A., Zhanabekova, A. (2016) Corpus Linguistics. Almaty. 336 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 15.06.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 22.09.2026.
Интернетте қолжетімді / Доступно онлайн /Available online: 30.09.2026.

© Шәден Г.Б., Тумабаева А.Б., Батырхан Б.Ш., 2026

CC BY 4.0

TILTANYM
№3 (103), 2026
ғылыми журнал

Жауапты редакторлар: Хабиева А.А., Бисенғали А.З.
Техникалық редактор: Иманғазина М.А.
27.09.2026 басуға қол қойылды.
Пішімі 70х100 1/16. Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 16,4.
Редакцияның мекенжайы: 050010, Қазақстан, Алматы қ., Шевченко к-сі, 28
ҚР ҒЖБМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Тел./факс: 8 (727) 272-55-47, 272-69-61

TILTANYM
№3 (103), 2026
научный журнал

Ответственные редакторы: Хабиева А.А., Бисенгали А.З.
Технический редактор: Иманғазина М.А.
Подписано в печать 27.09.2026.
Формат 70х100 1/16. Офсетное издание.
Условный печатный лист 16,4.
Адрес редакции: 050010, Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, 28
Институт языкознания им.А.Байтурсынулы КН МНВО РК
Тел: 8 (727) 272-55-47, 272-69-61

TILTANYM
№3 (103), 2026
scientific journal

Responsible editors: Khabiyeva A.A., Bissengali A.Z.
Technical editor: Imangazina, M.
Signed to the press on 27.09.2026.
Format 70x100 1/16. Offset edition.
Conditional printed sheet 16,4.
Editorial office address: 050010, Kazakhstan, Almaty, Shevchenko Str., 28.
A.Baitursynuly Institute of linguistics SC MSHE RK
Phone: 8 (727) 272-55-47, 272-69-61

16+